

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

ӘОЖ: 811.512.122`271.16`371

Қолжазба құқығында

**АЙТКУЛОВА ГУЛЬМИРА АРИПКАНОВНА**

**Қазақ лингвомәдени танымындағы «еңбекқорлық\жалқаулық»  
концептілері**

8D02310-Филология

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:  
филология ғылымдарының  
докторы, профессор Авакова Р.А.

Шетелдік ғылыми кеңесші:  
PhD докторы, доцент К. Коч  
Мугла Сыткы Кочман университеті,  
Мугла (Түркия)

Қазақстан Республикасы  
Шымкент, 2024

## МАЗМҰНЫ

<b>АНЫҚТАМАЛАР .....</b>	<b>3</b>
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР, ҚЫСҚАРТУЛАР.....</b>	<b>5</b>
<b>КІРІСПЕ .....</b>	<b>6</b>
<b>1 ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ\ ЖАЛҚАУЛЫҚ» КОНЦЕПТЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ АСПЕКТІСІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ</b>	
1.1 Тіл мен мәдениеттану сабақтастығы: лингвомәдениеттанулық талдау жүйесі.....	12
1.2 «Еңбекқорлық \жалқаулық» концепттердің зерттелуі және «әлемнің тілдік бейнесі» .....	19
1.3 «Еңбекқорлық \жалқаулық» концептерге жататын тіл бірліктерінің танымдық негіздері .....	33
1-тарау бойынша түйін	
<b>2. СТЕРЕОТИПТІК ИДЕЯЛАРДАҒЫ «ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ\ ЖАЛҚАУЛЫҚ» КОНЦЕПТЕРДІҢ ВЕРБАЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ</b>	
2.1 «Еңбекқорлық\ жалқаулық» концептердің антроморфтық мәдени коды.....	46
2.2 «Еңбекқорлық\жалқаулық» концептердің биоморфтық мәдени коды.....	52
2.3 «Еңбекқорлық\ жалқаулық» концептердің заттық мәдени коды.....	60
2-тарау бойынша түйін	
<b>3. ҰЛТТЫҚ ПАРЕМИОЛОГИЯДА ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДЕ ««ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ\ ЖАЛҚАУЛЫҚ» КОНЦЕПТЕРДІҢ БЕРІЛУІ</b>	
3.1 Мақал-мәтелдерде «еңбекқорлық\ жалқаулық» концептердің тілдік ерекшеліктері.....	66
3.2 Тұрақты тіркестер арқылы берілген «еңбекқорлық\ жалқаулық» концептердің көріністері.....	81
3.3 Поэзиядағы «еңбекқорлық\ жалқаулық» концептердің көрінісі (Абай, Шәкәрім шығармашылығы бойынша) .....	101
3.4 Көркем мәтіндегі «Еңбекқорлық\ жалқаулық» концептердің вербалдану ерекшеліктері.....	101
3-тарау бойынша түйін	
<b>ҚОРЫТЫНДЫ .....</b>	<b>113</b>
<b>ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b>	

## АНЫҚТАМАЛАР

**Мәдениет** – жеке адамның өзіндік қасиеттерінен басталып, тұтас ұлттың дүниетанымы мен менталитетті рухан-материалдық байлықты қамтитын күрделі ұғым.

**Лингвомәдениеттану** – мәдениеттің тілдегі көрінісін зерттейтін лингвистика мен мәдениеттің түйіскен жерінде пайда болған ғылым және халық мәдениетінің көріністерін зерттейтін синтездеуші типтегі ғылыми пән.

**Антропологиялық лингвистика** – (грек. *anthropos* адам, лат. *lingua* тіл) – 1) тіл білімінің жазуы жоқ тілдерді зерттейтін саласы; 2) методологиялық негіз ретінде "антропологиялық принципті" (тіл – адам) қолдайтын зерттеулердің шартты атауы.

**Концепт** дегеніміз – этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам, әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым.

**Концептология** – концептіні анықтауы барысында көптеген өзекті деп тапқан мәдени құрылымды ашу барысында лингвокогнитивтік әдістерді біріктіретін сала.

**Әлемнің тілдік бейнесі** – адам үшін маңызды деген сана мен танымның байланысындағы, адамгершілік, эстетикалық құндылықтардың әсерінен туындайтын мінез-құлықтар

**Мәдени код** – ұлттық бейнені қалыптастыратын ұлттық детерминистік және өзара байланысты бейнелер мен идеяларды жинақтайтын жеке халықтық танымның жиынтығы

**Мәдени кеңістік** – адам санасында мәдениеттің өмір сүру формасы. Мәдени құбылыстар адам санасында көрінеді, ұлттық детерминистік болып табылады және жалпыадамзаттық, әмбебап элементтерді қамтуы арқылы әрбір жеке мәдени кеңістікте ерекше орын алады.

**Стереотип** – бұл адамның, адамдар тобының, жалпы этностың санасында бар әлемнің тұжырымдамалық бейнесінің бір бөлігі. Стереотиптер адамға жалпы әлем туралы түсінік қалыптастыруға, өзінің тар әлеуметтік, географиялық және саяси әлемінен шығуға мүмкіндік береді

**Фрейм** – когнитивті лингвистикадағы орталық ұғымдардың бірі. Оның мақсаты тілдің когнитивті қызметін анықтау болып табылады. Тілдік практиканың нормаларын қоса есептегенде оқиғалардың, жағдаяттардың немесе іс-әрекеттің бір типті ұйымдастырылуы туралы білім. Бұл білім алдыңғы тәжірибеге сүйенеді және нақты күтілетін жағдайларды алдын ала білудің салдарына жатады.

**Антропоморфты мәдени** – код (соматикалық/ дене коды) еңбекқорлық\жалқаулық концептеріне сәйкес шындықты түсінуді тудыратын, еңбек қызметі туралы идеялар сана бөліктердің бейнелерінде адам денелері арқылы жүзеге асырылады.

**Биоморфты мәдени код** – бұл ең алдымен халықтың көзқарасы мен қабылдауында басым болуымен байланысты стереотиптер. Биоморфты

мәдени код аясында да орын алатын зооморфты және фитоморфты түрлері бар.

**Мәдени концепт** – халық әлемінің ұлттық бейнесін сипаттайды. Мәдени концептерді зерттеу ұлттың танымдық стереотиптері арқылы халықтың ұлттық менталитетін, ұлттық мәдениетін сипаттауға көмектеседі.

**Когнитивті лингвистика** – біздің әлем туралы біліміміздің қалай сақталатыны, олардың қарым-қатынас процесінде тілде қалай құрылымдалғаны туралы маңызды теориялық ережелерді қамтиды.

**Когнитивизм** – когнитивтік лингвистиканың маңызды ұғымы, ол тілдік инкарнациясында білім мен ойлауды қамтиды. Сондықтан когнитивизм лингвистикамен тығыз байланыста болады.

**Концептуалдық жүйе** – деп біз адамның ақыл-ойына берілген барлық ұғымдардың жиынтығы, олардың реттелген бірлестігі шоғырланған психикалық деңгейді немесе психикалық (психикалық) ұйымды түсінеміз. Содан кейін концептуалдық жүйе – адамның тәжірибесін көрсететін әлем туралы пікірлер мен білім жүйесі.

**Категориялау** – шындықтың когнитивті бөлінуі, оның мәні бүкіл онтологиялық кеңістікті әртүрлі категориялық салаларға бөлу болып табылады. Бұл әлемнің құрылымдалуы, сөзді объектіні белгілі бір топқа жатқызу әрекеті, иерархиялық қатынастарды орнату тәсілі. Санаттау кезінде тек ұқсас құбылыстардың маңызды қасиеттері ескеріледі.

**Менталитет** – әлемнің ерекше бейнесін құруды қамтитын ойлау процестерінің жиынтығы. Этникалық және ұлттық әдет-ғұрыптармен, өмір салтымен, ойлауы, адамгершілігімен анықталатын жалпы психикалық қасиеттер, кез келгентоптың психикалық құрылымының ортақтығы, дүниетаным жүйесімен әлемнің бейнесін қалыптастыратын және қоғамдастықтың немесе мәдени дәстүрдің бірлігін біріктіретін қабылдаудың, сенімдердің, рухани дағдылардың тұтас жиынтығы

**Эмоционалды бояу** – сезім мен көңілді білдіретін тілдік элементтің негізі, тақырыптық-логикалық мазмұнына қабатталатын мағынаның қосымша реңкі

## КІРІСПЕ

Диссертациялық жұмыста «тіл ұлт мәдениет» үштігі негізінде *еңбекқорлық\|жалқаулық* концептерге когнитивтік талдау жасау жолында ұлттың паремиялогиялық, фразеологиялық қорындағы этностан мұра болып келе жатқан тілдік оралымдардың лингвомәдени, семиотикалық аспектілері зерттеліп отыр. Осы мақсатқа жету үшін когнитивтік лингвистика, концепт, концептілік өріс, әлемнің тілдік бейнесі ұғымдарына ғылыми тұрғыда тоқталып, қазіргі таңдағы концептуалдық білім аясында зерттеліп жүрген ғалымдар пікірлерін саралай отырып, әлемнің тілдік бейнесі хақында авторлық көзқарасты қалыптастыру және *еңбекқорлық\|жалқаулық* концептердің лингвомәдени сипаттағы мазмұнын аштық. Еңбек адамның өмірінде басым қажеттіліктердің бірі болғандықтан, кез келген халықтың еңбек пен еңбегі жоқтық ұғымдарына деген ой-тұжырымдары арқылы ғасырлар бойы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетінен хабардар бола аламыз. Олар қоғамда қабылданған моральдық нормаларды, мінез-құлық стереотиптерін, табиғатқа, өмірге, қоғамға деген көзқарастарды, яғни халық пікірі деп саналғанның бәрін жеткізеді. Бірнеше ғасырлар бойы адамдардың көпшілігінің өмір салтына, ойлары мен көзқарастарына сәйкес келетін осындай тұжырымдар мен мәдени көзқарастар қазіргі лингвомәдениеттану саласында өзекті тақырыптарының бірі екендігіне дау жоқ.

### **Зерттеу жұмысының өзектілігі.**

Қоршаған ортаның ақиқат бейнесін адамның танымдық тұрғыда ойлау заңдылықтарымен зерттейтін логика, философия, физиология, психология сынды ғылымдар ежелден бізге белгілі. Тіл халықтың өзіндік ерекшелігін, ұлттық көрінісін, ұлттық мәдениетін білдіреді. Тіл мен мәдениеттің өзара қарым-қатынасының мәселелері отандық және шетелдік лингвистердің еңбектерінде неше жылдан бері айтылып келе жатқанымен, өзектілігін бүгінгі таңда жоғалтқан жоқ. Семасиологиялық және ономазиологиялық теориялардың көмегімен тілді ментальды құрылымдарды зерттеудің негізгі көзі ретінде тануға мүмкіндік туғызды XX ғасырдың жартысында жаңа ғылым – лингвомәдениеттану пайда болды және ол мынадай: мәдениет тілмен қалай кодталады, қандай мәдени ақпараттарды тіл арқылы тани аламыз сынды сұрақтарға жауап іздейді. Бұл лингвистиканың ерекше саласы антропоөзектік бағытпен сипатталатын семантикалық ізденістерді тіл мен таным сабақтастығы негізіндегі зерттелетінімен құнды болмақ. Қазіргі лингвистикадағы когнитивтік бағыт негізінде әлемнің тілдік бейнесі бейнелейтін концепт ұғымы тереңірек зерттеліп, зерделенуде.

Ұлтымыздың әр дәуірдегі ой-толғамдары мен тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрінен, жүріп өткен тарихынан хабар беретін *еңбекқорлық\|жалқаулық* концептерін танымдық тұрғыда зерттеу арқылы қазақ халқына тән ұлттық нақыштар мен мәдениетіміздің сан қатпарлы үлгілерінен хабар алатындықтан зерттеу жұмысымыздың маңызы арта түседі. Диссертациялық зерттеуде *еңбекқорлық// жалқаулық* концептердің когнитивті дискурстағы (проза,

поэзия, паремиологияда, фразеология) лингвомәдениеттанымдығы вербалдану ерекшеліктері зерттелді. Осылайша, осы жұмыстың өзектілігі қажеттілікпен анықталады: тілдің адам әлемімен байланысы мәселесін одан әрі дамыту, концептерді вербализациялау тетіктерін зерттеуді көздейтін концептосфераның әрбір құрамдас бөлігінде *еңбекқорлық\жалқаулық* ұғымдары маңызды саналады. Сонымен қатар, лингвомәдениеттану терминологиялық аппаратының ашылуы, мәдени білімді концептуализациялау және санаттау ерекшеліктерін түсіну; концептіні зерттеудің принциптерін, әдістерін құру қажеттілігі қазақ тілі материалындағы мәдениет; кешенді қазақ құндылықтарын көрсетуге мүмкіндік беретін *еңбекқорлық\жалқаулық* концептердің сипаттамасы лингвомәдени қоғамдастық үшін өзекті болып табылады.

**Зерттеу нысаны** – ретінде *еңбекқорлық// жалқаулық* концептерін білдіретін қазақ тілінің бірліктері *еңбекқорлық// жалқаулық* туралы мәдени білімді вербализациялау тетіктері алынды. Көркем мәтіндегі *еңбекқорлық// жалқаулық* концептердің когнитивті сипатын ашуда Қ. Қазиев шығармаларын коммуникативті бірлік ретінде пайдаландық. Поэтикалық мәтіндердегі *еңбекқорлық//жалқаулық* тілдік бірліктерінің когнитивтік сипатын Абай мен Шәкәрім өлеңдері арқылы ашып қарастыру халқымыздың ғасырлар бойы жинаған мәдени қоғамдастығы мен тіршілік етудегі қажеттілігінен, еңбек қатынастарынан туындаған дүниетанымдық санасын тануға мол мүмкіндік береді. Сонымен қатар қазақ тілінің фразеологиялық, паремиологиялық жүйесіндегі *еңбекқорлық// жалқаулық* концептердің лингвомәдени мазмұны елтаңбалы маркілер арқылы зерттелініп, тұжырымдар беріледі.

**Зерттеу пәні** – қазақ тіліндегі *еңбекқорлық// жалқаулық* концептердің лингвомәдени бейнесін анықтау

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.** Зерттеу жұмысының негізгі мақсатына қазақ мәдени танымындағы «*еңбекқорлық\ жалқаулық*» ұғымдарын әлем бейнесі контекстіндегі концептілік мазмұнын сипаттауды жатқызуға болады. Қойылған мақсат мынадай міндеттерді шешуді көздейді.

1) Тілдік семантика мен функционалдық ерекшеліктердің гетерогенділігі арқылы *еңбекқорлық\ жалқаулық* концептерін лингвомәдени бірлестікті саралау және лингвистикалық семантиканың диктумдық және модульдік түрлерін талдау

2) Тілдің ішкі формаларын лингвомәдени тұрғыдан түсіндіру барысында еңбек пен еңбегі жоқтық әрекеттерін антропоморфты, биоморфты, заттық үш маңызды мәдени кодтар арқылы мәдени коннотациялар мен тілдік мағыналардың типологиясын анықтау

3) Қазақ тіліндегі *еңбекқорлық\жалқаулық* концептердің лингвокогнитивтік болмысын ашуда халықтың рухани мәдениеті негізінде ментальды когнитивті түрде таңбалан тілдік бірліктерді анықтау

4) *Еңбекқорлық\ жалқаулық* концептердің сипаттайтын тіл бірліктері халықтың менталитетінің қалыптасуымен туындаған, халықпен бірге

калыптасқан тілдік бірліктер екендігін прозалық шығармалар негізінде талдау

5) *Еңбекқорлық // жалқаулық* концептердің бейнелі түсінікпен вербалдануының когнитивті ерекшеліктерін ашуда Абай, Шәкәрім шығармаларын пайдалану

### **Зерттеу жұмысының дереккөздері.**

Зерттеудің дерек көздері – лексикографиялық басылымдар, көркем әдебиет, философиялық, педагогикалық еңбектер, ұлтымыздың фразеологиялық және паремнологиялық қоры. Зерттеу барысында: 300 – бейнелі мағынасы бар сөз, 300 – фразеологиялық бірлік, 500 – паремия, барлығы диссертациялық зерттеуде 1100 бірлік лингвомәденитанымдық аспектіде талдау жасалды.

**Диссертациялық зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдер.** Концепті зерттеу әдістемесі бірнеше кезеңнен тұрады. Бірінші кезең - лексикалық мағынасы мен ішкі формасын талдау арқылы концептіні білдіретін сөздер жиынын табу. Екінші кезең – лексеманың синонимдік қатары мен концептінің мәдени маркерлі қатарын табу арқылы мағыналық өрісін анықтау. Үшінші кезең – әлемнің тілдік бейнесін суреттеуде концептің тілдік санатқа бөлу тәсілдері арқылы концептуалдық құрылымдардың семантикасын ашу болып табылады. Біз лингвокогнитивтік зерттеуге өзіміз жасап жатқан тәсілді шартты түрде семантикалық-когнитивтік деп белгілей отырып, осы атаумен зерттеудің негізгі бағыты – тілдің семантикасы мен концептосферасының байланысын зерттеуді атап өтеміз. Зерттеуімізде концептуалды әдісті пайдаландық. Ұлттық менталитеттің негізгі кодына айналған қазақ лингвомәденитанымындағы «еңбекқорлық\| жалқаулық» ұғымына қатысты тілдік бірліктерінің семантикалық мағынасын айқындау үшін концептуалдық әдіс, концептуалды метафоралық әдістер пайдаланылды.

**Зерттеу жұмысының зерттелу деңгейі.** Орыс этнолингвист ғалымдарының ішінде *труд // работа* концептердің лингвомәдени сипатын зерттеген Г.В.Токарев, К.А. Жуков, О.Е. Чернова, Р.Х. Каримова, О.Ю Печёнкина, А.Д. Кошелев, А.В.Артёмова сынды ғалымдардың еңбектері бар. Бұл аталған еңбектерді келесі тарауларды ашып көрсететін боламыз. Қазақ тілінде еңбекқорлық\|жалқаулық концептерін арнайы зерттеген ғалымдар еңбектері жоқтың қасы.

**Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негіздері.** Тіл мен мәдениет сабақтастығы – отандық және шетелдік тіл мамандарының еңбектерінде өзектілігін жоғалтпаған тақырыптардың бірі. Дәл осы тақырыпта орыстың Ю.М. Лотман, Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров, К.Леви-Стросс, Ю.Н. Қараулов, В.А.Маслова, В.Н. Топоров, Л.Г. Саяхова, Л.М. Зайнуллина, С.В. Иванова сынды ғалымдары құнды мәселелер көтеріп келеді. Отандық ғалымдардың ішінде Б. Тілеубердиев, Ж. Манкеева, Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Ж. Манкеева, Р.А. Авакова, Д. Әлкебаева, Г. Мұратова

сынды ғалымдардың іргелі еңбектерін атауға болады. Орыс ғалымдарының ішінде «еңбек» концептісін зерттеу еңбектерімен айналысқан біршама ғалымдардың ішінде Л.В.Басова, Т.В.Гоннова, К.А.Жуков, Р.Х.Каримова, Е.В.Кормакова, Т.А.Островская, В.Г.Токарев, О.Е.Чернова бар. Ал тұтас «еңбекқорлық\жалқаулық» концептерін қарама-қарсылықты мағынада зерттеген еңбектер қазақ тілінде болмаған. Біздің зерттеуіміздің өзектілігі мен ғылыми жаңалығы осында жатыр.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы тілдік бірліктердің әмбебаптығы туралы түсінігін кеңейтуінде, *еңбекқорлық\жалқаулық* концептердің тілдік объективтендіру мазмұны мен көлемін кеңейтуінде, оны архетиптеу мен стереотиптеу тәсілдерін ашуында жатыр. Бұл зерттеу жұмысы адамның күнделікті тіршіліктегі еңбек пен еңбегі жоқтықтың күйлерін қабылдау мен бағалауды анықтайтын стереотиптердің ұлттық қауымдастықтың санасындағы қызметін зерттеуді жалғастырады. Алынған нәтижелер тіл теориясының дамуына ықпал ете алады.

Зерттеу нәтижесі барысында ғасырлар бойы халқымыздың тіл арқылы сақталған ұлттық мәдениетінің сарқылмас кен бай мұраларын, ұлттық танымның көрінісін, көркемдік танымның заңдылықтарын ұлттық болмысымен ерекшеленетін нақты тілдік деректерді *«еңбекқорлық\жалқаулық»* концептердің дүниетанымдық негізде құраушы құрал ретінде талдағанда әлемнің тілдік бейнесін танимыз. Зерттеу жұмысымыздың *«еңбекқорлық\жалқаулық»* концептердің қазақ тілінің когнитивті кеңістігіндегі ментальді формадағы мағыналық өрісі көптеген мәдени коннотациялармен берілген. Бұл тілдік бірліктер ұлттық мәдени ерекшеліктер мен халықтық дүниетаным нәтижесінде ғасырлар бойы тілімізде жинақталған ақпараттар болып табылатындықтан, қазақ концептосферасында семантикалық тұрғыдан өзіндік ерекшеліктері мен маңыздылыққа ие.

**Зерттеу жұмысының ғылыми құндылығы мен маңызы.** *Еңбекқорлық\жалқаулық* концептерінің когнитивті лингвистика контекстінде зерттелуі барысында «Поэтикалық мәтіндердің концептуалдық құрылымы», «Көркем мәтінді концептуалдық талдау», «Концептілік құрылымдардың фразеосемантикалық ерекшеліктері» атты лекция курстары мен когнитивті лингвистика, танымдық семантика бағытында оқу құралы ретінде пайдалануға болады.

#### **Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы**

1. Адам өмірінде маңызды қызмет атқаратын еңбек және еңбегі жоқтық әрекеттерін сипаттайтын *еңбекқорлық\жалқаулық* концептеріне алғаш рет концептуалдық талдау жасалынды;

2. *Еңбекқорлық\жалқаулық* концептерінің танымдық қызметін анықтайтын *қол, бақыт, байлық, жұмыс, адал, кедей, бойкүйез, талапсыз, қу, жатыпшар, еріншек* базалық концептер когнитивті тұрғыда зерттеліп, зерттеу тақырыбымызға қатысты өзіндік белгілері анықталды;



3. *Еңбекқорлық//жалқаулық* концептерінің лингвомәдени теориясы жасалды, құрылымдық моделі және оның мәдени қабаты анықталды;

4. Қазақ тіліндегі *еңбекқорлық\ жалқаулық* концептерінің негізгі когнитивтік болмысын ашатын лексемалар анықталды, оның тарихи мәні даму және қазіргі уақыттағы тілдік ерекшеліктері анықталды;

5. Қазақ тіліндегі *еңбекқорлық\жалқаулық* концептерінің когнитивті дискурстағы (мақал-мәтелдер, фразеологиялық бірліктер, проза, поэзия) танымдық, тілдік ерекшеліктері анықталды.

#### **Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар**

1. Тілдік семантика мен функционалдық ерекшеліктердің гетерогенділігі *еңбекқорлық\ жалқаулық* концептерін білдіретін қазақ тілінің бірліктерінің құрылымы, бір жағынан, лингвомәдени бірлестікті саралау арқылы, екінші жағынан, лингвистикалық семантиканың диктумдық және модульдік түрлері объективті *еңбек пен жалқаулық* туралы білімді тұжырымдау және санаттау нәтижелері арқылы талданды;

2. Тілдің ішкі формаларын лингвомәдени тұрғыдан түсіндіру лингвосемиотикалық қатарларды стереотиптік идеялар арқылы бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. *Еңбек пен еңбегі жоқтық* әрекеттерін антропоморфты, биоморфты, заттық, үш маңызды мәдени кодтар арқылы мәдени коннотациялар мен тілдік мағыналардың типологиясы жасалды;

3. Қазақ тіліндегі *еңбекқорлық\жалқаулық* концептердің лингвокогнитивтік болмысын ашуда қызмет ететін тілдік семалар халықтың ұжымдық тәжірибесі, танымы, қоғамдағы адамдардың бір бірімен байланысы, шаруашылығы, халықтың рухани мәдениеті ментальды когнитивті түрде таңбаланғандығы дәлелденді.

4. *Еңбекқорлық\ жалқаулық* концептердің сипаттайтын тіл бірліктері ұлттың дамуы, қалыптасуы, сонымен қатар, оның өзіндік мәдениетінің, тарихының, халықтың менталитетінің қалыптасуымен туындаған, халықпен бірге қалыптасқан тілдік бірліктер Қ. Қазиев шығармаларын талдау негізінде дәлелденді

5. *Еңбекқорлық // жалқаулық* концептердің бейнелі түсінікпен вербалдануының когнитивті ерекшеліктері күнделікті дағды туралы менталдық түсінік, сөз тіркестері, фразеологизмдер, метафора, теңеу сияқты түрлі тілдік формалардың танымдық сипатын ашуға Абай, Шәкәрім шығармаларын талдау мүмкіндік береді.

**Жұмыстың талқыланылуы мен мақұлдануы.** Диссертациялық жұмыстың ғылыми тұжырымдары мен нәтижелері М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті филология факультетінің Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының 28.05.2024 ж. №12 отырысында талқыланды. Зерттеу нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда барлығы 9 ғылыми мақала түрінде жарық көрді. Оның ішінде 1 мақала Скопус (Scopus) мәліметтер базасында, 3 мақала – ҚР ҒЖБМ Ғылым саласындағы сапаны қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін

журналдарда және 5 мақала – халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтарында жарияланды.

1. Скопус (Scopus) мәліметтер базасында жарияланған мақала:  
The Concept of “Diligence/Laziness” in the Linguistic Image of the World. International Journal of Society, Culture & Language. 2023.11(2 (Themed Issue on Language, Discourse, and Society)), 94-102. doi: 10.22034/ijsc.2023.2000804.3011. (квартиль – Q-1, процентиль – 8).

Индекс: Linguistics and Language.

ҚР ҒЖБМ Ғылым саласындағы сапаны қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда жарияланған мақалалар:

1. Айтқұлова Г.А., Ислам Д.А. Ұлттық паремиологиядағы «еңбекқорлық\жалқаулық» концептінің тілдік ерекшеліктері // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №2 (128). – Б. 125–136. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.10>

2. Айтқұлова Г.А., Розиева Д.С. Поэтикалық мәтіндердегі «еңбекқорлық// жалқаулық» концептердің вербалдану ерекшелігі. Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ хабаршысы, том 70 № 3 (2023) DOI: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.70.3.002>

3. Авақова Р.А., Айтқұлова Г.А. Розиева Д.С.Қазақ және ағылшын тілдеріндегі паремиялардың лингвомәдени ерекшеліктері. ҚазХҚ және ӨТУ хабаршысы. Том 72 № 1 (2024) <https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.72.1.002>

4. Айтқұлова Г.А., Ислам Д.А. Қазақ лингвомәдени танымындағы «еңбекқорлық» концепті. Ясауи университетінің хабаршысы. Филология сериясы. №2 (132), 2024. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.50>

Диссертацияның негізгі қорытындылары мен нәтижелері жарияланған халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтары

1. Қазақ дүниетанымындағы «еңбекқорлық, жалқаулық» концептісінің көрінісі. Э. Р. Тенишев әлемі: ғылымдағы ғұмыр» халықаралық конференция материалдары, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, 2022ж, 408 б.

2. «Еңбекқорлық// жалқаулық» концептердің лингвомәдени сипаты. Түркі фразеологиясы: зерттелуі, ғылыми-теориялық методологиясы және болашағы Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдар жинағы Түркия Республикасы 24-27 сәуір Стамбул, 2023 ж.

3. Қазақ тіліндегі «еңбекқорлық// жалқаулық» концептердің фразеосемантикалық ерекшеліктері. Ташенов оқулары. №1, 141-147 бб, 2024 ж.

4. Қазақ тіліндегі «еңбекқорлық\ жалқаулық» концептерінің лингвомәдени мазмұны. «Э. Тенишев кеңістігі: түркітану және ғылымдағы ғұмыр» халықаралық конференция материалдары, Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Алматы, 2024 ж.

**Диссертацияның құрылымы.** Зерттеу жұмысы кіріспеден, «Қазақ лингвомәдени танымындағы «еңбекқорлық\жалқаулық» концептері»

қолжазбасының сипаттамасы мен құрылымдық-тақырыптық жүйесі, зерттеу әдістері»; «Қазақ тіліндегі «еңбекқорлық\ жалқаулық» концептінің лингвомәдениеттану аспектісінде зерттелуі»; «Стереотиптік идеялардағы «еңбекқорлық\ жалқаулық» концептердің вербалдану ерекшеліктері» «Ұлттық паремиологиядағы және тұрақты тіркестерде ««еңбекқорлық\ жалқаулық» концептінің берілуі» атты үш тарау қамтитын негізі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертацияның жалпы көлемі – 130 бет.

# 1. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ\» ЖАЛҚАУЛЫҚ» КОНЦЕПТЕРНІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ АСПЕКТІСІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

**1.1 Тіл мен мәдениеттану сабақтастығы: лингвомәдениеттанулық талдау жүйесі.** XX ғасырдың соңғы онжылдықтарында орын алған лингвистиканың антропоэзектік парадигмасы гуманитарлық зерттеулердің «адам – тіл – мәдениет» үштігіне негізделген пәнаралық салаларының қарқынды дамуына түрткі болды. Бұл этнолингвистика және әлеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттану және когнитивті лингвистика сынды бағыттағы пәндер екені белгілі. Антропоэзектік парадигманың әртүрлі салалары белгілі болғандай, этнос мәдениетінің тілдегі көрінісін В.фон Гумбольдтің халықтың рухы, дүниетанымы мен мәдениеті тіл арқылы танбаланатыны туралы және [1] «Философиядағы және рухани өмірдегі айырмашылықтарды тіл арқылы жіктеуге бейсаналы түрде тәуелді» [2] деген тұжырымдармен өрнектеген. Л.Вейсгербер болса, тілді нақты дүние мен адам, оның санасы арасында орналасқан «аралық әлем» деп есептейді [3]. Концепті адам санасындағы мәдениет жиынтығы болатұғын, адам сезімінен туындап, оның көңіл күйін, эмоциялық сезімдерін сипаттайтын, ұлттық тілдік сананың мазмұнын құрайтын тілдік бірліктер екендігіне көз жеткізуге болады. Қазақ мәдениетіндегі ең маңызды тірек концептер қатарына мына сөздерді жатқызуға болады: домбыра, қазы, қамшы, шапан т.б. Әр ұлттың мәдениеттегі мұндай тірек ұғымдар жүйесі – концептер сол ұлттың концептосферасын құрайды» [4, 94 б.]. Әлемнің әртүрлі елдеріндегі мәдениеттерді түсіну, қабылдау, салыстыру барысында көптеген мәдениаралық құзыреттілікке ие болуды қамтамасыз етеді. Лингвомәдениеттану – бұл белгілі бір түрде бейнеленген және ұйымдастырылған мәдени құндылықтардың жиынтығы, сөйлеуді қалыптастыру мен қабылдаудың тірі коммуникативті процестерін, тілдік тұлға мен ұлттық тәжірибені зерттейтін пәнаралық пән [5].

Тіл мен мәдениетке ортақ белгілер: бұл халық пен жеке адамның дүниетанымын көрсететін сана формалары; олар бір-бірімен тұрақты диалог жүргізеді, өйткені қарым-қатынас болмысы әрқашан белгілі мәдениеттің субъектісі болып табылады; екі құбылыс та нормативтілігімен, тарихшылдығымен, сондай-ақ бір саланың екіншісіне өзара қосылуымен сипатталады [6, 226 б.]. Тіл – мәдениеттің құрамдас бөлігі, оны бойына сіңірудің негізгі құралы, ұлттық менталитеттің өзіндік ерекшеліктерінің тасымалдаушысы. Екінші жағынан, «мәдениет тілге кіреді, өйткені оның барлығы мәтінде үлгіленген» [7]. Сонымен қатар олардың арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар: тіл қатысымқұралы ретінде бұқаралық адресатқа бағытталған, ал мәдениетте элитизм бағаланады. Адам санасындағы қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың, когнитивті болмысы әртүрлі бейнелену ерекшеліктері көрнекі бейнелер түрінде, ұлттық мәдени кодты анықтайтын коннотаттық бірліктер немесе символдар түрінде

көрініс табатындығын айқындап берген когнитивизмнің зерттеу объектісі адамның ақыл-ойы, ойлауы және олармен байланысты психикалық процестер мен күйлер екендігі анықталып отыр. Академик Ә. Қайдар коммуникативтік яғни қоғам мүшелерінің бір бірімен қатынас жасап, түсініп, пікір алмасу қызметі, эстетикалық қызметі көркем шығарма тілі арқылы ерекше күй сыйлайтын, аккумулятивтік қызметі яғни тілдің ғасырлар бойы дүниеге келіп қалыптасқан сөз байлығын ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыратын игілікті қасиетін ерекше атап өткен [8].

Тіл – ұлттың ауызша қазынасы, ол белгілі бір тілдік құрылымға бейнелі ойды жеткізу құралы. Бұл жағдайда қолданылатын білім тек тіл туралы білім емес. Сондай-ақ әлем туралы, әлеуметтік контекст туралы, сөйлеу қарым-қатынас принциптері туралы білім, адресат, аялық білім т.б. аталған білім түрлерінің ешқайсысын басымдық деп санауға болмайды, тек олардың барлығын жиынтықта және өзара әрекеттесуде зерттеу бізді тілдік қатысымдық мәнін түсінуге жақындатады. Жалпы алғанда, ғалымдар лингвомәдениеттануға «мәдениет пен тілдің қызмет етуіндегі байланысы мен өзара әрекетін зерттейтін күрделі ғылыми пән» [9] деген анықтама береді. Адам туралы ғылымның бір бөлігі ретінде лингвомәдениеттану, бір жағынан, тілдегі адамдық мәдени факторға, екінші жағынан, адамдағы тілдік факторға бағытталған. Мәдениеттің онтологиялық қасиеттерін көрсететін көптеген анықтамаларға «семиотикалық сипатқа ие дүниетаным және дүниені түсіну тән» [10]. Мәдениет – тілде бекітілген әлем суретінің бөлігі. Когнитивті лингвистикадағы операция құралы сананың жедел бірліктері – кадрлар (стереотиптік жағдайлар, сценарийлер), концептер (сөзбен түсірілген барлық мағыналардың жиынтығы), гештальттар (әлем фрагменттерінің тұтас тұжырымдамалық бейнелері) және т.б. Демек, когнитивті лингвистика әлем бейнесін модельдеуге, тілдік сана құрылымын модельдеуге бағытталған.

Лингвомәдениеттанудың теориялық негізі мен қайнар көзі қызметін атқаратын іргелі ғылымдардың бірі – мәдениеттанудың өзі – мәдениетті зерттеудің теориясы мен әдістемесі. Бұл ғылым мәдениеттің мәні мен табиғатын, оның түрлерін, формаларын, қызметтерін, құрылымы мен динамикасын зерттейді, әртүрлі дәуірдің, халықтың, қоғамның, конфессияның, таптардың мәдени конфигурацияларын үлгілейді, мәдени дүниелердің қайталанбас ерекшеліктерін ашады [11]. «Мәдениеттану» терминін алғаш рет 1909 жылы неміс философы және химигі В.Оствальд ұсынды, ал 1939 жылы одан тәуелсіз Лесли А.Уайт өзінің антропологиялық зерттеулерінде бұл терминге жүгінді. Қазіргі уақытта осы білім саласының көптеген мәселелері мен категорияларының барлық талас-тартыстары арқылы қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарды «мәдениеттандыру» процесі жүріп жатыр. Антропоцентризм принципі екі аспектіде көрінеді: сананың нысаны және мәдениеттің аудармашысы ретінде әрекет ететін «тілдегі адам» және барлық заттардың, соның ішінде тіл мен мәдениеттің өлшемі болып табылатын «адамдағы тіл» [12].

Ғалымдардың пайымдауынша, антропоцентристік және мәдени байланыстар соңғы онжылдықта зерттеушілердің назарын тұлғаның және тілдік-мәдени қауымдастықтың лингвистикалық өзін-өзі тану мәселелеріне аудару алдыңғы қатарға шығарады. Антропоцентризм әлеуметтік және мәдени өмірді «этнизациялаумен» тығыз байланысты когнитивті бағыттағы пәндердің игерілуін қамтамасыз етті. Тіл, таным, мәдениет сабақтастығының антропологиялық парадигма аясында зерттелуі алғашқы когнитивтік лингвистиканың, кейінірек лингвистикалық концептологияның немесе лингвоконцептологияның қалыптасуын едәуір дәрежеде қамтамасыз етті. Бұл жөніндегі ғалымдардың келесі пікірлерін саралап өтсек «...концептология тіл мен мәдениет негізіндегі адамның тілдік санасының құрамдас бөлігі – концептіні зерттейтін» [13], «өмір құбылыстарын ментальді-когнитивті түрінде таңбаланған концептерді модельдеу лингвоконцептологияның маңызды бағыттары болып табылады» [14]. Әлемнің тілдік бейнесін тануда концептерді зерттеу ғасырлар бойы тұрақты өрнектер, когнитивтік үлгілер түрінде ұлттың мәдени танымындағы стереотиптерді тануға мүмкіндік береді. Ұлт тілінде сөйлеуші халықтың ғасырлар бойы сақталған дүниетанымы мен тілдік формаларда бекітілген дүниенің бұрыннан келе жатқан және сақталған ұлттық бейнесін анықтауда концептердің маңызы зор. Қазіргі кезеңде лингвомәдениеттану дербес пән ретінде күрделі зерттеу объектісіне ие – тіл мен мәдениеттің өзара сабақтастығы. В.А.Маслова лингвомәдениеттану тіл білімінің дербес саласы ретінде өзінің нақты мәселелерін шешіп, бірқатар сұрақтарға жауап беруі тиіс екенін атап көрсетеді: «1) ұлттық мәдениеттің тілдік концептердің қалыптасуына әсері 2) мәдени маркілі тілдік бірліктердің жасалу жолдары 3) лингвомәдени талдау арқылы анықталған тілдік бірліктердің этностың сөйлеу стратегияларына қалай әсер ететіні; 4) шын мәнінде ана тілінде сөйлеушінің ұлттың мәдени конататтық сөздерді күнделікті өмірде қолданылу аясы[15,326. ].

Лингвомәдениеттану – мәдениеттің тілдегі көрінісін зерттейтін синтездеуші типтегі ғылыми пән [16] Ол лингвистика мен мәдениеттің түйіскен жерінде пайда болған ғылым және халық мәдениетінің көріністерін зерттейтін, [17] этнолингвистиканы зерттеу мен сипаттауға арналған, олардың үйлесімді өзара іс-қимылындағы тіл мен мәдениеттің сабақтастығы [18], ол тікелей байланысқан әлемнің ұлттық бейнесін, тілдің мәдениеттегі көрінісін адам дүниетанымы арқылы зерделеуді қамтамасыз етеді [19] қазіргі заманғы лингвомәдениеттану –ғылыми пән, мәдениет объектілерінің ұлт тіліндегі репрезентация тәсілдері мен құралдарын зерделейтін, сол тілдің басқа халықтың семантикалық тілді бейнелеу заңдылықтары мен ерекшеліктерін зерттейтін сала. Ғалымдар анықтамаларда мазмұн жақындығымен қоса, кейбір айырмашылықтар кездесетінін ескерген абзал. Біраз зерттеушілер лингвомәдениеттану пәнін этнолингвистиканың бір саласы ретінде, синхро немесе диахроникалық зерттеулерге арқа сүйейтін

«этнолингвистика тармақтары» [20] десе, өзгелер басқа оны мәдени тіл білімі, мәдени лингвистика сынды терминдермен байланыстырғысы келді.

Сайып келгенде лингвомәдениеттану тіл мен мәдениеттің сабақтастығында адамның бүкіл болмысы, қабылдаудан бастап ойлау, өзін дүниенің бір бөлшегі ретінде сезіну сияқты барлық когнитивтік процестерді қамтиды [21]. Бұл ретте пәннің негізгі объектісі лингвомәдени тұрғыда сипаттауды қажет ететін мақал-мәтелдер, фразеологиялық оралымдар, теңеулер басты назарға алынады. Соңғы уақытта лингвомәдениеттану объектілеріне мәдени таңбалануымен ерекшеленетін сөйлеу іс-қимылдардың, оқиғалар мен жағдайлардың барлық жиынтығын жатқызуға болатындығы рас. Жоғарыда айтылғандардың барлығын қорытындылай отырып, лингвомәдениеттану объектісі тіл және мәдениет байланысы болып табылатындығын ал мәні – олардың өзара іс-қимыл әрекеті екендігін алға шығарамыз.

Лингвомәдениеттану тіл мен мәдениет құбылыстарын жүйелі және интегративті көзқарастарды ескере отырып, семантиканың терең деңгейінде зерттейді. Мәдени реңктегі бірліктердің жалпы адамзаттық немесе ұлттық мәдениеттің тұжырымдамаларымен (кодтарымен) арақатынасы, лингвомәдени талдау оларға терең және көлемді зерттеу береді [22]. Бойына бүкіл мәдени мұра мен рухани құндылықты жинақтап, сақтайтын ұлттық тілді халықтың ой танымымен, жан ілімімен бірлікте қарау соңғы жылдары кең етек алған когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану ғылымдарының пайда болуына негіз болды. Көркем мәтінді тіл мен таным ұштастығы негізінде біртұтас жүйеде қарастыруқазақ этносының танымдық, когнитивті болмысын тануға мүмкіндік ашады. Тіл – тілдегі концептіні тануда поэтикалық мәтіндердегі ақынның қабылдау мен сезіну әрекеттері арқылы қалыптасқан бейне, ойсурет тудырушы өлең өрімдерінің семантикасын ашу – бүгінгі зерттеу жұмысымыздың басты мақсаттарының бірі.

Когнитивті терминдердің қысқаша сөздігінде концептке мынадай анықтама береді: концепт ұғымы – адамның ойлау әрекеті мен тәжірибесін, білімін білдіретін, дүниені танып білудің адамзаттық тәжірибесі [1, 90]. А.Н.Арутюнованың пайымдауынша: концепт – мәдениетке сіңген ұғым ретінде эмотивті, коннотациялы, аксиологиялық сипаты бар, тілде атауы мен атаулары бар әмбебап құбылыс [2]. Сонымен, концепт – ұлттық мәдени болмысқа негізделген ойлаудың ақпараттық негізі. Ақиқат дүние бейнесінің адам санасында сәулеленген білім ақпараттарының жүйеленген көрінісі – лексикалық, паремиологиялық, фразеологиялық тіл бірліктері арқылы тілімізде көрініс табады. Адам алғаш өмір есігін ашқан күннен бастап үнемі толығу, толысу процесіне еңбекқорлық қасиетінің арқасында жетіліп отырады. Яғни адамды жақсылыққа тәрбиелейтін, шыдамдылыққа жол көрсететін, өзіне керекті материалдық қажеттіліктермен қамтамасыз етуде еңбектенудің маңыздылығы өмір сүру құндылықтарымен пара-пар. Еңбек тәрбиесіне ерте жастан балаларды баулуды қазақ халқы ежелден тұрақты тіркестер, мақал-мәтел, нақыл сөздерге жасырған. Ал, ақын-жазушылар адам

мінезіндегі еңбеккерлікті өз шығармаларына арқау ете отырып, жалқаулықты қатты сынау барысында бұл жаман әдеттен өз ұрпағын аластатуды мақсат тұтқан.

Мәдениеттің тілдегі көрінісін анықтауда ғалымдар көбінесе «мәтіндік лингвокультурология тұжырымдамасын» (Л.Н.Мурзин) оның мазмұны мен талдау объектісін нақтылауға мүмкіндік беретін көркем шығарма тілін зерттеуді қажет ететін лингвомәдени талдау әдістеріне сүйенеді. Лингвистика мен мәдениеттанудың түйісуі, бір жағынан, тілдің жоғары деңгейі болып табылатын, ал екінші жағынан мәдениеттің бір түрін білдіретін мәтін арқылы жүреді. Бұл мәдениетті тілдің ең жоғары деңгейі деп санауға болады, бірақ мұндай ұстаным тілді мәдени құндылықтарды жүзеге асыру жүйесі ретінде қарастыратын лингвокультурологияда ғана мүмкін [23].

Оның объектісі мәдениеттің маңызды бірлігі ретіндегі мәтін болып табылады. Бұл ретте мәтін қарама-қарсы бағытқа ие лингвистиканы (мәдениет, тіл) және лингвокультурологияны (тіл мәдениет) біріктіреді және бөледі. Мәдени кодталған тілдік бірліктер лингвокультурология мәтін ретінде қызықтырады. Әлемнің тілдік (күнделікті, аңғал) көрінісі мәтіннен (дискурстан, коммуникативтік мінез-құлықтан) шығарылады, ал мәтін мәдениетті зерттеудің мақсаты мен құралы ретінде, оның мәніне енудің жолы ретінде шығады деп ойлай отырып, лингвокультурология объектісіне қатысты әртүрлі тәсілдерді үйлестіруге болады [24].

Лингвомәдениеттану тілді мәдени құбылыс ретінде зерттейді. Бұл – ұлттық менталитет пен дүниені ұлттық тілдің призмасы арқылы көру барысында көркем шығарма тілін зерттеу барысында тілдік бірліктерді анықтау жолында жүзеге асырылатын лингвистиканың жаңа саласы. Қазақ лингвомәдениеттану саласы этнолингвистиканың кенже дамыған саласы болғанмен, тілдегі мәдениеттің көрінісін сипаттайтын зерттеулер Ш.Уәлиханов, Ә.Марғұлан, М.Әуезов еңбектерінен бастау алады. Этнос болмысын, оның мәдениетінің тілдегі көрінісін І.Кеңесбаев, Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Е.Жанпейісов, Т.Жанұзақов, Н.Уәлиев, т.б. этнолингвистикалық тұрғыдан зерттесе, Ж.Манкеева, А.Алдашева, Г.Қажығалиева, Қ.Рысбергенова, Г.Смағұлова, А.Ислам, т.б. ғылымдар өз еңбектері арқылы лингвомәдениеттанымдық талдаулардың негіздерін жасай отырып, мәдени кодталған тілдік деректер арқылы ментальдық қатынастардың артықшылығын алдыңғы қатарғы шығарды. Мәдениет ұғымы лингвомәдениеттану үшін негізгі ұғым болып табылады, сондықтан біз мәдениет туралы ғалымдар пікіріне назар аударғанды жөн санадық. «Мәдениет» сөзі латын *colere*, яғни «өсіру, тәрбиелеу, дамыту, қастерлеу, табыну» деген мағынаны білдіреді. XVIII ғасырдан бастап мәдениет деп адам қызметінің, оның мақсатқа бағытталған қызметінің арқасында пайда болған қарым-қатынастың бәрін түсіне бастаған. Қара сөзбен айтқанда мәдениет – бұл халықтың өмір сүру салты. Сонымен бірге мәдениет – қоғам мүшелерінің қызметі арқылы нақты, қабылданатын және репродукцияланатын құбылыс.



Кез келген мәдениет – халықтың сан ғасырлар бойы жинақтаған рухани байлығы, өзгеру, бейімделу барысы нәтижесінде ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырған мол мұра. Әр халықтың мәдениеті оның дүниені қабылдау және сол айналасындағы дүние құбылыстарға бейімделуі белсенді мінез-құлық әсерінен туындайтын көзқарастар мен нұсқауларға негізделеді [25].

Мәдениет заман ағымына қарай өзгеріп, құбылып тұратын материалдық және рухани мәдениет ретінде дамиды және екі субъектіге – мәдениеттің өзі және өркениетке бөлінген (О.Тоффлер). Сонымен, мәдениет коммуникативті-белсенділік, құндылық және символдық сипаты күрделі, көп қырлы құбылыс. Ол – адамның қоғамдық өмірдегі орнын, материалдық және рухани құндылықтарды тұтынуы барысында адамзатпен бірге жасайтын өмір сүру дағдысы. Мәдениет лингвистикалық категориялар мен ұғымдар әсерінен тілдік тұлғаның ойын қалыптастырады және ұйымдастырады. Мәдениетті тіл арқылы тану, зерттеу – тілде сақталған мәдени ақпараттарға қол жеткізуге, тұтас этностың болмысын, ментальдық көзқарастарын тануға мүмкіндік береді. Мәдениетті тіл арқылы зерттеу жаңа идея емес; бұл туралы А.Брукнер, В.В.Иванов, В.Н.Топоров, Н.И.Толстой және зерттеу еңбектері мәселені шешуге үлкен үлес қосты.

Концептердің лингвомәдени талдауы тілдің белгілі бір этностың дүниетанымына әсер ету дәрежесін нақтылауға мүмкіндік береді. Мәтінді лингвомәдени тұрғыдан талдау лингвомәдениеттанудағы зерттеу әдістерінің арасында ерекше орын алады, өйткені мәтін өз кеңістігін құрумен қатар, өзі құрылған мәдениеттің «әлемін» толығымен бекітеді [26].

Мәтінді мұқият зерделеу өз елінің, зерттеліп отырған тілге қатысты ұлт мәдениетіне тереңірек енгуге, белгілі бір тілдік бірліктердің мағыналарын ашуға, осы мәдениеттің құндылықтары мен сценарийлерін түсінуге және нәтижесінде осы мәдениетте бар әлемнің бейнесі туралы түсінік қалыптастыруға көмектеседі. Көркем мәтінді талдаудың бір аспектісі – лингвомәдени талдау, яғни мәтінді мәдени құбылыс ретінде қарастыру және мәдени ақпаратты тілдік белгіде және жалпы мәтінде қабылдау болып табылады. Мәтін – мәдениеттің идеялары, мағыналары мен көзқарастарының қоймасы. Лингвомәдени талдау мәдени ақпаратты қамтитын тілдік және сөйлеу бірліктері туралы ойлау қабілетін қалыптастыруға және лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етеді. Лингвомәдени талдау мәдени ақпаратты қамтитын тілдік және сөйлеу бірліктері туралы ойлау қабілетін және лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етеді. Лингвомәдени талдаудың міндеттері:

- 1) мәтіннен ел мәдениеті туралы мәліметтерді ала білу;
- 2) алынған мәліметтерді түсіндіре білу;
- 3) әртүрлі мәдениеттер әлемінің құндылық суреттерін салыстыра білу.

Лингвомәдени талдау әдістері: 1) филологиялық талдау әдісі, тілдік құралдарды жанрлық түсіндіру және мәтіннің идеялық мазмұнын түсіндіруді қамтамасыз ету; 2) концептуалдық талдау әдісі, сөйлеуші әлемінің бейнесін қайта құру; 3) салыстырмалы әдіс. [27] Лингвомәдени талдаудың пәні

«мәдениетте символдық, таңбалық, бейнелі-метафоралық мәнге ие болған және мифтерде, аңыздарда, фольклорлық және діни дискурстарда, поэтикалық және прозалық көркем мәтіндерде, фразеологиялық бірліктер мен метафораларда, символдар мен паремияларда жазылған архитектуралық және прототиптік – адам санасының нәтижелерін жалпылайтын тіл бірліктері болып табылады. [28] Аталған тіл бірліктері мәдени тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа жинақтайтын және тарататын ұлттық-мәдени ерекшелігі бар тілдік құралдарға жатады. Көркем мәтіннің лингвомәдени талдауы көп деңгейлі мәтінді анықтаудан тұрады: тілдік бірліктердің пайда болуы мен өмір сүруінің халықтық-тілдік, лингвоэтникалық, елтану ортасын (қайнар көзін) анықтаумен қатар, этникалық шындықты белгілеудің нақты айқындалған ұлттық бояуы бар, бағдарлайтын тілдік құралдарын әлемнің ұлттық бейнесінің маркерлері ретінде қарастырады. Лингвомәдениталдау жүйесі ең алдымен белгілі бір этномәдени кеңістікпен байланысты көп деңгейлі тілдік бірліктерді анықтау, талдау және сипаттау, олар өз кезегінде халықтық (этникалық) континуумның, оның рухани-материалдық шындығының тән белгісі болып табылатындығын дәлелдейді [29]. Осы талдау арқылы халықтық-тілдік сипатқа ие (этнолингвистикалық) мәтіннің мәдени фонын жасайды, ұлттық мәдениеттің мәдени-эстетикалық белгілері арқылы этномәдени болмыс, әлемнің ұлттық бейнесін айқындайды [30].

Көркем мәтінді лингвомәдени талдаудың міндеттері келесідей: мәтіндік ақпараттың этномәдени дәлелдеу аспектісіндегі идеялық-тақырыптық бағытын анықтау; мәтінде көрсетілген жалпы мәдени фонды сипаттау, мәтіннің стильдік және жанрлық байланысын этномәдени, мәдени-тілдік, лингвистикалық-эстетикалық шындық, ұлттық көркемдік дәстүрлер тұрғысынан түсіндіру, қарым-қатынас жағдаяттарын ескере отырып, мәтіннің лингвистикалық және мәдени ерекшелігін бағдарлау, оның функциялары, адресат факторы, ойлау түрі, сөйлеу формасы және түрін; мысал ретінде мәтінде байқалған тілдік материалды талдау арқылы мәтіннің лингвомәдени байланысын, оның көпжүйелі тілдік ұйымын талдау; мәтіндегі этникалық шындықты жаңғыртып, лингвомәдениеттерді жіктеуге және сипаттауға, сипаттауға ықпал ететін белгілі бір мәдени, лингвомәдени, халықтық, халықтық контекстке байланысты көп деңгейлі тілдік бірліктерді этимологиялық, мәдени-семантикалық, стиль және стилистикалық ерекшеліктерін айқындау; мәтінде расталған ұлттық мәдениеттің мәдени-эстетикалық белгілерін зияткерлік-бейнелі іс-әрекет деректер барысында автордың шығармашылық рухының көрсеткіштері ретінде қарастыру; мәдени-этникалық көріністі қалыптастыру тұрғысынан лингвомәдени бірліктердің салмағын негіздеу арқылы көркем шығармадағы әлемнің тілдік бейнесін сипаттау; мәтінде пайдаланылған лингвомәдени бірліктерді адамның мәдени-ойлау іс-әрекетінің фактілері, оның қоршаған ортаны игеру көрсеткіштері ретінде саналы түрде қабылдау немесе тиісті тілдік материалды өзектендіру мысалында этноконтинуумның авторлық бейнесінің шеберлігін түсіну, автордың көркем шығармадағы лингвомәдени шындықты

елестету қабілетін сипаттау, этностықтың белгілі бір фонын жасауда немесе көбейтуде тілдік субстанцияның шешуші маңыздылығын дәлелдеу.

Мәтіннің лингвомәдени талдауын мәтінді мұқият оқудан, жеке этностың ұлттық шындығына қатысты деректерді бөліп көрсетуден бастау керек. Одан әрі мәтіндегі шындықты бейнелеу тәсілдерін бақылаудан, иллюстрациялық жинаудан нақты мысалдар негізінде, ал кейіннен – олардың сипаттамасын жіктелуі, жүйеленуі сынды критерийлер барысында талдау ұсынылады.

Жоғарыда айтылғандардың бәрін қорытындылай келе, лингвомәденитанымдық талдау жүйесі тілдің сөздік құрамының ұлттық-мәдени ерекшелігін зерттеу мәдени ортадағы объектінің болуы туралы білімді, стереотиптік бейнелі бірлестіктерді, сондай-ақ номинация объектісіне стереотиптік құндылық қатынасты қамтитын сөздің ақпараттық-мәдени аясын анықтауға бағытталған талдау деп тұжырым жасай аламыз. Талдау барысында тілдік бірліктердің ұлттық-мәдени ерекшелігін қарастыру маңызды болып көрінеді. Осы бағыттағы зерттеулер тілде мәдениеттің қалай көрініс табатындығын, халықтың салт-дәстүрлері, күнделікті өмірі тілде қалай көрініс тауып, орныққанын ашуға мүмкіндік береді. Тілдік бірліктердің мәдени фоны туралы ақпарат ана тілінде сөйлейтіндердің менталитеті мен мәдениетінің ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

## **1.2 «Еңбекқорлық \жалқаулық» концептердің зерттелуі және «әлемнің тілдік бейнесі»**

Қазіргі тіл білімінде антропоцентрлік парадигма аясында дамыған бірқатар бағыттар, соның ішінде когнитивті лингвистика мен лингвомәдениеттану салаларының ұлт-адам-мәдениет үштігінде тілдегі әлемнің бейнесі – тұтас бір этностың санасы мен ойлау қызметі арқылы пайда болған образдары мен эталондары, дүние қабылдауы негізінде тіл арқылы бейнеленетін концептілік құрылымдар арқылы зерттеу тіл білімі саласын жаңа бір сатыға көтеріп отыр. Когнитивті лингвистика тілді кодтау мен түрлендіру арқылы когнитивті механизм ретінде зерттейді. Демек, бүгінгі тіл үйренуге деген көзқарас соншалықты күрделі, ол лингвистердің, философтардың, психологтардың, нейрофизиологтардың, мәдениеттанушылардың, жасанды интеллект мамандарының және т.б. күштерін біріктіретін пәнаралық когнитивтік ғылым ретінде біліктілікке ие бола алады. Сонымен, американдық когнитивті лингвистика адам ақыл-ойының компьютермен жұмыс істеуі туралы болжамдарды зерттейтін когнитивизмнің компьютерлік түрі алдыңғы қатарға шығарды, яғни жасанды интеллектті модельдеуге ұқсас мәселелерді қамтиды. Қазіргі лингвистиканың маңызды жетістігі – бұл тілді адамның танымдық іс-әрекетіне қатысу тұрғысынан жаңа парадигмада аясында зерттеу. Логика, философия, физиология, психология адам интеллектімен, ойлау заңдылықтарымен бұрыннан айналысқан. Сондықтан когнитивизмнің ежелгі дәуірден бастау

алатын үлкен дәстүрі бар деп айтуға болады. Бірақ когнитивистика аясында ескі сұрақтар жаңа тәсілдермен айтылды. Мысалы, шындықтың (заттардың, құбылыстардың, оқиғалардың) түрліше табиғаты олардың санада әр түрлі көрінуін анықтайды: кейбіреулері көрнекі бейнелер түрінде, басқалары аңғал ұғымдар түрінде, ал басқалары рәміздер түрінде болады. Когнитивизм тұрғысынан адам ақпаратты өңдеу жүйесі ретінде зерттеледі, ал адамның мінез-құлқы оның ішкі күйлері тұрғысынан сипатталады және түсіндіріледі. Бұл күйлер физикалық түрде көрінеді, бақыланады және ақпаратты алу, өңдеу, сақтау, содан кейін жұмылдыру ретінде айқындалады. Когнитивті ғылымның өзі адам миындағы психикалық процестерді басқаратын жалпы принциптер туралы ғылым ретінде қарастырыла бастады.

Қазіргі зерттеулер когнитивизмнің бірнеше ғылыми бағыттарды біріктіретінін көрсетеді: когнитивтік психология, мәдени антропология, жасанды интеллектті модельдеу, философия, нейроғылым, лингвистика және т.б. осыған байланысты когнитивистиканың пәнаралық сипатын атап өту маңызды. Когнитивистикада басты назар адамның когнитивтілігіне аударылады, тек бақыланатын іс-әрекеттер ғана емес, олардың психикалық көріністері (ішкі көріністері, модельдері), рәміздері, білімге негізделген іс-әрекеттерді тудыратын адамның стратегиялары зерттеледі; яғни адамның когнитивтік әлемі оның мінез-құлқы мен іс-әрекеті арқылы зерттеледі, ол сөйлеу-ойлау негізін құрайтын тілдің белсенді қатысуымен жүреді, кез келген адам әрекеті оның мотивтерін, көзқарастарын қалыптастырады, нәтижесін болжайды. Осылайша, когнитивті лингвистикада білім категориясы, білім түрлерінің проблемасы және оларды тілдік ұсыну әдістері маңызды болып табылады, өйткені бұл білімді бекітудің, сақтаудың, өңдеудің және берудің негізгі құралы болып табылатын тіл арқылы жүзеге асырылады. Біздің заманымыздың көптеген лингвистерінің санасындағы өзгеріс тілдің белсенділік сипатын және оның адам мен қоғамның өмірлік процестеріне енуін елемейтін тіл жүйесіне тән көзқарастың жеткіліксіздігін көрсететін бірқатар жаңа пәндердің пайда болуымен ғана келді. Лингвистикамен байланыста пайда болған осы пәндердің ішінде психоллингвистика, этнолингвистика, социоллингвистика, когнитивті лингвистика және лингвомәдениеттану болды. Бұл лингвистиканың өзіне де әсер етті: онда құндылық бағдарлары өзгерді, адамның ойлау процестері мен әлеуметтік маңызды әрекеттерін зерттеуге деген ұмтылыс байқалды, лингвистика ізгілендірілді. Ғасырдың басындағы лингвистикалық зерттеулер орталығында ақпаратты алу, өңдеу, сақтау процестері болды. Жаңа ақпарат алу арқылы адам оны санасында бар нәрсемен байланыстырып, жаңа мағыналарды тудыратыны дәлелденді. Когнитивизмнің маңызды принциптерінің қатарына адамды белгілі бір схемалар, бағдарламалар, жоспарлар, стратегиялар бойынша ақыл-ой қызметінде басшылыққа алатын, белсенді қабылдайтын және ақпарат шығаратын субъект ретінде түсіндіру жатады. Тілге жүгінбей-ақ, адамның тілдік ақпаратты қабылдау, игеру және өңдеу, жоспарлау, мәселелерді шешу, пайымдау, оқыту, білім алу, ұсыну

және пайдалану сияқты танымдық қабілеттерінің мәнін түсінуге үміттену мүмкін емес. Когнитивті лингвистика тек тілді ғана емес, сонымен бірге танымды да зерттейді (таным, ойлау, білім): категорияның негізгі деңгейінде категориялар ретінде бірлестік иерархиясындағы іргелі және ең жоғары емес, күнделікті сана үшін ең маңызды қасиеттер шоғырланған бірлестіктер зерттеу нысаны етіп алынады.

Егер біз когнитивті лингвистиканың тәуелсіз ғылыми пән ретінде қалыптасуы туралы айтатын болсақ, онда оның категориялық-концептуалдық аппаратын қалыптастыру қажеттілігі туындайды, өйткені сипаттаудың метатілін дамыту ғылымның басты және маңызды міндеті болып табылады. Когнитивті лингвистиканың терминологиялық жүйесі жаңа терминдермен емес, лингвистикада бұрыннан бар немесе басқа ғылымдардан алынған нақтыланған және біртұтас терминдермен сипатталады. Когнитивті лингвистиканың негізгі терминдері: ақыл, білім, концептуализация, концептуалдық жүйе, когнитивтік, әлемнің тілдік көзқарасы, когнитивтік база, психикалық өкілдіктер, когнитивтік модель, категориялау, вербализация, менталитет, мәдениет тұрақтылары, концепт, әлем бейнесі, концептосфера, ұлттық мәдени кеңістік және т. б. Бұл ұғымдардың барлығы адамның танымдық іс-әрекетімен, яғни адамның белгілі бір шешімге немесе білімге келуіне әкелетін әрекеттермен байланысты. Когнитивті белсенділік ақпаратты өңдеумен бірге жүретін процестерді білдіреді және сананың арнайы құрылымдарын құрудан тұрады. Сонда тілдік (сөйлеу) іс-әрекет танымдық іс-әрекеттің бір түрі болып табылады.

Ақыл – бұл адамның себеп-салдарлық танымға, сондай-ақ құндылықтарды білуге, заттар мен құбылыстардың әмбебап байланысына, осы байланыстың ішіндегі мақсатты іс-әрекетке қабілеттілігі. Бұл – білімді қалыптастыру және оларды белгілі бір организмнің қоршаған ортамен өзара әрекеттесуінде мақсатты түрде жүзеге асыру механизмі. Сонымен қатар, қоршаған орта дегеніміз – ағзаның өмір сүру процесінде шешуге тура келетін физикалық, әлеуметтік және рухани факторлардың жиынтығы.

Білім – субъективті және объективті қарым-қатынаста дұрыс және оның негізінде мақсатты мінез-құлықты қамтамасыз ететін пайымдаулар мен қорытындылар құруға болатын тәжірибе мен түсінікке ие болу.

Білім – динамикалық функционалды білім – «әлем бейнесін» қалыптастыратын вербалды және вербалды емес тәжірибені қайта өңдеудің өнімі. Концептуалдау – бұл адамның танымдық іс-әрекетінің маңызды процестері, оған кіретін ақпаратты түсінуден тұрады және адам психикасындағы концептердің, концептуалдық құрылымдардың және бүкіл концептуалдық жүйенің қалыптасуына әкеледі. Концептуалдау – әлемді қабылдай отырып, адамның ішкі және сыртқы әлеміндегі зерделенген құбылыстар туралы концепт қалыптастырып, білімді құрылымдайды. Демек, концептуалдау – қазіргі лингвистикада білімнің әртүрлі формалары үшін белгілі бір білімді құрылымдау процесі және белгілі бір минималды

концептуалдық бірліктерден білімді ұсынудың әртүрлі құрылымдарының пайда болуының нәтижесі.

Концептуалдық жүйе деп біз адамның ақыл-ойына берілген барлық ұғымдардың жиынтығын, олардың реттелген бірлестігі шоғырланған психикалық деңгейді немесе психикалық (психикалық) ұйымды түсінеміз. Содан кейін концептуалдық жүйе – бұл адамның тәжірибесін көрсететін әлем туралы пікірлер мен білім жүйесі.

Категориялау – бұл шындықтың когнитивті бөлінуі, оның мәні бүкіл онтологиялық кеңістікті әртүрлі категориялық салаларға бөлу болып табылады. Бұл әлемнің құрылымдалуы, сөзді / объектіні белгілі бір топқа жатқызу әрекеті, иерархиялық қатынастарды орнату тәсілі. Санаттау кезінде тек ұқсас құбылыстардың маңызды қасиеттері ескеріледі.

Менталитет – әлемнің ерекше бейнесін құруды қамтитын ойлау процестерінің жиынтығы.

Философиялық энциклопедияға сәйкес когниция (ағылшын тіліндегі термин) «білім, таным» болып табылады. Бүгінгі когниция адам рухының құрамдас бөліктерін ғана емес (білім, сана, ақыл, ойлау, ұсыну, шығармашылық, жоспар құру, рефлексия, логикалық қорытынды, мәселелерді шешу, корреляция, қиял, арман), сонымен қатар қабылдау, психикалық бейнелер, есте сақтау, зейін және тану сияқты процестерді қамтиды. Осылайша, когниция әр түрлі процестерге бөлінеді, олардың әрқайсысы белгілі бір танымдық қабілетпен байланысты, олардың бірі сөйлеу қабілеті екендігі даусыз. Демек, когниция – бұл әлемді қабылдау, бақылау, санаттау, ойлау, сөйлеу, қиял және басқа да психикалық процестерді қамтитын дамитын құбылыс ретінде айқындалады.

Ұлттық мәдени кеңістік – бұл ақпараттық-эмоционалды өріс, виртуалды және сонымен бірге адам өмір сүретін және жұмыс істейтін басқа мәдениеттің құбылыстарымен бетпе-бет келгенде хабардар болатын нақты кеңістік. Бұған мәдени қауымдастықтың құбылыстар туралы барлық айқын және ықтимал идеялар (жалпыұлттық және жеке тұлғалық) кіреді. Таным, когнитивті лингвистика тұрғысынан, концептерді құру және түрлендіру процесі болып табылады, сондықтан когнитивті лингвистикадағы ең маңызды зерттеу объектісі концепт болып табылады. Біздің санамыздың және әлем туралы біліміміздің құрамдас бөлігі ретінде әрекет ете отырып, концепт философия, психология, когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану және басқа да гуманитарлық ғылымдардың зерттеу нысаны болып табылады.

Ұлт тілінің байлығы сөздік қорының байлығымен және грамматикалық мүмкіндіктерімен ғана емес, сонымен бірге концептуалды әлемнің байлығымен, ұлттық тілдік тұлға қалыптасатын концептосферамен анықталады. Концептосфераның құрылымында ядро (маңызды концептінің когнитивті-пропозициялық құрылымы), ядролық аймақ (маңызды концептінің басқа лексикалық көріністері, оның синонимдері және т.б.) және периферия (ассоциативті-бейнелі көріністер) бар. Ядро мен ядролық аймақ

негізінен әмбебап және жалпыұлттық білімді білдіреді, ал периферия жеке болып табылады. Адамның барлық танымдық іс-әрекетін (когнитивті) әлемді шарлау қабілетін дамытушы деп санауға болады және бұл іс-әрекет объектілерді анықтау және ажырату қажеттілігімен байланысты: концептер осы түрдегі операцияларды қамтамасыз ету үшін пайда болады. Демек, концепт қалыптасуы әлемді танумен, ол туралы идеялардың қалыптасуымен байланысты.

Концепт – тиісті лексикалық-семантикалық парадигманы құрайтын, тілдік өрнегі бар және этномәдени ерекшеліктерімен белгіленген ұжымдық білім бірлігі болып табылатын өзінің тілдік іске асыруларының тұтас сериясымен өрнек тұрғысынан ұсынылған мәдени тұрғыдан белгіленген вербализацияланған мағына. Осылайша, концепт ұғымы философия мен логикадан шыққан, бірақ соңғы 15 жылда ол өзектену және қайта қарау кезеңін бастан кешуде. Концептінің әртүрлі анықтамалары оның келесі инвариантты белгілерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

1) бұл – адам тәжірибесінің ең аз бірлігі, оның идеалды көрінісінде сөзбен вербализацияланған және өріс құрылымы бар;

2) бұл білімді өңдеудің, сақтаудың және берудің негізгі бірліктері;

3) Концептінің жылжымалы шекаралары мен нақты функциялары бар;

4) Концепт әлеуметтік, оның ассоциативті өрісі оның прагматикасын анықтайды;

5) бұл – мәдениеттің негізгі ұяшығы.

Концепт – бұл лингвомәдени өзгешеленетін және белгілі бір этномәдениеттің тасымалдаушыларын сипаттайтын семантикалық білім. Этникалық дүниетанымды бейнелейтін концепт әлемнің этникалық тілдік бейнесін белгілейді. Бірақ сонымен бірге бұл – адамның барлық іс-әрекетінің мазмұнын көрсететін белгілі бір білім кванты. Концепт сөздің мағынасынан тікелей туындамайды, бірақ сөздің сөздік мағынасының адамның жеке және халықтық тәжірибесімен соқтығысуының нәтижесі болып табылады. Ол эмоционалды, экспрессивті, бағалаушы бояулары арқылы ерекшеленіп тұрады.

Концептерің когнитивті тәсілге тән жіктелуін ұсынады: концептер қатынастарды алдын-ала анықтайтын көріністер, гештальттар, фрейм, сценарий арқылы адам санасында көрініс табады.

Тіл, таным, мәдениет сабақтастығы антропологиялық парадигма аясында зерттелуі алғашқы когнитивтік лингвистиканың, кейінірек лингвистикалық концептологияның немесе лингвоконцептологияның қалыптасуын едәуір дәрежеде қамтамасыз етті. Бұл жөніндегі ғалымдар пікірлерін саралап өтсек «...концептология тіл мен мәдениет негізіндегі адамның тілдік санасының құрамдас бөлігі – концептіні зерттейтін» [31] «өмір құбылыстарын ментальді-когнитивті түрінде таңбаланған концептерді модельдеу лингвоконцептологияның маңызды бағыттары болып табылады» [32].

«Концептерді зерттейтін ғылым концептология деп аталды. Концептология концептіні анықтауы барысында көптеген өзекті деп тапқан мәдени құрылымдарын ашу арқылы лингвокогнитивтік әдістерді біріктіретін сала» [33]. В.Л.Иващенко лингвоконцептология шеңберінде ғылыми зерттеудің бес негізгі бағытын анықтайды, олар: 1) этнолингвоконцептология: лингвистикамен өзара әрекеттесе отырып, лингвомәдениеттану, этнолингвистика, этнопсихоллингвистика және жекелеген этномәдениет концептерін немесе этномәдени концептерді зерттеумен айналысатын бағыт; 2) салыстырмалы этнолингвоконцептология әртүрлі этномәдениеттер әлемінің концептуалды және лингвистикалық суреттерін зерттеумен шұғылданады; 3) көркем лингвоконцептология: лингвистикалық стилистикамен әрекеттесетін әдеби-көркемдік концептерді қарастыратын лингво-фольклористика жеке әдеби-көркем шығарманың контексті негізіндегі белгілі бір автордың тілдік тұлғасы немесе когнитивтік контекстегі ауызша-поэтикалық халық шығармашылығы; 4) ғылыми лингвоконцептология немесе когнитивтік терминология: негізгі объектісі ғылыми концептер болып табылатын бұл бағытпен негізінен әлеуметтік ғылымдар көбірек айналысады; 5) лингвоконцептография, немесе лингвоконцептологиялық лексикография: когнитивтік дискурста–ұлттық сананың стереотиптері, нышандары, бейнелері, константаларының сөздіктері және олардың теориялық негіздерінің дамуына қатысты концептер сөздігін құрастырумен байланысты [34, 46]. «Қазіргі когнитивті лингвистика мәдени фондағы концептерді жан-жақты зерттеуде: семантикалық талдау – компоненттік және анықтамалық, гештальт ретіндегі сананың ойсуретін анықтайтын концептуалды талдауды біріктіретін күрделі сала» [35].

Ғалымдар пікірінше, антропоцентризм принципі екі аспектіде көрінеді: «тілдегі адам» сананың нысаны мәдениеттің аудармашысы ретінде әрекет етсе, «адамдағы тіл» принципі барлық заттардың, соның ішінде тіл мен мәдениеттің сабақтастығы ретінде әсіресе сөздіктер үшін аса маңызды саналады. Соңғы онжылдықтар көлемінде зерттеушілердің лингвистикадағы жеке тұлғаның өзін-өзі тануы және лингвомәдени қауымдастық сынды антропоцентризммен тығыз байланысты әлеуметтік-мәдени өмірдің «этнизациясы» мәселелеріне басты назар аударуы концептология бағытының қарқынды дамуына алып келді [36]. В.В.Колесов қазіргі уақытта лингвистикалық әдебиеттерде концептінің көптеген анықтамалары қалыптасқандығын, зерттеушілердің көпшілігі бұл терминді негізгі деп санайтындығын, ұлттық менталитет бірлігі деп таныса, [37], концепттер ұжымдық сана және өзгертілген идеалды объектілердің психикалық үлгілері болып табылады [38], кез келген құбылыстың кеңейтілген тұжырымдамасы онтологиялық жағынан типтік тудыратын категориялаудың кескін «прототипін» құрайды [39]. Осылайша, бұл туралы келесі қорытынды жасауға болады концепт – бұл тілдік көрінісі бар және ұлттық-мәдени ерекшелігімен белгіленген ұжымдық білім мен сананың бірлігі.



Когнитивтік лингвистиканың басты тіл бірлігі болып табылатын концептер тілдің мәдени ерекшелігімен сипатталатын, сол халықтың мәдени танымынан тереңірек хабар беретін дүниенің тілдік бейнесін қалыптастыратын лексемалар. Концепті өз бойына халықтың мәдени болмысының барлық мазмұнын сидыра отырып, ұлттық ерекше дүниетанымды түсінуде негізгі компонент болып саналады. Сонымен, концепт дегеніміз – этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым. «Еңбекқорлық //жалқаулық» концептері – тілдік көрінісі бар, ұлттық-мәдени ерекшеліктері байқалатын қазақ дүниетанымында берік орныққан жоғары құндылық категориясына жататын концептердің бірі. Қазақ концептосферасында ұлттық менталитетті көрсететін, бойында философиялық, педагогикалық уәждер мен әдет-ғұрыптық, адамдық қарым-қатынас нормалары қамтылған «еңбекқорлық», «жалқаулық» концептері айрықша орын алады.

Когнитивтік терминдердің қысқаша сөздігінде концептіге мынадай анықтама беріледі: концепт ұғымы адамның ойлау әрекеті мен тәжірибесін, білімін білдіретін, дүниені таным білудің адамзаттық тәжірибесі [40, 90б.]. А.Н.Арутюнованың пайымдауынша: концепт – мәдениетке сіңген ұғым ретінде эмотивтік, коннотациялы, аксиологиялық сипаты бар, тілде атауы мен атаулары бар әмбебап құбылыс [41]. Сайып келгенде, концепт – ұлттық мәдени болмысқа негізделген ойлаудың ақпараттық негізі. Ақиқат дүние бейнесінің адам санасында сәулеленген білім ақпараттарының жүйеленген көрінісі – лексикалық, паремиологиялық, фразеологиялық тіл бірліктері арқылы тілімізде көрініс табады.

Ал білімнің шындыққа қатынасын, адамның дүниені тану мүмкіндігін, ақиқаттың өлшемдерін және танымдық қасиеттерін зерттейтін философияның бір саласы – гносеология таным теориясымен айналысатын ғылым ретінде көпшілікке етене таныс. Сондықтан когнитивизмнің тамыры көне заманнан бастау алатын орасан зор дәстүрі бар деп айтуға болады. Алайда когнитивтік бағыт аясында адамның танымдық қырларын жаңаша пайымдау мәселелері қайта жаңғырды десек, артық айтқанымыз емес. Адам санасындағы қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың когнитивті болмысы әртүрлі бейнелену ерекшеліктері көрнекі бейнелер түрінде, ұлттық мәдени кодты анықтайтын коннотаттық бірліктер немесе символдар түрінде көрініс табатындығын айқындап берген когнитивизмнің зерттеу объектісі адамның ақыл – ойы, ойлауы және олармен байланысты психикалық процестер мен күйлер екендігі анықталып отыр. Қазіргі лингвистикадағы когнитивтік бағыт негізінде әлемнің тілдік бейнесін бейнелейтін концепт ұғымы тереңірек зерттелінуде. Концептіні анықтау үшін дүниенің кейбір ерекшеліктері мен заттық құндылықтары, олардың объектілермен қатынасы, қызметі мен оларға берілген ұлттық сананың сипаты әрі бағасы айқындалуы қажет. Ұлт мәдениеті, діні, салт – дәстүрі және тілімен біте қайнасып, ұлттың

болмысын бойына сіңірген танымдық түсінік беретін сөздер тілімізде өте көп. Солардың бірі «еңбекқорлық// жалқаулық» концептері. Аталған концепт – кез келген этноста қалыптасқан универсалды, дерексіз күрделі құбылыс.

Концепті адам санасындағы мәдениет жиынтығы болатұғын, адам сезімінен туындап, оның көңі – күйін, эмоциялық сезімдерін сипаттайтын ұлттық тілдік сананың мазмұнын құрайтын тілдік бірліктер екендігіне көз жеткізуге болады. Концепт – сөздердің беретін ұғымын түсіну арқылы жеке бір адамнан бастап, қоғамдық топтардың, бүкіл бір ұлттың, халықтың ой-өрісінің, дүниетанымының ерекшеліктері айқындалады [42]. Ал профессор В. А. Маслова болса, концептінің әрқашан эмоционалды, экспрессивті, бағалауыш сәулелері көрінетіндігін, яғни концепт бойынан адамның объект (дүние) туралы жағымды, жағымсыз бағасы, әсері, эмоциясы, ойы, танымы көрінетіндігін алға тартады [43]. Концепт – белгілеуге болатын таңбасы бар ұжымдық сананың дискреттік бірлігі [44]. Концептіні құрылымдық білімнің кванты болып табылатын тілдік бірліктердің ғаламдық тілдік бейнесі деп түсінеміз [45]. Концепт аялық білім бірлігі ретінде нақты бөлінген құрылымға ие [46]. Ол әртүрлі концептілік жүйелерге біріктіретін концептуалдық бірліктерден тұрады. Концептіні вербализациялау жағдайындағы концептуалдық белгілер белгілі бір семалық бірліктер ретінде пайда болады, ал концептуалдық қабаттар кейде семантикалық бірлікпен сәйкес келуі мүмкін.

Концепт – ойлау бірлігі, мағына – семантикалық кеңістік тіл бірлігі. Концепті мен мағына бірдей танымдық сипаттағы құбылыстар. Мағына психикалық бірлік ретінде ұғымның бөлігі болып табылады, қатынас мақсатында тілдік белгімен бекітіледі. Лингвокультурологиялық мәтіндердегі концепт вербалданған мәдени мағына болып табылады және ол әдепкі бойынша лингвомәдени концепт (лингвоконцепт) – өрнек жоспары екі жақты тілдік белгі, сызықтық ауқым болып табылатын мәдениет «тілінің» семантикалық бірлігі. Бұл, негізінен, ештеңемен шектелмейді. Анығында, лингвистикалық концептіні түсіну мәдениет идеясы болып табылады «символдық ғалам» ретінде, оның қандай да бір «абстракция интервалында» (шетелдік мәдениетпен салыстырғанда) спецификалық көріністері міндетті түрде этноспецификалық болып табылады. Осылайша, жетекші тілдік концептінің айрықша белгісі оның этномәдени ерекшелігі болып табылады. Концепт лингвистикалық, символдық «денесіне» назар аудару оның лингвомәдениеттанулық түсінігін барлық басқалардан ерекшелейді.

А.Вежбицкая концептіні адам дүниетанымынан туындаған объект ретінде анықтайды. Шындықты алға тартатын белгілі бір көрініс дүние туралы мәдени реңктегі адамның идеяларын жинақтаған когнитивтік құрылым [47], «Краткий словарь когнитивных терминов» сөздігі бойынша концепт «адамның операциялық мазмұн есте сақтау бірлігімен ұштасқан ментальды лексика, концептуалды ми жүйесі мен тілі, дүниенің бүкіл бейнесі бейнеленген адам психикасы». Концептіні анықтау баррысында тілдік бірліктердің семантикасына терең үнілу арқылы адамның ой санасын

зерттеуге мүмкіндік береді [40]. Концепт – ойлау әрекеттерінен туындағы ой бірліктері, когнитивтік лингвистиканың басты бірлігі ретінде саналы адамның қатысым барысында жүзеге асырылатын танымдық құбылыстарды тілдік белгімен таңбалайды. Концепт интерпретациялық өріс принципі бойынша ішкі ұйымдастырылған сенсорлық бейнені, ақпараттық мазмұнды ақиқат дүниенің лингвомәдени бейнесі арқылы сипаттайды. Концептінің құрылымы санада когнитивтік жіктеу жүйелері арқылы қалыптасады. Ол былайша сатылы түрде жүзеге асырылады: 1) әлемнің негізгі қасиеті мен белгілері (сенсорлы перцептивті қабылдау); 2) когнитивтік модель (ассоциация, бейне, символ, этикет, эталон, стереотип формаға ие болуы); 3) концепт типтері (фрейм, сценарий, скрипт, схема, ойсурет формасына салынуы); 4) әлемнің тілдік бейнесі (метафора, фразеологизм, сөз, сөйлем, поэтикалық мән) [48].

Концепт туралы ғалымдардың пікірлері де әртүрлі: кейбіреулер концепт зерттеудің әдіснамасын когнитивтік көзқарастардың артықшылығымен ерекшеленетіндігін алға шығарса [49], басқалары – лингвомәдениеттанулық талдаулар барысындағы белгілі бір ұлттың мәдени ақпараттары мен жылдар бойы қалыптасқан мәдени ұстанымдарынан хабар беретін дүниетанымдық жүйе ретінде таниды [50]. Концепт ақиқат дүниенің бейнесін тіл арқылы бейнелейді [51]. Яғни, тіл – адам санасына қол жеткізудің бір құралы ретінде оның концептуалдық білімі мен ойлау әрекеттерінен хабар беретін өмірлік тәжірибесі мен ұлттық тәжірибедегі бейнелер (таңбалар) жиынтығы [52].

Философияда, лингвистикада, психологияда «әлемнің тілдік бейнесі» адам санасында бейнеленген дүние идеясымен ұштасып жатыр. Сондай-ақ кейде синонимдік ұғымдар қолданылады: «әлемді көру», «әлем бейнесі», «дүниетаным», «дүниені қабылдау», «әлем үлгісі», «шындық бейнесі» «тезаурус»[53]. Дүние суреті «адамның және оның болмысының ерекшелігін, өзара оның әлеммен қарым-қатынасы және оның дүниеде өмір сүруінің ең маңызды шарттарымен суреттеледі» [54]. «Әлемнің тілдік бейнесі» адам үшін маңызды деген сана мен танымның байланысындағы, адамгершілік, эстетикалық құндылықтардың әсерінен туындайтын мінез-құлықтар. «Әлем суреті» ұғымының қалыптасу тарихы ХІХ–ХХ ғасырлар тоғысындағы физик ғалымдардың еңбектерімен тығыз байланысты [55]. Ең алғаш «Әлем суреті» ұғымын Людвиг Витгенштейн философия мен логика термині ретінде өзінің «Логикалық философиялық трактат» еңбегінде қолданған болатын [56]. Қазіргі уақытта «әлемнің лингвистикалық суреті» терминін білімнің әртүрлі салаларындағы көптеген ғалымдар, соның ішінде философтар, этнографтар, социологтар және лингвистер қолданады. Олай болса, «дүниенің тілдік суреті» ұғымы қазіргі тіл біліміндегі негізгілердің бірі болып табылады [57]. Әлемнің лингвистикалық суретін зерттеуде адамның ұлттық сипатын зерттеумен қатар, әртүрлі ғылымдардың көзқарастары біріктіріледі деп айта аламыз.

Демек, дүниенің тілдік суреті – тілмен суреттелетін қоршаған орта туралы ментальді білімнің лингвистикалық суреті. Әлемнің тілдік бейнесі әр адамның қоршаған ортаға деген көзқарасының әсерінен қалыптасып, дүниенің ұлттық тілдік суреті құрастырылады, ол адамның дүниетанымынан хабар беріп ғана қоймайды, сол тілде сөйлеуші халықтың ұлттық сипатқа ие ментальдық білімін паш етеді [58]. Ұлттық лингвистикалық картина қашанда субъективті сипатта болады және белгілі бір этностың дүниені қабылдау мен жеткізудегі өмірлік тәжірибесінің жемісі ретінде тіл арқылы бейнеленеді. Дүниенің тілдік суреті ертедегі тіл мамандарының зерттеулерінің негізгі объектісі болып табылады. В. Вон Гумбольдттің тілдің ішкі формасы туралы ойлары әлемнің лингвистикалық суреті терминінің заманауи түсінігін құрудағы алғашқы қадамды білдірсе [1]; сол рөлді Уорф пен Саепирдің лингвистикалық салыстырмалылық гипотезасы атқарады. [59]. Тіл арқылы өзінің әлем туралы аялық білімін жетілдіруге ынтыққан адам үшін айналасындағы өмір құбылыстарын сөзбен бейнелеуде таным мен сана дәрежесінде сипатталады. Әлемнің тілдік картинасы аясында тілдің байланысы мен ойлау, қоршаған әлем, мәдени және этникалық құбылыстар сондай-ақ тілдің өз ішіндегі құбылыстары туралы адамның түсіну қабілеті мен тасымалдау әрекеттері ұлттық дәрежеде бейнеленеді [60]. Дүниенің тілдік суреті екі жақты сипатқа ие: бірінші сипаты адамдардың өмір сүру жағдайлары, оларды қоршаған материалдық дүние мен рухани әлем арқылы ерекшеленсе, екінші жағынан, адам дүниені негізінен ана тілі арқылы қабылдайтындықтан, оның формалары мен семантикасы, грамматикалық құрылымдары ерекше әсер ететіні рас [61]. Әлемнің тілдік бейнесі – бұл объективті дүниенің бейнелі бейнесі, ол адамның ерекшеліктерін өз ішінде алып жүреді және дүниені тану тәсілі, антропоцентризмдік парадигма аясында тіл арқылы адамды тану процесімен ерекшеленеді [62]. Әлемнің тілдік суреті – дүниенің тұтас ғаламдық бейнесі, адамның барлық рухани қызметінің нәтижесі болып табылатын, ол адамның әлеммен барлық байланыстары кезінде пайда болады. Әлемнің концептуалдық бейнесі адам ойлауы мен танымына қатысты қаралса, дүниенің тілдік бейнесі қандай да бір тілдің семантикалық сүзгісінен өткен жүйеде құрылады [63]. «Ғалам бейнесі екі жақты сипатқа ие: бір жағынан, адамның әлемге көзқарасымен байланысты болса, екінші жағынан нақты әр тілдегі әлем моделіне әлеуметтік-мәдени қоғамдағы ұлттық «әлем бейнесі» жалғасады», – дейді ғалым Ж.А. Манкеева [64, 326]. Әлемнің тілдік бейнесі әмбебап әрі ұлттық сипатқа ие. Әлемнің ұлттық бейнесі тілдің ұлттық ерекшелігі ретінде лексикада көрініс табады [65, 13 б].

Лингвомәдениеттану – лингвистика және мәдениеттанудың түйіскен ортақ шеңберінде пайда болған мәдениет пен тілдің өзара байланысын мәдени фонда зерттейтін осы процесті бірліктердің тұтас құрылымы ретінде зерттейтін кешенді ғылыми пән. Енді осы екі саладағы негізгі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды саралап көрсек. Когнитивті лингвистикада концепт жедел мазмұндық, адам психикасында көрініс тапқан әлемнің бүкіл бейнесі

деп түсіндіріледі. Когнитивті лингвистикада концепт санада локализацияланған: адам білімін сақтау бірлігі ретінде әрекет етеді және ойлау қабілетін сипаттайтын сананың дискретті бірліктерімен сипатталады. Когнитивті лингвистикада концепт ұғымы базалық негізгі элемент болып табылады, концептіде әлем туралы ақпараттар адам санасында тілдік өрнек, ойбейне түрінде көрініс береді.

Лингвомәдениеттану үшін де концепт негізгі зерттеу нысаны болғанымен, когнитивті лингвистикада негізгі базалық ұғым когнитивті концепт болса, лингвомәдениеттану үшін лингвомәдени немесе мәдени концепт негізгі зерттеу нысаны болады. Лингвомәдениеттануда концепт «мәдени-психикалық – тілдік» формацияда адам санасындағы мәдениет адамның психикалық әлеміне сөзбен бірге жүретін идеялардың, ұғымдардың, білімдердің, ассоциациялардың байламы арқылы ерекшеленеді.

Когнитивті лингвистикада концепт қоғам мен тұлғаның танымдық (когнитивтік) қызметінің нәтижесін көрсететін зат пен құбылыс жөніндегі ақпаратты тасушы болса, *лингвомәдениеттанудағы* концепт – мәдениетке тікелей қатысы бар мәнді де мағыналы типологиялық бағыт және жалпы заңдылықтарды анықтауға бағытталған ақыл-ой идеяларын қалыптастырушы тіл – адам – мәдениет үштігінде элементтердің тұтастығымен сипатталатын құрылым. Лингвомәдениет мамандарының қызығушылығы құрамындағы ерекше психикалық бірліктерді зерттеу және жинақтаушы және нақты мәдени концептінің айрықша белгілерінің жүйелі сипаттамасы болып табылады. Осылайша, мәдени концептінің құндылық жағы ерекшеленіп когнитивті лингвистика концепттердің түрлерін анықтауға тырысады: схема, фрейм, сценарий және т. б. лингвомәдени зерттеулердің нәтижесі – сөздіктер, бірақ сөздер емес, ұғымдар – мәдениеттің (құндылықтардың) негізгі ұғымдары болып табылады.

Қазіргі кезеңде лингвомәдениеттану тәуелсіз пәннің күрделі зерттеу объектісі бар – тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттесуі. Лингвомәдениеттану дербес білім саласы ретінде өзінің нақты мынадай міндеттерді шешуге ұмтылады: 1) мәдениет тілдік концепттерді қалыптастыруға қалай қатысады; 2) бұл мағыналар сөйлейтін және тыңдайтын және олар сөйлеу стратегияларына қалай әсер етеді; 3) мәдени-ұлттық ұлт тілінде сөйлейтіндердің менталитетінің жаршысы тілдік бірліктердің мәдени семантикасын анықтау; 4) әлемнің тілдік бейнесін сипаттау тілде жазылған әлем білім жиынтығын мәдени фонда зерттеу; 5) концептосфера тілінің мәдени кеңістік, коммуникативті кеңістіктің дискурсын мен мәдени фоны призмасы арқылы сипаттау (жиынтық осы мәдениеттің негізгі концептері 6) тілдегі мәдени архетиптермен байланысты ең көне түсініктерді анықтау, 5) ұлттық лингвомәдениет аясындағы тілдік тұлғаның тасымалдаушы ретіндегі сипаттамасы 6) ұлттық әлеуметтік-мәдени стереотиптерді анықтау.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, мынадай қорытынды жасауға болады: лингвомәдениеттану тек тіл мен мәдениеттің ықпалдастығын зерттеумен ғана байланысты емес тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттесуі,

сонымен қатар мәдениеттегі тілдегі ойлау көрінісі. Осылайша, лингвомәдениеттанудың негізгі объектілері – халықтық дүниетаным, ойлау, мәдени құндылықтар және олардың тілдегі көрінісі.

Концепт – бұл тілдік көрінісі бар және ұлттық-мәдени ерекшелігімен белгіленген ұжымдық білім мен сананың бірлігі. «Еңбекқорлық //жалқаулық» концептері – тілдік көрінісі бар, ұлттық-мәдени ерекшеліктері байқалатын қазақ дүниетанымында берік орын алған жоғары құндылық категориясына жататын концептердің бірі. Қазақ концептосферсында ұлттық менталитетті көрсететін, бойында философиялық, педагогикалық уәждер мен әдет-ғұрыптық, адамдық қарым-қатынас нормалары қамтылған «еңбекқорлық», «жалқаулық» концептері айрықша орын алады. Қазақ халқының әлем халықтары арасындағы бет-бейнесінің өзі еңбекқор, қонақжай халық екендігіне дау жоқ. Мәселен, американдықтардың ой танымындағы қазақ этномәдениетінің негізгі құндылықтарын сауалнама арқылы зерттегенде көптеген респонденттердің әлем халықтары ішінде халқымызды қонақжай ұлт ретінде танытындығын жеткізген [66]. Еуропа елдерінде еңбекқорлық идеясы алғаш зерттеле бастаған XVII– ғасырдың өзінде экономикалық серпілістің әсерінен көптеген зерттеулер пайда бола бастады [67]. Ал орыс халқының ең ежелгі сөйлеу говорларынан байқағанымыздай, адамды еңбек арқылы бағалаушылық әрекеттері орыс көне дәуір әдебиетінің алуан түрлілігі мен байлығын көрсетеді. Еңбекқорлық пен жалқаулыққа байланысты орыс, якут ежелгі адамдары әлемінің лингвистикалық бейнесінің мән-маңыздылығын аңшылық қызметпен байланыстырады [68]. XX ғасырдағы еңбекқорлық пен жалқаулық ұғымдарына аса мән берген орыс ақын-жазушыларының шығармалары арқылы еңбекке деген көзқарасы мен когнитивті санада қалыптасқан тіл бірліктері бізге тұтас ұлттың мәдени болмысын анықтауға мүмкіндік береді [69].

Әлемнің тілдік бейнесіндегі «еңбекқорлық//жалқаулық» концептердің концептуалдық бейнесін зерттеу арқылы қазақ халқының қалыпты тіршілігіндегі салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарының маңызды деген тұстарын танып білуге мүмкіндік аламыз. Орыс этнолингвист ғалымдарының ішінде біршамалары «труд», «работа» концептердің лингвомәдени сипатын зерттеушілердің пікірінше еңбек – адамға деген құрмет пен ізеттің негізгі белгісі ретінде утилитарлық ғана емес, сонымен қатар моральдық құндылық болып табылады [70]. Г.В.Токарев «еңбек» концепті орыс тілінің концептуалды білімінің маңызды бөлігі ретінде негізгі тірек сөздері (*труд, работа, дело*) арқылы эпидигматикалық, парадигматикалық және синтагмалық маңызы еңбек әрекетінің концептуализация процестерін көрсетеді және мәдени сипатта бейнеленеді» деп атап көрсетеді [71]. К. А. Жуков әр этнос үшін әлемнің паремиологиялық бейнесінің өзіндік ерекшеліктері бар және мақал-мәтелдердің мінез-құлық қалыптастырудағы тәрбиелік қызметін басты назарда ұстай отырып, «еңбек» сферасындағы мақалдарды орыс, ағылшын менталитетінің негізгі қозғаушы күші деп тұжырымдайды [72]. О.Е. Чернова өз еңбегінде «еңбек» концепті

идеологиялық шеңберге енгендіктен, кеңес дәуірінде сөзсіз идеологиялық маңызды құндылықтар ретінде халық танымында мәдени реңктегі негізгі контекстік сөздермен бейнеленетіндігін дәлелдеді [73]. Неміс, ағылшын, татар, башқұрт, ағылшын тілдеріндегі еңбекқорлық\жалқаулық тақырыбындағы паремиялардың концептуалдық бейнесін зерттеген Р.Х. Каримова: «Біз зерттеген тілдерде ортақ нәрсе – еңбекке деген оң бағалауыштық ретінде адам өмірінің мақсаты жағдайларда күнкөріс құралы немесе табиғи қажеттілік ретінде айтылатыны байқалады. Туыс емес тілдердегі «еңбек» ұғымының концептуалды компонентін зерттеу осы тілдерде жалпы ұқсас концептуалды белгілерді ашуға мүмкіндік берді. Диалекті және фразеологиялық сөздіктерді талдау үшін пайдалану зерттеушіге «еңбек» концепті құрылымының перифериясын толық сипаттауға көмектеседі [74]. Екі этностың құндылық үлгілеріндегі «еңбек» концептінің ортақ белгілері де, этникалық детерминацияланған белгілері де бар. Құрылған когниотиптің құрамдас бөліктерін екі тілде талдау жалпылық іргелі құндылықтарды сипаттайтынын, ал айырмашылықтар нормалардың экспрессия, таралу және комбинаторика нюанстарына қатысты екенін көрсетеді. Орыс және қазіргі грек тілдеріндегі «еңбек» концептінің ментальды-лингвистикалық шеңберінің құрылымын салыстыру бізге фреймнің әмбебап және бірегей элементтерін анықтауға және иерархиялық ұйымдастырылған модельде әрбір компоненттің мәдени мәнін ашуға мүмкіндік береді [75].

«Еңбек» концептін лингвомәдени аспектіде зерттеген Т.В.Гоннова өз еңбегінде көптеген сөздік материалдары мен әндер, ертегілер мәтіндерін зерттеп, әртүрлі әлеуметтік топтардың еңбекке деген көзқарастарын сауалнама арқылы тұжырымдау арқылы «еңбек» концептінің бейнелеуші-құндылық компоненттерін анықтайды [76]. Ғалым Д. Р. Гарифуллина үш тілде (ағылшын, орыс, неміс) «еңбекқорлық» концептісінің когнитивтік ерекшеліктерін паремиялар материалында зерттей отырып, мақал-мәтелдер арқылы түрлі мәдениеттегі халықтың еңбекке деген көзқарастарын салыстырып, нәтижелі тұжырымдар келтіреді. Ғалымның пайымдауынша, орыс мәдени танымында еңбек ұғымына үш бағытта: оң көзқарас, теріс көзқарастағы және ирониялық көзқарастағы мақал-мәтелдердің болуы орыс халқының дүниетанымының күрделі екендігімен, ал ағылшын тілінде еңбек тақырыбындағы мақалдардың байлықтың кені мен жақысылықтың нышаны ретінде айтылуы тұтас ағылшын халқының еңбексүйгіштік қасиетімен байланыстырады [77]. Мақал-мәтелдер материалдары бойынша еңбек концепті еңбек-жұмыс-бизнес ұштағанында зерттеп, орыс халқының тұрмысында көп қолданылатын паремиялардың когнитивті сипатын ашқан Л. В. Басованың зерттеуі XIX – XX ғасырдағы газет материалдары негізінде іске асқандығымен құнды болмақ [78]. Қазіргі афоризмдер мен металингвистикалық өрнектер және көркем мәтіндердегі еңбек концептін жоғары әлеуметтік мәнін ашқан С. В. Суловичтің еңбегінде: «қазіргі қоғамдық процестер, өзгерістер этномәдениет тасымалдаушылар санасының

эртүрлі құрамдас бөліктері, өзгермелі жағдайлар, еңбек белсенділігі, жастардың құндылық бағдарларының өзгеруі, біртұтас этномәдениет аясында эртүрлі субмәдениеттердің өзара ықпалы, тасымалдаушының танымдық әрекетінің динамикасы тұтас ұлт мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететіндігі рас» деп қорытындылайды [79]. Неміс және орыс тілдерінде ауылдық тақырыптағы паремиялардың қолданылу аясын салыстыру мынадай нәтижелер әкелді: мақал-мәтелдер екі ұлт мәдениетінде оң көзқарастағы паремиялардың өмір құбылыстарына қарай жұмысты позитивті, шығармашылық ретінде көрсетумен байланысты болса, теріс көзқарастағы мақалдарды жұмыстың күрделілігімен байланыстырады. Бұл еңбек екі ұлт мәдениетіндегі еңбек тақырыбындағы паремиялардың когнитивті мәнін ашу арқылы автор неміс және орыс тілдерінің фразеологиясы мен паремнологиясының салыстырмалы зерттеудің дамуына өз үлесін қосқан іргелі еңбектің бірі саналады [80]. Ағылшын, орыс тілдеріндегі лексикалық және фразеологиялық бірліктерде, паремиялар мен афоризмдерде актуалданған орыс және американдық лингвистикалық мәдениеттердегі еңбекке деген көзқарастың жалпы және ерекше сипаттамаларын анықтауда Т.А. Островскаяның зерттеу жұмысын атап айтуға болады [81]. Орыс ертегілеріндегі еңбекқорлық пен жалқаулықты сипаттайтын қарама-қарсылы мағынадағы бейнелі образдарды зерттеген біршама ғалымдар [82], еңбек пен еңбегі жоқтық тақырыбындағы паремиялардың семантикалық мағынасын түрлі мәдениеттердегі мысалдар арқылы зерттеп жүрген ғалымдардың пікірінше, еңбекқорлық\жалқаулық концептері сол тілде сөйлеуші халқықтың көп жылдық тәжірибесінен хабар беретіндігі, мәдени этномаркерлі ұғымдармен вербалданатындығы рас [83].

Ғұлама Әбу-Нәсір әл-Фарабидің гуманистік ойларының қорытындысы – адамшылық қалып пен адамгершілікті құрап, қалыптастыратын қасиеттер ақыл мен жүректе бастау алады: жан қуаты мен ақыл даналыққа жеткізсе, жүректен шығар ар-ұят, рақым-мейірім, әділет, қанағат, ынсап ізгілік пен қайырымдылықты қалыптастырады. Ал осы ізгіліктерді қалыптастыруда адам әрқашан еңбектенудің арқасында жетіп отырғаны аян. Мәселен, «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы» [84] трактатында: «Кәсіптік күштің көмегімен адам кәсіп және өнерлерді игереді», «Бақыт дегеніміз – өзі үшін талап қылынатын жақсылық, «Бақыт әрбір адам ұмтылатын мақсат, ол бір кемелдік болып саналады», «Шамаға сәйкес еңбек ету денеге қуат береді. Ал, шектен тыс немесе жеткіліксіз еңбек ету адамның күшін кетіреді немесе әлсіз күйде қалдырады», «Әрекет етудегі мақсатқа адам алдымен өзін-өзі жетілдіру арқылы кейін бір үйде немесе қалада тұратындарды жетілдіру арқылы жетеді», «Бақытқа жеткізетін еркін әрекет, тамаша әрекет – еңбек» деген сүбелі пікірлерінен «еңбек» ұғымының астарында «мақсатқа жету», «бақытқа жету», «ілім мен білім үйрену» сынды құндылықтар жатқанын байқау қиын емес.

Махмұт Қашқаридің еңбектеріндегі еңбек тақырыбындағы өсиет сөздері қазіргі күнге дейін өз маңыздылығын жойған жоқ. *«Еңбек ізсіз*



қалмайды», «Еріншекке есік те асу көрінер, Жалқауға бұлт та жүк көрінер», «Егілмей – өнбес, тілемей – болмас», «Тері сыдырып болған соң, құйрыққа пышақ сындырма», «Аңшы қандай айла білсе, аю сонша жол білер», «Тырысқанның ауызы – жемде, ерінгеннің езуі – сөзде», «Хас батыр өткініші жаңбырдай, білімді мірдің оғындай», «Кең тігілген тон тозбас, кеңесілген іс бұзылмас», «Бидайдың арқасында бидайық су ішер», «Адамның қадірі тіршілігінде», «Құс тұзаққа жем үшін ілінер», «Жұпар қалтадан жұпар кетсе де, иісі қалар», «Берекесізден құт қашар», «Атасының ұлы атасына тартып туады», «Еңбекқордың ерінінен май ағады», «Жалқауға бұлт саясы да тимейді», «Ізгілік істі судың аяғына таста да, басынан ізде» [85] т.б. мақал-мәтелдер еңбекқорлық пен жалқаулық ұғымдарын оппозициялық қатынаста бейнелеу арқылы шындықтың белгілі фрагменттерін түсіну процестерін жеңілдетеді.

Ұлы ойшылдардың еңбектеріндегі еңбекқорлық\жалқаулық концептердің концептуализациясы барысында мақал-мәтелдердің лексикографиялық түсіндірумен салыстырғанда концептінің мазмұнын едәуір кеңейтеді, ол лингвомәдени бірлестік ретінде халық жасаған пікірлер жиынтығын қамтитындығымен ерекшеленеді. Адамзаттың шындық болмысты танып-білуі – барлық халыққа ортақ, себебі таным-түсінік тіл арқылы емес, ми қызметі арқылы жүзеге асатыны ақиқат. Ал осы адам танымының нәтижелері тілдік таңбалар арқылы тілден көрініс табады. Мәдени концептердің беретін ұғымына, семантикалық мазмұнына талдау жасау халықтың ұлттық мәдениетін, салт-дәстүрін, дүниетанымын түсінуге, мәдениет пен әдебиетінің даму деңгейін ұғынуға көмектеседі. Мәдени концептерді талдау арқылы ұлттық мәдениеттің даму қалпын, оның қазіргі өмірдегі жай-күйін білеміз. Ал, қазақ мәдениетінде еңбекқорлық\жалқаулық ұғымдары арқылы ғасырлар бойы халқымыздың тіл арқылы сақталған ұлттық мәдениетінің сарқылмас кен бай мұраларын, ұлттық танымның көрінісін, көркемдік танымның заңдылықтарын ұлттық болмысымен ерекшеленетін әлемнің тілдік бейнесін танимыз.

Жоғарыда аталған зерттеулер орыс тіліндегі еңбектерге қатысты қарастырылған, ал қазақ тілінде еңбекқорлық\жалқаулық концептерін когнитивті модельде нақты зерттелмеген.

### **1.3 «Еңбекқорлық \жалқаулық» концептерге жататын тіл бірліктерінің этнолингвистикалық, әлеуметтік және танымдық негіздері**

XX ғасырдың соңғы онжылдықтарында алға шыққан лингвистиканың антропоэзектік парадигма гуманитарлық зерттеулердің «адам – тіл – мәдениет» үштігіне негізделген пәнаралық салаларының қарқынды дамуына түрткі болды. Бұл этнолингвистика және әлеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттану және когнитивті лингвистика сынды пәндер екені белгілі [86]. Антропоэзектік парадигманың әртүрлі салалары белгілі болғандай, этнос мәдениетінің тілдегі көрінісін В.Фон Гумбольдт халықтың

рухы, дүниетанымы мен мәдениеті тіл арқылы танбаланатынын және «Философиядағы және рухани өмірдегі айырмашылықтарды тіл арқылы жіктеуге бейсаналы түрде тәуелді» [1] деген тұжырымдармен өрнектеген. Л.Вейсгербер болса, тілді нақты дүние мен адам, оның санасы арасында орналасқан «аралық әлем» деп есептейді.


Жалпы алғанда, ғалымдар лингвомәдениеттануға «мәдениет пен тілдің қызмет етуіндегі байланысы мен өзара әрекетін зерттейтін күрделі ғылыми пән» [89]. деген анықтама береді. Адам туралы ғылымның бір бөлігі ретінде лингвомәдениеттану, бір жағынан, тілдегі адамдық мәдени факторға, екінші жағынан, адамдағы тілдік факторға бағытталған. Мәдениеттің онтологиялық қасиеттерін көрсететін көптеген анықтамаларына «семиотикалық сипатқа ие дүниетаным және дүниені түсіну» [90]. Мәдениет – тілде бекітілген әлем суретінің бөлігі» деген тұжырым тән.

Концептерді әртүрлі тәсілдермен жіктеуге болады. Тақырып тұрғысынан алғанда, олар, мысалы, эмоционалды, тәрбиелік, мәтіндік және басқа да когнитивті салаларды құрайды. Тасымалдаушыларына қарай жіктелген концептер жеке, микротоптық, макротоптық, ұлттық, өркениеттік, жалпыадамзаттық ұғым сфераларын құрайды. Концептер дискурстың бір немесе басқа түрінде қызмет ететінін ажыратуға болады, мысалы, педагогикалық, діни, саяси, медициналық және т.б. Дискурстың өзін бір мезгілде ұғымдарға үндеу жиынтығы ретінде және ана тілінде сөйлейтіндердің санасында бар тұжырымдама ретінде қарастыруға болады.

Адам санасында концептуалды жүйені құру реттілігі логика принциптеріне сәйкес келеді және бұл жүйе оның логикасы сияқты қасиеттерін анықтайды. Ол бір концептіден екінші концептіге логикалық ауысу, кейбір концептерді басқалары арқылы анықтау, бұрыннан бар концепті негізінде жаңа концепт құру мүмкіндігін анықтайды.

Қазақ тіліндегі *еңбекқорлық* концептілік өрісінің мағынасын концептуалдық-семантикалық талдау барысында шартты түрде былайша жіктейміз:

*Сызба 1. «Еңбекқорлық» концептілік өрісіндегі макроконцептер*



**БАҚЫТ концепті.** Еңбекқор адам – бақыттың кілтін тапқан адам. Еңбекқорлықты адамның ең бірінші дара мінезге балаған қазақ халқы өз ұрпағын еңбекке баулудың маңыздылығын *«Бүгінгі істі ертеңге қалдырғанның ісі бітпейді»* деген аталы сөзбен адал кәсіппен жан бағуды әлімсақтан жөн санаған. Жалпы алғанда қазақ танымында еңбек пен бақыт бірін бірінсіз елестете алмайтын ұғым қатарында. *Еңбек пен бақыт егіз,*

*Еңбек – ырыстың бұлағы, Еңбек – бақыттың шырағы, Еңбек еткен мұратқа жетеді, Бас пен бақ та бітеді, Құр жатқан Тәңірінің құтынан қазылады, Бейнетсіз рақат жоқ, Есесі қайтқан еңбек игі* атты паремиялар – осының дәлелі. Демек, өз ғұмырында еңбектенген адам бақыттың кілтін, берекенің құтын тапқан адам екені даусыз.

Еңбек арқылы, еңбектену арқылы адамның бақытқа кенелуі, шат-шадыман болуы, ырысты болуы т.б. адам үшін кемел шақтардың болуының алғы шарты деп түсінген қазақ танымында еңбекқорлық адамның ең ізгі қасиеттерінің бірі. Еңбек, еңбектену кілтін табуды, бақытты болуды көздеген. Демек, қазақ дүниетанымында еңбектену арқылы адам бақыттың рухани жетістіктерге жететініне сенгенін аңғарамыз.

**БАЙЛЫҚ концепті.** Бұл жерде еңбекқорлықтың арқасында, адал еңбектің нәтижесінде адам баласы бай болады деген ұстаным қазақ лингвомәденитанымында көптеген тіл бірліктерімен ұштасып жатыр. Мәселен, *Еңбек еткен емеді, еңбексіз не өнеді? Еңбек деген байлық бар ерінбеген жететін, жоқшылық деген жебірді жермен – жексен ететін. Еңбегіне қарай өнбегі. Еңбегі көптің өнбегі көп. Еңбегі жанғанның тоқтысы егіз туады. Еңбек ет те егін ек, жарымасаң маған кел. Белді бу да бейнет қыл, байымасаң маған кел. Еңбек етсең емерсің, Ерінбесең, жеңерсің, Еңбектің көзін тапқан, Байлықтың өзін табады, Ермек құған бәлеге жолығар, еңбек құған қазынаға жолығады.* Бай қуатты өмір сүрудің кепілі болған еңбек адамды ынталандырады, алға жетелейді, мақсатына жеткізеді. Қазақ дүниетанымында берекелі отбасы, шат-шадыман өмір сүру, денінің саулығы, ет жақындарының сүйіспеншілігіне бөлену, мақсатына жеткізетін,

рухани, материалдық жетістіктің негізгі кілті болып табылатын еңбекқорлық концепті сан ғасырлық өмір тәжірибесінен өткен, ғаламдық дәрежедегі концептіге ие.

**ҚОЛ концепті.** Қол концепті арқылы көрініс беретін еңбекқорлық – пысық, іскер, оң қолынан өнер тамған адамға қаратып айтылады. Қолы ұзын – қолынан қандай болмасын іс келер, бай, дәулетті, қолында білігі бар адам жайында айтылатын фразема. *Қолымен күй кеседі.* Отымен кіріп, күлімен шықты, бар бейнетті тартты. Ыңырсып жатып иттердей, Өткіздім қыстың ақпанын, Қолымменен күл көсеп, Байдың оты жаққаным. [94, 347-б.]. Қазақ халқының мәдени өмірінде бата тілек сөздердің орны ерекше. Әсіресе, еңбекке енді кіріскен жандардың ісіне сүйсінген халқымыздың *Қол қуатты болсын, Еңбек рәтті болсын, еңбегі жансын* деген тілек мәндегі тұрақты тіркестер ұлтымыздың еңбекке деген көзқарасын білдірсе керек. *Қолға тоқ болсын* – Берекелі, қорлы-қоғамды болсын. Қол ағаш боса да, қолға тоқ болсын. *Қол қайыр* – жеңіл желпі садаға. Болмашы көмек. Жалғыз мұран сол болар, Қол қайырың берілген. Басқа дүние бірі де, Көмілмейді кебінмен. Енді бірде бір адамның біріне тигізген еңбек жәрдемін қазақта *қолғабыс тигізді, қол жалғады, қол ұшын берді, қол қанат* болды, Қолынан келгенше деп атаса керек [94, 343-б.]. Сондай-ақ іскер, пысық, еңбекке адал жандарға *қолды-аяққа тұрмады, қол тимеді, қолы жүйрік, қолы қарап отырмады, қолы қолына жұқпады, бір қолы он болды, қол жұмыс* сынды тұрақты тіркестер құрамында кездесіп еңбекқор адамның бейнесін сипаттап тұр.

Халқымыздың тұрмыс-тіршілігінде сыйлы қонаққа не басқалай жақын ағайынға тартылатын ет мүшелері – сыбаға деген ерекше көңіл мен ықылас бөлетін сый бар екені мәлім. «Қол кесер — соғым союшыларға еттен берілетін сыбаға. Дәстүр бойынша шаруашылыққа көмекке келген адамды еңбек ақысыз жібермеген. Шаруаның ауыр, жеңіліне қарамай «келі түбі», «қол үздік» сияқты тиісті ақысын берген. «Қол кесер» соғым сойған, етті мүшелеген уақытта қолын кесіп алса, ақы төленетін. Етті мүшелегенді «соғым соятын» отбасы жақсы біледі. Союшы адам міндетті түрде «қол кесер» алған» [95].

*Қол кесер,* Мал сойғаны үшін алатын сыбаға. *Ділдәбек қол кесерім деп санның шақпақ етінен пышақты салды да, жаяның қыртысынан апарып бір-ақ шығарды. Көз қорқақ, қол батыр* – барлық береке мен ырыстың бастауында қажырлы еңбек тұратынын ұққан әр адамның ұраны боларлық бұл мақалдың өміршендігін күнделікті өмірде байқап та жүрміз. Бұл сынды еңбекқорлық қағидасы адам болмысы мен өмірінің мәні мен мақсатын танытар қалыпты қағидасы, формуласы іспетті.

**ЖҰМЫС концепті.** Еңбекқорлық концепті жұмыс макроконцептісінде іс пен жұмысқа өте белсенді жандарға қаратып айтылатын жағымды мәндегі коннотаттық сөз оралымдарымен белгілі. Тілімізде осыған байланысты көптеген тұрақты тіркестер халық арасында көптеп қолданылады. Мәселен, *жұмыс басты, ер жанышты* – жұмыстан ешбір қолы босайтын жұмыс женген, иығына жұмыс мінген өте еңбекқор адам туралы айтылады [94, 210-

б.]. Халық арасында іскер, жұмысбасты адамды *жұмысына бұқта, жұмыла кірісті* деген тіркестермен әсемдеп айтқан. Сонымен қатар, тәуекелшіл болатыны қай жерде еңбек бөлінісі бар қарап жатпаған адамға бірдеңе кез болар деген мағынада – *жүрген аяққа жөргем ілінер* деген фразема арқылы еңбекқор адамның бейнесін беріп тұр. *Жақсы жұмыс жалықтырмас. Істегенде ерінбе, істе шолақ көрінбе. Жұмыстың арлығы жоқ* атты паремияларда қосымша мән қалыптастырады, бірақ еңбекқорлықтың жалпы сипатын баса көрсетеді. Осы тіркестер арқылы жұмыс істеуде жететін негізгі нәтиженің көрінісі сипатталады.

**ДЕНСАУЛЫҚ концепті.** Денсаулық – кез келген міндеттерді шешуде басымдық болып табылатын заманауи мәдениеттің айқындаушы құндылығы. «Денсаулық» концептісінің бейнелі жағы денсаулықтың табиғи құбылыстармен (атап айтқанда күнмен, жарықпен), адам белгілерімен байланысты мәдени артефактілермен тұрақты байланыстарын қалыптастырады. Еңбекқорлық концептісіндегі денсаулық макроконцептісі еңбектің нәтижесінде адамның денсаулығы мықты болатындығын танытумен ерекшеленеді. Мәселен, *Емнің алды – еңбек, Еріншек ауру табар, жұмыскер саулық табар, Істе темір тат болмас, Ұйқы – тынықтырады, Жұмыс — шынықтырады. Тыста ұзақ жүргенің – Ұзақ өмір сүргенің.*

**ШЕБЕР концепті.** *Кестешінің бізі – алтын, Кемеңгердің сөзі – алтын, Көрегеннің көзі – алтын.* Еңбекқор адамның қолындағы еңбекке жарап тұрған, сол арқылы маңызды іс тындырып отырған еңбеккердің құралын алтынға теңеу арқылы халықтық педагогиканың керемет үлгісін құрастырған бұл мақалада халқымыз тігіншіні, ақын-жазушыны, ойшыл-ғалымды алдыңғы қатарға шығарып отыр. *Өнерлінің қолы – алтын, Өлеңшінің сөзі – алтын.* Тіл – халықтың рухани қазынасы, тарихтың куәсі, өмірдің айнасы болса, қазақтың мақал-мәтелі күнделікті тіршіліктегі кез келген жағдаяттың шешіміне соңғы түйінін айта алатын, халықтық тәжірибеде, өткен сөз қайнары болып табылады. Өнерлі адамның, өлеңмен өмірі өрілген өнерпаздың бұл дүниедегі еңбегі мен өнерін әрдайым халық биік бағалай білген. Сондықтан осындай ел үшін ғұмырын арнаған тұлғаларға арналып айтылған паремиялық бірлік халық қолданысында кең тараған. Мақал-мәтелдерді зерттеушілердің пікірінше ең көп қолданылатын көркемдік тәсіл – синтаксистік параллелизм. Өнерлі мен шебер адамның еңбегін адал деп тапқан қазақ халқында мынадай мақалдар бар: *Өнерлі жігіт қадірлі. Ат жақсысы енеден, зат жақсысы шеберден – Өнерлінің он қолы бар – Күшіңе сенбе, өнеріңе сен – Ұстаны соққан пышағынан танисың, Ерінбесең, ұста боларсың, Ұста өлсе де ұсталық өлмейді, Ұстаның қолы ортақ, Ұстаға жұмыстың қиыны жоқ, Он бармағы алтын теректей, Ұсталығы болған аш қалмас, Ұзынсыз қысқа болмас, үлгісіз ұста болмас, Аз сөйле, көп істе, Қол өнері кілемде, сөз өнері өленде, Жігіт кісіге жетпіс өнер де, Жігіт кісіге жеті өнер де аз, жетпіс өнер де аз, Көп көрген - нұсқа, көп істеген – ұста, Егінші мәрт - жер жомарт, Әр нәрсеге асық болғанша, бір нәрсеге машық бол, Ерінбеген етікіші болар, ұялмаған әнші болар.*

Еңбекқорлық концептісіндегі бұл макроконцепті өз ісінің шебер меңгерген, аянбай еңбек еткеннің арқасында халық ықыласына бөлеген маман иелеріне қаратып айтылған.

**АС концепті.** Еңбек – материалдық игіліктердің қайнар көзі, ең алдымен, еңбек адамды тамақтандырады. Адал еңбектің арқасында қолы асқа тиген еңбектің нәтижесіндегі адамның рақаты осы болар. Мәселен, *Асы жоқ үйді ит те сүймейді. Ісі жоқтың асы жоқ. Егінші нанын жейді, еріншек арын жейді. Еңбек патшалықты асырайды. Еңбек еткеннің аузы қимылдар Кім еңбек етсе – сол тоқ. Сауып ішсең – мың күндік, сойып жесең - бір күндік. Еңбек қылсаң ерінбей, тояды қарның тіленбей. Еңбек еткен емер - Қолы қимылдамағанның аузы қимылдамас. Жер тойынбай, ел тойынбайды. Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей. Ексен егін, ішерсің тегін.* «Еңбек» концептісіндегі «ас» макроконцептісі себеп-салдарлық байланыстар кешенімен тығыз байланысты. Бір жағынан, еңбек - қалыпты тамақтанудың шарты, ал жанама түрде – өмірдің өзі. Екінші жағынан, тамақтану қажеттілігі еңбек қажеттілігінің себебі мен шарты бар. Паремиялардың бұл кешенінде еңбекқорлық концептінің қосымша мағынасы қалыптасады, ол жанама түрде адам өмірінде еңбектің үнемі болуы идеясымен байланысты. Еңбек пен тағамның өзара тәуелділігі физикалық процесс ретінде еңбек пен адамның өмірінің өзара байланысын білдіреді. *Ас та төк сый – құрмет көрсету* мол дастархан жайып қонақжайлылық танытатын адамның пейілін бейнелейді.

**АДАЛ концепті.** Қазақ халқының тіршілігінде еңбек қатынастарының маңыздылығы мен өмірлік қажеттіліктерін өтеудің жалғыз жолы деп қабылдаған еңбек тәрбиесіне қатысты тұрақты тіркестер не мақал-мәтелдер болсын адалдыққа үндеп отырған. Адамдағы кемелдену мүмкіндігі мен әрекетінің түпкі сыры мен бастауы – адалдық пен ақылдылық. Сондықтан болар, *ақылы азық, сөзі сусын* – ақылын азық, сөзін сусын еттіп, ақылымен адал ас табатұғын дана адамдар жайлы осылай кесіп айтқан. Қазақ халқының жылдар бойғы өмірден түйген танымы мен ұстанымдарының дені көптеген жылдар бойғы іске, еңбекке деген сүйіспеншілігі мен адалдығын танимыз. *Адал еңбек етті* – өз күшін өзгеге қиянат, кесірі жоқ іске, кәсіпке жұмсады. Адал ақы, маңдай тер. Адал еңбекпен тапқан табыс. Бейнетпен келген төлем. Адал ақы, маңдай теріміз ғой, астына шашып тастасақ, ұят емес пе? – деді Ақжаулық [94, 11-б.]. *Жемісін көрді* – нәтижесі боларкезге, жүзеге асар шаққа жетті. Жасамаймын еңбектің, Жемісін көзбен көрем деп. Жасаймын бір қолқабыс Кейінгіге берем деп [94, 197-б.]. Тілімізде осы аталған тұрақты тіркестерден басқа адал еңбек қатынастарына негізделген мынадай тілдік оралымдар бар: *еңбегі жанды, еңбегін сатты, еңбегін сауды* және т.б.

*Адал еңбек елге жеткізер, арам қулық елден кеткізер. Әділ істің арты игі. Адал еңбек, алғыр ой – анық досың біліп қой. Адал істің асы тәтті, үйі – береке, Адал жұмыс жасағанды халық та сүйер.* Осы аталған бірліктер кешені адал еңбектің марапаты мен қошеметіне еңбекқорлықтың арқасында жететіндігін дәріштейді.

Ұсынылған қазақ паремиологиясы мен фразеологиясын талдау бізге қазақ лингвомәдениетіндегі «еңбекқорлық» концептінің көптеген макроконцептердегі абсолютті құндылығын айтуға мүмкіндік береді. Паремияларда еңбек жақсылық ретінде әрекет етеді және жалқаулыққа, еріншектікке қарсы тұрады, бұл, әдетте, кедейлікке әкеледі. Еңбекқорлық концептісіне байланысты эмоциялық реңкте айтылатын тұрақты тіркестер адамзаттың ішкі әлемін жеткізуде таптырмас тілдік құралдар болып табылады. Эмоционалды бояу – сезім мен көңілді білдіретін тілдік элементтің негізі, тақырыптық-логикалық мазмұнына қабатталатын мағынаның қосымша реңкі [96]. Мысалы: *қол қуатты болсын, еңбек ретті болсын, еңбегі жансын* деген тілек мәндегі тұрақты тіркестер ұлтымыздың еңбекке деген көзқарасын білдірсе керек. Сондай-ақ іскер, пысық, еңбекке адал жандарға *қолды-аяққа тұрмады, қол тимеді, қолы жүйрік, қолы қарап отырмады, қолы қолына жұқпады, қолы қолына жұқпады, бір қолы он болды, қол жұмыс, сары табан* сынды тұрақты тіркестер адамның эмоциялық әсері құрамында кездесіп еңбекқор адамның бейнесін сипаттап тұр.

Қазақ халқының ұлттық дәстүрі мен салт-санасын, ой-өрісін сөз еткенде, халықтық психологияны, оның ішінде адамның жан дүниесінің тілдегі көрінісі – әсіресе қазақ халқына тән, өмірдегі әртүрлі жайттардан алынған ілімін бір-екі ауыз сөзбен ғана түйіндейтін тұрақты тіркестердің маңызы зор. Көркем сөз тәсілдерінің ішіндегі қуаттысы мен құнарлысы болып саналатын фраземалар – ойды жеткізуде астарлап, образды-бейнелі, әсерлі, ұйқасты-ырғақты, әуезді жеткізетін өзіндік ерекшеліктерімен көзге түсетін әмбебап құбылыс. Оның қызметі – өмір шындығын, барлық болмысты өзінде бейнелеп көрсету. Жалқаулық ұғымына байланысты айтылатын тұрақты тіркестер, эмоциялық реңкте айтылатын тұрақты тіркестер адамзаттың ішкі әлемін жеткізуде таптырмас тілдік құралдар болып табылады. Мысалы: *көк жалқау, көкауыз, көкбет, көкезу, көкжал бөрідей, көкмылжың, көксоққан, ай қарап, жұлдыз санаған, айда бол, ас ішкенде пайда бол адам, арамтамақ, ас ішіп, аяқ босатар, әзір асқа аяғын ала жүгіретін, әзір асқа тік қасық, бейқам, бойкүйез, енжар, еріншек, жайбасар, жалқау, жалқау-жампоз, жанбақты, жатаған, жатып ішер, жұмысқа қолы бармайтын, кәсіпсіз, кежегесі кейін тартқан, кежір, керенау, көк жалқау, көк желкесінен тартқан, қазан үстінен күн көрген, қолын қусырған, қолынан боқ та келмейтін, құр нан соғар, қылт-сылты көп, масыл, мойны жар бермейтін, нансоғар, нәуетек, омалып отыратын, он салса да, бір баспайтын, сал бөксе, сал сүйек, самарқау, сармойын, сылтаушыл, тұяғы қимылдамайтын, тышқан мұрнын қанатпайтын, тілазар, шаулау, шошқа тағалап жүретін, шөптің [қурайдың] басын сындырмаған* сынды еңбексіз жату, өмірін бекершілікпен өткізу сынды түсініктермен байланысты айтылған. Ал, ақындар поэзиясында:


*Тілеуің, өмірің алдыңда,  
Оған қайғы жесеңіз.*

*Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шашпақ,*

*Бес дұшпаның білсеңіз,-деген* Абай өлеңдерінде «жалқаулық» концепті өтірікші, өсекші мақтаншақ, бекер мал шашпақ секілді бейнелер арқылы берілуінен жалпыадамзаттық сипаты байқалады. Сонымен қатар «жалқаулық» концепті барлық адамзат игілігінің дұшпаны, адам болам деген әр тұлғаның қас жауы екенін ақын өлеңдерінде анық аңғарылады. И.А.Крыловтан аударған әйгілі «Шегіртке мен құмырсқа» шығармасында *шырылдауық шегірткені* еріншек, құмырсқаны еңбекқор етіп суреттеу арқылы бүкіл халықтық сипаттағы *еңбекті бағалау, еңбекпен тапқан нан тәтті* бейнесімен еңбексүйер халықтың болмысын керемет және ұтымды беріп отыр.

Орыс ақыны И.А.Крылов өз заманындағы адам мінезіндегі арсыздық пен жалқаулықты мысал жанры арқылы ұтымды суреттей білген «Шегіртке мен құмырсқа» мысалын Абай еркін аударатырып, өз көзқарасын қосып, қазақ танымына сай бейімдеуді мақсат еткен. Қалай дегенмен де, Абайдың осы аударамасы арқылы орыс, қазақ халқының танымындағы жалқаулық ұғымының ертеңі бұлыңғыр еткенін суреттеуді *шырылдауық шегіртке* бейнесіне сыйдырып, еріншектіктен бездіріп, еңбекті адам өмірінің маңызды факторы етіп көрсетіп отыр.

Сызба 2 «Жалқаулық» концептінің ассоциативтік өрісіндегі макроконцептер



### **Ақ саусақ концепті**



идеологиялық шеңберге енгендіктен, кеңес дәуірінде сөзсіз идеологиялық маңызды құндылықтар ретінде халық танымында мәдени реңктегі негізгі контекстік сөздермен бейнеленетіндігін дәлелдеді [73]. Неміс, ағылшын, татар, башқұрт, ағылшын тілдеріндегі еңбекқорлық\жалқаулық тақырыбындағы паремиялардың концептуалдық бейнесін зерттеген Р.Х. Каримова: «Біз зерттеген тілдерде ортақ нәрсе – еңбекке деген оң бағалауыштық ретінде адам өмірінің мақсаты жағдайларда күнкөріс құралы немесе табиғи қажеттілік ретінде айтылатыны байқалады. Туыс емес тілдердегі «еңбек» ұғымының концептуалды компонентін зерттеу осы тілдерде жалпы ұқсас концептуалды белгілерді ашуға мүмкіндік берді. Диалекті және фразеологиялық сөздіктерді талдау үшін пайдалану зерттеушіге «еңбек» концепті құрылымының перифериясын толық сипаттауға көмектеседі [74]. Екі этностың құндылық үлгілеріндегі «еңбек» концептінің ортақ белгілері де, этникалық детерминацияланған белгілері де бар. Құрылған когниотиптің құрамдас бөліктерін екі тілде талдау жалпылық іргелі құндылықтарды сипаттайтынын, ал айырмашылықтар нормалардың экспрессия, таралу және комбинаторика нюанстарына қатысты екенін көрсетеді. Орыс және қазіргі грек тілдеріндегі «еңбек» концептінің ментальды-лингвистикалық шеңберінің құрылымын салыстыру бізге фреймнің әмбебап және бірегей элементтерін анықтауға және иерархиялық ұйымдастырылған модельде әрбір компоненттің мәдени мәнін ашуға мүмкіндік береді [75].

«Еңбек» концептін лингвомәдени аспектіде зерттеген Т.В.Гоннова өз еңбегінде көптеген сөздік материалдары мен әндер, ертегілер мәтіндерін зерттеп, әртүрлі әлеуметтік топтардың еңбекке деген көзқарастарын сауалнама арқылы тұжырымдау арқылы «еңбек» концептінің бейнелеуші-құндылық компоненттерін анықтайды [76]. Ғалым Д. Р. Гарифуллина үш тілде (ағылшын, орыс, неміс) «еңбекқорлық» концептісінің когнитивтік ерекшеліктерін паремиялар материалында зерттей отырып, мақал-мәтелдер арқылы түрлі мәдениеттегі халықтың еңбекке деген көзқарастарын салыстырып, нәтижелі тұжырымдар келтіреді. Ғалымның пайымдауынша, орыс мәдени танымында еңбек ұғымына үш бағытта: оң көзқарас, теріс көзқарастағы және ирониялық көзқарастағы мақал-мәтелдердің болуы орыс халқының дүниетанымының күрделі екендігімен, ал ағылшын тілінде еңбек тақырыбындағы мақалдардың байлықтың кені мен жақысылықтың нышаны ретінде айтылуы тұтас ағылшын халқының еңбексүйгіштік қасиетімен байланыстырады [77]. Мақал-мәтелдер материалдары бойынша еңбек концепті еңбек-жұмыс-бизнес ұштағанында зерттеп, орыс халқының тұрмысында көп қолданылатын паремиялардың когнитивті сипатын ашқан Л. В. Басованың зерттеуі XIX – XX ғасырдағы газет материалдары негізінде іске асқандығымен құнды болмақ [78]. Қазіргі афоризмдер мен металингвистикалық өрнектер және көркем мәтіндердегі еңбек концептін жоғары әлеуметтік мәнін ашқан С. В. Суловичтің еңбегінде: «қазіргі қоғамдық процестер, өзгерістер этномәдениет тасымалдаушылар санасының

эртүрлі құрамдас бөліктері, өзгермелі жағдайлар, еңбек белсенділігі, жастардың құндылық бағдарларының өзгеруі, біртұтас этномәдениет аясында эртүрлі субмәдениеттердің өзара ықпалы, тасымалдаушының танымдық әрекетінің динамикасы тұтас ұлт мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететіндігі рас» деп қорытындылайды [79]. Неміс және орыс тілдерінде ауылдық тақырыптағы паремиялардың қолданылу аясын салыстыру мынадай нәтижелер әкелді: мақал-мәтелдер екі ұлт мәдениетінде оң көзқарастағы паремиялардың өмір құбылыстарына қарай жұмысты позитивті, шығармашылық ретінде көрсетумен байланысты болса, теріс көзқарастағы мақалдарды жұмыстың күрделілігімен байланыстырады. Бұл еңбек екі ұлт мәдениетіндегі еңбек тақырыбындағы паремиялардың когнитивті мәнін ашу арқылы автор неміс және орыс тілдерінің фразеологиясы мен паремиологиясының салыстырмалы зерттеудің дамуына өз үлесін қосқан іргелі еңбектің бірі саналады [80]. Ағылшын, орыс тілдеріндегі лексикалық және фразеологиялық бірліктерде, паремиялар мен афоризмдерде актуалданған орыс және американдық лингвистикалық мәдениеттердегі еңбекке деген көзқарастың жалпы және ерекше сипаттамаларын анықтауда Т.А. Островскаяның зерттеу жұмысын атап айтуға болады [81]. Орыс ертегілеріндегі еңбекқорлық пен жалқаулықты сипаттайтын қарама-қарсылы мағынадағы бейнелі образдарды зерттеген біршама ғалымдар [82], еңбек пен еңбегі жоқтық тақырыбындағы паремиялардың семантикалық мағынасын түрлі мәдениеттердегі мысалдар арқылы зерттеп жүрген ғалымдардың пікірінше, еңбекқорлық\жалқаулық концептері сол тілде сөйлеуші халқықтың көп жылдық тәжірибесінен хабар беретіндігі, мәдени этномаркерлі ұғымдармен вербалданатындығы рас [83].

Ғұлама Әбу-Нәсір әл-Фарабидің гуманистік ойларының қорытындысы – адамшылық қалып пен адамгершілікті құрап, қалыптастыратын қасиеттер ақыл мен жүректе бастау алады: жан қуаты мен ақыл даналыққа жеткізсе, жүректен шығар ар-ұят, рақым-мейірім, әділет, қанағат, ынсап ізгілік пен қайырымдылықты қалыптастырады. Ал осы ізгіліктерді қалыптастыруда адам әрқашан еңбектенудің арқасында жетіп отырғаны аян. Мәселен, «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы» [84] трактатында: «Кәсіптік күштің көмегімен адам кәсіп және өнерлерді игереді», «Бақыт дегеніміз – өзі үшін талап қылынатын жақсылық, «Бақыт әрбір адам ұмтылатын мақсат, ол бір кемелдік болып саналады», «Шамаға сәйкес еңбек ету денеге қуат береді. Ал, шектен тыс немесе жеткіліксіз еңбек ету адамның күшін кетіреді немесе әлсіз күйде қалдырады», «Әрекет етудегі мақсатқа адам алдымен өзін-өзі жетілдіру арқылы кейін бір үйде немесе қалада тұратындарды жетілдіру арқылы жетеді», «Бақытқа жеткізетін еркін әрекет, тамаша әрекет – еңбек» деген сүбелі пікірлерінен «еңбек» ұғымының астарында «мақсатқа жету», «бақытқа жету», «ілім мен білім үйрену» сынды құндылықтар жатқанын байқау қиын емес.

Махмұт Қашқаридің еңбектеріндегі еңбек тақырыбындағы өсиет сөздері қазіргі күнге дейін өз маңыздылығын жойған жоқ. *«Еңбек ізсіз*

қалмайды», «Еріншекке есік те асу көрінер, Жалқауға бұлт та жүк көрінер», «Егілмей – өнбес, тілемей – болмас», «Тері сыдырып болған соң, құйрыққа пышақ сындырма», «Аңшы қандай айла білсе, аю сонша жол білер», «Тырысқанның ауызы – жемде, ерінгеннің езуі – сөзде», «Хас батыр өткініші жаңбырдай, білімді мірдің оғындай», «Кең тігілген тон тозбас, кеңесілген іс бұзылмас», «Бидайдың арқасында бидайық су ішер», «Адамның қадірі тіршілігінде», «Құс тұзаққа жем үшін ілінер», «Жұпар қалтадан жұпар кетсе де, иісі қалар», «Берекесізден құт қашар», «Атасының ұлы атасына тартып туады», «Еңбекқордың ерінінен май ағады», «Жалқауға бұлт саясы да тимейді», «Ізгілік істі судың аяғына таста да, басынан ізде» [85] т.б. мақал-мәтелдер еңбекқорлық пен жалқаулық ұғымдарын оппозициялық қатынаста бейнелеу арқылы шындықтың белгілі фрагменттерін түсіну процестерін жеңілдетеді.

Ұлы ойшылдардың еңбектеріндегі еңбекқорлық\жалқаулық концептердің концептуализациясы барысында мақал-мәтелдердің лексикографиялық түсіндірумен салыстырғанда концептінің мазмұнын едәуір кеңейтеді, ол лингвомәдени бірлестік ретінде халық жасаған пікірлер жиынтығын қамтитындығымен ерекшеленеді. Адамзаттың шындық болмысты танып-білуі – барлық халыққа ортақ, себебі таным-түсінік тіл арқылы емес, ми қызметі арқылы жүзеге асатыны ақиқат. Ал осы адам танымының нәтижелері тілдік таңбалар арқылы тілден көрініс табады. Мәдени концептердің беретін ұғымына, семантикалық мазмұнына талдау жасау халықтың ұлттық мәдениетін, салт-дәстүрін, дүниетанымын түсінуге, мәдениет пен әдебиетінің даму деңгейін ұғынуға көмектеседі. Мәдени концептерді талдау арқылы ұлттық мәдениеттің даму қалпын, оның қазіргі өмірдегі жай-күйін білеміз. Ал, қазақ мәдениетінде еңбекқорлық\жалқаулық ұғымдары арқылы ғасырлар бойы халқымыздың тіл арқылы сақталған ұлттық мәдениетінің сарқылмас кен бай мұраларын, ұлттық танымның көрінісін, көркемдік танымның заңдылықтарын ұлттық болмысымен ерекшеленетін әлемнің тілдік бейнесін танимыз.

Жоғарыда аталған зерттеулер орыс тіліндегі еңбектерге қатысты қарастырылған, ал қазақ тілінде еңбекқорлық\жалқаулық концептерін когнитивті модельде нақты зерттелмеген.

### **1.3 «Еңбекқорлық \жалқаулық» концептерге жататын тіл бірліктерінің этнолингвистикалық, әлеуметтік және танымдық негіздері**

XX ғасырдың соңғы онжылдықтарында алға шыққан лингвистиканың антропоэзектік парадигма гуманитарлық зерттеулердің «адам – тіл – мәдениет» үштігіне негізделген пәнаралық салаларының қарқынды дамуына түрткі болды. Бұл этнолингвистика және әлеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттану және когнитивті лингвистика сынды пәндер екені белгілі [86]. Антропоэзектік парадигманың әртүрлі салалары белгілі болғандай, этнос мәдениетінің тілдегі көрінісін В.Фон Гумбольдт халықтың

рухы, дүниетанымы мен мәдениеті тіл арқылы танбаланатынын және «Философиядағы және рухани өмірдегі айырмашылықтарды тіл арқылы жіктеуге бейсаналы түрде тәуелді» [1] деген тұжырымдармен өрнектеген. Л.Вейсгербер болса, тілді нақты дүние мен адам, оның санасы арасында орналасқан «аралық әлем» деп есептейді.


Жалпы алғанда, ғалымдар лингвомәдениеттануға «мәдениет пен тілдің қызмет етуіндегі байланысы мен өзара әрекетін зерттейтін күрделі ғылыми пән» [89]. деген анықтама береді. Адам туралы ғылымның бір бөлігі ретінде лингвомәдениеттану, бір жағынан, тілдегі адамдық мәдени факторға, екінші жағынан, адамдағы тілдік факторға бағытталған. Мәдениеттің онтологиялық қасиеттерін көрсететін көптеген анықтамаларына «семиотикалық сипатқа ие дүниетаным және дүниені түсіну» [90]. Мәдениет – тілде бекітілген әлем суретінің бөлігі» деген тұжырым тән.

Концептерді әртүрлі тәсілдермен жіктеуге болады. Тақырып тұрғысынан алғанда, олар, мысалы, эмоционалдық, тәрбиелік, мәтіндік және басқа да когнитивті салаларды құрайды. Тасымалдаушыларына қарай жіктелген концептер жеке, микротоптық, макротоптық, ұлттық, өркениеттік, жалпыадамзаттық ұғым сфераларын құрайды. Концептер дискурстың бір немесе басқа түрінде қызмет ететінін ажыратуға болады, мысалы, педагогикалық, діни, саяси, медициналық және т.б. Дискурстың өзін бір мезгілде ұғымдарға үндеу жиынтығы ретінде және ана тілінде сөйлейтіндердің санасында бар тұжырымдама ретінде қарастыруға болады.

Адам санасында концептуалды жүйені құру реттілігі логика принциптеріне сәйкес келеді және бұл жүйе оның логикасы сияқты қасиеттерін анықтайды. Ол бір концептіден екінші концептіге логикалық ауысу, кейбір концептерді басқалары арқылы анықтау, бұрыннан бар концепті негізінде жаңа концепт құру мүмкіндігін анықтайды.

Қазақ тіліндегі *еңбекқорлық* концептілік өрісінің мағынасын концептуалдық-семантикалық талдау барысында шартты түрде былайша жіктейміз:

*Сызба 1. «Еңбекқорлық» концептілік өрісіндегі макроконцептер*



**БАҚЫТ концепті.** Еңбекқор адам – бақыттың кілтін тапқан адам. Еңбекқорлықты адамның ең бірінші дара мінезге балаған қазақ халқы өз ұрпағын еңбекке баулудың маңыздылығын *«Бүгінгі істі ертеңге қалдырғанның ісі бітпейді»* деген аталы сөзбен адал кәсіппен жан бағуды әлімсақтан жөн санаған. Жалпы алғанда қазақ танымында еңбек пен бақыт бірін бірінсіз елестете алмайтын ұғым қатарында. *Еңбек пен бақыт егіз,*

*Еңбек – ырыстың бұлағы, Еңбек – бақыттың шырағы, Еңбек еткен мұратқа жетеді, Бас пен бақ та бітеді, Құр жатқан Тәңірінің құтынан қазылады, Бейнетсіз рақат жоқ, Есесі қайтқан еңбек игі* атты паремиялар – осының дәлелі. Демек, өз ғұмырында еңбектенген адам бақыттың кілтін, берекенің құтын тапқан адам екені даусыз.

Еңбек арқылы, еңбектену арқылы адамның бақытқа кенелуі, шат-шадыман болуы, ырысты болуы т.б. адам үшін кемел шақтардың болуының алғы шарты деп түсінген қазақ танымында еңбекқорлық адамның ең ізгі қасиеттерінің бірі. Еңбек, еңбектену кілтін табуды, бақытты болуды көздеген. Демек, қазақ дүниетанымында еңбектену арқылы адам бақыттың рухани жетістіктерге жететініне сенгенін аңғарамыз.

**БАЙЛЫҚ концепті.** Бұл жерде еңбекқорлықтың арқасында, адал еңбектің нәтижесінде адам баласы бай болады деген ұстаным қазақ лингвомәденитанымында көптеген тіл бірліктерімен ұштасып жатыр. Мәселен, *Еңбек еткен емеді, еңбексіз не өнеді? Еңбек деген байлық бар ерінбеген жететін, жоқшылық деген жебірді жермен – жексен ететін. Еңбегіне қарай өнбегі. Еңбегі көптің өнбегі көп. Еңбегі жанғанның тоқтысы егіз туады. Еңбек ет те егін ек, жарымасаң маған кел. Белді бу да бейнет қыл, байымасаң маған кел. Еңбек етсең емерсің, Ерінбесең, жеңерсің, Еңбектің көзін тапқан, Байлықтың өзін табады, Ермек құған бәлеге жолығар, еңбек құған қазынаға жолығады.* Бай қуатты өмір сүрудің кепілі болған еңбек адамды ынталандырады, алға жетелейді, мақсатына жеткізеді. Қазақ дүниетанымында берекелі отбасы, шат-шадыман өмір сүру, денінің саулығы, ет жақындарының сүйіспеншілігіне бөлену, мақсатына жеткізетін,

рухани, материалдық жетістіктің негізгі кілті болып табылатын еңбекқорлық концепті сан ғасырлық өмір тәжірибесінен өткен, ғаламдық дәрежедегі концептіге ие.

**ҚОЛ концепті.** Қол концепті арқылы көрініс беретін еңбекқорлық – пысық, іскер, оң қолынан өнер тамған адамға қаратып айтылады. Қолы ұзын – қолынан қандай болмасын іс келер, бай, дәулетті, қолында білігі бар адам жайында айтылатын фразема. *Қолымен күй кеседі.* Отымен кіріп, күлімен шықты, бар бейнетті тартты. Ыңырсып жатып иттердей, Өткіздім қыстың ақпанын, Қолымменен күл көсеп, Байдың оты жаққаным. [94, 347-б.]. Қазақ халқының мәдени өмірінде бата тілек сөздердің орны ерекше. Әсіресе, еңбекке енді кіріскен жандардың ісіне сүйсінген халқымыздың *Қол қуатты болсын, Еңбек рәтті болсын, еңбегі жансын* деген тілек мәндегі тұрақты тіркестер ұлтымыздың еңбекке деген көзқарасын білдірсе керек. *Қолға тоқ болсын* – Берекелі, қорлы-қоғамды болсын. Қол ағаш боса да, қолға тоқ болсын. *Қол қайыр* – жеңіл желпі садаға. Болмашы көмек. Жалғыз мұран сол болар, Қол қайырың берілген. Басқа дүние бірі де, Көмілмейді кебінмен. Енді бірде бір адамның біріне тигізген еңбек жәрдемін қазақта *қолғабыс тигізді, қол жалғады, қол ұшын берді, қол қанат* болды, Қолынан келгенше деп атаса керек [94, 343-б.]. Сондай-ақ іскер, пысық, еңбекке адал жандарға *қолды-аяққа тұрмады, қол тимеді, қолы жүйрік, қолы қарап отырмады, қолы қолына жұқпады, бір қолы он болды, қол жұмыс* сынды тұрақты тіркестер құрамында кездесіп еңбекқор адамның бейнесін сипаттап тұр.

Халқымыздың тұрмыс-тіршілігінде сыйлы қонаққа не басқалай жақын ағайынға тартылатын ет мүшелері – сыбаға деген ерекше көңіл мен ықылас бөлетін сый бар екені мәлім. «Қол кесер — соғым союшыларға еттен берілетін сыбаға. Дәстүр бойынша шаруашылыққа көмекке келген адамды еңбек ақысыз жібермеген. Шаруаның ауыр, жеңіліне қарамай «келі түбі», «қол үздік» сияқты тиісті ақысын берген. «Қол кесер» соғым сойған, етті мүшелеген уақытта қолын кесіп алса, ақы төленетін. Етті мүшелегенді «соғым соятын» отбасы жақсы біледі. Союшы адам міндетті түрде «қол кесер» алған» [95].

*Қол кесер,* Мал сойғаны үшін алатын сыбаға. *Ділдәбек қол кесерім деп санның шақпақ етінен пышақты салды да, жаяның қыртысынан апарып бір-ақ шығарды. Көз қорқақ, қол батыр* – барлық береке мен ырыстың бастауында қажырлы еңбек тұратынын ұққан әр адамның ұраны боларлық бұл мақалдың өміршендігін күнделікті өмірде байқап та жүрміз. Бұл сынды еңбекқорлық қағидасы адам болмысы мен өмірінің мәні мен мақсатын танытар қалыпты қағидасы, формуласы іспетті.

**ЖҰМЫС концепті.** Еңбекқорлық концепті жұмыс макроконцептісінде іс пен жұмысқа өте белсенді жандарға қаратып айтылатын жағымды мәндегі коннотаттық сөз оралымдарымен белгілі. Тілімізде осыған байланысты көптеген тұрақты тіркестер халық арасында көптеп қолданылады. Мәселен, *жұмыс басты, ер жанышты* – жұмыстан ешбір қолы босамайтын жұмыс женген, иығына жұмыс мінген өте еңбекқор адам туралы айтылады [94, 210-

б.]. Халық арасында іскер, жұмысбасты адамды *жұмысына бұқта, жұмыла кірісті* деген тіркестермен әсемдеп айтқан. Сонымен қатар, тәуекелшіл болатыны қай жерде еңбек бөлінісі бар қарап жатпаған адамға бірдеңе кез болар деген мағынада – *жүрген аяққа жөргем ілінер* деген фразема арқылы еңбекқор адамның бейнесін беріп тұр. *Жақсы жұмыс жалықтырмас. Істегенде ерінбе, істе шолақ көрінбе. Жұмыстың арлығы жоқ* атты паремияларда қосымша мән қалыптастырады, бірақ еңбекқорлықтың жалпы сипатын баса көрсетеді. Осы тіркестер арқылы жұмыс істеуде жететін негізгі нәтиженің көрінісі сипатталады.

**ДЕНСАУЛЫҚ концепті.** Денсаулық – кез келген міндеттерді шешуде басымдық болып табылатын заманауи мәдениеттің айқындаушы құндылығы. «Денсаулық» концептісінің бейнелі жағы денсаулықтың табиғи құбылыстармен (атап айтқанда күнмен, жарықпен), адам белгілерімен байланысты мәдени артефактілермен тұрақты байланыстарын қалыптастырады. Еңбекқорлық концептісіндегі денсаулық макроконцептісі еңбектің нәтижесінде адамның денсаулығы мықты болатындығын танытумен ерекшеленеді. Мәселен, *Емнің алды – еңбек, Еріншек ауру табар, жұмыскер саулық табар, Істе темір тат болмас, Ұйқы – тынықтырады, Жұмыс — шынықтырады. Тыста ұзақ жүргенің – Ұзақ өмір сүргенің.*

**ШЕБЕР концепті.** *Кестешінің бізі – алтын, Кемеңгердің сөзі – алтын, Көрегеннің көзі – алтын.* Еңбекқор адамның қолындағы еңбекке жарап тұрған, сол арқылы маңызды іс тындырып отырған еңбеккердің құралын алтынға теңеу арқылы халықтық педагогиканың керемет үлгісін құрастырған бұл мақалада халқымыз тігіншіні, ақын-жазушыны, ойшыл-ғалымды алдыңғы қатарға шығарып отыр. *Өнерлінің қолы – алтын, Өлеңшінің сөзі – алтын.* Тіл – халықтың рухани қазынасы, тарихтың куәсі, өмірдің айнасы болса, қазақтың мақал-мәтелі күнделікті тіршіліктегі кез келген жағдаяттың шешіміне соңғы түйінін айта алатын, халықтық тәжірибеде, өткен сөз қайнары болып табылады. Өнерлі адамның, өлеңмен өмірі өрілген өнерпаздың бұл дүниедегі еңбегі мен өнерін әрдайым халық биік бағалай білген. Сондықтан осындай ел үшін ғұмырын арнаған тұлғаларға арналып айтылған паремиялық бірлік халық қолданысында кең тараған. Мақал-мәтелдерді зерттеушілердің пікірінше ең көп қолданылатын көркемдік тәсіл – синтаксистік параллелизм. Өнерлі мен шебер адамның еңбегін адал деп тапқан қазақ халқында мынадай мақалдар бар: *Өнерлі жігіт қадірлі. Ат жақсысы енеден, зат жақсысы шеберден – Өнерлінің он қолы бар – Күшіңе сенбе, өнеріңе сен – Ұстаны соққан пышағынан танисың, Ерінбесең, ұста боларсың, Ұста өлсе де ұсталық өлмейді, Ұстаның қолы ортақ, Ұстаға жұмыстың қиыны жоқ, Он бармағы алтын теректей, Ұсталығы болған аш қалмас, Ұзынсыз қысқа болмас, үлгісіз ұста болмас, Аз сөйле, көп істе, Қол өнері кілемде, сөз өнері өленде, Жігіт кісіге жетпіс өнер де, Жігіт кісіге жеті өнер де аз, жетпіс өнер де аз, Көп көрген - нұсқа, көп істеген – ұста, Егінші мәрт - жер жомарт, Әр нәрсеге асық болғанша, бір нәрсеге машық бол, Ерінбеген етікіші болар, ұялмаған әнші болар.*

Еңбекқорлық концептісіндегі бұл макроконцепті өз ісінің шебер меңгерген, аянбай еңбек еткеннің арқасында халық ықыласына бөлеген маман иелеріне қаратып айтылған.

**АС концепті.** Еңбек – материалдық игіліктердің қайнар көзі, ең алдымен, еңбек адамды тамақтандырады. Адал еңбектің арқасында қолы асқа тиген еңбектің нәтижесіндегі адамның рақаты осы болар. Мәселен, *Асы жоқ үйді ит те сүймейді. Ісі жоқтың асы жоқ. Егінші нанын жейді, еріншек арын жейді. Еңбек патшалықты асырайды. Еңбек еткеннің аузы қимылдар Кім еңбек етсе – сол тоқ. Сауып ішсең – мың күндік, сойып жесең - бір күндік. Еңбек қылсаң ерінбей, тояды қарның тіленбей. Еңбек еткен емер - Қолы қимылдамағанның аузы қимылдамас. Жер тойынбай, ел тойынбайды. Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей. Ексен егін, ішерсің тегін.* «Еңбек» концептісіндегі «ас» макроконцептісі себеп-салдарлық байланыстар кешенімен тығыз байланысты. Бір жағынан, еңбек - қалыпты тамақтанудың шарты, ал жанама түрде – өмірдің өзі. Екінші жағынан, тамақтану қажеттілігі еңбек қажеттілігінің себебі мен шарты бар. Паремиялардың бұл кешенінде еңбекқорлық концептінің қосымша мағынасы қалыптасады, ол жанама түрде адам өмірінде еңбектің үнемі болуы идеясымен байланысты. Еңбек пен тағамның өзара тәуелділігі физикалық процесс ретінде еңбек пен адамның өмірінің өзара байланысын білдіреді. *Ас та төк сый – құрмет көрсету* мол дастархан жайып қонақжайлылық танытатын адамның пейілін бейнелейді.

**АДАЛ концепті.** Қазақ халқының тіршілігінде еңбек қатынастарының маңыздылығы мен өмірлік қажеттіліктерін өтеудің жалғыз жолы деп қабылдаған еңбек тәрбиесіне қатысты тұрақты тіркестер не мақал-мәтелдер болсын адалдыққа үндеп отырған. Адамдағы кемелдену мүмкіндігі мен әрекетінің түпкі сыры мен бастауы – адалдық пен ақылдылық. Сондықтан болар, *ақылы азық, сөзі сусын* – ақылын азық, сөзін сусын еттіп, ақылымен адал ас табатұғын дана адамдар жайлы осылай кесіп айтқан. Қазақ халқының жылдар бойғы өмірден түйген танымы мен ұстанымдарының дені көптеген жылдар бойғы іске, еңбекке деген сүйіспеншілігі мен адалдығын танимыз. *Адал еңбек етті* – өз күшін өзгеге қиянат, кесірі жоқ іске, кәсіпке жұмсады. Адал ақы, маңдай тер. Адал еңбекпен тапқан табыс. Бейнетпен келген төлем. Адал ақы, маңдай теріміз ғой, астына шашып тастасақ, ұят емес пе? – деді Ақжаулық [94, 11-б.]. *Жемісін көрді* – нәтижесі боларкезге, жүзеге асар шаққа жетті. Жасамаймын еңбектің, Жемісін көзбен көрем деп. Жасаймын бір қолқабыс Кейінгіге берем деп [94, 197-б.]. Тілімізде осы аталған тұрақты тіркестерден басқа адал еңбек қатынастарына негізделген мынадай тілдік оралымдар бар: *еңбегі жанды, еңбегін сатты, еңбегін сауды* және т.б.

*Адал еңбек елге жеткізер, арам қулық елден кеткізер. Әділ істің арты игі. Адал еңбек, алғыр ой – анық досың біліп қой. Адал істің асы тәтті, үйі – береке, Адал жұмыс жасағанды халық та сүйер.* Осы аталған бірліктер кешені адал еңбектің марапаты мен қошеметіне еңбекқорлықтың арқасында жететіндігін дәріптейді.



Ұсынылған қазақ паремиологиясы мен фразеологиясын талдау бізге қазақ лингвомәдениетіндегі «еңбекқорлық» концептінің көптеген макроконцептердегі абсолютті құндылығын айтуға мүмкіндік береді. Паремияларда еңбек жақсылық ретінде әрекет етеді және жалқаулыққа, еріншектікке қарсы тұрады, бұл, әдетте, кедейлікке әкеледі. Еңбекқорлық концептісіне байланысты эмоциялық реңкте айтылатын тұрақты тіркестер адамзаттың ішкі әлемін жеткізуде таптырмас тілдік құралдар болып табылады. Эмоционалды бояу – сезім мен көңілді білдіретін тілдік элементтің негізі, тақырыптық-логикалық мазмұнына қабатталатын мағынаның қосымша реңкі [96]. Мысалы: *қол қуатты болсын, еңбек ретті болсын, еңбегі жансын* деген тілек мәндегі тұрақты тіркестер ұлтымыздың еңбекке деген көзқарасын білдірсе керек. Сондай-ақ іскер, пысық, еңбекке адал жандарға *қолды-аяққа тұрмады, қол тимеді, қолы жүйрік, қолы қарап отырмады, қолы қолына жұқпады, қолы қолына жұқпады, бір қолы он болды, қол жұмыс, сары табан* сынды тұрақты тіркестер адамның эмоциялық әсері құрамында кездесіп еңбекқор адамның бейнесін сипаттап тұр.

Қазақ халқының ұлттық дәстүрі мен салт-санасын, ой-өрісін сөз еткенде, халықтық психологияны, оның ішінде адамның жан дүниесінің тілдегі көрінісі – әсіресе қазақ халқына тән, өмірдегі әртүрлі жайттардан алынған ілімін бір-екі ауыз сөзбен ғана түйіндейтін тұрақты тіркестердің маңызы зор. Көркем сөз тәсілдерінің ішіндегі қуаттысы мен құнарлысы болып саналатын фраземалар – ойды жеткізуде астарлап, образды-бейнелі, әсерлі, ұйқасты-ырғақты, әуезді жеткізетін өзіндік ерекшеліктерімен көзге түсетін әмбебап құбылыс. Оның қызметі – өмір шындығын, барлық болмысты өзінде бейнелеп көрсету. Жалқаулық ұғымына байланысты айтылатын тұрақты тіркестер, эмоциялық реңкте айтылатын тұрақты тіркестер адамзаттың ішкі әлемін жеткізуде таптырмас тілдік құралдар болып табылады. Мысалы: *көк жалқау, көкауыз, көкбет, көкезу, көкжал бөрідей, көкмылжың, көксоққан, ай қарап, жұлдыз санаған, айда бол, ас ішкенде пайда бол адам, арамтамақ, ас ішіп, аяқ босатар, әзір асқа аяғын ала жүгіретін, әзір асқа тік қасық, бейқам, бойкүйез, енжар, еріншек, жайбасар, жалқау, жалқау-жампоз, жанбақты, жатаған, жатыпшыер, жұмысқа қолы бармайтын, кәсіпсіз, кежегесі кейін тартқан, кежір, керенау, көк жалқау, көк желкесінен тартқан, қазан үстінен күн көрген, қолын қусырған, қолынан боқ та келмейтін, құр нан соғар, қылт-сылты көп, масыл, мойны жар бермейтін, нансоғар, нәуетек, омалып отыратын, он салса да, бір баспайтын, сал бөксе, сал сүйек, самарқау, сармойын, сылтаушыл, тұяғы қимылдамайтын, тышқан мұрнын қанатпайтын, тілазар, шаулау, шошқа тағалап жүретін, шөптің [қурайдың] басын сындырмаған* сынды еңбексіз жату, өмірін бекершілікпен өткізу сынды түсініктермен байланысты айтылған. Ал, ақындар поэзиясында:


*Тілеуің, өмірің алдыңда,  
Оған қайғы жесеңіз.*

*Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шашпақ,*

*Бес дұшпаның білсеңіз,-деген* Абай өлеңдерінде «жалқаулық» концепті өтірікші, өсекші мақтаншақ, бекер мал шашпақ секілді бейнелер арқылы берілуінен жалпыадамзаттық сипаты байқалады. Сонымен қатар «жалқаулық» концепті барлық адамзат игілігінің дұшпаны, адам болам деген әр тұлғаның қас жауы екенін ақын өлеңдерінде анық аңғарылады. И.А.Крыловтан аударған әйгілі «Шегіртке мен құмырсқа» шығармасында *шырылдауық шегірткені* еріншек, құмырсқаны еңбекқор етіп суреттеу арқылы бүкіл халықтық сипаттағы *еңбекті бағалау, еңбекпен тапқан нан тәтті* бейнесімен еңбексүйер халықтың болмысын керемет және ұтымды беріп отыр.

Орыс ақыны И.А.Крылов өз заманындағы адам мінезіндегі арсыздық пен жалқаулықты мысал жанры арқылы ұтымды суреттей білген «Шегіртке мен құмырсқа» мысалын Абай еркін аударатырып, өз көзқарасын қосып, қазақ танымына сай бейімдеуді мақсат еткен. Қалай дегенмен де, Абайдың осы аударамасы арқылы орыс, қазақ халқының танымындағы жалқаулық ұғымының ертеңі бұлыңғыр еткенін суреттеуді *шырылдауық шегіртке* бейнесіне сыйдырып, еріншектіктен бездіріп, еңбекті адам өмірінің маңызды факторы етіп көрсетіп отыр.

*Сызба 2 «Жалқаулық» концептінің ассоциативтік өрісіндегі макроконцептер*



### **Ақ саусақ концепті**

Халқымызда *ақ саусақ* ешқашан жанын қинап, жұмыс істемейтін кісі. *Шүкірбай бұрын жұмысты көп істемеген, ақсаусақтау жігіт екен. Әрі мынаныда ескеру керек: жұмысқа қыры жоқ ақ саусақ адамдар тәрбиелемейміз* [94, 256]. Адам баласының еңбек етуде, белгілі бір істі тындыруда дене мүшелерінің ішінде қолдың қызметі зор. Сондықтан қазақ фразеологиясында *қол* сөзімен байланысты айтылатын еңбек адамы не жалқау адамды сипаттайтын тіл бірліктері көптігімен ерекшеленеді. Мәселен *Қолынан қой жарысы келмеді.. Қол қусырып отыр. Қолынан келмеді. Қолы алдына сыймады. Қолымен қосаяқ соғады.* Ешбір іске қыры жоқ, ебі жоқ, сылбыр, жалқау адамдарға халқымыздың берген бағасы бұл. Шындығында, қазақ лингвомәдени танымында жалқау адам барып тұрған азғын, адамгершілік қасиеттерден жұрдай тілдік бірліктермен сипат ала отырып, жағымсыз эмоция мен көңіл күй сыйлатынын байқау қиын емес. Осы аталған фразеологиялық тіркестер арқылы сөз қолданудағы халық арасында эмоциялық көңіл күйге әсер етуі бұл қазақ мәдениетіндегі жалқау адамға берген бағасын айқындайды.

### **Бойкүйез концепті**

Халық мәдени танымында *ұйқылы-оюу, бойкүйез* деген түсінікпен берілген жалқаулық пен еріншектікті болашақ өмірдің ата жауы ретінде сипатталады. Қолына бірер қара біте қалса, тоқмейілсіп, байлыққа бөккен кісімсіп, *бойкүйездікке салынған.* Адам бойындағы дұрыс қасиеттің жойып, *жадағай болып қалады»* дейді ол. Яғни өнерлі тұлғалардың да бойындағы жалқаулық дерті асқынып кетсе, өнерінің көк тиынға құны жоқ. *Өзгені жеңсең мықтысың, өзіңді жеңсең құдіреттісің* деген жолдар адам баласының жалқаулық деген нәпсісімен өмір бойы күресетінін, жеңсе өмірлік мақсатына жететінін меңзйді.

### **Талапсыз концепті**

Жалқау адамның бойында кездесетін мінездердің бірі ретіндегі талапсыздың өмірде алдына ешқандай мақсат қоя алмайтын, мағынасыз-мәнсіз тіршілік ететін жанды білдіреді. Осындай арсыздыққа жетелейтін адам мінездерін сынау мақсатында халық поэзиясында көптеген тілдік бірліктер қалыптасқан. Мәселен, *кем талап – талабы жоқ, ықыласы кем. Іштеріндегі бас көтерері кем талап болғасын, қалғанына не жорық. Кем талап, шолақ ой соныңдағы қоя зой. Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас, Еңбек қылмас еріншек адам болмас*дей отырып, еріншек адам ер адамға тән мінездерден ауытқып, ездік әрекеттер арқылы өз өмірін құрдымға түсірумен қатар, кедейлікке тап болатынын осы өлең шумақтары байқатып тұрғандай. Адамды алға жетелеп, қанаттандыратын –талап. *Талапты бала талпынған құстай, Құмары қанбас аспанға ұшпай, Адам баласының ең жаманы – талапсыз* деген халық нақылы да осының дәлелі. Абайдың ілімінде «Толық адам» ілімі бойынша адами қасиеттердің ең маңыздысы осы талап қоя білу, мақсатына жете білу, өміріне мән кіргізу болып табылады. Абай тілінде де «жалқаулық» концепті *мойны жар бермейтін кезжір, тәуекелсіз, талапсыз*

адам ретінде көрініс тапқан. Ұлттық тілімізде концепт қалыптастырушы ретінде ақын Абайдың шығармалары өзіндік мәдени фонымен және қазақи менталитетке сай бейнеде көрініс табуымен ерекшеленеді.

### **Қу концепті**

Қу – өз пайдасына еңбек етпей, түк бітірмейтін жалқау адамның негізгі келбеті. Қазақ лингвомәдени танымында қу концептінің өзегінде басым прагматикалық белгілер қулық әкелетін нәтижелер мен артықшылықтар жалқау адамның сүйкімсіз әркетін сипаттайды. Мәселен, *Қурайдың басын сындырмады, қу ауыз, қу бас, қу бастан қуырдақ ет алды, қу борбай, қу заман, қу қаптал, қу сирақ, қутың қақты, қуыс бас, қуыс кеуде, қу табан*. Аталған тұрақты тіркестер қазақ халқының өмір, дәстүрлі идеялар, бағалау нормалары мен стереотиптері, мінез-құлық үлгілерін нақты суреттейді. Демек, біз мысал ретінде келтіріп отырған ерекше мәдени мәртебесі бар тіл бірліктері ұлттық ерекшелікке ие бола отырып, қазақ тілінде сөйлейтіндердің жалқау адам, жалқаулық туралы негізгі ойларының қорытындысын танытады.

### **Еріншек концепті**

Жалқаулық» концепті *еріншектік* мәніндегі әлеуметтік әрі этномәдени менталдық ұғымды білдіретін концепті арқылы көбінесе тілімізде кең тараған.

*«Сабырсыз, арсыз, еріншек,  
Көрсен қызар жалмауыз,  
Сорлы қазақ сол үшін  
Алты бақан ала ауыз.  
Өзін-өзі күндейді,  
Жақынын жалған мін дейді,*

*Ол – арсыздық белгісі»* [97, 77-б.] деген өлең жолдарынан біз ақын Абайдың жалқаулықты сынаған, оны күллі жақсының хас дұшпаны ретінде санағанын байқай аламыз.

*Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас,  
Еңбек қылмас еріншек адам болмас.  
Ер кісі ақылға ермек, бойды жеңбек,  
Өнерсіздің қылығы өле көрмек.  
Шыға ойламай, шығындап қылық қылмай,*

*Еріншек ездігінен көпке көнбек,* [97, 76-б.]. Сайып келгенде, жалқау, еріншек адам ер адамға тән мінездерден ауытқып, ездік әрекеттер арқылы өз өмірін құрдымға түсірумен қатар, кедейлікке тап болатынын осы өлең шумақтары байқатып тұрғандай. Ал қазақ пармеиологиясында еріншектік концепті *Еріншектің қақпаны, Көрінбей көзге жатқаны. Біреу оған ілінсе, Оны құдай атқаны* деген ойда жалқаудың жағымсыз бейнесі суреттеледі. Ал, Шәкәрім шығармашылығында *Тікенің болса бойында, Ауырса да өзің жұл. Сергек болсын ойың да, Еріншек болма құр масыл* [98, 197] деген жолдардан *Еріншектен – салақтық, Салақтықтан – надандық, адал еңбек етуге еріну*

арқылы адамзат баласы надандыққа, масылдыққа бет алып, бүкіл адамгершілік құндылықтардан құр қалатынын көруге болады.

### **Кедейлік концепті**

Байлық концептісіне қарама-қарсы мағынада жұмсалатын кедейлік концепті жалқау, еріншек адамның еңбекке араласпай күнін бекерге өткізуінің арқасында материалдық жоқшылық көретінін аңғартады. Кедейдің керінен сақта!- демек ұйқысын қимай құр керіліп жататын адамдардың мінезін сынау арқылы халқымызда кедейлікті қабылдаудың ұлттық ерекшеліктерін белгілейтін адами мінез-құлықтың ішінде жалқаулық маңызды рөл атқарады. Жалқау адам байлықтан құр қалған пенде ретінде кедейшіліктің қамытын киіп, жоқшылық зардабын тартады. Мәселен, *Жаман болатын жігіт шегіншек келер, Кедей болатын жігіт еріншек келер, Еріншектік – жарлылықтың басы, Ақылсызға жан жуымас, жалқауға мал жуымас* деген паремияда кедей жігіттің соры еріншектік болып табылады деген түйін айтылады.

### **Жатып ішер концепті**

Жатып ішер жалқау. Қазақ мәдени танымында еріншек еңбекке жаны қас адамды осылай атаған. *Жатып ішер. Еңбек істемейтін жалқау масыл. Байлар көп жатып ішер, арам тамақ, Өсірген қызығын көрмей, басын санап, Шынында өсіретін кедей жалшы, Бай еңбек сіңірген жоқ малды қарап* [94, 76-б.]. *Жатқыш, жата беретін жалқау. Есектің сарғалдақтар тұқымдасына жататын жүгі жеңіл болса, жатаған болады.* Демек, құр жатып масыл болу, еңбексіз өткізген адамның бейнесін сүйкімсіз ету арқылы осы бір кеселді мінезден арылтуды мақсат тұтқан. *Сары жамбас. Сал бөксе. Ешқайда шықпай, ұзақ жатып алды. Биыл қыс үйден шықпай сары жамбас болып жатып алғанына таң қалды* [94, 76-б.].

**Көбік ауыз концепті.** Қазақ танымында ауыз соматизіміне қатысты көптеген тұрақты тіркестер бар. Біз сол тұрақты тіркестердің ішіндегі жалқау адамның бейнесін сипаттайтын тіл орамдарына тоқталатын боламыз. Мәселен, *албырт ауыз, аузы жаман, бейпіл ауыз, аузымен айды алды, аузымен орақ орган, ауыз байлық, ауызбен айды алады, көбік ауыз.* Қазақ тіліндегі ауыз соматизм компоненттері бар фразеологизмдердің көпшілігі шығу тегі бойынша еркін, нақты мағынаға толы пайымдаулар болып табылады және адам ойлауының әмбебаптығына байланысты бір логикалық схемаға негізделген және бірдей инвариантты мағынаны қамтиды. Ал паремиялогиялық қордағы *Аз сөйле, көп істе, Аузыңмен айтқанды қолыңмен істе, Қолың ұста болсын, сөзің қысқа болсын, Біткен іске сынышы көп, піскен асқа жеуші көп, Сөзге асықпа, іске асық, Аз сөйле, көп істе, аз ішседе – көп шайна* атты мақалдардың құр сөзге салынуынан сақтап, еңбекқорлыққа баулитыны рас.

«Еңбекқорлық\жалқаулық лингвомәдени концептері – бұл күрделі психикалық білім, оның құрамында қазақ халқының санасында келесі компоненттер ерекшеленеді: бейнелі–өмірге қажетті әрекеттерді, әдетте физикалық әрекеттерді қарқынды орындайтын адам; ұғымдық – өндіріске бағытталған психикалық немесе физикалық стрессті қажет ететін мақсатты әрекет нәтижеге жету үшін және босаңсуға, демалуға және ойнауға қарсы; құндылық –жұмыс істегісі келмейтінін оң бағалау және теріс бағалау, жұмыс істей алмайтындығын оң бағалау және теріс бағалау, мәжбүрлі және нәтижесіз еңбекті теріс бағалау арқылы еңбек пен еңбегі жоқтық ұғымдарына құндылық тұрғысынан баға береді.

#### 1- тарау бойынша түйін.

Бұл бөлімде халқымыздың мәдени және ұлттық тәжірибесі мен дәстүрлері туралы мол ақпарат беретін халықтың мәдени көзқарастары, стереотиптері, стандарттары мен архетиптерін тануымен ерекшеленетін тілдік бірліктер зерттеу нысанына алынды. Демек, тұрақты сөз тіркестері, паремиологиялық тіл бірліктері арқылы берілетін қарапайым халық танымындағы *еңбекқорлық\жалқаулық* концептердің тілдік ерекшеліктері анықталды. Ол үшін когнитивтік лингвистика, концепт, концептілік өріс, әлемнің тілдік бейнесі ұғымдарына ғылыми тұрғыда тоқталып, қазіргі таңдағы концептуалдық білім аясында зерттеліп жүрген ғалымдар пікірлерін саралай отырып, әлемнің тілдік бейнесі хақында авторлық көзқарасты қалыптастыру және *еңбекқорлық\жалқаулық* концептердің лингвомәдени сипаттағы мазмұнын ашу сынды міндеттерге қол жеткізілді.

Жұмысымыздың мақсатына сай концепт, лингвомәдени талдау жүйесін қарастырған ғалымдар көзқарастары мен еңбектерін салыстыра отырып, *еңбекқорлық\жалқаулық* концептердің лингвомәдени мазмұнын әлемнің тілдік бейнесі контексінде зерттедік. Мәдени білімді концептуалдау процестерінің мәні тұтастай алғанда әлемнің бейнесін мазмұнды қалыптастыру, одан әрі дамыту болып табылады. «Еңбекқорлық\жалқаулық лингвомәдени концептері ұлттық бейнені көрсете алатын кадр, сценарий, гештальт, стереотип түрінде халқымыздың сөз қолданысында көптеп кездеседі. Сонымен қатар *еңбекқорлық\жалқаулық* концептердің концептілік өрісіндегі макроконцептердің танымдық ерекшеліктері анықталды. Біз анықтаған тілдік бірліктердің мәдени негізделген түсіндіру процестері тілдік образдағы халықтың тарихымен, мәдениетімен тығыз байланысты мәдени-танымдық стратегияларды тереңнен түсіндіретін лингвомәдени бірліктер болып табылады.

## **2. СТЕРЕОТИПТІК ИДЕЯЛАРДАҒЫ «ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ» ЖАЛҚАУЛЫҚ» КОНЦЕПТЕРДІҢ ВЕРБАЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

### **2.1 «Еңбекқорлық» жалқаулық» концептердің антроморфтық мәдени коды**

Қазіргі ғылымдағы мәдени кеңістік біртұтас құбылыс ретінде қарастырылады. Мәдени кеңістік – бұл мәдени құбылысты зерттеудің жаңа қыры. Мәдени кеңістіктің жеке құрамдас бөлігі мәдени кодтар болып табылады. Мәдени код ұғымына кіріспес бұрын, «мәдениет» негізгі ұғымын анықтау керек. Қазіргі ғылымда бұл терминнің көптеген анықтамалары бар. Мәдениет – күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөз. Сонымен қатар мәдениет гуманитарлық білімнің негізгі ұғымдарының бірі болып табылады. Мәдениет адамның өмір салтының ерекшелігін анықтайды және адамның ақпаратты өндіруге, жинақтауға, өңдеуге және пайдалануға қабілеттілігінің арқасында пайда болады. Мәдениет – бұл жүйелілік принципіне негізделген адам болудың белгілі бір құбылысы. Жүйе – бұл көптеген бөліктерден тұратын тұтастық сондықтан мәдениет туралы хабардар болатын кейбір элементтерден тұрады. Бұл жағдайда мәдени кодтар осындай элементтер болып табылады. Тілді зерттеу әртүрлі бағыттардан жүзеге асырылады. Ең маңызды бағыттардың бірі – семиотика тұрғысынан зерттеу. Семиотика тұрғысынан тіл – бұл символдық жүйе және мәдениеттің маңызды элементі. Тіл және код ұғымдары өзара байланысты. Білімнің әртүрлі салаларында «код» термині әртүрлі түсініледі. Психологияда код – «белгілі бір сигналдарға немесе белгілерге сәйкес келетін ережелер, нормалар жиынтығы «белгілі бір «мәндер», сонымен бірге әр түрлі хабарламаларды кодтау кезінде қолданылатын шартты белгілер жүйесі. Кейбір лингвистер кодты «тілдік формациялар (тіл, аумақтық немесе әлеуметтік диалект, қалалық койне), яғни осы коммуникативті актінің қатысушылары қолданатын тіл нұсқалары» деп түсінеді. «Код» термині лингвистикалық зерттеулер үшін маңызды ұғым болып табылады. Оны оқу ережелерін мәдениет белгілейді, сондықтан код мәдениетте пайда болып қалыптасады. Мәдениет коды – бұл адам өмір бойы жасаған рухани және материалдық тәжірибені беру және оны растайтын құжаттық дәлелдер (хаттар, күнделіктер, зерттеушілердің пікірлері). Лингвистика үшін мәдени ақпараттың тасымалдаушысы саналатын және халықтық менталитетке тән белгілерді қайталайтын мәтіндер ретінде қарастыратын фразеологиялық бірліктер ең қызықты болып саналады.

Әлем халықтарының кез келгенінің мәдениеті ұрпақтан ұрпаққа аманатталып көптеген ұлт үшін маңызды дәстүрлерді сақтаған механизм ретінде күрделі болып табылады. Бір немесе басқа сипаттағы қасиеттерді дәлірек сипаттау үшін мәдениетте ғылымда «мәдени код» деген ұғым пайда болды. Олар әр мәдениет үшін жеке жеке ерекшеліктерге ие. К. Рапай өз жұмысында «мәдени код» туралы мынадай пікір білдіреді: «мәдени код – бұл мәдени бейсаналық. Ол біздің санамыздағы кез келген тұжырымдар туралы кескіндер жиынтығын анықтайды. Бұл біздің күнделікті айтатын немесе анық

білетін нәрсе емес, тіпті біздікінен де жасырылған түйсік өз түсінігіміз, бірақ ол біздің іс-әрекетімізден көрінеді» [99, 396.]

Б. И. Кононенко мәдени код ұғымын «мәдениетті түсінудің кілті ғана емес, [100, 416.], сонымен қатар оны ерекше атап көрсетеді лингвистика мен мәдениеттанудың түйіскен жеріндегі мағынасы: мәдени код – бұл адам қызметінің «белгілердің (белгілердің), мағыналардың және олардың материалдық және рухани кез келгентақырыпта қамтылған комбинациялары» [101, 416] деп түсіндіреді.

Мәдени код, біздің ойымызша, бұл – дәстүрлі тұрақты әлем туралы білімді, сондай-ақ белгілі бір мәдени дәуірдегі дағдылар мен дағдыларды беру тәсілі. Код, әдетте, белгілі бір ережелер жүйесінде бар белгілердің жиынтығын білдіреді, олардың көмегімен ақпаратты беру үшін осы белгілердің жиынтығы ретінде ұсынуға болады. Демек, мәдени код – бұл бүкіл мәдени дәуір үшін тұрақты және бүкіл символдық жүйеге тән мағыналар жиынтығы. Бірыңғай мәдени код әлеуметтік мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады. Мәдени кодтың қажеттілігі туындайды содан кейін сигналдар әлемінен мағына әлеміне көшу пайда болады. Басқа сөзбен айтқанда, код – модель, нақты ережелер және белгіленген принциптер ақпараттық қатардың қалыптасуы. Нақты тізбектер хабарламалардан тұрады. Код мәдениеттің семантикалық деңгейіне еруге мүмкіндік береді.

Мәдени кодтың көптеген анықтамалары бар. Лингвистика мәдени кодтарды «белгілер жүйесі», яғни мәдени мағыналардың тасымалдаушыларына айналған материалдық және рухани әлемнің жүйесі ретінде зерттейді " [102, 96].

В.В.Красных мәдени кодты мәдениетің қоршаған әлемге құрылымдайтын және бағалайтын «тор» ретінде анықтайды [103, 56.].

В.А. Маслова «мәдени код – әлемнің ұлттық бейнесін қалыптастыратын әмбебап және ұлттық ерекшеліктер сигналдардың репертуары және сонымен бірге мәдени білімді құрылымдау тәсілі» [21, 206]. Р. Барттың анықтамасына сәйкес, «мәдени код – бұл көптеген дәйексөздердің перспективасы, көптеген мәдени құрылымдардан құрылған бірліктер [104, 396]. Осы айтылғандардан ұққанымыз: мәдени код – ұлттық бейнені қалыптастыратын ұлттық детерминистік және өзара байланысты бейнелер мен идеяларды жинақтайтын жеке халықтық танымның жиынтығы.

Мәдени код – бұл мәдени мағыналардың тасымалдаушысы болған материалдық және рухани әлем белгілерінің жүйесі; адамның әлемді игеру процесінде олар мәдени мағыналарды белгілейді, тасымалдайды. Тасымалдаушы белгілер, мәдени мағыналар – ауызша болуы мүмкін (сөзбе – сөз-жалқы есімдер, жалпы есімдер, фразеологиялық бірліктер, паремиялар, дәйексөздер түрінде) және басқа сипаттағы, мысалы, авербалды (заттық – табиғи және артефактілі), сондай-ақ психикалық (стереотиптер, әдет-ғұрыптар, әдет-ғұрыптар, құндылықтар бағдарлар, бағалау стандарттары, мәдени сценарийлер) [105, 138б.]. Осыған орай, мәдени код әлемнің мәдени бейнесін түсінудің кілті болып табылады. Ол бірнеше функцияларды



орындайды: мағынасы, рәсімі, белгісі сияқты мәдени құбылыстардың мағынасын ашуға әсер етеді; белгілі бір номинациялардың мағынасын анықтауға ықпал етеді, яғни белгі мен мән арасындағы байланысты қамтамасыз етеді; мәтінді ашуға және оқуға көмектеседі.

Мәдениет кодтары лингвомәдениеттің когнитивті базасын қалыптастыратын ұлттық мәдени кеңістіктің құрылымдық элементтерін құрайды. Адам санасындағы мәдениеттің өмір сүру формасы мәдени кеңістік деп аталады. Мәдени құбылыстар адам санасында көрінеді, ұлттық детерминистік болып табылады және жалпыадамзаттық, әмбебап элементтерді қамтиды, әрбір жеке мәдени кеңістікте ерекше орын алады. Мәдени кодтарды түсіндіру әлемнің бейнесін, рухани мәдениет тілінің бірліктерін, белгілі бір этностың құндылықтар жүйесін түсінуге және ұсынуға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда мәдениетті мәдени кодтар жүйесі ретінде де қарастыруға болады, оның көмегімен қоғамда әлеуметтік ақпарат сақталады және жинақталады. Қазіргі лингвомәдениеттану бойынша мәдени кеңістікті рәміздер арқылы кодтау адамның өзінен басталады. Зерттеушілер мәдениеттер жиынтығын кодтар арқылы ажыратады (соматикалық, кеңістіктік, уақыттық, пәндік, биоморфты, зооморфты, рухани және этнос ішінде оның мәдениетін құрайтын т. б.) [106, 776].

Қазіргі тіл білімінде мәдениет кодтарын жіктеуде бірізділік жоқ.

В.В. Красных негізгі соматикалық, кеңістіктік, уақыттық, пәндік, биоморфтық, рухани мәдениет кодтарын көрсетеді [107, 233б.]. А.М. Мезенко қала ішіндегі атауларды талдай отырып, сегіз мәдени кодты анықтайды: топоморфты, антропоморфты, физикалық-географиялық, флористикалық, фаунистік, эмоционалды-сипаттамалық, түрлі түсті және уақытша [108, 108б.]. М.Л. Ковшова лингвомәдени аспектіде фразеологиялық бірліктердің семантикасы мен прагматикасын зерттей отырып, анатомиялық, соматикалық, зооморфтық, өсімдік, пәндік, тамақ, акционерлік, ғарыш кодтарын сипаттайды [109, 48 б.]

В.В. Красных анықтамасы бойынша стереотип – «берілген бірлікке жатқызылған және берілген бірліктің артында тұрған құбылыстың тұжырымдамасын бейнелейтін валенттік байланыстардың инвариантты жиынтығымен қалыптасқан психикалық лингвальды кешеннің кейбір құрылымы» [107]. Басқаша айтқанда, стереотип – адамның, адамдар тобының, жалпы этностың санасында бар әлемнің тұжырымдамалық бейнесінің бір бөлігі. С.Г. Тер-Минасованың көзқарасы бойынша, стереотиптер – адамға жалпы әлем туралы түсінік қалыптастыруға, өзінің тар әлеуметтік, географиялық және саяси әлемінен шығуға мүмкіндік береді [110, 47-бет]. Демек, стереотип санада бар әлемнің тұжырымдамалық бейнесінің бір бөлігі ретінде қарастырылады. Стереотип – белгілі бір зат немесе құбылыстың екінші бір затқа немесе құбылысқа тән екендігі адам санасында жүйеленіп, тілдік бірліктер арқылы көріністенеді [111, 156].

В. А. Маслованың пікірінше, стереотип дегеніміз – адам өмір бойы жиі байланыста болатын заттар мен құбылыстар туралы объективті бейнелі-

визуалды анықтамалық идеялардың жиынтығы, тұтастай алғанда объективті шындықты бейнелеу әлемінің тұрақты тілдік бейнесін қалыптастырады [21, 69б]. Оның орталығында тұрақты бекітілген стереотиптік сөйлеу бейнесі бар.

Г. И. Исина «стереотиптердің тілдік ортаға енуі көбінесе әртүрлі этникалық қоғам өкілдерінің ақпаратты қабылдауын қиындататын ең күтпеген формаларға ие болады» деп санайды. Мұның себебі ұлттық ойлау, сананың ұлттық стереотипі, тілдің лексикалық жүйесінде өз бейнесін тапты " [112, 6б.].

Т.Ф. Семашко әлемнің тілдік бейнесі ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениетті тіл арқылы жеткізетін этникалық сананың белгілі бір тілге тән стереотиптерінен тұрады деген қорытындыға келеді [113]. Стереотиптер өздерінің функциялары мен мәні бойынша мәдени көзқарастарға өте жақын болып келеді.

Стереотип – белгілі бір әлеуметтік топ немесе жеке тұлғаға қатысты әрекетті өлшейтін стандартты пікір. В. В. Красных бұл жөнінде «стереотиптер басқа менталдық категориялармен салыстырғанда өте тұрақты және супер тұрақты ақпараттар жиынтығы [107]. Стереотиптер білімді реттейді, адамды өмірде бағытын адаспай табуға икемдейді. Н.Ф. Алефиренко стереотиптердің функционалды құндылығына назар аударады «Стереотиптер қоршаған әлемдегі қарапайым тым көлемді, күрделі және өтпелі кезеңмен танысу оны қабылдау жолында таптырмас құрал болып табылады» [114]. Идеялар, мәдени көзқарастар мен идеологемалар, стереотиптер бір-бірімен тығыз байланысты. Мәдени фон мен мәдени семаға ие болған стереотиптік бірліктер арқылы тұтас ұлттың менталдық білімінен хабар аламыз. Қарастырылған менталдық бірліктер адам, қоғам, лингвомәдени топ, бүкіл адамзат үшін ерекше маңыздылығымен сипатталады. Идеялардың, мәдени көзқарастардың, стереотиптердің идеалдардың, стандарттардың, принциптердің рөлін атқарады. Осыны ескере отырып, белгілі бір субъект өзінің мінез-құлқын реттейді. Сонымен, лингвомәдени тұрғыдан алғанда, концепт менталдық макробірлік болып табылады, ол идеялармен ғылыми және қарапайым ұғымдармен, мәдени көзқарастармен, идеологемалармен, стереотиптермен мәдени көріністі сипаттайтын ситуациялар атауымен түсіндіріледі. Осыған қарамастан, концептінің мазмұны толық көрініс таба алмайды. Оны бейнелеу үшін әртүрлі семиотикалық жүйелер және құрылымдық жағынан әр қилы белгілер қызмет етеді. Сонымен, еңбекқорлық\жалқаулық концептердің антропоморфты мәдени код аясында концептуалдық мазмұнын түсіну үшін қазақ тілінің әртүрлі тілдік құралдары : метафора, фразеологиялық бірліктер, мақал-мәтелдер, теңеулер және т. б. тілдік бірліктерді лингвомәдениеттанымдық аспектіде зерттейтін боламыз.

Антропоморфты мәдени код (соматикалық/ дене коды) еңбекқорлық\жалқаулық концептеріне сәйкес шындықты түсінуді тудыратын, еңбек қызметі туралы идеялар сана бөліктердің бейнелерінде адам денелері арқылы жүзеге асырылады. Адам денесінің бөліктері мен

мүшелері мақсаттар, өлшемдер, түрлер туралы идеяларды білдіреді. Еңбекті жүзеге асыруда адамның қол, аяқ, маңдай, иық сынды мүшелері белсенді қызмет атқарады. Еңбекке байланысты алуан түрлі стереотиптік идеяларды орындауда қол – істің, адамның шеберлігінің өзіндік өлшемін білдіретін таптырмас құрал. Еңбекке байланысты әр түрлі стереотиптік идеялар көбінесе қол квазисимволдық көрініс арқылы жүзеге асады. Қол – еңбеккердің ең бастысы «құралы» – істің, адамның шеберлігінің өзіндік өлшеміне айналады. *Қолы ұзын* – қолынан қандай болмасын іс келер, бай, дәулетті адам жайында айтылатын фразама. *Қолы қарап отырмады, Қолы - қолына жұқпады, Бір қолы он болды* тұрақты тіркестері тынымсыз жұмыс істейтін еңбекқор адам жайында айтылады. Қол өлшемдік метрикалық жүйеге айналады. Бұл метрикалық жүйе үш өлшемді, оның құрамдас бөліктері: саусақ, шынтак, иық. Қолдың «өлшеу құралына» айналуы кездейсоқ емес. Себебі көптеген іс адамның еңбегі қолдар арқылы жүзеге асырылады. Қол іс-әрекеттің символы болғандықтан, ұжымдық сана үшін маңызды деп саналатын жәрдемдесу, көмектесу ниеті адамдарға қарата айтылған: *қолғабыс тигізді, қол жалғады, қол ұшың берді, қолқанат болды, өз қолы өз аузына жетті*, яғни еңбекпен тұрмысы түзелді деген мағынадағы тұрақты тіркестерінің квазиденотативті мазмұны қол іс пен адамның құндылығын айқындайды. Осы айтылғандардан шығатын қорытынды: қолдың жағдайы – бұл жұмыс істеуге деген ұмтылыстың стереотипі. Қол әрекет сапасының стереотипі екені рас. Адамның бейімділігін белгілеудегі дененің басқа бөліктерінің арасында еңбекке көп араласатыны көзекені айқын көз арқылы адам жұмысқа деген көзқарасын барлығын мүмкіндігінше тез және оңай жасауға ниет білдіру сияқты сезімдер , таныса *көз қорқақ, қол батыр* мақалы қолдың көзге қарағанда еңбекке тез әрі шапшаң араласатының дәлелдей түседі. Жалпы, соматикалық белгілерге негізделген еңбекқор адамның портреті функционалды түрде былайша бейнеленеді: біріншіден, дененің белгілі бір бөліктерін қолдануға баса назар аударылады, негізінен, қол арқылы еңбеккер адамның бейнесін сомдау қазақ халқында көптеген тұрақты тіркестер арқылы жүзеге асырылады.

Еңбектің өрнегі жоғары, бірақ жұмыс шарасын орындау үшін иықтың атқарар қызметі мол. Мәселен, оны иығыңызға көтеріңіз; *иығынан ауыр жүк түсті* демек мұнда еңбектің бейнетін көтеретін адам мүшесі ретінде танылып тұр. Тұрмысы оңалған адамды *иығы бүтінделді* десе, еңбек етіп әбден шаршаған адамды *иығы жауыр болды* деп айтқан екен.

Еңбек әркетін ұзақ мерзімде орындау туралы стереотиптік идеялар аяқтың квази таңбасы арқылы көрсетіледі: *аяғы аяғына жұқпады*: тез, шапшаң қимылдайтын еңбеккер адамның бейнесінде жұмсалып отыр. *Жүрген аяққа жөргем ілінер* фраземасы жағымды коннотацияны білдіреді, өйткені бұл немесе басқа жұмысты орындау барысында еткен еңбектің бейнеті болар деген мағынада айтылған. Қол мен аяқтың бейнелері еңбекқор адамның стереотипіне айналады.

Еңбек туралы стереотиптік идеяларға негіз болатын адам денесінің тағы бір бөлігі – табан. Табан сөзіне қатысты фразеологиялық тіркестерді саралайтын болсақ, еңбектегі жәрдемші, көмекші туралы *табанымдағы тұяғым*, құл ретінде аямай еңбекке жұмсау – *табанын тілді*, күні-түні аянбай еткен еңбеккер туралы – *табан ақы*, *маңдай тер*, физикалық шиеленіс туралы идеяларды сөзбен жеткізеді *қара табан* – еңбегін сатып күн көрген жарлы, *табанынан жарылған-жарамды* ит пен таймас жорға туралы, *табаны алты қарыс* – жұмысқа төзімді адам, *табанының бүрі жоқ* – бастамашыл, еңбекқор адам. *Сары табан* еңбекке әбден шыныққан өз ісіне адал жан жайында айтылатын тіркес. Адамның еңбектенуі барысында маңдайынан тері шығуы бұл қазақ мәдениетінде өзіңізді тамақтандыру мүмкіндігі қазақ адамы үшін оның отбасы әрқашан бағалаудың мақсаты мен критерийі болды. Осы жерден еңбек туралы стандартты идеялар квази-стереотипіне: маңдай терді жатқызуға болады. Ал еңбекке құлшына кіріскен адамға: «маңдайынан жарылқасын!» деген ізгі тілек айтқан. Адал еңбектің стереотипі болған *маңдай тер* тіркесі қазақ танымында нағыз еңбекте шыныққан адамның бейнесінде айтылған. *Терін төкті, терін сатты, мұз арқалап, тер төкті, маңдай терімен тапты* тіркестеріндегі тер де еңбекке байланысты әртүрлі стереотиптік идеялар квазисимвол арқылы көрініс табады. Тер еңбекті өлшеу және бағалау барысында маңызды элемент болып табылады. Еңбек әркетінде тәжірибеге кеңелген, өз маманының майталманын *тіс қаққан* десе, енді ғана еңбекке араласып, аз уақытта нәтижеге жеткен адамға *тісі шығып келеді* деген екен. Адам денесіндегі *тізе* мүшесіне қатысты тілдік бірліктерде еңбекпен қаруланған адам бейнесін жасауға қатысады: *тізесін бүкпеді* – тынымсыз жұмыс істеді, көпшілікпен бірігіп еңбектенер уақытта *тізе қосты* деген тіркес қолданылады.

Еңбек процесін бейнелі ету үшін халқымыз іш дене мүшесінен жасалған тұрақты тіркесті де қолданған. Мәселен, *іші майлы* – еңбекпен тапқан дәулетті кісіні айтады. Осылайша, еңбектің басы, қолдары, аяқтары бар, іш және арқа, яғни еңбекқорлық концепті концептуализациялау барысында сана адамның контурын толығымен қамтиды. Алайда визуалды сезімдер маңызды рөл ойнамайды. Дене мүшелерін таңдау олардың функционалды болуына байланысты екендігіне көз жеткіздік. Қарастырылған тілдік бірліктердің символикасы, олардың өнімділігі, фразеологиялық және паремиялық қорда айқын көрінетіндігі қазақ халқының тілдік қатынасында көптеп көрініс табатындығымен ерекшеленеді.

Саусақ қазақ мәдениетінде әрекетсіздік, жалқаулықтың символы ретінде бағалауыштық қызмет атқарады. Мәселен, ақ саусақ тұрақты тіркесі нағыз жалқау адамға қаратып айтылса керек. Ештеңе жасағысы келмейтін, тіпті саусақпен қозғалуы қиын адам теріс бағалауға ұшырайды, *саусағының ұшын қимылдатпады* тіркесінің бағалау негізі – квази-сенотативті мазмұнның арақатынасы (саусақтың мөлшері аз, функциялары аз) — мәдени танымымызда *ақ саусақ* фраземасында жалқаулық, пассивтілік, еңбекке бастамашыл емес қатынас стандарттары бейнеленген. Жалқау, икемсіз

адамның бейнесін беруде адам денесінің мойын мүшесіне қатысты тұрақты тіркестерде қолданылады: *мойны жар бермеді, кезегесі кейін тартты* – жалқауланды, тірлікке икемсіз – *мойны қатты*, қиын іске адамды салу – *мойнына тау тесіп ілді*, ұжым болып ортақтасу – *мойын серік болды, кердең мойын* – қырсық, қыңыр еңбек етіп әрекетке икемсіз адамның бейнесінде жұмсалып тұр. *Шаруа болсаң, Қос етегің кең болсын* деген мақал-мәтелде шаруақор, еңбекке берілген адамның пейлі кең болып айналасына жомартығы көрінсін деген тілектің тереңіне үңілсек, кең болған адамға құдайдың да берері таусылмас деген философиялық түйін жатыр.

Қол дене мүшесінің еңбекқор адамның бейнесін бейнелеуде қарқынды түрде адам өмірінің негізгі мақсаттарын айқындау жолында қолданылса, жалқаудың бейнесін беруде түк бітірмей қарап жататын адамның қалпын суреттейді: *қолынан қой жарысы келмеді, қол қусырып отыр, қолы алдына сыймады, қолынан келмеді. Табаны жерге тимеген, маңдайы күнге күймеген* деген тұрақты тіркесте еңбектенбей өмірін құр өткізген адамның әрекетін сипаттайды. *Маңдай еңбекқор адамның іс-әрекетін сипаттауға қатысса, оған қарама-қарсы мағынада: маңдайы терлеп көрмеді* деген жағдаятта жалқауды бейнелейді. Жалқаулықтың, жатып ішердің белгісі ретінде ретінде адам денесінің жамбас мүшесі сөйлеу қатынасы барысында: *сары жамбас, жамбасының астынан жеп жатты* тіркестері арқылы жүзеге асырылады. Жалқау адамның іс-әрекетінде адам денесінің ішінде көп қатынасқа түсетін мүше – *ауыз*. Яғни «тірлік істеп, жанын ауыртқысы келмеген адамның аузы жылдам болады» деген сөз. *Ауызбен айды алады, ауызбен орақ орады, қолымен қосаяқ соғады* деген фразеологиялық бірліктері жалқау адамның бүкіл бейнесін ашып тұр. *Көбік ауыз* тіркесі де түк бітірмей құр аузымен бүкіл тірлігін бітіретін адамның келбетін суреттеп тұр. Жалқаулықты қатты сынайтын фраземаның бірі – *кер табан: Нары-жалқау кер табан, Құсы-күйшіл, ат шабан, Жырғалан жоқ, жобалаң*.

Біз зерттеген антроморфты мәдени код еңбекқорлық\жалқаулық концептеріне сәйкес еңбек қоғамның өмірі мен дамуының негізі болғандықтан, кәсіби сөйлеу барысында фразеологизмнің ең белсенді көздерінің біріне айналғандығын байқадық. Талдау нәтижесінде еңбекті адам өмірінің мақсаттарының бірі ретінде бағалау қазақ халқының тұрақты тіркестерінде айқын көрініс тапқан. Ал, жалқаулықты қоғамның дерті дей отырып, одан арылу өзін-өзі еңбекқорлыққа тәрбиелеу мақсатында жалқауды сұрықсыз, сүйкімсіз етіп көрсетуді мақсат тұтқанын байқау қиын емес. Бұл мәдени кодтың бейнелі негіздері құрылымы жағынан күрделі ақыл ойды менталды түрде фрейм мен сценарийлер бойынша бейнелейді. Қарастырылған мәдени кодқа негізінен халықтық мәдениет, оның өнімділігі мен өзектілігімен ерекшеленетін жағдаяттар бейнелі түрде қатысады. Біз талдаған стереотиптер еңбек стандарттарын көрсету үшін қолданылатын осы мәдени кодты ережелер сай оларға оң және теріс түсінік беретіндігін танытты.

## **2.2 «Еңбекқорлық\ жалқаулық» концептердің биоморфтық мәдени коды**

«Еңбекқорлық\ жалқаулық» концептердің стереотиптік көріністерін биоморфты мәдени код шеңберінде зерттеп көрейік. Биоморфты мәдени код санада жануарлардың бейнелерін жаңартады, еңбек атрибуттарын білдіретін құстар, жәндіктер, өсімдіктер арқылы бейнеленеді. Биоморфты лингвосомиотикалық қатарларды төртке бөліп қарастырамыз:

- \* «өсімдік» негізгі бейнесі бар қатарлар;
- \* «жануар» негізгі бейнесі бар қатарлар;
- \* «жәндік» негізгі бейнесі бар қатарлар;
- \* «құс» негізгі бейнесі бар қатарлар.

Соңғы ширек ғасыр мөлшерінде шетелдік және отандық филолог ғалымдар лингвистика ғылымының антропоэзектік бағытпен сипатталатын семантикалық зерттеулерді дамыта отырып, тіл мен таным сабақтастығы негізіндегі еңбектермен тіл білімі саласын жаңа бір сатыға көтеріп отыр. Қазіргі тіл ғылымының негізгі мақсаты – әлем бейнесін танудағы тіл құбылыстары сияқты: психология, философия, мифология, этнография т.б. тығыз байланыста зерттеу болып табылады. Когнитивті лингвистиканың негізгі термині – концепт жасаудағы тілдік бірліктердің ұлт мәдениетін танытудағы маңыздылығы алдыңғы қатарға шығып отырған уақытта алтын, күміс концептердің семантикалық мағынасын ашу өзектілігімен құнды болмақ. Тілдегі әлемнің бейнесі тұтас бір этностың санасы мен ойлау қызметі арқылы пайда болған образдары мен эталондары, дүние қабылдауы негізінде тіл арқылы бейнеленетін концептілік құрылымдар арқылы жүзеге асырылады. Мәдениеттің биоморфты коды айналамыздағы әлемде кездестіруге болатын кез келген тірі заттармен тығыз байланысты. Мәдени кодтың бұл түрі адамдардың жануарлар әлемі туралы түсініктерін көрсетеді. Биоморфты мәдени код бұл, ең алдымен халықтың көзқарасы мен қабылдауында басым болуымен байланысты стереотиптер. Биоморфты мәдени код аясында да орын алатын зооморфты және фитоморфты түрлері бар. М.Л. Ковшованың пікірінше, қоғамның коммуникативті кеңістігіндегі мәдениеттің ең айқын және анық экспликаторлары мәдениет кодтары қоршаған әлем объектілері –табиғат, артефактілер, адамның сыртқы қасиеттері мен ішкі қасиеттерін адамдардың оларды игеру және тану процесінде семиотикалық сипатқа ие болады. Осылайша, «мәдени код – мәдени мағыналардың тасымалдаушыларына айналған материалдық әлемнің белгілерінің (символдық денелерінің) жүйесі, адамның әлемді игеру процесінде олар аудармашы қабылдаған кезде танылатын, декодталатын маңыздылыққа ие болады» [109]. Тілдегі мәдени код – ерекше мағынаға, маңыздылыққа ие және басқалардың эталондық өлшемдері ретінде әрекет ететін ауызша белгілер санаты.

Биоморфты мәдени код айнасындағы тілден тыс шындық ойлау процесі ретінде салыстыру барысында қоршаған әлемді сезімдік тануда және

түсінуде маңызды рөл атқарады. Логикалық тұрғыдан алғанда, бұл адамдардың логикалық ойлауының дамуының нәтижесі, лингвистикалық тұрғыдан алғанда – ойлаудың сөйлеу іс-әрекетіндегі көрінісі, ал лингвомәдени тұрғыдан алғанда – тіл мен ойлау, тәжірибе, дәстүрлермен бірге пайда болатын қоршаған шындықтың бейнелі көрінісі – әлемнің ұлттық спецификалық көзқарасы ретінде, танымдық тұрғыдан – әлемді түсінуді анықтау мақсатында тілдегі осы түсініктің көрінісі, халықтарға тән әлем туралы түсініктерді анықтау мақсатында әлемнің көзқарасындағы айырмашылықтарды анықтау, сондай-ақ әлемнің ғылыми бейнесін түсінуге ұмтылу.

«Өсімдік» негізгі бейнесі бар тілдік бірліктер жеміс сөзі мен байланысты мағынада жұмсалады. Өсімдіктің негізгі кескінінің өнімділігі оның құрамдас бөліктеріне байланысты негізгі белгілері: өсу, даму, жеміс беру. Солар арқылы еңбек қайраткерлерінің ыңғайлы және сыйымды схемасының суреті пайда болады. Мәселен, *жемісін көрді, еңбегі жанды* - өсу, даму белгісі еңбек процесінің идеясын білдіру үшін таңдалады. *Ерте жат та ерте тұр, бір піспекті артық ұр, Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық* атты паремияларды талдайтын болсақ, халқымыз тіршілікте адамның ісі оңынан болып, бай-қуатты тұрудың алғы шарты ретінде ерте тұрып іс бастауды жөн санаған. *Ұйқысы қанбайтынның, Бақыты жанбайды* деген паремияда да сол ұйқыға құмар жалқаудың бұл өмірде бағы жанбай, өмірден сыбағасыз, түксіз өтетінің меңзеп тұр. Дінімізде *таңғы ұйқы ризыққа бөгет, таңғы тілек тәңірден* деген тіркестер ерте тұрып сергек көңілмен еңбектенуді дәріптейді. *Бір піспекті артық ұр* тіркесі арқылы біз халқымыздың тұрмыс-тіршілігінде айран, май пісудің маңызы зор болғанын, сол піспек сөзі арқылы бір істі артық бітір деп ауыспалы мағынаны білдіріп тұр. Піспек – мес, саба, күбі сияқты ыдыстардың ішіне салып қымыз, іркіт, қаймақ пісетін сабы бар құрал. Осы тұста *Сабасына қарай піспегі, Сақалына қарай іскегі* деген мақал әрекетіне қарай, адал еңбегіне орай келетін берекені меңзеп тұр. Қалай дегенмен де бұл сөздер қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінен хабар беретін, күнделікті өмір салтын сипаттайтын тіл бірліктері екендігі мәлім.

Жеміс – өсімдік құндылығының белгілі бір өлшемі. Бұл белгілер оңтайлы еңбек қызметінің нәтижелерін суреттеуде: «еңбек жемісі, жемісін көрді» сынды көріністермен еңбек қызметінің өзіндік сипаттамалық стандарты болып табылады. Мәселен, *Іздеген іскер ағашын табады, Еңбегі көптің өнбегі көп. Бір жылдығын ойлаған халық бидай егеді, Жүз жылдығын ойлаған халық ағаш егеді, Мың жылдығын ойлаған халық саналы ұрпақ тәрбиелейді. Төлден мал өседі, Шыбықтан тал өседі. Ағаш екпей жеміс бермес, Іс бітпей жеңіс келмес. Еңбегі жанғанның тоқтысы егіз туады.* Осы айтылған еңбек әрекетінің жемісті болуын, еңбексіз өмірде ешқандай әрекет алға баспайтындығын дәлелдейтін мақалдар халық өмірін, өмір-тіршілігін тұрмысын бейнелейтін, тіршілікте кездесетін құбылыстар мен жағдаяттарға

халық танымы аясында жауап бере алатын, ұлттық менталитетті танытатын тілдік көрсеткіш болып табылады.

Ата-бабаларымыздан сан ғасырлар тоғысының бізге мирас болып қалған астарлы да асыл, ұлағатты даналық ойының мәйегі болған мақал-мәтелдер қазақтың ұлттық болмысын нақ бейнелейтін болғандықтан, тілдік табиғатын ашу халқымыздың бүтін бір бейнесін танумен пара-пар. Демек, мақал-мәтелдерді лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан зерттеу арқылы халық өмірін, философиялық түсінігін, ерлік рухын, әдет-ғұрпын тануға жол ашады. «Мақал-мәтел түрінде ащы шындық кемшілікті айғақтап ғана қоймайды, сонымен бірге, этноәлеуметтік ортаның сол кемшіліктен арылуына немесе сол кемшілікті қайталамауына ықпал жасайды. Осы орайда, қоғамдық-әлеуметтік өмірді ретті де жөндем етуде сыни, жағымды мақал-мәтелдердің әсер-ықпалы бірдей деуге болады. Өйткені, жамандықтан жерініп, жақсылыққа емініп отыру – адамзат қоғамын шындап келе жатқан жағымды үрдістердің бірі [115, 598б.]. Осы орайда айтылған мақалдар келтірген орынды:

*Егіздетіп төл өседі, Еңбек етіп, ер өседі, Қойы көбейсе, Қойшы таяғының құтты болғаны. Қозы көбейсе, Қойының сүтті болғаны. Жылқы құлыннан өседі, Теңге тиыннан өседі. Бас екеу болмай, Мал екеу болмайды. Төл төлден өседі. Есек мінген еңбегін мінер. Бидай арқасында қарамық та су ішеді. Арпа, бидай ас екен, Алтын, күміс тас екен. Бағбан еңбектің қиыншылығын көрмесе, Жұрт жемістің дәмін татпас еді.* Біз талдағалы отырған мақал-мәтелдер тілімізде ұлтты болмысты көбірек жинастырған «әлемнің тілдік бейнесін» тануда ұлттың мәдени ерекшеліктерін, мәнділіктерін, құндылықтарын және басқа да когнитивтік болмысты жеткізетін, тасымалдайтын ерекше тілдік бірліктер болып табылады.

Халқымыздың бала өмірге келген күнінен бастап келесі жолдар арқылы айшықталып айтылатын бесік жырының өзінде еңбеккер мен жалқаудың бейнесін: «*Ұйқышының үлесі аз, Осы бастан біліп қой. Өмір сүйген тыншымас, Еңбек – нағыз қызық той. Әлди, әлди, бөбегім, Әлдилесін өлеңім*» [116, 35б.] бейнелі түрде жалқауды ұйқышыл деп, еңбекке бейім адамның әр күні тоймен тең деген мағынаны меңзеп тұр. Еңбекті сүйеге шақыратын халық ертегілеріндегі Аяз би ертегісіндегі Аяз бидің, «Керқұла атты Кендебай» ертегісіндегі Кендебайдың, «Күн астындағы Күнікей қыз» ертегісіндегі қарапайым қойшы баланың образдары еңбекқор адамды «мақсатына жететін», жалқауды «ұйқышыл, надан, кежір» мағынасындағы сөздермен бейнелеп беруімен құнды. Бұдан бөлек ежелгі қауымдастықтағы адамдардың тіршілігінен, өмірінен хабар беретін «Жоямерген» «Жерден шыққан Желім батыр» ертегілеріндегі басты кейіпкерлер өз еңбегімен жұртын бағып жүрген аңшы мерген батырлар арқылы көрініс тапқан еңбеккер адамның алғашқы бейнелері екенін аңғарамыз. Қазақ фольклорындағы аңшылық пен саятшылыққа арналған түрлі архаикалық әңгімелердегі басты кейіпкердің өз мақсатына жетуін, бақытын адаспай табуын еңбек арқылы жасалатыны баяндалады. Жалқаулықты сынап



еріншектіктен сақтандыратын ертегілердің ішінде «Еріншек етікші» атты ертегінің тәрбиелік мәні зор. Етікшінің үш ешкісі болады. Сол ешкілеріне қыстық азық жинамай қолдан өлтіріп алған етікші соңғы ешкісі аштықтан өлгенде селк етпестен: «Бәйбіше, біздің малдың өлімі осымен тыйылған да шығар»,— дейді. Жалқауға тән құр масылдық сынды жаман әрекеттерді сынау ертегінің негізгі мақсаты еді. Қысқа азық жинау аянбай еңбектену арқылы келетіні арты аштыққа алып келетін сюжеттер А.И. Крыловтан аударған әйгілі «Шегіртке мен құмырсқа» туралы шығармасында *шырылдауық шегіткені* еріншек, құмырсқаны еңбекқор етіп суреттеу арқылы бүкіл халықтық сипаттағы *еңбекті бағалау, еңбекпен тапқан нан тәтті* бейнесімен еңбексүйер халықтың болмысын керемет және ұтымды беріп отыр.

Концепт – салыстырмалы түрде реттелген ішкі құрылымы бар, танымдық (когнитивтік) әрекеттің нәтижесін білдіретін тұлға мен қоғамды қамтитын және жан-жақты, дүниені қабылдау мен ұғыну механизмі туралы ақпараттар жиынтығы. Концепт пен дискурс когнитивизмнің жетекші категориялары болып табылады. Адамның өмірге келісімен өз қажеттіліктеріне еңбек әрекеттері арқылы жететіні рас. Қазақ мәдениетінде еңбекке байланысты ырымдар, жол-жоралғылар, салт пен дәстүрлерлерге негізделген этнолингвистика және лингвомәдениет кеңістігінде зерттеуді қажет ететін тілдік бірліктер көптеп саналады. Еңбек\жалқаулық туралы ойды түсіндіретін лексемалардың көпшілігі қазақ тілінің фразеологиясы мен паремиологиясында, алғыс пен қарғыс сөздерінде ұлттық менталитеттің тұрақты бөлігі болып табылатын мәдени коннотациялардан көре аламыз. Қазақ ертегілерінің өзінде-ақ еңбекқорлыққа баулитын сюжеттер, жалқаулықты даттайтыны, теріс әрекеттерге балайтыны халқымыздың еңбек тәрбиесіне деген көзқарасының дұрыс екендігін байқатады. Қазақтың қай ертегісін алсақ та оның тәрбиелік астарында балаларды аянбай еңбек етуге шақыратыны және жалқаулықты қатты сынайтынын көруге болады. Мысалы, «Мақта қыз бен мысық» ертегісінде жалқаудың нышаны ретінде мысық, еңбекқорлықтың стереотипті бейнелері сиыр (сүт береді), ағаш (жеміс береді) еңбек әрекетін концептуализациялау процестеріне қатысады. Әрбір тілдік және мәдени ортада бейнелі ойлаудың ерекшеліктерін көрсететін жалқаулық пен еңбекқорлықтың нақты нышандары кездеседі. «Мысық» – көптеген елдердің танымында айлакерлікті, көріпкелдікті танытатын, ақылдылық, зейін, сезімталдықты білдіретін үй жануары. Египетте мысықтың бас мұнарасына табынған және мысықтар жақсылықты алып жүреді деп түсінген. Ежелгі Римде мысықтарға тән ерік-жігер және мінез-құлық еркіндігі болжанғандығын аңғарамыз. бар екендігін оларды бостандықтың эмблемасына айналдырды қасиетті жануарға балады. Дегенмен түнгі уақыттардағы мысықтардың айқайы мен қорқынышты көріністер теріс символизм тудырды. Кельттер қара мысықты зұлымдыққа жатқызды. Ислам дәстүрінде олар жыннардың инкарнацияларының бірі болып саналды, Жапонияда мысықтар сәтсіздіктердің хабаршысы ретінде

жапон ертегілерінде мысықтар әйел денелеріне қоныстануы мүмкін деп айтылады. Қазақ тіліндегі *мауыққан мысықтай қызыққа, сезімге мас болу, мысық көмбе қылық – сасық қулығы бар кісі, мысық тілеу- жамандық тіледі* деген сөз тіркестерінен *мысық* лексемасы жалқау, қу тілеу деген мағынамен астасып тұр. «Ат», «өгіз (өгіз)», «ара», «құмырсқа» зоонимдері қажырлы еңбектің нышаны болып табылады. Жоғарыда аталған стереотиптерді талдау биоморфтық өнімділікті көрсетеді. Бұл аталған зоонимдер еңбек әрекеттерін түсіндіруде мәдени код ретінде еңбек процесін түсінуге ықпал етсе, жалқаулықты «мысық», «шырылдауық шегіртке», «қу түлкі», «озбыр қасқыр» сынды ертегі кейіпкерлері арқылы еңбегі жоқтықты қатты сынап отырған. Орыс халық ертегілерінде еңбек концепті вербализациялайтын логикалық бірліктер тұжырымдамасы оң және теріс көзқараста суретелсе [116], қазақ ертегілерінде еңбекке деген мотивациялық бейнелер арқылы бала санасында еңбекке деген оң көзқарасты қалыптастыруға бағытталған сюжеттер көптеп саналады. Еңбекке байланысты әртүрлі стереотиптер әрекеттер квазисимволдық қол арқылы көрсетіледі. Ең бастысы қол – «еңбек құралы» - адамның еңбегінің, шеберлігінің өзіндік өлшеміне айналады. [117]

«Қотыр торғай» ертегісі де еңбек тәрбиесіне тікелей қатысы бар ертегілердің бірі. Ертегі мазмұны көптеген жалқаулықтан арыла алмай отырған бейнелердің жағымсыз сюжеттері арқылы бала санасындағы еңбекке деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға шақырады. Жануарлар туралы ертегілерден басқа күнделікті өмірдегі адамдар еңбегін мысалға ала отырып, өз мақсаттарына жеткен, адамзат игілігі үшін «Ұшқыр кілем», алысты жақындататын байланыс құралдарын армандаған қазақ «Аяз би», «Тазша бала», «Ұр тоқпақ», «Атымтай Жомарт» т.б ертегілерді насихаттап отырған. Жалқаулық» концепті барлық адамзат игілігінің дұшпаны, адам болам деген әр тұлғаның қас жауы екенін ақын өлеңдерінде анық байқалады. Абайдың А.И. Крыловтан аударған әйгілі «Шегіртке мен құмырсқа» шығармасында *шырылдауық шегіткені* еріншек, құмырсқаны еңбекқор етіп суреттеу арқылы бүкіл халықтық сипаттағы *еңбекті бағалау, еңбекпен тапқан нан тәтті* бейнесімен еңбексүйер халықтың болмысын керемет және ұтымды беріп отыр. Құмырсқа зоонимі еңбекқорлықты, шыдамдылықты, қарапайымдылықты, көрегендікті білдіреді. Қытайда құмырсқа тәртіп пен тынымсыз қызметті бейнелеген [118]. Ал, орыс халқының танымында үздіксіз білім беру қызметінің символына айналған. Қорыта айтқанда шығатын қорытынды мәдени рухани мәнділікке ие «еңбекқорлық» жалқаулық» концептері кез келген этностың мәдениеті мен таным түйсігінен хабар беретін ерекше құрылымға ие екендігіне көзіміз жетті. Халық арасында «кеусен», «көгентүп» деп аталатын дәстүр бар. Бұл дәстүрдің мәні егін екен егінші мол өнім алғанда туған туысқандары мен ауылдастарына астық береді, ал малшылар болса «көгентүп» беріп мырзалық ететіні еңбек мерекесінің тойына айналады. «Қолкесер» біреудің соғымын сойысқан соғымшыға қолкесерін деп сыбағалы етін береді. Бұл да қазақ халқының еңбекті бағалауының, еңбекқор адамға деген құрметінің белгісі болса керек.

«Салбурын»: аңшылардың аң атып келгенде ел жұртқа салтымыз бойынша атып алған олжаларынан әуелі ауыл ақсақалдарына атап, кейінірек аңға қатысқандар теңдей бөлісіп алатын болған. Аңшылардың аң аулап олжалы оралған сәтінен «сыралғы» сұрайтын да дәстүр бар. «Батырдан сауға, аңшыдан сыралғы» деген мақалдың да еңбекпен келген олжаның бөлісетіндігін еңбекқор аңшының мәрттігін көрсетсе керек. Осылармен бірге халқымызда *асар, үме, немеурін, жылу* атты бірігу арқылы жасалатын көптің еңбегі халқымыздың өмірінде үлкен маңыздылыққа ие екенін танытады. *Асар* жабылып жұмыс істеуге, көмекке шақыру, *үме, момши, Асар салды көмекке жұртты шақырды* [119, 60-б.]. Бұл айтылғандаран ұғатынымыз халқымыздың тіршілігінде аңшылық, мал шаруашылығы, егіншілікке қатысты әдет-салтымыз арқылы еңбекке деген құрмет пен ізгіліктің өзі ғасырлар бойы жинақталған керемет мәдениеттен көрініс беріп, дәлелдейді. Қазақ халқына ғана тән өзіндік ерекшелігі басым екендігін аңғартады.

Күнделікті өмірдегі негізгі тіршіліктің көзі болған – мал шаруашылығына қатысты халық педагогикасында жас ұрпақты еңбекке тәрбиелеу мақсатында айтылған мақалдар аз емес. Соның бірі:

Асық ойнаған азар,  
Доп ойнаған тозар,  
Бәрінен де қой жайып,  
Құйрық жеген озар.

Халқымыздың негізгі ұлттық ойынының бірі де бірегейі қойдың не арқардың асығын жинап, қынамен бояп, қорғасын құйып сақа жасайтын асық ойынын бәріміз білеміз. Екі бала ортадағы белгіленген жерге бір-бір асық қойып, оны бес аттам жерден сақамен ататын болған. Тигізген бала сол асықты алады да, жеңілген жақ асық қояды. Асықтың қызықшылығына түскен кей балалар кейде асықпен құмар ойнайтын да жағдайлар кездесіп қалатын. Қазақтың *асық ойнаған азар* деуінің сыры бұл ойынға деген бала құмарлығының күштілігінде. Бір ойнаған бала күні бойы үй бетін көрмей кетуге бар. Міне, жоғарыда айтылған мақалдың мағынасы осы.

Зерттеушілердің пікірінше, барлық тілдердің когнитивті танымында ең жиі кездесетіні жануарлар әлеміне оралатын бейнелер екендігі расталып отыр. Әлемнің барлық тілдерінде лексиканың ежелгі қабаты саналатын адамға тән мінез-құлқын, сезімдерін, күйін, сыртқы көбінесе зоонимдермен салыстыра сипаттайтыны рас [120]. Мәселен, зоологиялық атаулары бар жапон жұлдыз жорамалын еске түсірсек, 12 циклдан тұратын жыл атаулары – осының дәлелі. Түрлі халықтардың тілдерінде метафоралар, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестердің құрамында зоонимдердің болуы да сондықтан. Жануарлардың символикасы көптеген мәдениеттерде қолданылады. Адам бойындағы мінез-құлық, инстинкттер мен эмоцияларды бейнелеуде «жылқы», «өгіз», «құмырсқа», «ара» нұсқаулық бола алады. Еңбекқорлық әртүрлі тілдерде осындай зоонимдер арқылы жүзеге асырылады. [121].

Зооморфты компоненті бар фразеологиялық бірліктердің семантикасында жануардың атауы адамның мақсатына ауыстырылады. Семантикалық бірлестіктер (коннотациялар) зоониммен байланысты көріністер алуан түрлі: неміс тілінде *шошқа* бақытты адамның, орыс тілінде салақ адам, қазақ тілінде қадірсіз адамның сипатында болса, *мысық* неміс тілінде айлакер, орыс тілінде екіжүзділіктің, қазақ тілінде жалқаудың кейпінде кездеседі. Қазақ тілінде жалқаулықты сипаттайтын тұрақты тіркестерде *ит пен есек* зоонимдері: «*көк есекпен сауда жоқ – ертеңімен ісі жоқ*», «*көк ит*» сынды тұрақты тіркестерден айқын көрінеді. Негізгі кәсібі мал шаруашылығы болған қазақ қоғамында танымдық бірлік ретінде жануарларды белгілеу халқымыздың тіршілігінен алынса керек. Үй жануарлары ішінде қазақ жылқы малын өзіне өте жақын тұтқан. Онысы түсінікті де. Себебі, мінсе көлік, іпсе сусын, жесе азық болған жылқы малына қатысты көптеген мақал-мәтелдер, метафора, тұрақты тіркестер де жақсы мінездің барлығын телігені анық. «*Ақтылы қой, алалы жылқы*» қазақы ортадағы байлық жөніндегі дәстүрлі ұғымды метафоралық образбен шебер бейнелейді. Жылқы мінезді адам тіркесі де шыдамды, төзімді кісіге қаратып айтылады. Қажырлы еңбекті қажет ететін шаруақор бейнетті суреттейтін «*Сиыр бақтым – сйдаң қақтым*» тіркесі арқылы Зеңгі баба тұқымын бағудың қиындығын білдіреді. Сиыр малына қатысты жағымсыз бейнені суреттейтін «*Сау сиырдың бозы емес*» тіркесі бар. Бұл фразеологизмнің көбінесе адамның ерсі, дұрыс емес іс-әрекетінен туындайтыны жасырын емес.

Құмырсқа зоонимі еңбекқорлықты, шыдамдылықты, қарапайымдылықты, көрегендікті білдіреді. Қытайда құмырсқа тәртіп пен тынымсыз еңбекті бейнелеген. Көптеген мәдениетте ол үздіксіз білім беру қызметінің символына айналды. Құмырсқа лексемасына байланысты қазақта «*құмырсқа бел, құмырсқадай қайнады*» атты тіркестер бар. Еңбекті бейнелейтін жәндіктердің тағы бір түрі – ара. Ара бойында кездесетін «*еңбекқорлық*», «*топпен жұмыс жасау*» сияқты мінез элементтері *Балға қонған арадай*. Ара – ерекше мағынаға бай символ, әсіресе этикалық мысал ретінде жазушылар мен ақындардың еңбектерінде тазалық пен адамгершілік символы іспетті. Араларға тән қасиеттердің қатарына еңбекқорлық, ұйымдастырушылық, тазалық, қарапайымдылық, руханилық, даналық, батылдық, байсалдылық, шығармашылық, шешендік (тілі балдай) және ағартушылық жатады. Үнді-грек мифтерінде ара жел мен ауа-райы құдайының жоғалған ұлын тауып, әлемді құрғақшылықтан сақтап қалды. Аралар көптеген құдайлардың, соның ішінде ұлы құдайлардың атрибуттары немесе серіктері болды.

Әлемнің көптеген халықтарында арсыз адамды ит деп атау қалыптасқан. Ит индуc мәдениеті мен исламда лас жануар саналады. Татар, орыс, неміс тілдерінде «*ит*» зоонимі фразеологизмдегі жалқаулықтың тұрақты символы болып табылады. Қазақ тілінде *ит жанды* тіркесі өлген тірілгеніне қарамай сүйретіліп еңбек ететін адамға қаратылып айтылады. *Ит*

қорлық, ит жығыс, ит мінез, ит тартыс, иттің қара тұмсығындай көрді тіркестері жағымсыз мінез-құлықты сипаттайтын мағынада жұмсалады. Ит жеті қазынаның бірі деп халқымыз бірде итті малмен жанымыздың қорғаны деп түсінсе, бірде *итті* жаман адамды сипаттаудың символы ретінде де тіл қатынасында пайдаланатыны рас.

Зерттеушілер атап өткендей, зооморфты компоненті бар фразеологиялық бірліктер тотемизмдік наным аясында адамдар мен жануарларды сәйкестендіру идеясы әлемнің мифологиялық бейнесі туралы керемет ақпарат көзі болып табылады [122]. Сондай-ақ, адамның өзін, адам санасының дамуының қайнар көзі болатындай әлемнің жаңа бейнесінің құрылысын сипаттайтын заңдылықтарын ұтымды түсіндіру белгісімен және адамның интеллектуалды қызметін білдіретін тілдік оралымдар екені даусыз. Жалқаулықтың символы ретінде «шошқа» зоонимі ол әртүрлі халықтардың мәдениетіндегі лас импульстардың, трансформацияның, кері қозғалыстың, инволюцияның символы ретінде көрініс береді. Бұл жануар сонымен қатар құмарлықтың, қыңырлықтың символы болып табылады. Шошқаларға деген теріс көзқарас көптеген елдердің мифтерінде, әлемдік діни дәстүрлерде жағымсыз эмоциялармен байланысты. Орта ғасырларда адамдар тіпті шошқаларға қарсы сот ісін жүргізді. Тек Францияда 20-дан астам «шошқа еті» процесі болды. Қарапайым шошқалардың қылмысы нәресте өлтіру болды. Ортағасырлық қалаларда, тіпті Лондонда, XVII ғасырдың соңына дейін шошқалар көшелерде еркін жүрді. Олар мол ағынды сулармен қоректенді және үйлердің жанындағы арықтарда мекен етті. Көбінесе олар кедейлердің үйлеріне кіріп, ұйықтап жатқан балаларды жеп қоюға дейін барған. Бірде Нант қаласында шошқа тіпті өлім жазасына кесілді. Қазақ мәдениетінде шошқа бағу, оның етін жеу харам саналады. Қазақ тілінде «шошқа тағалап жүру» фраземасы бекерге уақыт өткізу, құр сеңделу түсінігінде пайдаланылады [123].

Жануарлардың символизміне жүргізілген талдау мынаны қорытындылауға мүмкіндік береді: әр түрлі халықтардың бейнелі ойлауы ұлттық ерекшелігімен сипатталады, ол фразеологиялық жүйеде өзінің жарқын көрінісін алатынымен құнды.

Мәдениеттің зооморфтық коды – өте қызықты және ерекше тіл қабаты, ана тілі мен мәдениетінің дүниетанымының ерекшелігін анықтайды. Бұл кодтардың болуы әмбебап болып саналады. Дегенмен, зооморфтық кодтар әмбебап қасиеттерді сақтауға ұмтылып, ұлттық ерекшелігімен ерекшеленеді. Адам өзгеру әлеміне тартқан жануарлар әлемнің мифопоэтикалық бейнесінде символдық рөл атқара отырып, адамның белгілі бір қасиеттерінің анықтамалық тасымалдаушысы ретінде әрекет етеді, осы тілде сөйлейтін халықтың тәжірибесін көрсетеді. Зооморфизмнің мәдени мазмұнын ашуда тілдік рәміздердің, стереотиптердің, зоонимдерді қамтитын стандарттардың сипаттамасы қызықты болып көрінеді. Осы психикалық құрылымдардың барлығы мәдени нысандар болғандықтан, олар мәдениетке қатысады және тілде белгіленеді. Мәдени мағыналар олардың жиынтығында және мәдениет

кодтарын құрайды. Кез келген мәдени код белгілі бір семантикалық жүктеменің болуын, әр уақытта ана тілінде шешілмейтін, бірақ игерілетін маркерлердің болуын болжайды.

### **2.3 «Еңбекқорлық жалқаулық» концептердің заттық мәдени коды**

Сөздің семантикасын зерттеудің құбылыстың санада таңбаланған аңғал – қарапайым – қарабайыр білімнің фантастикасы метафора мен метонимия арқылы белгіленеді. Мұндай концептуалды құрылымды зерттеудің кешенді тәсілі концептіні оның тілдік көрінісі арқылы қайта құруға мүмкіндік береді. Концептуалды метафоралар когнитивтік негізде құрылатын модельдер болғандықтан белгілі бір стереотиптік бейне арқылы әлемнің тілдік бейнесін отырып, құрылымдық типтердің салыстырмалы қарапайымдылығын білдіреді[124]. Мәдениет – адам жасаған барлық игілікті істердің жемісі. Бұл мағынада ол табиғаттағы құбылыстарға қарсы тұрады. Егер табиғаттың бәрі тірі ағзалардан болса, онда мәдениет келесі жасанды заттарды біріктіреді: тарихи ескерткіштер мен заманауи ғылыми жетістіктер, халық шығармашылығы мен авторлық шығармалар, рухани құндылықтар мен күнделікті өмірде қолданылатын материалдық заттар. Барлық қолданыстағы мәдени құндылықтардың физикалық көрінісі болуы немесе таза рухани болуы мүмкін екенін байқау қиын емес. Осыған байланысты мәдениет әдетте екі үлкен топқа бөлінеді: материалдық мәдениет және рухани мәдениет. Материалдық мәдениет пен рухани мәдениеттің өмір қажеттіліктерін өтей отырып, олардың когнитивтік модель ретіндегі символдық мәні, олардың түрлі қарым-қатынаста жұмсалатындығы зерттеуді қажет етеді. Материалдық мәдениет – адамзат немесе жеке халық жасаған барлық материалдық құндылықтардың жиынтығы. Бұл адамдар жасаған (ғимараттар, ескерткіштер, киім-кешек, ыдыс-аяқ, зергерлік бұйымдар, қару-жарақ, техника) немесе олардың қызметінен (ауылшаруашылық өнімдері, бақтар) туындайтын барлық заттарды қамтитын өте кең ұғым. Осы мағынада материалдық мәдениет адамдардың еңбегімен, еңбек нәтижесімен байланысты екендігін алға тарта отырып, осы еңбекқорлық, жалқаулық ұғымдарын сипаттайтын тұрмыстық заттардың бейнесі арқылы материалдық заттық кодтың стереотиптік идеялардағы когнитивті моделін анықтайтын боламыз.

Мәдениеттің заттық коды, ең алдымен, кеңістікті толтыратын және қоршаған әлемнің ажырамас бөлігін құрайтын заттармен байланысты. Мәдениеттің заттық коды объектілер мен заттарды, соның ішінде күнделікті өмір мен оларға тән қасиеттерді белгілейтін атаулар мен олардың тіркесімдерінің жиынтығы ретінде анықталады. Бұл атаулар деп аталатын объектілер мен заттардың табиғи қасиеттерінен басқа, мәдениет үшін функционалды маңызды мағыналарға ие, атауларға мәдениеттің тілі белгілерінің рөлін береді. Мәдениеттің заттық мәдени коды тұрмыстық заттардың, ғимараттардың бейнелері арқылы оның бөлшектері; киім; тамақ;

заттар, металдар, минералдар және т. б. арқылы тұрмыстық заттармен бейнеленеді [125]. Жансыз заттардың бейнелері оларға табиғаттан тыс әсер беретіндігі арқылы адам зат сияқты суреттеледі. Белгілі бір әрекетті орындау барысында сол істі орындау әрекетіндегі іс-қимылдар арқылы квазиденотативті мазмұнға ие болады. Мәселен, *Диқан бабаның кетпенінен, Шопан атаның таяғынан, Қойшыны таяғы асырайды, қасқырды аяғы асырайды, Қысына қарай көктемі, Диқанына қарай кетпені, Кезі келсе кетпен шап, Майрылмаса, қайырылсын, Кетпен шауып өлгем жоқ, Кемтаршылық көргем жоқ, Кетпені жоқтың көшеті де жоқ* атты мақалда таяқ пен кетпен сөздері қызметтің алғашқы кезеңдерінде функцияларды орындау үшін негіз болды және квазиденотативті мазмұнды арқалап отыр. Таяқ сөзі арқылы адал еңбекпен мал баққан адам әрекеті оң бағалауға ие болып отыр. Сонымен, квазитаңбалар кетпен, таяқ аталған стереотиптерден басқа еңбекті гендерлік саралау туралы, атап айтқанда, негізінен ер адамның кәсібі ағаш ұстасы және егіншілік отбасын қанықтыру мен өркендетуді қамтамасыз ететін қызмет түрлері.

*Етікшіні балға мен біз асырайды, Егіншіні кетпеннің жүзі асырайды. Етік тіге алмаған біз таңдайды* мақалдарындағы біз бен балға сөздері еңбеккер етікшінің негізгі қаруы бола тұра нағыз еңбектің квазитаңбасы ретінде жұмсалады. В. Н. Телияның пікірінше мәдениеттің материалдық (заттық) коды объектілер мен заттарды, соның ішінде күнделікті өмір мен оларға тән қасиеттерді белгілейтін атаулар мен олардың тіркесімдерінің жиынтығы ретінде анықталады. Бұл атаулар тілдегі мәдениеттің көрінісін сипатауда объектілер мен заттардың табиғи қасиеттеріне қосымша мәдениет үшін функционалды маңызды мағыналар үстейді. Көп жағдайда материалдық (заттық) код рухани код дәрежесіне көтерілуі де мүмкін жағдайлар кездеседі. Мәселен, қазақ киіз үйі заттық кодының генезисі мен семантикасын талдау барысында заттық кодтан семиотикалық мәртебеге ие болғандығын көреміз. Нәтижесінде киіз үй заттық кодтан рухани кодқа айналып, қасиетті, киелі мәртебеге ие болады, әлемнің ұлттық бейнесінің тұрақты символына айналады [126].

Ал орақ сөзі керісінше жалқау адамның құралы есебінде теріс бағалауға ие болып отырғанын келесі мақалдардан байқауға болады: *Орақшының жаманы, Орақ таңдайды, Қолымен қоға жұлмаған, Аузымен орақ орады. Орайы келсе орақ ор, Кезі келсе кетпен шап, Өтпес ораққа өлең шөп те тастай.* Еңбекке немқұрайлы қараудың, бос жүрудің тілдік символы ретінде орақ сөзі оның мағынасын импликацияға қосады. *Інненің көзінен өткендей* деп өте пысық, жұмысқа икемі бар адамды айтсақ, *Егіншіні кетпеннің жүзі асырайды, Тігіншіні инесі асырайды* мақалында ине сөзі белгілі бір кәсіп иесінің негізгі құралы іспетті еңбек әрекетінің негізгі көзі ретінде символдық мағынада суреттеліп тұр. *Бит қабығынан биялай тоқыған, Інненің көзінен өткендей* тіркесіндегі шебер адамның ісінен шыққан туындыға тамсанған қазақ халқы осылай өз ісінің зергеріне суретті бейнемен баға берген екен. *Еге білсең, Егін тасқа да бітеді* деген мақалдың

қашанда еңбектен адамның есесі кетпейтіндігі туралы, әрекетке берекет беретінін мойындаған халық тәжірибесінен туындағаны анық. *Еңбексіз өмір – сөнген көмір*. Мақалдың сөніп қалған көмірдің еш пайдаға жарамайтынын ескерсек, еңбексіз өткен өмірдің де адамзат атаулыға тигізер үлесі жоқ екендігін солып қалған көмір бейнесінде суреттеліп тұр. *Көк инемен көктеу білмейді* – қолынан дым келмейтін жалқау адамды бейнелі сөзбен жеткізіп тұрған фразепада ине сөзі еңбекқорлық// жалқаулық ұғымдарының еңбек етудегі жағымды (*Іненің көзінен өткендей, Іне басқаларды киіндіреді, өзі жалаң қалады*) жағымсыз (*көк инемен көктеу білмейді*) эталонға айналады. *Сыпырғы келсе, шаң тұрмас* фразеологиялық бірліктегі сыпырғы стереотиптер деңгейінде қандай да бір жолмен еңбек қызметінің құндылығын көрсетеді.

*Ерте жат та ерте тұр, бір піспекті артық ұр, Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық* атты паремияларды талдайтын болсақ, халқымыз тіршілікте адамның ісі оңынан болып, бай-қуатты тұрудың алғы шарты ретінде ерте тұрып іс бастауды жөн санаған. *Ұйқысы қанбайтынның, Бақыты жанбайды* деген паремияда да сол ұйқыға құмар жалқаудың бұл өмірде бағы жанбай, өмірден сыбағасыз, түксіз өтетінін меңзеп тұр. Дініміздегі *таңғы ұйқы ризыққа бөгет, таңғы тілек тәңірден* деген тіркестер ерте тұрып сергек көңілмен еңбектенуді дәріптейді. *Бір піспекті артық ұр* тіркесі арқылы біз халқымыздың тұрмыс-тіршілігінде қымыздың, ағарғанның маңызы зор болғанын, сол пісетін сөзі арқылы бір істі артық бітір деп ауыспалы мағынада айтылып тұр. Мес, саба, күбі сияқты ыдыстардың ішіне салып қымыз, іркіт, қаймақ пісетін сабы бар құрал. Осы тұста *Сабасына қарай піспегі, Сақалына қарай іскегі* деген мақал әрекетіне қарай, адал еңбегіне орай келетін берекені меңзеп тұр. Қалай дегенмен бұл сөздер қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінен хабар беретін, күнделікті тұрмыс-салтын сипаттайтын тіл бірліктері екендігі мәлім. Мәдениеттің әрлеу кодының ерекше сорттары мәдени білімді бейнелеу процесінде осы кодтың өнімділігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. *Ауылдың тоқтығы түтінінен белгілі* бұл мақал арқылы қазақ халқының тұрмысында қазан мен сол қазанның қайнауынан шыққан түтіннің береке мен мерекенің бастауында тұрғанын байқау қиын емес. *«Жер ошақтардан шыққан түтіндері де біріне бірі қосылып ұласып, тұтасқан көкиіл мұнардай тарайды»* [127, 1366.]. *«Міне, сенің аулыңнан ас ішетін кісілерді мына Дәркембай бастап кеп тұрады. Жалғыз өз үйің емес, осы ауылда неше түтін, неше қазан бар, соның бәрін асқызып отыр. Бар аулың қызмет етсін! – деді. Қаражанда әлі де үн жоқ»* [127, 1266.].

Мәдениеттің заттық аспектісіне қатысты рәміздерінің көпшілігі заттармен де ұсынылатындығын ескерген жөн. Осы негізде біз символдың ең алдымен объективті өрнегі бар деген болжам жасаймыз. Жоғарыда келтірілген тізімнен ауызша әлемнің қай аспектілері мәдени-тілдік сана үшін маңызды екенін көруге болады. Қазақ тілінде сөйлейтін адам осы негізгі бейненің көптеген сорттары ауызша және заттық белгілермен



ұсынылатындығын оңай атап өтеді. Мәдениет мәтіндерінен квази таңбаларды алу барысында негізгі бейнесі бар мәдениеттің заттық кодының өнімділігі анықталды. Тілге мәдениет феномені ретінде қарау, оны осы ұстанымдардан сипаттау ұлттық менталитеттің белгілеріне және олардың белгілі бір мәдениетті ұстаушының дискурсивті іс-әрекетінің сипатында лексикада, фразеологизмде, сөйлеу этикетінде, этикалық тұжырымдамаларда көрінуіне назар аударуды талап етеді. Тіл – халық менталитетінің қалыптасуы мен көрінуінің ең құнды көзі, оның көмегімен мәдениет сақталады және басқа ұрпаққа беріледі. Сондықтан еңбекқорлық\жалқаулық концептердің белгілері бар фразеологиялық бірліктерді талдау тіл мен мәдениеттің бөлінбейтін ұғымдар екендігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Бұл салалар арасында даусыз байланыс бар. Тілдің көмегімен мәдениеттің қалыптасуы мен өзгеруінің әртүрлі кезеңдері көрінеді. Бұл өзгерістердің барлығы тілдің көмегімен жазылады.

Осылайша, тілдің фразеологиялық құрамы халықтың құнды лингвистикалық мұрасы болып табылады, өйткені ол халықтың дүниетанымын, оның дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын, атап айтқанда фразеологиялық бірліктерді оның мәдениеті мен менталитетін бейнелейді және оларды ұрпақтан ұрпаққа тасымалдайды.

## **2-тарау бойынша түйін**

Бұл тарауда «еңбекқорлық жалқаулық» концептердің түрлі мәдени код аясындағы негізгі стереотиптері мен мәдени көзқарастары анықталып отыр. Жалпы халықтық мәдениетте «еңбекқорлық жалқаулық» концептердің антропоморфты мәдени код стереотиптері «еңбекқорлық жалқаулық» концептердің өлшемі, құндылығы, сапасы, тәсілі сияқты аспектілерін санаттарға бөлу үшін қолданылатын ең маңызды элементке жатады. Антроморфты мәден код аясындағы концептуализациялаудың осы аспектілерінің семантикалық матрицаларының тілдік ерекшеліктерін анықтау барысында еңбек пен еңбекті жоқтық әрекеттерінің бейнелік көріністерін саралауға мүмкіндік береді. Адам, оның психикалық және физиологиялық ерекшеліктері, әлеуметтік қатынастар барысында еңбекқор мен жалқаудың еңбекке араласу не араласпау әрекетінде жағдаяттар бейнелі түрде қатысады. Біз талдаған стереотиптер еңбек стандарттарын көрсету үшін қолданылатын осы мәдени кодты ережелерге сай оң және теріс түсінік береді.

«Еңбекқорлық жалқаулық» концептердің биоморфты мәдени кодының негізгі кескіндері еңбек пен еңбегі жоқтық ұғымдарын түсінуге үлкен ықпал ететіні рас. Биоморфты психикалық матрицалардың өзектілігі басымдылығына байланысты қазақ мәдениетіндегі өсімдік, жануарлар тұлғасы арқылы ауылшаруашылық еңбегі, жоғары құндылық, қоршаған ортаның ерекшеліктерін бақылауы жөніндегі білімін түсінуге мүмкіндік береді. Материалдық заттық код парадигмасы түрлі лингвомәдениеттермен сипатталады, олар адамның жұмысқа қатынасы барысындағы еңбек

қызметінің түрлері, тәсілдері, шаралары, мән-жайлары эталондарын шығарады. Субмәдениеттерде «еңбекқорлық\ жалқаулық» концептерін концептуализациялау кезіндегі мәдени кодтар: антропоморфты, биоморфты, материалдық-заттық мәдени кодтар тұтастай алғанда еңбектің антропогендік және акционерлік табиғатымен түсіндіріледі. Алайда, жалпыхалықтық мәдениетте ең өзекті болып табылатын антропоморфты код, субмәдениеттерде құндылық парадигмасының өзгеруіне байланысты материалдық-заттық кодтың маңыздылығы арта түседі. Тілдік символдар мен эталондар ақиқат дүниені игерудің когнитивті бағдарламасын құрастыруға көмектеседі. «Еңбекқорлық жалқаулық» концептілері білдіретін тілдік белгілер мыналарды анықтайды: қазақ халқының тұрмысында келесі мінез-құлық сценарийлері мен стереотиптері мәдени білімнің амбиваленттілігін көрсететін еңбек – күрделі кәсіп, үлкен физикалық күш-жігерді қажет етеді; еңбек материалдық тұрғыдан марапатталуы керек; еңбектің нәтижесі болуы керек, жалқаулық күллі адамзатты құрдымға кетіретін жағымсыз мінез, жалқау адамның бейнесі қазақ халқының лингвомәдени танымында жағымсыз коннотациялық бірліктермен берілген.

### **3. ҰЛТТЫҚ ПАРЕМИОЛОГИЯ МЕН ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДЕ «ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ\ ЖАЛҚАУЛЫҚ» КОНЦЕПТІЛЕРІНІҢ БЕРІЛУІ**

#### **3.1 Мақал-мәтелдерде «еңбекқорлық жалқаулық» концептердің тілдік ерекшеліктері**

Соңғы ширек ғасырдан бері тіл мен ойдың байланысын зерттейтін лингвистикадағы антропологистикалық бағыттың қазақ тіл білімінде кең өріс алуы бұл қоғамдық қажеттіліктен туындап отырғаны ақиқат. «Себебі қоғам өзгеруі, онымен байланысты сана жаңғыруы құндылықтарымызды бағалауға қатысты бұрын қалыптасқан қағидалар мен ғылыми зерттеу нәтижелеріне де ұлттық таным мүдде тұрғысынан қарауды қажет етеді» [128, 192]. Тіл қызметін кешенді түрде зерттеуді талап ететін когнитивті лингвистика қазіргі қоғамдағы сана мен ұлтты біртұтастықта қарастыру үшін таптырмас құрал екендігі шындық. Жаһандану үдерісі кеңістігінде тіл біліміндегі зерттеулер тіл мен ойдың, таным мен мәдениеттің өзара сабақтастығын зерделеу арқылы ұлттық мәдени-рухани қазынамызды танып білуге зор мүмкіндік береді. «Мақал дегеніміз – халықтың ғасырлар бойғы дүниетанымы, тәжірибесі жинақталып берілген, мазмұны жағынан ғибрат, өсиет сияқты, ізгі қасиеттерді уағыздайтын, құрылымы жағынан әрі көркем, әрі ырғақты, ықшам нақыл сөз» [11, 197-б.]. «Паремия» грек тілінен аударғанда «нақыл сөз» деген мағынаны білдіреді. Паремиялогия – паремияларды зерттейтін лингвистиканың бір саласы. Қазақ тілінің сөздік қоры паремияларға өте бай. Отандық тіл білімінде паремиялогия саласының дамуына үлес қосқан Ә. Қайдарды атауға болады.

Ата-бабаларымыздан сан ғасырлар тоғысында бізге мирас болып қалған астарлы да асыл, ұлағатты даналық ойдың мәйегі болған мақал-мәтелдер қазақтың ұлттық болмысын нақ бейнелейтін болғандықтан, паремиялардың тілдік табиғатын ашу халқымыздың бүтін бір бейнесін танумен пара-пар. Демек, мақал-мәтелдерді лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан зерттеу халық өмірін, философиялық түсінігін, ерлік рухын, әдет-ғұрпын тануға жол ашады. «Мақал-мәтел түрінде ащы шындық кемшілікті айғақтап ғана қоймайды, сонымен бірге, этноәлеуметтік органның сол кемшіліктен арылуына немесе сол кемшілікті қайталамауына ықпал жасайды. Осы орайда, қоғамдық-әлеуметтік өмірді ретті де жөндем етуде сыни мақал-мәтелдер мән мағынасы жағымды мақал-мәтелдердің әсер-ықпалы бірдей деуге болады. Өйткені, жамандықтан жерініп, жақсылыққа еміп отыру – адам қоғамын шындап келе жатқан жағымды үрдістердің бірі [115, 598]. Адамзаттың еңбек қызметі мен еңбек әркетін жасауға қарама қарсы мағынадағы «еңбекқорлық жалқаулық» концептері жалпы, әмбебап маңызы бар, сонымен бірге әлемнің тілдік бейнесінде ол «ұлттық» менталитетті білдіретін ерекшеліктерді қамтиды [129, 232б]. Бұл ұлттық ерекшелік әсіресе фольклорлық мәтіндерде, атап айтқанда мақал-мәтелдерде, фразеологиялық тіркестерде, метафора мен теңеулерде ең айқын түрде беріледі. В. Н. Телияның пікірінше, «мәдениет – бұл халықтың есінде сақталған тарихи қозғалысының жемісі» [130, 226б.]. Кумулятивті

функциясының арқасында, тіл оны сақтайды, бұл өткен және қазіргі ұрпақтар арасындағы диалогты қамтамасыз етеді. Тілдің паремиологиялық жүйесі мәдени-ұлттық дүниетанымды сөйлеушінің өз тіліндегі стереотиптер арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді. Мақал-мәтелдер ғасырлар бойы қалыптасқан қысқаша түрде бейнеленген күнделікті мәдениет пен халықтың өмір философиясының категориялары мен көзқарастарын бейнелейді. Осылайша, мақал-мәтелдер – ұлттың менталитетін сақтайтын және жаңғыртатын халық даналығының қазынасы. Мақал-мәтелдер – қай халықтың болмасын өз тіршілігіндегі кезеңдерді, қарым-қатынас пен қоғамдық құбылыстарды бейнелей сипаттайтын тура жолды хақ тірлікті айнытпай бір ауыз сөздің құдыретімен түсіндіретін сөздің мән-мазмұнға бай бөлігі. В.И. Дальдың 1862 жылы жазылған «Пословицы русского народа» [131] атты еңбегінде 178 тақырып бойынша 30 000 астам мақал-мәтелдерді құрастырып, жинақ ретінде шығаруы орыс халқының әдебиеті мен тіл білімінде мақал-мәтелдер туралы құнды еңбегі орыс паремиологиясының негізгі баспалдағы болып саналады. Қазақ халқының мақал-мәтелдерін жинастыруда, жариялауда, топтастыруда Ш. Уәлиханов, М. Әуезов, Ө. Тұрманжанов, Ә. Қайдар және т.б. ғалымдарды атауға болады. Қазақ халқының мақал-мәтелдерінің әдеби тұрғыда зерттелуі «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты очерктік еңбектен бастау алады. Бұл еңбекте мақал-мәтелдердің жанрлық ерекшеліктерін зерттеп жазған Б. Шалабайдың малшылық, егіншілік, аңшылық тақырыптары бойынша талдауы мен пайымдаулары атап айтса өтсек болады. Бұдан кейін қазақ мақал-мәтелдеріне қатысты М. Әлімбаев «Өрнекті сөз – ортақ қазына» атты зерттеу жұмысы паремиялардың шығу тарихы, жасалу жолдары, қолданылуы туралы оң көзқарастарын ортаға сала отырып, орыс тілінен қазақ тіліне мақалдардың аударылу поэтикасы жөнінде өз тәжірибесін ұсынған құнды еңбек болып қала бермек. Бертін келе, паремияларды лингвистикалық тұрғыда зерттеген ғалымдар еңбектері ішінде Р. Сәрсенбаевтың «Қазақ мақалдары мен мәтелдерінің лексико-стистикалық ерекшеліктері» атты кандидаттық диссертациясын атауға болады. Тілдік тұрғыда мақал-мәтелдердің авторлық қолданысқа қарай өзгеріске ұшырауы Ғ. Турабаеваның «Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің окказионалды қолданысы» атты зерттеу жұмысында жаңа пайымдаулар арқылы толықтырды. Тіл білімінде лингвистиканың когнитивті бағыты аясындағы қазіргі заман зерттеулерінің үлесінде паремиологиялық тіл бірліктерін танымдық мәнін ашудағы келесі еңбектерді атауға болады. Тіл білімінің жаңадан дамып келе жатқан салаларының бірі – лингвомәдениеттану тұрғысынан мақал-мәтелдерді тіл мен мәдениетке қатысты зерттеудің маңыздылығы артқан тұста еңбек пен еңбегі жоқтық тақырыбына қатысты паремияларды жинақтау, талдау когнитивті болмысын ашу – ұлттық болмысымен ерекшеленетін тілдік деректерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. «Мәдениетті танып білудің құралы – тіл» деп тұжырым жасаған Ә. Қайдар: «Бұл мәдениет – әрбір этносқа тән белгілі бір табиғи-әлеуметтік ортаға сәйкес қалыптасатын құбылыс. Өмір-тіршілік салты да, ортақ тіл,

ортақ дүниетаным, ортақ психология т.т. – осының бәрін біз этнос мәдениетінен таба аламыз. Ал соның бәрін танып-білудің ең басты құралы – тіл екендігін мәдениеттанушы ғалымдардың бәрі мойындайды» [6, 282-б.], «Культура – это мысли людей, а также действия и результаты этих действий. Частью культуры являются верования, знания и жизненные ценности. Культура разделяется всеми членами общества и передается последующим поколениям; она обладает внутренней логикой, символична и помогает людям приспособиться к среде обитания, как природной, так и социальной» [17, 132б.]. «Тіл ұлт мәдениет» үштігі негізінде мақал-мәтелдерге когнитивтік талдау жасау жолында ұлттың паремиялогиялық қордағы этностан мұра болып келе жатқан тілдік оралымдардың лингвомәдени, семиотикалық қырларын ашатын боламыз.

Қазақ мақал-мәтелдерін Ө. Тұрманжанов [133], А. Байтұрсынов [134], М.Әуезовтан [135] бастап көптеген ғалымдарымыз зерттеген. Соның бірі белгілі ғалым Әбдуәли Қайдардың 2004 жылы жарыққа шыққан «Халық даналығы» деген еңбегі мақалдарды тілдік, құрылымдық және этнолингвистикалық жағынан зерттелген құнды еңбектердің бірі саналады. Қазақ халқы қашанда сөзді орынды және жүйесін тауып сөйлеуді мақұл санаған. Сөйлем сазын, сөз мағынасын, тиянақты еркін сөз тіркестерін, мақал-мәтелдерді халқымыз ой елегінен әбден сұрыптап, өмір талқысынан өткізе отырып, жақсы мен жаманды, адал мен арамды, еңбек пен жалқаулықты, жомарт пен сараңды салыстыру арқылы адамзатқа дұрыс таңдауды һәм тура жолды меңзеп отырған. Қазақтың мақал-мәтелдерін зерттеп жариялауда оларды жинақтауда өз құнды еңбектерімен тіл білімі саласындағы орасан еңбектерімен көзге түскен ғалым Ө.Қайдардың мына пікіріне де құлақ аспасақ болмайды: «Халық даналығы біздің ата-мұрамыз, асыл қазынамыз. Тұңғыық дәуірлер түкпірінен сұрыпталып, халық жадында сақталып, бізге жеткен әуезді мұрамызды халықтың өзіне шашпай-төкпей, жинақтан тұжырымдап қайта қайтарсақ; біздің міндетіміздің орындалғаны» [6, 399-б.]. Бертін келе, мақал-мәтелдерді танымдық тұрғыда зерттеуші ғалымдар қатарына Ж.И. Исаеваның «Дүниенің паремиялогиялық бейнесі» деген диссертациялық еңбегін жатқыза аламыз. «Дүние бейнесін» жасауда адамның бүкіл болмысы мен шындық дүниені тануынан бастап, әлеуметтік ортасы түгел дерлік әлемнің паремиялогиялық бейнесіндегі басты нысан болып табылады [136]. Мақал мәтелдердің ұлт тілінде көп қолданыс табуын тікелей ұлттық таным мен мәдениетінің биіктігіне байланысты [137] екендігін, мақал-мәтелдердің танымдық бейнелілігі мен көркем мәтіндерде қолданылуы лингвомәдени тұрғыда әлі толық зерттелмеген тақырып екендігін, қазақ мақал-мәтелдері тұтас ұлттың дүниеге деген көзқарасының, қатынасының сипаттайтын ақпараттар жиынтығы [138] деп баға береді. Мақал-мәтелдер тек халыққа ғана тән ойлау қабілетін көрсетеді. Олар сөйлеуші халықтың пайымдаулары, наным-сенімдерін танытады. Тіл ұлттық руханияттың әмбебап коды ретінде этикалық психикалық тәжірибені қалыптастырудың ең бай мүмкіндіктерін қамтиды. Мақал-мәтелдерді өткен

әлемнен қазіргі және болашақ әлемге бағыттаушы деп санауға болады. Қанша уақыт өтсе де, олар әлі де өзекті болып қала береді. Адамдардың өз мәдени мұраларының осындай кішкентай бөлігінің шынайы құндылығын түсініп, оны болашақ ұрпақтарына беруі өте маңызды. Халықтың ұлттық бірегейлігін жоғалтуға жол бермеудің ең жақсы кепілі ұлттық тілдің құндылығын оның ойлауының қайталанбас қоймасының көрінісі ретінде түсіну. Ұлттық менталитеттің туындысы ретінде және мәдениетті қалыптастыратын маңызды категория ретінде ана тілінің мағынасын түсіну тілді (ең алдымен, оның сөздік қорын) халық рухының «болмыс үйінің» гипостазында түсіндіруге деген ұмтылысты тудырады. Мақал-мәтелдердің пайда болуы тереңде жатыр, олардың біріншісі қашан пайда болғанын анықтау өте қиын. Мақал-мәтелдердің фольклорға қатыстылығы олардың ауызша берілу сипатында болғандығын көрсетеді. XX ғасырда мақал-мәтелдерді зерттеудің дәстүрлі тәсілдерінен басқа (фольклористік, әдеби, лингвистикалық) лингвомәдениет таңдау пайда болды. Лингвомәдени талдауы елдің тарихын, оның мәдениетін, өмірін және т.б. қамтитын сыртқы факторлармен тығыз байланысты лингвистикалық елтану аспектілерін зерттеу ұлттық-мәдени семантикасы бар мақал-мәтелдердің қосымша семантикалық реңктерін нақтылауға немесе анықтауға көмектеседі. Мақал-мәтелдер халық надандықтың бұғауынан босатылған кезде пайда болды және адамдардың айналасындағы құбылыстар туралы ойлана бастаған тұста кең етек жая бастады. Мақал-мәтелдерде ежелгі адамдар ұрпақтарына адамгершілік ережелерін берді, сақтық, табиғатты құнды бақылау нормаларын үйретіп отырды. Ұлттың паремиологиялық жүйесін зерттеу адам ақыл-ойының даму тарихын зерттеу үшін өте маңызды, өйткені олар халықтың ішкі өмірін, оның айрықша қасиеттерін көрсетеді, өткенді болашақпен, отбасылық өмірмен және ұлтпен, ұлтпен байланыстырады [139].

Қазіргі таңда, тәуелсіздігімізді ту етіп көтергелі ширек ғасыр уақыт өткен тұста, бұрынғы ата-бабаларымыздан құнды мұра болып қалған қазақ мақал-мәтелдерін сөз еткенде, танымдық бейнелілігі хақында айтылатын да салыстыратын да мәселелер табылады. Заман мен қоғам әр дәуірде басқа болғанмен әр заманда шығарылған мақал-мәтелдердің бағынатын түп тамыры ол халқымыздың жүріп өткен сан ғасырлардағы тіршілік бейімдері мен салт дәстүрімізге бағытталған. Қазақ ел болғалы өз мемлекетін нығайтуға бағытталған шаралардың бастауында өз халқының табиғатына сай айтылған мақалдар сол халықтың салт дәстүрі мен сенім-нанымдарын бетке ұстаған.

Ұлтымыздың әр дәуірдегі ой-толғамдары мен тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрінен, жүріп өткен тарихынан хабар беретін мақал-мәтелдерді танымдық тұрғыда зерттеу арқылы қазақ халқына тән ұлттық нақыштар мен мәдениетіміздің сан қатпарлы үлгілерінен хабар алатындықтан, зерттеу жұмысымыздың маңызы арта түседі. Халқымыздың ұққаны мен түйгені, танымы мен талғамы, өмірдегі құбылысты өзінше бағалап, философиялық оймен тұжырымдап беруі арқылы өз ұрпағына өнегелі тәрбие құралы

болатындай асыл қазыналы ой орамдарымен талайды таң қалдырарлық тілдік бірліктер арқылы тура жолды сілтеп отырғанына күмән жоқ. Ұрпағының бойына жақсы мінез-құлықтарды қалыптастыруды, кемелденген қоғам құруды алға тартқан халқымыз әсіресе еңбек тәрбиесіне аса ұқыптылықпен қараған. Сонау әл-Фараби бабамыздан бастап адамзатты адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеуде ең негізгі өмірлік қажеттілік – еңбек қатынастарын игерудің маңыздылығын басты назарда ұстаған. Дана халқымыз «малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деп, адамға қажет игіліктердің ( мал, жан, ар) ара-жігін баяғыда ажыратып қойған. Дүние-байлық, малымыз тірі жүріп, жан сақтау үшін керек, ал тірі жүріп аман болудағы басты мақсат – арлы болу, адам болу. Аристотель, әл-Фараби, Абай – үшеуі де осы адам болу мен адамгершіліктің қыр-сырын танытып, оларды дәріптеумен, насихаттаумен өткен. Үшеуінің де ақиқат деп тапқаны – адам баласының ең қадірлі, ең қасиетті асыл игілігі – адам болу мен адамгершілік деген түйін. Өзге игіліктердің бәрі де осы бір қасиетті жолда жәрдемші, қызметші болуға ғана лайық. Яғни адамдардың ішіп-жеп, киім киіп, аман-саулыққа ұмтылып, кәсіп қуып, байлық тауып, бастық болып, түрлі-түрлі игілік жасап жүргендегі түпкі мақсаты – адам болу мен адамгершілік. Ал бұл игіліктер адамға тек қажырлы еңбектің арқасында келетіні сөзсіз. Шындығында да үлкеннің алдында балаң, кішінің алдында надан көрінбеудің жалғыз-ақ жолы – тоқмейілсуді білмейтін табанды еңбек екендігі ақиқат.

«Еңбек – адамның екінші анасы» деген нақыл сөзбен қаруланған қазақ дүниетанымында *«Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық; Арамнан алған түйеден, адалдан алған ешкі артық, Істегенің еліңе жақсы, үйренгенің өзіңе жақсы; Жігіттің түсін айтпа, ісін айт; Қолы қимылдағанның аузы қимылдар; Ынта болса адамда, қиын іс жоқ ғаламда»* деген сияқты мысалдардан айқын байқауға болады. Еңбек тек жұмыс, қызмет қана емес, адамды жақсылыққа тәрбиелейтін, шыдамдылыққа жол көрсететін ізгі амал ретінде қазақ ақындарымен жазушыларының шығармашылығынан кең көрініс тапқан. Бақытты өмір сүрудің кепілі болған еңбек адамды ынталандырады, алға жетелейді, мақсатына жеткізеді. Қазақ дүниетанымында берекелі отбасы, шат-шадыман өмір сүру, денінің саулығы, ет жақындарының сүйіспеншілігіне бөлену, мақсатына жеткізетін, рухани, материалдық жетістіктің негізгі кілті болып табылатын *еңбекқорлық* концепті сан ғасырлық өмір тәжірибесінен өткен, ғаламдық дәрежедегі концептіге ие.

Мақал халықтың пікірін білдіретіндіктен, негізгі дереккөздердің бірі халықтың даналық ойларын ауызша жеткізу арқылы дами отырып, қарапайым адамдардың, аңшылардың, ағаш ұсталарының, кооператорлардың сөйлеуінде шындалды, саудагерлер, жер жыртушылар, ежелгі дәуірден белгілі басқа кәсіптерге, қатысты мақал-мәтелдер жоғары өнер мен күнделікті өмірдің бірлігін білдіреді [140, 76.]. Алғашқы еңбек қызметімен байланысты мақал-мәтелдер тәрбиелік және адамгершілік сипатта болды. Кейінірек тақырып мақал-мәтелдер кеңейе түсті, дегенмен тәрбиелік мәні

сақталып, болды. Мақал-мәтелдер олар тұрмыстық құбылыстар және қоғамдағы адамдардың негізгі қатынастары ретінде реттелетін заңдардың жазылмаған «кодексі» болды. Бұл тек қана мақал мәтелдердің қолданбалы ерекшелігі олардың мазмұнына өз ізін қалдырды және адамдардың өмірі мен іс-әрекетінің барлық аспектілерін, дағдыларын және әдет-ғұрып негіздерімен ұштасып жатты. В.И. Даль мақал-мәтелдерді өзінің жинағында идеологиялық тұрғыдан былай орналастырды: тақырыптық принцип, көптеген бөлім атауларында қарама-қарсы өмірлік құбылыстардың диалектикалық байланысы алдыңғы қатарға шықты. Міне кейбір бөлім атаулары: «жақсы-жаман», «қуаныш-қайғы», «шындық-өтірік», «ақыл-ақылсыз», «көп-аз», «өзім-өзге», «дос-жау», «жұмыс-мереке» және т. б. Мақал-мәтелдер тілдік қоғамдастық мүшелерінің танымдық қызметін көрсетеді, ана тілінде сөйлейтіндер әлемі туралы аңғал түсінікке негізделген [141]. Мақал-мәтелдер халықтың бейнелі қабілетінің айқын дәлелі. В.Н. Телияның әділ ескертуі бойынша, «бекітілген бейнелер жүйесі тілдің паремнологиялық құрамында оның мәдени-ұлттық тәжірибесі мен дәстүрлері туралы дүниетанымның жинақталуы және қандай да бір жолмен материалдық, әлеуметтік немесе осы тілдік қауымдастықтың рухани мәдениеті, сондықтан ол куә бола алады» [142, 215]. Тіліміздің көркем тәсілдерінің ішіндегі ең қуаттысы мен құнарлысы болып табылатын паремиялық тіл бірліктерінің өне бойына алуан түрлі когнитивті ақпараттар жинақталған. Біз талдағалы отырған мақал-мәтелдер тілімізде ұлттық болмысты көбірек жинастырған «әлемнің тілдік бейнесін» тануда ұлттық мәдени ерекшеліктерін, мәнділіктерін, құндылықтарын және басқа да когнитивтік болмысты жеткізетін, тасымалдайтын ерекше тілдік бірліктер болып табылады

Қазақ мәдени танымында еңбекқорлыққа тәрбиелеу отбасыдан басталады: бала күннен ертегілер мен батырлар жыры, бесік әнінің өзінде еңбекке баулудың керемет үлгілерін табуға болады. Еңбекке тәрбиелеуде мақал-мәтелдер үлкен рөл атқарды. Еңбек тақырыбындағы мақал-мәтелдерде халықтық дүниетанымын терең және кең бейнелеу маңызды сипат алғандықтан зерттеушілер халық дүниетанымын сипаттайтын дереккөз ретінде таниды. [143, 40б.]. Ойлаудың диалектикасын көрсететін еңбек тақырыбындағы көптеген мақал-мәтелдер антитезаға негізделген: *«Жалқаулық – аздырады, Еңбек – тоздырады»; «Кісіден тілегеннің екі көзі шығады, Еңбегіне сенгеннің екі бүйірі шығады»; Еңбеккер ұйқыдан ширап тұрады, Еріншек ұйқыдан қирап тұрады; Аз жұмысты қиынсынсаң, Көп жұмысқа тап боларсың; Еңбектің наны тәтті, Жалқаудың жаны тәтті; Еріншек – су, еңбекқор – бал ішеді. Еңбек береді, жалқаулық алады»*. Мақал-мәтелдердің лингвомәдени талдауы елдің тарихын, оның мәдениетін, өмірін және т.б. қамтитын сыртқы факторлармен тығыз байланысты. Қазақтың еңбекқорлық\жалқаулық тақырыбына қатысты мақал-мәтелдері лингвистикалық елтану аспектілері мен халқымыздың ықылым заманнан бергі ұстанымдарын нақтылауға немесе анықтауға көмектеседі. Жалпы алғанда қазақ танымында еңбек пен бақыт бір-бірінен елестете алмайтын



ұғым қатарында. *Еңбек пен бақыт егіз, Еңбек – ырыстың бұлағы, Еңбек – бақыттың шырағы, Еңбек еткен мұратқа жетеді, Бас пен бақ та бітеді, Құр жатқан Тәңірінің құтынан қағылады* атты паремиялар – осының дәлелі. Демек, өз ғұмырында еңбектенген адам сөзсіз бақыттың кілтін, берекенің құтын тапқан адам екені даусыз.

*Малды бақсаң, сиыр бақ, Сүт кетпейді шарадан. Егін ексең, бидай ек, Құт кетпейді даладан. Жаманға жан жуымас, Жалқауға мал жуымас. Жалқау – өзіне жау. Су – ырыстың көзі, Еңбек – кірістің көзі.* Кез келген халықтың мақал мәтелдері ұлттың жарқын бейнесі болып табылады. Мақал-мәтелдерді зерттеу халықтың рухани жүйесін, ұлттың адамгершілік құндылықтары мен тарихын білуге көмектеседі. Еңбек пен жалқаулық туралы мақалдарда қазақтың өмірі мен әдет-ғұрыптық ерекшеліктері сақталған және ғасырлар бойы қалыптасқан еңбек пен еңбегі жоқтық жөніндегі ойлардың бейнелеу жүйесімен астасып жатқан халықтық даналық жүйесі жатыр.

Мақал-мәтелдердің бейнелі және мәнерлі мазмұны ұлттық сипаттағы маңызды ақпараттарды жеткізуші ретінде лингвомәдени талдау барысында құнды болмақ. Қазақ халқының күнделікті тұрмысында кәсібінде ең маңызды деген шаруашылық түрлерінің мәні мен мағынасы осы мақал-мәтелдерде айқын көрініс тапқан. Мәселен, егіншілікті ежелден шаруа көзіне айналдырған халқымызда мынадай мақалдар бар: *Егін піспей, қап сайла, Егіні бітіктің қырманына қыдыр қонады. Шегірткеден қорыққан егін екпес, Бөріден қорыққан мал жимас. Еккенің піскен болса, Орғаның балауса болмас, Ексең орасың, Берсең аларсың. Жегіп жегін, Ексең егін, Ішерсің тегін. Жер – байлықтың көзі, Еңбеккер иесінің өзі, Еге білсең, Егін тасқа да бітеді.* Біз талдағалы отырған бұл мақалдарда қазақ халқының жылдар бойы егіншілік кәсібінің қыр-сырын өмір тәжірибесі барысында әбден зерттеп, еңбекқорлықпен қатар алдымен жігер, ерік, талап, талпыныс, сабыр деген қасиеттерді де бойын сіңіргені дұрыс болар деген ниет жатыр. Кез келген ұлттың мәдениетін тануда мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, қанатты сөздер әмбебап білім ретінде көрінеді және ұлттық құндылықтар, идеалдар мен көзқарастар жайлы хабардар етеді. Қазақ халқының өмір салты, оның ұлттық сипаты өз кезегінде, халық еңбегінің сипатын анықтайды (егіншілік, мал шаруашылығы, аңшылық, құсбегілік, қолөнер). Әр мақал-мәтелде халықтың рухы, оның дүниетаным, адамгершілік критерийлері, адамның ішкі әлемін бағалау сынды құндылықтар жасырынған. Қазақ халқының мақал-мәтелдерінде еңбекке байланысты қарым-қатынас бейнеленген адамдардың келесі тұрақты рухани құндылықтары барлық халықтарға ортақ: шынайылық пен еңбекқорлық, адалдық пен жауапкершілік сынды қасиеттер басты назарға алынған.

Қазақ халқының тіршілігінде еңбек қатынастарының маңыздылығы мен өмірлік қажеттіліктерін өтеудің жалғыз жолы деп қабылдаған кәсіпке, еңбек тәрбиесіне қатысты мақалдар уақыт тоғысында осы заманға тіл арқылы жетіп отырғаны мәлім. Адамдағы кемелдену мүмкіндігі мен әрекетінің түпкі

сыры мен бастауы ақыл. Ал ақылды адам қашанда еңбек арқылы өз мақсат–мүддесін қанағаттандырып отырғанды жөн санайды. Қазақ халқының негізгі кәсібі болған мал шаруашылығына қатысты мақалдарды танымдық тұрғыда саралағанда көшпелі халықтың көптеген жылдар бойғы іске, еңбекке деген сүйіспеншілігі мен адалдығын танимыз. Мәселен,

*Сиырлының үйі айран, Сиырсыздың үйі сырдаң.* Қазақ өмірінде сүт өнімдері басты азығы болғандықтан, молшылыққа кенеліп, көктем шығып, мал төлдеген мерзімді **«ауыз аққа тиген кез»** деген. Тіпті қазақ тыйымдарында: «ақты төкпейді, аяққа баспайды» деген сөздер де бар. Бірінші жолдағы **айран** сөзі **айрандай ұйыған, берекелі** дегенді білдірсе, екінші жолдағы **сырдаң** сөзі кедей, тақыр, жағдайы келіспеген деген мағынаны аңғартады. Бұдан аңғаратынымыз, қазақ әрқашан да берекесі мен мерекесін шаруасымен, малымен байланыстырып отырған.

*Ақсақ қой түстен кейін маңырайды.* Дүниенің паремиологиялық бейнесін «адам және оның ортасы» деген пайыммен саралаған қазақ халқы кез келген іске мүмкіншілігі, икемі келмеген адамды әрдайым кешігіп жүретіндігін кекесін мағынада осылай атаған. Адам кемшілігін төрт түлікке телу арқылы әр істі дер кезінде бастау және тиянақты бітіру керек екендігін ескертеді.

*Мал ашуы жан ашуы.* Қазақта саулық сұрасқанда: «Мал-жан аман ба?» деуі бекер емес. Қолындағы бары малына сүйенген көшпелі қоғам мал арқылы барлық қатынастарды реттеп отырған. Жесе асы, іпсе сусыны, мінсе аты болған төрт түліктің барлық түрін қазақ қадір тұтады. Халық өміріне төрт түлік малдың сіңісіп кеткені соншама, ауыз әдебиетімізде де төрт түлікке қатысты паремиялогиялық бірліктер концептілік деңгейге дейін көтерілген.

*Малды баға біл, бабын таба біл.* Негізгі тіршілік көзі мал болғандықтан, қазақ малға жайылым табу үшін, жазда жайлауға, қыста қыстауға, күзде күзеуге көшіп отырған. Көшкенде жүктерін түйеге артатын болған. Түйе көп болса, жүкті ана түйеге, мына түйеге артармын, бәріне тең бөліп салайын деп жүргенде жұмыс бітпей, қаншама уақытың зая болады. Қазақ мақалының **«Түйе көп болса, жүк сыймас»** деуінің сыры осында жатыр. *Малдың жайын баққан білер, Отынның жайын жаққан білер.* Адам тіршілікті қаңдай іспен айналысса да әр іске өз маманы кірісуін **«тауық сойса да қасапшы сойсын»** деген қисынға қарай әрекеттеунуді жөн деп тапқан. Сондықтан, әр істе өз ісінің нақ майталманы мен маманы кіріскені абзал тұтқан. *Атты қамшыменен айдама, жемменен айда.* Еңбектің көзін табу үшін күшке емес, әдіске салу керек деген мағынада жұмсалады. Осы ұғыммен ұштасатын **«Жылы жылы сөйлесең, жылан інінен шығар»** деген де мақал бар. Демек, қазақтың танымындағы «адамға күш қолданып айтқанына жүргізу адалдыққа, адамшылыққа жатпайды» дегентүсінікті осындай мақалдардың астарынан да байқауға болады. Күнделікті өмірдегі негізгі тіршіліктің көзі болған – мал шаруашылығына қатысты халық

педагогикасында жас ұрпақты еңбекке тірбиелеу мақсатында айтылған мақалдар аз емес. Соның бірі:

*Асық ойнаған азар,  
Доп ойнаған тозар,  
Бәрінен де қой жайыт,  
Құйрық жеген озар.*

Халқымыздың негізгі ұлттық ойынының бірі де бірегейі болған қойдың не арқардың асығын жинап қынамен бояп, қорғасын құйып сақа жасайтын асық ойынын бәріміз білеміз. Екі бала ортадағы белгіленген жерге бір-бір асық қойып, оны бес аттам жерден сақамен ататын болған. Тигізген бала сол асықты алады да, жеңілген жақ асық қояды. Асықтың қызықшылығына түскен кей балалар кейде асықпен құмар ойнайтын да жағдайлар кездесіп қалатын. Қазақтың асық ойнаған азары дейтінінің сыры бұл ойынға деген құмарлығының күштілігінде. Бір ойнаған бала күні бойы үй бетін көрмей кетуге бар. Міне, жоғарыда айтылған мақалдың мағынасы – осы. Қазақ халқының мал шаруашылығын жақсы меңгергендігін жоғарыда берілген мақал-мәтелдерден байқауымызға болады. Көненің көзі іспеттес мақал-мәтелдер тобы келер ұрпаққа еңбек етпегеннің ішіп-жемейтінін түсіндіре келіп, оларды еңбек сүйгіштікке, адал еңбек етуге баулиды, жалқаулық, бойкүйездік, жатыпшыар арамтамақтықтан бойды аулақ салуға шақырады.

*Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді* атты паремияны да, ол жақсы мен жаманды айыра білетін, адал еңбекпен мал таба алтын ер азаматтың өне бойында ар-ұжданы болған намысшыл ұят пен арды бетке ұстаған адам бола алатындығын нұсқап тұр. Яғни қазақ намысшыл адамның әрдайым ұяттан аттай алмайтын, әділдікті ту етіп ұстаған көп көрген мен көп жасағанды қасиет тұтатындығын керемет мақалдар арқылы халыққа жеткізіп отырған. *Әдептілік, ар-ұят – адамдықтың белгісі, тұрпайы мінез, тағы жат – надандықтың белгісі, Ынсап, ұят, терең ой – асыл зейнет біліп қой, Өз ұятын білген кісі, бір кісіге төрелік береді, Ұят кімде болса, иман сонда, Ұят – иман белгісі, ұяттыда иман бар, Ұяттан адам өлмейді, сағы сынады*, т.б. сынды паремиялар арқылы «ар-ұят» ұғымдарын еңбекке тәрбиелеуде өте ұтымды пайдаланған.

Мақал-мәтелдер өз бойына ұлттық менталитетке сай бет-бейнесін, тұрмыс-тіршілігін, ұлттық құндылықтарын жинақтаған ақпараттық бірліктер ретінде кемелденген қоғам құрудың алғы шарты негізінде адал еңбекті дәріптеген керемет тіл айтылымдары екендігіне көзіміз жетіп отыр. Қазақ халқы ежелден қонақжай, көпшіл халық. Сол көпшілдігінің арқасында өмірде кездесетін талай нәубеттерден аман қалып отырған. Қазақ халқының басынан өткен түрлі жағдаяттарға байланысты шыққан мына паремияларды атап өтсек болады: *Көп еңбегі көлмен тең, Көп жабылса, жоқ табылады, Көп қолдаса, жауды жеңбей қоймайды, Көптің қолы ұзын, Көп көрген жер көңілді, Көп еңбегі өнімді, Көп ісінде береке*. Содан болса керек, *асар, үме, немеурін, жылу* атты бірігу арқылы жасалатын көптің еңбегі халқымыздың өмірінде маңыздылыққа ие болғалы адамгершілік мінез танытатын,

жұмылып жасалатын ұжымдық еңбек дәстүрі қалыптасқан. *Асар* жабылып жұмыс істеуге, көмекке шақыру, *үме, момыш, Асар салды көмекке жұртты шақырды*. [143, 60-б.].

*Алтын алма, алғыс ал, Алғыс алтын емес пе!* – алғыс айтудың, бата алудың қазақ мәдени танымында ерекше мәнділікке ие екендігін көрсететін мақалдардың бірі. Немесе, адамзатқа еткен қызметінің нарқын алтынмен (материалдық құндылық) емес, алғыспен қайтуын тілеген ата-бабалар тәжірибесінде алғыс алудың да, алғыс айтудың да қайтарымы тек жақсылық болған. Мақал-мәтелдерге тән басты ерекшеліктерінің бірі – бағалаушылық қасиет. Дүниеде бағаланбайтын зат, бағасын алмайтын құбылыс болмайды. Бағалаушы – сөйлеушінің өз тарапынан құбылыс пен затқа, іс-әрекет атауына берген бағасы, көзқарасы, оған деген қарым-қатынасы [15, 134-б.].

«Жалпы мақал-мәтелдер – халықтың ғасырлар бойы білдіріп келе жатқан дүниетанымдық, философиялық түйіндеу қабілетінің көрінісі, мейлінше сығымдалған, аз сөзді тыңдауға да, айтуға да икемделген әсерлі түйін сөздер деп айтуға болады, белгілі бір ойдың, пікірдің, танымның квинт-эссенциясы, яғни қазақшаласақ, маңызы (еттің сорпаға қайнап-қайнап шыққан нәрі) десек болар» [144, 185-б.], *Ерте жат та ерте тұр, бір піспекті артық ұр, Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық* атты паремияларды талдайтын болсақ, халқымыз тіршілікте адамның ісі оңынан болып, бай-қуатты тұрудың алғы шарты деп ерте тұрып іс бастауды жөн санаған. *Ұйқысы қанбайтынның, Бақыты жанбайды* деген паремияда да сол ұйқыға құмар жалқаудың бұл өмірде бағы жанбай, өмірден сыбағасыз, түксіз өтетінің меңзеп тұр. Дінімізде *таңғы ұйқы ризыққа бөгет, таңғы тілек тәңірден* деген тіркестер ерте тұрып сергек көңілмен еңбектенуді дәріптейді. *Бір піспекті артық ұр* тіркесі арқылы біз халқымыздың тұрмыс-тіршілігінде қымыздың маңызы зор болғанын, сол піспек сөзі арқылы бір істі артық бітір деп ауыспалы мағынада айтылып тұрғанын аңғартады. Піспек – мес, саба, күбі сияқты ыдыстардың ішіне салып қымыз, іркіт, қаймақ пісетін сабы бар құрал. Осы тұста *Сабасына қарай піспегі, Сақалына қарай іскегі* деген мақал әрекетіне қарай, адал еңбегіне орай келетін берекені меңзеп тұр. Қалай дегенменде бұл сөздер қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінен хабар беретін, күнделікті тұрмыс-салтын сипаттайтын тіл бірліктері екендігі мәлім. *Еңбегіне қарай, өнбегі. Жас кезімде бейнет бер, Қартайғанда дәулет бер, Еңбек ерлікке жеткізер, Ерлік елдікке жеткізер, Еңбек ет те, міндет ет* осы аталған паремиялар арқылы біз жалпы ортақ танымға байланысты қазақ халқында еңбектің зейнеті боларын, аянбай адал еңбек атқарған адамға әрдайым *бақытты тағдыр, жетістік, мол табыс* нәсіп болатындығын байқаймыз.

Жалпы алғанда, қазақ танымында еңбек пен бақыт бірін бірінсіз елестете алмайтын ұғым қатарында. *Еңбек пен бақыт егіз, Еңбек – ырыстың бұлағы, Еңбек – бақыттың шырағы, Еңбек еткен мұратқа жетеді, Бас пен бақ та бітеді, Құр жатқан Тәңірінің құтынан қағылады* атты паремиялар

осының дәлелі. Демек, өз ғұмырында еңбектенген адам сөзсіз бақыттың кілтін, берекенің құтын тапқан адам екені даусыз.

Ғасырлар бойы ұлтымыздың сөздік қоры мен құрамында жинақталған тілдік бірліктер – паремиялардың оппозитивті қатынас антонимдік жұп арқылы жасалған түрлері де баршылық. «Тілдегі антонимдер қарама-қарсы құбылыстарды біріне-бірін пендестіріп салыстыру арқылы күшті стильдік мән тудырады. Сол себептен антонимдер өте-мөте мақал-мәтелдерде жиі қолданылады» [145, 120-б.]. Дүниенің паремиологиялық бейнесін жасауда тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінің айтқанда, құбылыстың, ұғымның, заттың кейіп-кескіндерін, қасиет-белгілерін қарама-қарсы қою – тілдік тәжірибеде адам дүниетанымындағы тану мен бағалау тәсілдерінің бірі ретінде үлкен орын алады [146, 86б] деген тұжырымы да орынды айтылғандығын ескерген жөн. Антонимдік жұп арқылы тіркескен еңбек тақырыбындағы паремияларға мыналарды жатқыза аламыз: *Еріншек егіншіден елгезек масақшы озады. Еңбекқор ұйқыдан ширап тұрады. Еріншек ұйқыдан қирап тұрады, Еңбек деген байлық, Ерінбеген жететін, Жоқшылық деген жебірді, Жермен жексен ететін. Елің сені елесе, Еңбегіңнің жанғаны, Елің сені шенесе, көз қырына алғаны. Еңбектен алғанның бүйірі шығады, Кісіден алғанның екі көзі шығады. Еңбек – өмірді ұзартады, Ұят бетті қызартады. Ерінбей еңбек етсең – Ерінің асқа тиеді, Ерініп ілбip кетсең, Пегің тасқа тиеді. Еңбектің наны тәтті, Жалқаудың жаны тәтті. Еңбек адамды бүтіндейді, Жалқаулық адамды түтіп жейді. Ер тынысы – еңбек, ез тынысы – ермек. Есті бір өледі, еріншек мың өледі.*

Осы аталған паремиялардағы антонимдік жұпқа түскен: *еріншек-елгезек, еңбекқор-еріншек, байлық-жоқшылық, елесе-шенесе, бүйірі шығады-екі көзі шығады, өмірді ұзартады-бетті қызартады, асқа тиеді-тасқа тиеді, наны тәтті-жаны тәтті, бүтіндейді-түтіп жейді, еңбек-ермек, бір өледі мың өледі, сынды сөздер арқылы өмірдегі еңбек пен жалқаулыққа қатысты антонимдік қатарлар кереғар іс-әрекеттердің пайда-зиянын айқын білдіртеді. Бұл сөздер жеке тұрғанда антонимдік жұп бола алмағанмен, белгілі бір контексте қарама-қарсы мағынада жұмсала алады.*

Жалқаулық» концепті *еріншектік* мәніндегі әлеуметтік әрі этномәдени менталдық ұғымды білдіретін концепті арқылы көбінесе тілімізде кең тараған.

*«Сабырсыз, арсыз, еріншек,  
Көрсен қызар жалмауыз,  
Сорлы қазақ сол үшін  
Алты бақан ала ауыз.  
Өзін-өзі күндейді,  
Жақынын жалған мін дейді,*

*Ол – арсыздық белгісі»* [97, 77-б.], деген өлең жолдарынан біз ақын Абайдың жалқаулықты сынағанын, оны күллі жақсының хас дұшпаны ретінде санағанын байқай аламыз. Жалқаулық туралы хәкім Абайдың қазіргі

күнге дейін ел аузында айтылып жүрген мына паремиялары да үлкен тағлымға толып тұр:

*Жаңына жаққанның артыңнан еруге жалқауланба. Еңбек етпей тапқан мал дәулет болмас, Қардың суы секілді тез суалар.*

Тұлпардан – тұғыр, сұңқардан – жапалақ, жалқаудан – масыл туған, масылдан – малбақпас, тілазардан – қылжақпас, сараңнан – бермес, соқырдан – көрмес, мылжыңнан – езбе, қыдырмадан – кезбе туған (Майқы би) деген қанатты сөздерден-ақ қазақ мәдени танымындағы жалқаулықты сипаттайтын тіл бірліктерін танып біле аламыз.

Абай тілінде де «еріншектік» концепті *мойны жар бермейтін кезір, тәуекелсіз, талапсыз адам* ретінде көрініс тапқан. Ұлттық тілімізде концепт қалыптастырушы ретінде ақын Абайдың шығармалары өзіндік мәдени фонымен және қазақи менталитетке сай бейнеде көрініс табуымен ерекшеленеді.

Ұлттық паремиологиямыздағы ойына өсиет, бойына қасиет жинаған қазақ мақал-мәтелдері жалқаулықты кедейшілдікпен, масылдықпен күнін босқа өткізген кежірлікпен сынап мінеген. Мысалы: *Еңбегі аздың өнбегі аз, Еңбегі ештің күні-кеш. Еңбексіз тапқан мал есепсіз кетер. Еңбектен қауша, ырысынды шауша. Ертең ертең деумен еріншек өлер, Көрінгенге жем болып көңілішек өлер.* Аталған паремиялар халықтың ой-толғамынан, өмір тәжірибесінен туындаған еңбексіз тапқан малдың берекесіз өмірдің салдары болатындығын айқындап тұр. Адам баласының жер бетінде қаншалықты өмір сүруі – дұрыс еңбек ете білгендігінің арқасында. Тек шынайы еңбек етудің арқасында ғана адамның жемісі өніп, қиындыққа төзе алады. [147, 129-б.].

*Еріншектің егіні піспес.* Қазақ паремиологиясында диқаншылыққа, егіншілікке байланысты айтылатын мақалдарда көбінесе елді еңбекқорлыққа, дамуға бағыттайтын оңшыл идеялардың жиынтығы жиі кездеседі. Шәкәрімнің мына өлеңінде де қазаққа тән кәсіптер арқылы еңбек еткен адам халқының алғысына бөленіп, мәңгі ел есінде қалатындығын, Абайша айтқанда, *«егіннің ебін, сауданың тегін үйрен», «қолөнерін кәсіп қыл, мал жұтайды, өнер жұтамайды, ол болашақ ұрпағыңа өмірлік азық болады»* деген тағлым айтады:

Егін сал, не сауда қыл, малыңды бақ.

Білім білмек – әр іске шебер болмақ.

Қолөнерден пайда қыл үйреніп-ақ.

Кетпес дәулет осы ғой.

Қолөнер – өзің өлсең, бірге өледі.

Сондағы қалғандар үйренеді.

Сен кетсең де өнерің елде қалып,

Талай жайға азық пен мал береді.

*Күріштің арқасында күрмек су ішеді. Сақалын сатқан кәріден, Еңбегін сатқан бала артық.* Бұл жерде адамның мінез-құлқын өсімдікке теліп айтқан қазақ халқының сөз шеберлігіне таң қаласын. Бұл паремияда көбінесе

біреудің абыройын бетке тұтып, соның атыменен бар қиыншылықтан өтіп жатқан адамға қаратылып айтылады. Дана халқымыз қадірлінің қасына еріп, қарнын тойғызып жүрген кей адамдарға арналып айтылған мақал арқылы осы жөнсіз қасиетті қазақтан аулақ ұстауды мақсат тұтқан сияқты.

*Еңбексіз ел кезгенің – Ар-ұяттан безгенің. Еңбегің болмаса елге өкпелеме, Бқтасының болмаса, желге өкпелеме. Еріншектің ертеңі бітпес, Жеңілтектің селтеңі бітпес. Еңбекке ебі жоқтың Елдікке себі жоқ.* Жеке тұрғанда антонимдік жұп құрамайтын сөздер қарам-қарсы құбылыстарды сипаттағанда ерекше реңк бере отырып, салыстырып-шендестіре отырып астарлы салыстыру нәтижесінде еңбекқор мен жалқау адамның іс-әрекеттерін керемет талдап берген. Демек мақал-мәтелдер жанындағы антоним, синоним, омоним сөздер тіркесіп, жаңа мағыналық реңкке ие болатындығын байқау қиын емес.

*Есектің жүгі жеңіл болса, жатаған болады,* яғни аз жұмысқа қиналсаң, көп жұмысқа тап боласын деген астарлы мағына үстеген мақалдың қазақ тілінде қолданыс аясы кең деп айта аламыз. *Жатаған – жер бауырлап тырбиып өсетін шөптесін өсімдік* деген мағына береді екен [143, 279-б].

*Жаманған жан жуымас, Жалқауға мал жуымас* деген паремияда ақыл мен ақылсыздық лексемасы бірге алынып бір-біріне қарама-қарсы қойылған. Ақылды не ақылсызды келешекте не күтіп тұрғаны салыстырмалы түрде құрастырылған. Демек, қазақтар *еңбек, талап* деген маңызды құндылықтарды бірінші орынға қойып, оны ақылдың негізгі нышаны деп санаған.

*Көз – қорқақ, қол – батыр.* Барлық береке мен ырыстың бастауында қажырлы еңбек тұратынын ұққан әр адамның ұраны боларлық бұл мақалдың өміршендігін күнделікті өмірде байқап та жүрміз. Бұл еңбекқорлық қағидасы – адам болмысы мен өмірінің мәні мен мақсатын танытар қалыпты қағидасы, формуласы іспетті. Бұл мақалдың қолданылу аясына мысал келтірсек, Қ. Қазиевтің «Менің шешем» әңгімесіндегі: «Алғашқы қарқынмен еңсеріп тастамаққа оңтайланып, жұмыс мөлшерін көзбен шолады. *«Іә, көз – қорқақ, қол – батыр. Біссімілла, береке...»*

Сонымен бастап та жібереді. Осыдан қара кешке дейін...» [148, 261б.]. Берекенің бастауы болған еңбектің жемісін адал жейтін жандардың тіліндегі *көз – қорқақ қол – батыр* сынды мақалдар ұлттық мінезді айқындауға зор үлесін қосқан паремиялар екендігі даусыз.

Қазақ халқы – ежелден сөз қадірін ұққан, аз сөзге көп мағына сыйдыра білген, өмір тіршілігінде көптеген жағдаяттардың түйінін мақал-мәтел арқылы керемет айтылымдарды өмірге әкелген дана халық. Тіліміздегі мақал-мәтелдер халқымыздың тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы мен әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі жөнінде ақпарат көзі, яғни дүниенің тілдік бейнесі болып табылады. Халық өмір шындығын, көңілге түйгенін мақал-мәтел ретінде өз ұрпағына үлгі-өнеге етіп қалдырып отырған. Мақал-мәтелдер арқылы жас ұрпақты елін, жерін сүйуге, адал, кішіпейіл болуға, адал еңбек етіп, білім алуға, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болуға және де өсек өтірік,

мақтаншақтық, еріншектік сияқты жаман қасиеттерден аулақ болуға, бір сөзбен айтқанда, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелей білген. Түптеп келгенде, адамның елдің алды болатын, адамгершілік сипаттағы *толық адам* болып қалыптасуында еңбектің маңыздылығын халқымыз ежелден-ақ дәріптеген.

Қазақ сөз өнерінің тілдік және поэтикалық бұлақтарының санатына жататын *еңбекқорлық\жалқаулық* тақырыбындағы паремиялар мән-мазмұнының тереңдігімен, өткірлігімен, өміршендігімен ерекшеленеді. *Еңбекқорлық\жалқаулық* тақырыбындағы тілдік орамдарда көлемнің ықшамдылығына қарамастан, бейнелі тілдік бірліктер нақты да күрделі ойдың себеп-салдарын, халықтың өмір тәжірибесінің қорытындысы мен дәлелін қатар білдіреді. Қазақ тілінің әлемдік бейнесіндегі *еңбекқорлық\жалқаулық* тақырыбындағы мақал-мәтелдерде халықтың тарихы, саяси өмірі, тыныс тіршілігі, дүниетанымы, рухани және материалдық мәдениеті жан-жақты көрініс тапқан.

Терең ойды аядай қалыпқа сыйғызған *еңбекқорлық\жалқаулық* тақырыбындағы мақал-мәтелдер ұлттық сипатқа ие мәдени ентаңбалы тұрақты орамдар арқылы еңбектену арқылы бақытқа, рақатқа, мол табысқа кенелетіндігін анық байқауға болады. Демек, қазақ дүниетанымында еңбектену арқылы адам материалдық һәм рухани жетістіктерге жететініне бек сенген. Халқымыздың ғасырдан-ғасырға жинаған тәжірибелері мен өмірге деген таным-түсініктерінен туындаған еңбек тақырыбындағы паремияларда еңбекқорлықты адамның ең басты бір айнымас досы мен серігі деп таныған болса, есесіне жалқаулықты қатты сынайды. «*Адамды жөн білетін дана деп біл, жалқау жанның ісін шала деп біл*» (Шал Құлекеұлы) деген аталы сөзден бастау алатын мақал мәтелдерімізде жалқаулықты аса дертті кесел деп кесіп айтқан.

Ойымызды қорытындылап айтатын болсақ, халықтың түп-тамыры тереңде қанатын жайған салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мәдениетін тануда *еңбекқорлық\жалқаулық* тақырыбындағы паремиялар тілдің кең ауқымды жайылуына, сырға толы зерттелмеген тұстарын айқындауда аса маңызды деп білеміз. Ұлттық мінезді айқындауға зор үлесін қосқан *еңбекқорлық\жалқаулық* тақырыбындағы паремиялар адамгершілік сипаттағы қасиеттерді қалыптастыруда, еңбек тәрбиесіне баулуда халықтық педагогиканың озық үлгілері болып табылады.

Осы айтылғандардан ұққанымыз еңбекқорлық концепті «ықылас, дарындылық, шаттыққа кенелу, бақытқа жету, берекеге бату, байлыққа жетудің жолы» сынды мазмұнмен өрнектелген. Ал, жалқаулық концептісін «салақтық, надандық, құрдымға кету, жігерсіздік, талапсыздық, кедейліктің, арсыздықтың, бекер мал шашпақтың, өсекшілдіктің, мақтаншақтықтың» бейнелік, тіл бірліктермен мазмұндалған.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан көріп отырғанымыздай, еңбек әрқашан өмірлік сипатта болды. Адал ниетпен еңбек ету мен еңбекке деген қарым-қатынас тілде мақал-мәтелдер арқылы көрініс тапты.



Еңбекқорлық\жалқаулық мәдени концептерін зерттеуде әлемнің көрінісі және паремиология арқылы осы әлемнің көрінісін бекіту зерттелетін ұлттық-мәдени қоғамның негізгі тәжірибесі мен өмір салтының мәдени болмысы ашылды. Мақал жай сөз емес. Ол халықтың пікірін білдіреді. Онда тұтас халықтың өмірді бағалау, бақылау мен ақыл-ойының тілдегі көрінісі бар. Мақал-мәтелдердің әрқайсысының артында оларды жасаған ұрпақтардың беделі жатыр. Сондықтан мақал-мәтелдер дауласпайды, дәлелдемейді-олар жай ғана ақиқат дүниенің болмысын өмір тәжірибесі барысында суреттеп береді. Мақал мәтелдер өз мазмұнында жинақталғандықтан және ұжымдық халықтың тәжірибесі ұлттық мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттайтындықтан таза ұлттық сипатта болатындығымен құнды.

Халық танымындағы еңбекқорлық\жалқаулық сөздерінен жасалған сөз оралымдары халықтың тарихы мен мәдениетінен хабар бере отырып, тілдің сөз байлығын дамытуда үлкен маңыздылыққа ие. Г.Л.Пермякованың пайымдауынша, мақал-мәтелдер әртүрлі тұрмыстық жағдайлардың белгісі ретінде ғана емес, сонымен қатар әртүрлі жағдайларды елестете алады. Мақал-мәтелдерді формулалармен салыстыруға болады, өйткені олардың қолданылуы мүлдем жаңа жағдайлардың пайда болуының мүмкін еместігін дәлелдейді. Жағдаятты немесе оған деген көзқарасты білдіретін мақал-мәтелдер кез келген уақытта тәжірибенің, білімнің, көзқарастың, мінез-құлықтың модуляторы болып табылады, яғни дүниенің паремиологиялық бейнесінің бөлігі деп санауға болатын барлық құбылыстардың бейнеленетін менталитеттің бір бөлігі. [149, 90]. Мақал-мәтелдерде күнделікті өмірде болған оқиғалар мен жалпы бақылаулар қысқаша жинақталған бейнелі сөздер арқылы мындаған жылдар бойы жасалып, қолданылып келеді даналық пен шындықтың көрінісі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа өттіп келе жатқан әмбебап құбылыс.

Халықтың басынан өткен, өмір шындығына сай туған мақал-мәтелдер қай халықтың болмасын өзінің даму тарихындағы ырым-нанымдарына, салт-дәстүріне, ұғым-түсініктеріне байланысты сүйкімді сөз образдары мен сөз символдары болып табылады. Мақал-мәтелдердің когнитивтік, лингвомәдени, семиотикалық аспектілерін антропоэзектілік парадигмасы аясында зерттеу қазақ ұлтының мәдени құндылықтарынан, күнделікті тұрмыс-шаруашылығы құндылықтарының жинақталған тілдік деректерден хабардар болуға мүмкіндік береді. Күллі адамзаттың үлкен жетістігі болып табылатын әлемнің тілдік бейнесі жер бетіндегі сан қилы этностардың дүниеге деген көзқарасы мен салт-санасының ұлттық көрсеткіші болып табылатындықтан, паремиялардың семантикалық тұрғыда когнитивті болмысын ашу көп аспектілі мәселе болып табылады. Адамның белгілі бір жағдаятқа, өмірлік құбылысқа деген санасының бейнелі түрде эмоционалды-экспрессивті тұрғыда жауап бере отырып, сол түйінді мәселенің шешімін осы мақал-мәтелдердің көмегі арқылы тоқсан ауыз сөздің түйінін жеткізу барысында ұрпағын тәрбиелеп, дұрыс бағыт бағдар беріп отырған қазақ халқының сөздік қоры паремиялық бірліктерге өте бай.

Соңғы ширек ғасырдың төңірегінде тіл мен ойдың байланысынан туған лингвистикадағы антропологистикалық бағыттың қазақ тіл білімінде кең өріс алуы бұл қоғамдық қажеттіліктен туындап отырғаны рас. «Себебі, қоғам өзгеруі, онымен байланысты сана жаңғыруы құндылықтарымызды бағалауға қатысты бұрын қалыптасқан қағидалар мен ғылыми зерттеу нәтижелеріне де ұлттық таным мүдде тұрғысынан қарауды қажет етеді» [150, 192-б.]. Тіл қызметін кешенді түрде зерттеуді талап ететін когнитивті лингвистика қазіргі қазақ қоғамындағы сана мен ұлтты біртұтастықта қарау барысында тіліміздің ұлттың ұстынын көрсететін таптырмас құрал ретінде дәлелдеуге қызмет етеді. Жаһандану дәуірінің кеңістігінде тіл біліміндегі зерттеулер мәдениет пен тіл сабақтастығының барысында мәдени-рухани қазынамызды зерделеуге мол мүмкіндік береді.

Ата-бабаларымыздан сан ғасырлар тоғысында бізге мирас болып қалған астарлы да асыл, ұлағатты даналық ойдың мәйегі болған мақал-мәтелдер қазақтың ұлттық болмысын нақ бейнелейтін болғандықтан, паремиялардың тілдік табиғатын ашу халқымыздың бүтін бір бейнесін танумен пара-пар. Демек, мақал-мәтелдерді лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан зерттеу халық өмірін, философиялық түсінігін, ерлік рухын, әдет-ғұрпын тануға жол ашады. «Мақал-мәтел түрінде ащы шындық кемшілікті айғақтап ғана қоймайды, сонымен бірге, этноәлеуметтік ортаның сол кемшіліктен арылуына немесе сол кемшілікті қайталамауына ықпал жасайды. Осы орайда, қоғамдық-әлеуметтік өмірді ретті де жөндем етуде сыни мақал-мәтелдер жағымды мақал-мәтелдердің әсер-ықпалы бірдей деуге болады. Өйткені, жамандықтан жерініп, жақсылыққа емініп отыру адам қоғамын шындап келе жатқан жағымды үрдістердің бірі [151, 598-б.].

Паремиялық тіл бірліктерін орыс тіл білімінде зерттеп зерделеген біршама ағалымдардың ішінде (Г.Л. Пермяков, З.К. Тарланов, Л.Б. Савенкова, Г.Д. Сидорова және т.б.) Г.Л. Пермяков дүние жүзіндегі әртүрлі халықтардың мақал-мәтелдерінің сәйкес келуі мәселесін қарастыра отырып, түрлі халықтардың мақал-мәтелдерінің негізгі айырмашылығы «олардың этикалық, географиялық ерекшелігінде» деген қорытындыға келеді де, мақал-мәтелдерге мынадай анықтама береді: «өмірлік жағдаяттардың мәні ашылатын, мазмұны мен мағынасы терең тілдік оралымдар» [152].

Қазақ паремиологиясын этнолингвистикалық бағытта алғаш зерттеген Ә. Қайдар мақал-мәтелдердің танымдық қызметін «Біле білсек, халықтың дүниетанымын, болмыстың объективтік заңдылықтарын, тылсым табиғаттың сан алуан сырын ұққысы келген философ ғалымдар да халықтың өткен өмірін, әлеуметтік-экономикалық жағдайын, әдет-ғұрпы мен діни наным-сенімдерін зерттегісі келген экономист, тарихшы этнограф ғалымдар да, тәрбие, дидактика мәселесіне байланысты перагогтар да, ауыз әдебиетіне тән көркем сөз поэтикасын зерттеушілер де, сондай-ақ басқа ғалымдардың өкілдері де мақал-мәтел табиғатынан өзіне қажетті мол мағлұмат табатыны сөзсіз» – [153, 221-б.], деп түйіндейді. Қазақ халқының өмір салты, оның ұлттық сипаты табиғат, оның арасында ол өмір сүреді және өз тарихын

жасайды. Ол, өз кезегінде, халық еңбегінің сипатын анықтайды (егіншілік, мал шаруашылығы, аңшылық, қолөнер). Әр мақал-мәтелде халықтың рухы, оның дүниетанымы, адамгершілік критерийлері, адамның ішкі әлемін бағалау бар [154]. Қандай жағдай болмасын, адамның еңбегі мен оның мақсаттары қазақ халқының мақал-мәтелдерінде тұрақты рухани құндылықтарды есепке ала отырып бейнеленген.

## 2.2 Тұрақты тіркестер арқылы берілген «еңбеккерлік» жалқаулық» концептілер көріністері

Тілдегі фраземалар белгілі бір лингвомәдениелер қоғамдастыққа тән менталитетті сипаттайтын бейнелі өрнектер мәдени-ұлттық стереотиптермен, мифологемалармен бейнеленеді. Осыған байланысты халықтың менталитетін көрсететін мәдениет модельдерін зерттеу барысында оның номинативті құрамында мыналар бар екенін ескеру қажет: денотативті аспектіде бейнеленген мәдени маңызды ақпараттағы мағыналар (сөздер-реалі) және мағынаның коннотативті аспектісі (бейнелі тілдік бірліктердің негізі). Фразеологиялық бірліктер, халықтың мәдениетін дамыту процесіндегі ұрпақтан-ұрпаққа бекітіліп, мәдени көзқарастағы стереотиптер, эталондар және архетиптердің көрінісін сақтаудың айнымас құралы болып табылады. Мәдени-ұлттық ерекшелігі бар тілдік бірліктер оның тілде көрініс табудың өзіндік тәсілдері бар, ал концептер, стереотиптер, стандарттар, рәміздер, мифологемалар жалпы адамзаттық мәдениеттің белгілері ретінде адамның дүниетанымын бейнелейді. Қазіргі тілдік қорда жиі қолданылатын, ұлттық-мәдени ерекшеліктерді мейлінше мол сақтаған фраземалар [155, 6 б.] тіл бірліктері ретінде келесі белгілері бар: идиомалық немесе фразеологиялық, репродуктивтілік, компликатив-құрамның тұрақтылығы, грамматикалық тұрақтылығы, сөздердің қатаң бекітілген тәртібі, лексикаландыру, бөлек-дизайн, аударылмаушылық, идиоматикалық, эмоционалды экспрессивтілік, бейнелеу, десемантизация және т.б. К.Ахановтың «Тіл білімінің негіздері» оқулығында мағынасы біртұтас, құрамы мен құрылымы тұрақты, даяр қалпында қолданылатын тілдік единица, әдетте, фразеологиялық оралым деп аталады десе [156], ғалым Г. Смағұлова қазақ тілінде фразеологизмдерге қатысты көптеген терминдерді атай отырып, оларды *фразеологизмдер* немесе фразеологиялық тіркестер деп қалуы тиіс деген тұжырымға келеді [157]. Фразеологиялық бірліктердің тұрақтылығы «олардың құрамының тұрақтылығы» деп атай отырып, нәтижесінде тілде пайда болатын олардың құрылымының өзгермейтіндігі оларды осы құрамда және оларға бекітілген мағынада жиі қолдану ерекшелігімен түсіндіріледі [158, 396.]. Біз осы пайым пікірге қосыламыз «Фразеологиялық бірліктер тікелей немесе әлем, қоғам туралы мәдени ақпаратты жанама түрде алып жүретін, оны сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін «даналығының қоймасы» [159, 88б.].

Еңбек – адамзаттың негізгі және маңызды ұғымдарының бірі. Еңбек қызметі-бұл адамның қажеттіліктерін өтейтін табиғи жағдайы, сондықтан қазақ лингвомәдени қауымдастығының негізгі құндылықтарына жатады әрі халқымыздың санасы үшін құнды және өзекті. Еңбекқорлық\жалқаулық концептілерінің қазақ тілінің спикерлері үшін маңыздылығы олардың жүйесіндегі мәнділік дәрежесімен ерекшеленеді: ол лексикалық бірліктердің, фразеологиялық бірліктердің, мақал-мәтелдердің, афоризмдер мен сөздердің кең корпусымен ұсынылған. Еңбек қоғам мен халық өмірі дамуының негізі болғандықтан, сөйлеу барысында фразеологизмдер ең белсенді көздердің біріне айналды. Тілдің археологиялық құрамы әлемнің көзқарасын көрсетеді. Сонымен қатар, ұлттық халықтың мәдениеті, салт-дәстүрлері мен тарихын бағамдауда фразеологизмдер эталондар, стереотиптер рөлін атқара алады. Еңбекқорлық\ жалқаулық ұғымдарын сипаттайтын тұрақты тіркестер мәдени-ұлттық дүниетаным немесе олардың символдық сипатын көрсетуде таптырмас тіл бірліктері болып табылады. Мәселен, *Қара жердің қыртысын қақ айырды* – маңдай терін төгіп еңбектенді. *Еңбегі еш болу: босқа бейнет ету; еңбегі далаға кету; желге кету; зая кету; күйіп кету; құмға сіңген судай; құр босқа кету; құр далаға кету, қолы қолына жұқпады (тез қимылдады)* – Саусағының ұшын қимылдатпады (қозғалмады, еш нәрсе істемеді).

Әлемнің лингвистикалық бейнесі – бұл әлем туралы жалпыұлттық идеяның көрінісі, оның ішінде құндылықтардың конфигурациясы – қоғам идеалдарымен, қоғам мүшелерінің оң бағасын алған сыртқы немесе психикалық әлем құбылыстарымен байланысты ұғымдар. Фразеология – әлемнің тілдік бейнесінің көрінісі. Тілді, оның ішінде қазақ тілін жақсы біле отырып, оның фразеологизмін білмеу мүмкін емес. Фразеологиялық бірліктерді орынды және ақылға қонымды пайдалану біздің сөйлеуімізді бай және мәнерлі етуге көмектеседі. Сонымен қатар, фразеологизмдерді білу публицистикалық және көркемдік бағыттағы әртүрлі әдебиеттерді оқуды едәуір жеңілдетеді. Сөзбе-сөз аударылмайтын, бірақ қайта ойластырылған фразеологиялық тіркестердің көмегімен тілдің эстетикалық аспектісі күшейтіледі. «Түстердің әртүрлі реңктері сияқты фразеологизмдердің көмегімен тілдің ақпараттық аспектісі біздің әлемді, біздің өмірімізді сезімтал-интуитивті сипаттаумен толықтырылады» [160, 15]. Фразеология – тілдің қазіргі жағдайы мен тарихи дамуындағы фразеологиялық құрамын зерттейтін тіл білімінің бөлімі; берілген тілдің фразеологиялық құрамымен бірдей фразеологиялық бірліктердің жиынтығы. «Фразеологизм» - салыстырмалы тұрақтылыққа, экспрессивтілікке, тұтас мағынаға ие және дайын түрде шығарылатын сөздердің тіркесімі [161, 36.]. Степанова мен Чернышева фразеологизмді сөздердің тұрақты тіркесімі ретінде түсінеді, олардың құрамы мен мағынасы бойынша тұрақты, сөйлеуде дайын бірлік ретінде қайталанатын [162, 206.]. Фразеологизмде, В.Н. Телияның пікірінше, әлемнің тілдік бейнесі туралы білім және субъектінің оның фрагменттеріне қатынасының барлық түрлері тұжырымдалған [17, 96.]. Фразеологизм –

лингвистикалық нысанды білдіреді және мәдени білімге сілтеме жасау арқылы ол фразеологиялық бірлікті жаңа семиотикалық формацияға айналдыратын жаңа коннотацияға ие, онда мәдениеттің эманациясы априори түрде қамтылған.

Фразеологизмнің пәні тіл білімінің саласы ретінде фразеологизмнің категориялық белгілерін зерттеу, оның негізінде фразеологизмнің негізгі белгілері ажыратылады және фразеологиялық бірліктердің тілдің ерекше бірліктері ретіндегі мәні туралы мәселе шешіледі, сонымен қатар сөйлеудегі фразеологиялық бірліктердің жұмыс істеу заңдылықтарын және олардың қалыптасу процестерін анықтау болып табылады [163].

Әлемнің әртүрлі елдеріндегі мәдениеттерді түсіну, қабылдау, салыстыру барысында көптеген мәдениаралық құзыреттілікке ие болуды қамтамасыз етеді. Осы орайда мәдениеттік талдау сынды (cultuling analysis) зерттеулер нәтижесінде тіл мен мәдениет сабақтастығындағы мәдени ақпараттардың берілуі тек тілге байланысты екендігі даусыз. [164]. Концепт – мәдениетаралық коммуникацияда ерекше сипатқа ие болғандықтан, ұлттық мәдениетті танып-білудің негізгі аспектісі ретінде қазіргі таңда өзекті тақырыптардың біріне айналады. Ал еңбекқорлық\жалқаулық концептері халықтың тұрмыс тіршілігінен, дүниетанымынан, өмірлік тәжірибесінен хабар беретін тілдік ақпараттар болып табылады. Тілді оқыту мен оқытудың әртүрлі салаларындағы эмоциялардың көрнекті рөліне сүйене отырып, пайда болатын эмоциялар мәдениетті зерттеуде де маңызды рөл атқарады[165]. Жалқаулық ұғымына қатысты қазақ тілінде айтылатын тіл бірліктердің көбісі эмоцияналды-экспрессивті мәнде айтылады. Мәселен, *ақ саусақ, жатып ішер, сары жамбас, көк ит, көк сор маңдай, көк малта, көк ми, көбік өкпе, көбік ауыз, кер табан, кем талап, құр нан соғар, ауызбен айды алады, ауызбен орақ орады, қолымен қосаяқ соғады, қу табан*. Көңіл күйдің әсерінен айтылған бұл сөздердің мағыналық құрамы жалқау адамның бейнесін сипаттайды.

Тілімізде еңбекқорлық пен жалқаулық сөздеріне байланысты айтылатын мақал-мәтелдер, фразеологиялық оралымдар, теңеулер болсын мағыналық жағынан астарлы мәнде айтылатынымен, халық лексикасында көптеп орын алған. Жалқаулық ұғымына байланысты тұрақты тіркестер эмоциялық реңкте айтылатын тұрақты тіркестер адамзаттың ішкі әлемін жеткізуде таптырмас тілдік құрал болып табылады. Мысалы: *көк жалқау, көқауыз, көкбет, көкезу, көкжал бөрідей, көкмылжың, көксоққан, ай қарап, жұлдыз санаған, айда бол, сал бөксе, сал сүйек, самарқау, сармойын, сылтаушыл, тұяғы қимылдамайтын, тышқан мұрнын қанатпайтын, тілазар, шаулау, шошқа тағалап жүретін, шөптің [қурайдың] басын сындырмаған* сынды еңбексіз жату, өмірін бекершілікпен өткізу сынды түсініктермен байланысты айтылған. *Ас ішіп аяқ босатар* – еңбекке еш қауқары жоқ нағыз жалқаудың өзі. Ал, ақындар поэзиясында:

*Тілеуің, өмірің алдыңда,  
Оған қайғы жесеңіз.*

*Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шашпақ,*

*Бес дұшпаның білсеңіз, деген* Абай өлеңдерінде «жалқаулық» концепті өтірікші, өсекші мақтаншақ, бекер мал шашпақ секілді бейнелер арқылы берілуі жалпыадамзаттық сипатты байқалады. Сондай-ақ, түк бітірмей қарап жатуды қазақ мәдениетінде былайша суреттейді: *арамтамақ, ас ішіп, аяқ босатар, жанбақты, жатаған, жатып ішер, нансоғар, сал бөксе, сал сүйек.* Сонымен бірге жайбасарлықпен ұштасады: *бейқам, бойкүйез, енжар, еріншек, жайбасар, керенау, мойны жар бермейтін, самарқау, сармойын, сылтаушыл, шаулау.*

Жалқау адам қыдырымпаз, тойшыл келеді бос серуенмен бекерге уақытын сарп еткізіп жұмыссыздыққа бой алдырады. Бұл келесі тіркестерден байқалады: *ел кезгіш, кезбе, кердеңсал, қыдырғыш, қыдырымпаз, қыдырынды, қызықшыл, ойынпаз, ойын-сауыққа құмар, ойыншыл, оспақшыл, сайраншыл, сауыққой, сауыққұмар, сауық-сайраншыл, сауықшыл, сейіліл, серуеншіл, сері мінезді, серісымақ, тамашашыл, той-думаншыл, шаңдаяқ.*

Ешқандай жұмысқа зауқы жоқ, еңбектеніп әркет етпейтін адам мінездері де жалқау адамның түп төркінінен шыққан: *енжар, еш нәрседен хабарсыз, жауапсыз, зауықсыз, зейінсіз, кешігімпаз, кешіккіш, құлықсыз, мақсатсыз, марғаулау, немқұрайлы, ниетсіз, пейілсіз, салғырт, самарқау, селқос, талапсыз, шабан, ықылассыз, ынтасыз.*

Икемсіз, әрекетке қыры жоқ адамның бейнесінде: *ебдейсіз, ебедейсіз, епсіз, икемсіз, қырсыз, қыры жоқ, ноқай, олақ, орашолақ, өнерсіз, ығы жоқ*

Тұрақты тіркестерде жалқау сөзімен жасалынатын тіл бірліктері халқымызды бұл сөзді жағымды эмоциясын, ішкі әлемінің толғанысын беруде, концепт жасауда, мәдени семантиканы танытатын тілдік таңбаларды жинақтау, тілдік көрінісін анықтауда өзіндік ерекшеліктері бар [166].

Әсіресе, еңбекке енді кіріскен жандардың ісіне сүйсінген халқымыздың *Қол қуатты болсын, Еңбек ретті болсын, еңбегі жансын* деген тілек мәндегі тұрақты тіркестері ұлтымыздың еңбекке деген көзқарасын білдірсе керек. *Қолға тоқ болсын – берекелі, қорлы-қоғамды болсын. Қол ағаш боса да, қолға тоқ болсын. Қол қайыр – жеңіл желпі садаға. Болмашы көмек. Жалғыз мұран сол болар, Қол қайырың берілген. Басқа дүние бірі де, Көмілмейді кебінмен. Енді бірде бір адамның біріне тигізген еңбек жәрдемін қазақта-қолғабыс тигізді, қол жалғады, қол ұшың берді, қол қанат болды, Қолынан келгенше, деп атаса керек* [94, 343-б.]. Сондай-ақ іскер, пысық, еңбекке адал жандарға *қолды-аяққа тұрмады, қол тимеді, қолы жүйрік, қолы қарап отырмады, қолы қолына жұқпады, бір қолы он болды, қол жұмыс сынды тұрақты тіркестер құрамында кездесіп еңбекқор адамның бейнесін сипаттап тұр.* Адамдардың сөз қолданыстағы эмоционалдық күзиреттіліктері олардың танымдық қабілеттері мен сөздік қорларын арттыратыны рас. Еңбекқорлық\жалқаулық концептерін сипаттайтын тілдік бірліктерді қолданудағы халық арасында эмоциялық көңіл күйге әсер етуі бұл қазақ мәдениетіндегі жалқау мен еңбекқор тұлғаға берген бағасын айқындайды.

Мәселен, *жұмыс басты, ер жанышты* деп – жұмыстан ешбір қолы босамайтын жұмыс женген, иығына жұмыс мінген өте еңбекқор адам туралы айтылады [94, 210-б.]. Халық арасында іскер, жұмысбасты адамды *жұмысына бұқта, жұмыла кірісті* деген тіркестермен бейнелі айтқан. Жұмыскер адамның сонымен қатар, тәуекелшіл болатыны, қай жерде еңбек бөлінісі бар, соны іздеп қарап жатпаған адамға бірдеңе кез болар деген мағынада –*жүрген аяққа жөргем ілінер* деген фразема арқылы еңбекқор адамның бейнесін беріп тұр.

Сондықтан болар, *ақылы азық, сөзі сусын* – ақылымен адал ас табатуғын дана адамдар жайлы осылай кесіп айтқан. Қазақ халқының жылдар бойғы өмірден түйген танымы мен ұстанымдарының дені көптеген жылдар бойғы іске, еңбекке деген сүйіспеншілігі мен адалдығын танимыз. *Адал еңбек етті* – өз күшін өзгеге қиянат, кесірі жоқ іске, кәсіпке жұмсады. «Адал ақы, маңдай тер. Адал еңбекпен тапқан табыс. Бейнетпен келген төлем. Адал ақы, маңдай теріміз ғой, астына шашып тастасақ, ұят емес пе? – деді Ақжаулық» [94, 11-б.]. *Жемісін көрді* – нәтижесі болар шаққа, жүзеге асар шаққа жетті. Жасамаймын еңбектің, Жемісін көзбен көрем деп. Жасаймын бір қолқабыс Кейінгіге берем деп [94, 197-б.]. Тілімізде осы аталған тұрақты тіркестерден басқа адал еңбек қатынастарына негізделген мынадай тілдік оралымдар бар: *еңбегі жанды, еңбегін сатты, еңбегін сауды* және т.б.

Қазақ халқының ұлттық дәстүрі мен салт-санасын, ой-өрісін сөз еткенде, халықтық психологияны, оның ішінде адамның жан дүниесінің тілдегі көрінісі – әсіресе қазақ халқына тән, өмірдегі әртүрлі жайттардан алынған ілімін бір-екі ауыз сөзбен ғана түйіндейтін тұрақты тіркестердің маңызы зор. Көркем сөз тәсілдерінің ішіндегі қуаттысы мен құнарлысы болып саналатын фраземалар – ойды жеткізуде астарлап, образды-бейнелі, әсерлі, ұйқасты-ырғақты, әуезді жеткізетін өзіндік ерекшеліктерімен көзге түсетін әмбебап құбылыс [167, 190б.]. Оның қызметі – өмір шындығын, барлық болмысты өзінде бейнелеп көрсету. «Сонымен бірге фразеологизмдер тек ойды, ақпаратты жеткізу құралы емес, ең бастысы прагматикалық мақсатта көбірек қолданылатын ерекше тілдік құрылым, экспрессия, эмоция және эмотивтілік оның негізгі құралы болып табылады» [168, 190б.].

Адамзат тарихын өз бойында сақтаған қазақтың фразеологиялық ойлары, дүниені танып-білуі, тұрмыс-тіршілігі, ұлттық мәдениеті айқын көрініс тапқан [169] фразеологизмдердің мағыналық ерекшеліктері мен прагматикалық-дискурстық сипатын жаңа бағыт – когнитивтік фразеологияның тереңдете қарастыруға мүмкіндігі зор [170, 44-б.]. *Еңбекқорлық // жалқаулық* ұғымдарын сипаттайтын фразеологиялық тіл бірліктерін сөз еткенде ең бірінші *Адал еңбек етті* деген тұрақты тіркес ойымызға оралады. Өз күшін өзгеге қиянат, кесірі жоқ іске, кәсіпке жұмсады. *Жастықта бір күлгенің бір қаралық, Күлкі баққан бір көрер бишаралық. Әуелі өнер ізделік қолдан келсе, Ең болмаса еңбекпен мал табалық* [97, 212-б.]. Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей жанын

карманып, *адал еңбекпен мал іздемек- арлы адамның ісі.* (Абай) *Адал ақы, маңдай тер, табан ақы* адал еңбекпен тапқан табыс, бейнетпен келген төлем [94].

Фразеологизмнің басты бағыты – адамның дүниетанымы. Адамның барлық сезімдері мен эмоциялары тілде көрінеді [171, 1906.]. Қазақ фразеологизмдері көңілсіздік, реніш сияқты эмоционалды күйлерді көрсетеді. Қазақ фразеологизмдерінің ішінде еңбекті бағалауға, еңбекқор адамның жасаған игіліктерін құрметтеуге бағытталған тілдік бірліктер көптеп кездеседі. Мәселен, *сары табан еңбек, бейнетке құрыштай шыныққан адам, Қолы қолына жұқпады, Қолы жүйрік* және т.б.

*Еңбекқорлық // жалқаулық* ұғымдарын сипаттайтын фразеологиялық тіркестерде антитезаға қарай құрылады: «қолы қолына жұқпады (тез қимылдады) – саусағының ұшын қимылдатпады (қозғалмады, еш нәрсе істемеді).

Фразеологиялық бірліктерді адаммен тікелей байланыста талдай отырып, біз этномәдени сана тілдік формаларда ерік-жігердің, мінездің, мінез-құлықтың және т.б. ерекшеліктерінің кең спектрін тіркейтінін және көрсететінін анықтай алдық, бұл олардың көріністерінің қарқындылығымен ерекшеленеді [172]. Зерттеу көрсеткендей, ана тілінде сөйлейтіндер әлемнің тілдік көрінісінде еңбек пен еңбегі жоқтық ұғымдарын сипаттайтын тұрақты тіркестер темперамент жеке тұлғаның көрінуінің тәуелсіз формасы ретінде әрекет етпейді, бірақ мінез қасиеттерінің эмоционалды бағытынан, психикалық процестердің белгілі бір жылдамдығынан, тұлғаның экспрессивті қозғалыстары мен әрекеттерін сипаттаудан тұратын мінездің динамикалық жағы болып табылады. Лингвистикалық талдау көрсеткендей, әлемнің қазақ фразеологиялық бейнесінде адам өзін-өзі бағалайтын тіршілік иесі ретінде әрекет етеді. Талдау нәтижесінде әлемнің қазақ фразеологиялық бейнесінде адамның өзіне деген көзқарасы, «өзіндік концепциясы» деп аталатын, бірқатар компоненттерден тұратын: когнитивті (сыртқы келбеттің бейнесі, адамгершілік қасиеттер, психикалық ерекшеліктер, әлеуметтік маңыздылық); эмоционалды (өзін-өзі бағалау, өзін-өзі қанағаттандыру); мәжбүрлі-ерік (өзін-өзі растауға деген ұмтылыс) көрінеді. Еңбекқорлық\ жалқаулық концептері көп қабатты макрофрейм болып табылады, қазақ мәдени қоғамы үшін стереотиптік маңыздылыққа ие табиғи-физикалық, этикалық және әлеуметтік-этникалық жұмыс пен оппозицияның басым ерекшеліктерін көрсететін деңгейлерге ие.

### **3.3 Поэзиядағы «еңбекқорлық\ жалқаулық» концептінің көрінісі (Абай, Шәкәрім шығармашылығы бойынша)**

Әлемнің тілдік бейнесі феноменін зерттеген профессор В.А. Маслова: «Концептерді әртүрлі тәсілдермен жіктеуге болады. Тақырып тұрғысынан алғанда, олар, мысалы, эмоционалдық, тәрбиелік, мәтіндік және басқа да ұғымдық салаларды құрайды. Тасымалдаушыларына қарай жіктелген



концептер жеке, микротоптық, макротоптық, ұлттық, өркениеттік, жалпыадамзаттық ұғым сфераларын құрайды. Концептер дискурстың бір немесе басқа түрінде қызмет ететінін ажыратуға болады, мысалы, педагогикалық, діни, саяси, медициналық және т.б. Дискурстың өзін бір мезгілде ұғымдарға үндеу жиынтығы ретінде және ана тілінде сөйлейтіндердің санасында бар тұжырымдама ретінде қарастыруға болады» – деп тұжырымдайды [21]. Ал ғалым Ж.А. Манкеева тілді антропоэзектік парадигма аясында зерттеудің маңыздылығын: Көркем шығармадағы тілдік бірліктерді тілдік тұлға дәрежесінде әлемнің тілдік бейнесін беретін антропоэзектік парадигмада кешенді зерттеудің барысында олардың прагматикалық мәні ашылады [128, 157].

Кезінде А. Байтұрсынов «Қазақтың бас ақыны» деп баға берген Абай шығармаларының қай-қайсысын алсақ та, қазақи дүниетанымды дәл сипаттап бере алатын терең таным мен философиялық тұжырымдарға негізделіп жазылған қазақ халқының айнымас бейнесін танимыз. Абай шығармалары – қазақтың өмірі мен жаны, өз халқының жүріп өткен тарихы мен мәдениетін ешқандай боямасыз қазаққа түсінікті тілде жазылған өне бойына ғасырлар бойы жиналған күллі байлығын сыйдыра білген туындылар екендігіне дау жоқ. Ұлттық әдеби тіліміздің мызғымас негізін қалаған «Мақсатым – тіл ұстартып, үлгі шашпақ» деген Абай қара сөздері мен өлеңдеріндегі танымдық көзқарастарды саралау арқылы біз тұтас қазақ халқының ғаламды танудағы керемет ой-санасын көре аламыз.

Қазіргі лингвистикадағы когнитивтік бағыт негізінде әлемнің тілдік бейнесі бейнелейтін концепт ұғымы тереңірек зерттелінуде. Концептіні анықтау үшін дүниенің кейбір ерекшеліктері мен заттық құндылықтары, олардың объектілермен қатынасы, олардың қызметі мен оларға берілген ұлттық сананың сипаты әрі бағасы айқындалуы қажет [173]. Ұлт мәдениеті, діні, салт-дәстүрі және тілімен біте қайнасып, ұлттың болмысын бойына сіңірген танымдық түсінік беретін сөздер тілімізде өте көп. Солардың бірі – «еңбекқорлық// жалқаулық» концептері. Аталған концепт – кез келген этноста қалыптасқан әмбебап, дерексіз күрделі құбылыс.

«Концепт – сөздердің беретін ұғымын түсіну арқылы жеке бір адамнан бастап, қоғамдық топтардың, бүкіл бір ұлттың, халықтың ой-өрісінің, дүниетанымының ерекшеліктері айқындалады» [128, 88 б.].

Ал, профессор В. А. Маслова болса, концептінің әрқашан эмоционалды, экспрессивті, бағалауыш сәулелері көрінетіндігін, яғни концепт бойынан адамның объект (дүние) туралы жағымды, жағымсыз бағасы, әсері, эмоциясы, ойы, танымы көрінетіндігін алға тартады [21, 47 б.], А.К. Бабушкиннің пікірінше: «Концепт – белгілеуге болатын таңбасы бар ұжымдық сананың дискреттік бірлігі» [174, 150 б.]. Ал, еңбекқорлық\жалқаулық концептері халықтың тұрмыс тіршілігінің, дүниетанымынан, өмірлік тәжірибесінен хабар беретін тілдік ақпараттар болып табылады [175]

Еңбек тек жұмыс, қызмет қана емес, адамды жақсылыққа тәрбиелейтін, шыдамдылыққа жол көрсететін ізгі амал ретінде қазақ ақындары мен жазушыларының шығармашылығында кең көрініс тапқан. Мысалы,

*Сенбе жұртықа, тұрса да қаниша мақтап,*

*Әуре етеді ішіне қулық сақтап.*

*Өзіңе сен, өзінді алып шығар,*

*Ақыл менен білімің екі жақтап-*, деген данышпан Абайда [97, 106 б.], да өз ақылын мен тоқтаусыз еңбегіңе сен деп меңзеп тұр емес пе. «Еңбек – адамның екінші анасы» деген нақыл сөзбен қаруланған қазақ дүниетанымында «*Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық; Арамнан алған түйеден, адалдан алған ешкі артық; істегенің еліңе жақсы, үйренгенің өзіңе жақсы; Жігіттің түсін айтпа, ісін айт; Қолы қимылдағанның аузы қимылдар; Ынта болса адамда, қиын іс жоқ галамда*» және т.б. мақал-мәтелдер қарастырылып отырған концептерге тілдік дерек ретінде қызмет етеді. Еңбек деген құштарлық, ісерлік, шеберлік, оқуға деген ынта адам өмірі үшін маңызды рол атқаратындықтан ол халық шығармашылығында да көрініс тапқан [8, 129 б.]. «Абай өлеңдерінде ұлтымызға барынша жақын этномаркерленген теңеулерді барынша кездестіруге болады. Әрине, бұл теңеулер – мәдени мәнге ие ірң ұлттық мәдениетіміздің бірден бір көрсеткіші» [176, 76.].

Зерттеу нысаны болып отырған «еңбекқорлық // жалқаулық» концептері «*өткірдің жүзі кестенің бізі өрнегін сендей сала алмас*» деп баға берген Абай өлеңдерінде концептуалдық өріс жасағанда тұтас қазақ халқының ойлау жүйесі мен дүниетанымына негізделе отырып, қазақ тілінің көркемдік айшықтарын эмоционалды-экспрессивті тұрғыда байытады.

Абай өлеңдерінің тілдік табиғатын зерттеген бір топ ғалымдарымыз

(А. Байтұрсынов, М. Әуезов, Х. Сүйіншәлиев, Р. Сыздықова, Ж. Дәдебаев) еңбектері абайтану саласында маңызды еңбектер қатарын толтырып отыр. Зерттеуші Г.Ә. Мұратованың «Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалдық жүйесі» атты еңбегі ақын шығармаларының тілі алғаш рет когнитивтік лингвистика аясында тіл мен мәдениет сабақтастығында зерттелген еңбегінде «Өтірік», «Мақтан», «Күлкі», «Қайғы», «Толық адам» концептеріне лингвокогнитивтік талдау жүргізеді. Сондай-ақ Абай қара сөздерінің жанрлық ерекшеліктері мен лингвотанымдық мәнін ашады. Абайдың адамзатты еңбекке шақыру, жалқаулықтан арылту тақырыбындағы өлеңдеріндегі *еңбекқорлық // жалқаулық* ұғымдарын танытатын сөздік қатары негізінде көнцептуалдық өрісі түзіліп, тілдік тұлға құрылымының деңгейінде қарастырылады.

Ақын қара сөздеріндегі еңбекқорлық// жалқаулық ұғымдарын сөз етуде пайдаланған коннотациялық мағыналардың ұлттық мәдени ерекшеліктері анықталды. Бірінші жалқаулық концепті, содан кейін еріншектік концепті авторлық қолданыстағы ерекшеліктеріне тілдік тұрғыдан талдау жасалынды. Зерттеу нәтижесінде ақын өлеңдері арқылы адам бойындағы ең бір бағалы қасиеттердің бірі еңбексүйгіштік екендігіне тағы да көзіміз жетіп отыр. Ал,

адамды тоқырауға алып баратын ең жаман мінезі – жалқаулық. Онымен біз күнделікті күресіп отырған да ғана өркениетті қоғам қалыптастыруымызға үлес қосамыз. Қазақ тілінде біздің зерттеуімізге дейін қарама-қарсылыққа негізделген концептер баршылық.

Мұндай зерттеулерге С.А. Жиренов, Ж.Т. Қошанова, А.Ж. Шалбаеваның еңбектерін жатқызуға болады. А.Ж. Шалбаева өз зерттеулерінде *жақсылық//жамандық* концептері нормативтік-бағалау категориялары ретінде жалпы адамзатқа ортақ универсалды ұғымдар қатарына жатқыза отырып, ұлт, ұлыс, қайсыбір этникалық топ болмасын, барлығына ортақ жалпы адами таным парадигмасын көрсетеді [177]. Зерттеуші Ж.Т. Қошанова болса *кедейлік//байлық* концептерін антонимиялық оппозициялық тіл бірліктеріне жатқызады және логикалық-танымдық негізде қоғамдық болмыстағы бір-біріне қарама-қарсы ұғымдарды білдіруден туып, бір-біріне қарама-қарсы мағыналарға ие болған антонимиялық бірліктер екендігін ашып көрсетеді [178, 56 б.]

Еңбек әр адамның өмірінде маңызды қызмет ретінде, өз өмірінің мәнді де сәнді етіп өткізудің керемет жолы ретінде әр халықтың танымында ерекше рөл атқарады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі оған : «Адамның өз қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған жұмыс, қызмет» деп сипаттама беріледі. Ал жалқаулық ұғымына аталмыш сөздікте былайша анықтама береді:

Еріншектік, бойкүйездік, жайбасарлық. Жалқаулығы ұстады – жұмыс істегісі келмеді, ерінді. Жалқаулыққа салынды – кежегесі кейін тартты, еріншектік жасады [119, 125 б.].

Абайдың қара сөздері ұлтымыздың алтың діңгегі боларлық туындылардың бірі де бірегейі. Оқыған сайын санаң тоймайтын құнды ақылдардың алтын қазынасы. Абайдың 38 – қара сөзінде: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: Әуелі – *надандық*, екінші – *еріншектік*, үшінші – *залымдық* деп білесін. *Надандық* – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеден ешнәрсені оларсыз біліп болмайды. *Білімсіздік* – хайуандық болады. *Еріншектік* – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. *Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік* – бәрі осыдан шығады», деп еріншектікті қатты сынайды.

Ал, Абайдың 3 – қара сөзі: «Қазақтың бірінің-біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының, рас сөз аз болатұғынының себебі не? Һәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: Әрбір жалқау кісі *қорқақ, қайратсыз* тартады, әрбір *қайратсыз қорқақ, мақтанғыш* келеді, әрбір мақтаншақ *қорқақ, ақылсыз, надан* келеді, әрбір *ақылсыз надан, арсыз* келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамақ, өзі *тойымсыз, тыйымсыз, ешкімге достығы жоқ* жандар шығады» [97, 309 б.] дейді.

Концепт – ақиқат дүниенің адам баласының санасында мәдени, рухани бірліктер арқылы тұтас бір ұлттың өзіне тән ой-санасын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын тіл бірліктері арқылы сипаттайтын ақпараттар жиынтығы. Ал

Абай қара сөздерінде «жалқаулық» концепті «*қорқақ, қайратсыз, мақтаншақ, ақылсыз, тоймсыз, тыйымсыз, ешкімге достығы жоқ*» жағдаяттарымен объективтенген.

«Кеселді жалқау, *қылжақбас*, Әзір тамақ, әзір ас, Сыртың – пысық, ішің – нас, *Артын ойлап ұялмас*, - болып жүріп тірімін деме, онан Алла жіберген ақ бұйырықты өлімнің өзі артық». Осылайша «жалқаулық» концепті қазақ дүниетанымында «*кеселді ауру*», «*қылжақпас*», «*ұялмайтын іші нас*» сынды мәдени стереотиптер арқылы бейнеленген. Әрине бұл суреттеулер арқылы дана Абай қазақ халқының мінезіндегі кездесетін жалқаулықты сипаттайтын адам *жанын аздыратын, адамдық затын тоздыратын* кесапатты кеселден құтылудың жолы тек ғана еңбектену керек екендігін де қара сөздерінде дәйектей түседі.

«*Құлық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ* – өнерсіз иттің ісі. Әуел құдайға сиынып, екінші өз қайратыңа сүйініп, *еңбегінді сау, еңбек қылсаң*, қара жер де береді, құр тастамайды»

18-қара сөзінде кербездікті сынап келе былай деп ой түйіндейді: «*Кербез* дегенді осындай *кер, кердең* немеден безіндердеген сөзге ұқсатамын. Тегінде адам баласы, адам баласынан *ақыл, ғылым, ар, мінез* деген нәрселермен озбақ». Яғни «жалқаулық» концепті *кербездік таныту* арқылы кедейлік мекенін аңсатып тұратынын әдемі жеткізіп тұр. Абай қара сөздерінде адамның рухани болмысын толықтырып тұратыны адал еңбек екендігін барынша ескертіп ізгі істер істеуге шақырады. Ал бұл адам үшін басты құндылық болып саналатын еңбектену арқылы жететінін айтпаса да түсінікті емес пе.

«Бір екі мал тапса, малға бөге қалған кісімсіп, «*маған мал жоқ па?*» дегендей қылып, *еріншектік, жалқау, салғырттық, кербездікке* салынады», демек *сәнқой, кербез* адам жалқау адамның қазақ мәдени танымындағы бейнесін сипаттап отыр.

Абайдың 42-қара сөзінде: «Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғынының бір себебі- *жұмысының жоқтығы*. Егер егін салса, я саудаға салынса, қолы тиер ме еді? Ол ауылдан бұл ауылға, біреуден бір жылқының тайын мініп, тамақ асырап, болмаса *сөз аңдып, құлық, сұмдықпенен* адам аздырмақ үшін, яки азғырушылардың кеңесіне кірмек үшін, пайдасыз, *жұмыссыз қаңғырып жүруге құмар*. Дүниелік керек болса, адал еңбекке салынып алған кісі ондай *жүрісті иттей қорлық* көрмей ме? Өзінің кәсібін тастап, кезегендікке салына ма? Малдылар малын өңкей малшыларға, балашағаға тапсырып, қолдағы Құдай берген азды-көпті дәулеті қызықсыз көрініп, оны ұры-бөріге жем болып, қарға-жарға ұшырауына шыдайды»

Демек, Абай адамзаттың жаман әрекеттерге бой ұруын жұмысының жоқтығынан, жалқаулыққа салынған мағынасыз өмірден табатындығын айта отырып, адал еңбекпен өмір сүру – жердегі әр адамның асыл мұраты деген ой түйіндейді. Арлы адам адал еңбекпен өмір сүре отырып, айналасындағы адамдарды да тәрбиелей алады деген терең философиялық ой түйіндейді.

33 – қара сөзінде данышпан Абай өнерлі адамдар туралы келелі ой толғайды. Әлемді тізе бүктіріп, мойындаттыратын өнер екендігін айта отырып, өнерлі адамдардың мінезіндегі кеселдерді тарқатып айтады. Олар: *талапсыздық, еріншектік, тамыршылдық.*

Қолына бірер қара біте қалса, тоқмейілсіп, байлыққа бөккен кісімсіп, *бойкүйездікке салыну.* Мұндай адам бойындағы қасиетті жойып, *жадағай болып қалады»* дейді ол. Яғни өнерлі тұлғалардың да мінездеріндегі жалқаулық дерті асқынып кетсе, өнерінің көк тиынға құны жоқ. «Өзгені жеңсең, мықтысың, өзіңді жеңсең, күдіреттісің» деген жолдар адам баласының жалқаулық деген нәпсімен өмір бойы күрессе, жеңсе, өмірлік мақсатына жететіні даусыз.

Біз талдап отырған 33 – қара сөздегі негізгі түйінді ғалым Р. Абдикулова өз зерттеуінде былайша тарқатып айтады: «*«Жиырма төртінші сөзінде»* мақалдарды шенесе, аталған «Отыз үшінші сөзінде» ел мінезіне сын айтылады, еңбек адамын бұзып, аздыратын жаман қылық, әдет-салттарды сынағаны көпшілікке белгілі. Ал, М. Әуезовтің көрсетуінше, халық басындағы қоғам ішіндегі ауыртпалық күйдің бәрін теріп көрсететін осы топ сөздердің бір алуаны – «Қырық екінші сөз» жұмыссыздыққа арналады. Осы бір топ сөздердің ең соңғысы – «Қырық үшінші сөз» – алғашқы жолдарында Абай санасындағы дуализмді көрсеткенмен, педагогикалық, психологиялық үлкен жүйрік ойды танытады» [179, 120 б.].

Абайдың поэтикалық тіл үлгісін зерттеген профессор Р. Сыздық ақынның қара сөздеріндегі тіл құбылту ерекшеліктері туралы: «Бұл сөйлемнің әдеттегі грамматикалық норма бойынша құрылымы: «Ақыры осы ойыма келген нәрселерді жаза берейін деп ойладым»... болуы керек. Автор басыңқы компонентті әуелі айтып алады. Бұл тәртіп мына сөйлемдерде де анық байқалады: «*Һәмма ғаламға белгілі данышпандар әрқашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады.*» Мұнын да қалыпты құрылысы: «*Әрбір жалқау кісі, қорқақ, қайратсыз тартатынын һәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған.*»... деген түрде болуға тиісті еді.

«Қара сөздерде» бұл типтес сөздер 5-6 жерде кездеседі. Абай шығармашылығы мен тіліне көп үңіліп, көптеген құбылысты жақсы байқап, құнды пікірлер айтып кеткен ғалым – Құлмат Өмірәлиев прозаик Абайдың осындай құрылымды сөйлемдерін шағатай тілінің, яғни орта ғасырлардан келе жатқан түркі жазба дәстүрінің көрінісі деп шамалайды» [180, 450 б.], – деген екен.

«Жалқаулық» концепті *еріншектік* мәніндегі әлеуметтік әрі этномәдени менталдық ұғымды білдіретін концепті арқылы көбінесе тілімізде кең тараған.

*«Сабырсыз, арсыз, еріншек,  
Көрсен қызар жалмауыз,  
Сорлы қазақ сол үшін  
Алты бақан ала ауыз.  
Өзін-өзі күндейді,*

*Жақынын жалған мін дейді,  
Ол – арсыздық белгісі» [97, 30 б.]*

Абай тілінде де «еріншектік» концепті *мойны жар бермейтін кешір, тәуекелсіз, талапсыз адам* ретінде көрініс тапқан. Ұлттық тілімізде концепт қалыптастырушы ретінде ақын Абайдың шығармалары өзіндік мәдени фонымен және қазақи менталитетке сай бейнеде көрініс табуымен ерекшеленеді. Келесі өлең жолдары да еріншектік концептіне мысал бола алады:

*Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас,  
Еңбек қылмас еріншек адам болмас.  
Ер кісі ақылға ермек, бойды жеңбек,  
Өнерсіздің қылығы өле көрмек.  
Шыға ойламай, шығындап қылық қылмай,*

*Еріншек ездігінен көпке көнбек?* Демек жалқау, еріншек адам ер адамға тән мінездерден ауытқып, ездік әрекеттер арқылы өз өмірін құрдымға түсірумен қатар, кедейлікке тап болатынын осы өлең шумақтары байқатып тұрғандай.

«Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды» деп ерінбей еңбек етуді өміріне серік қылған барлық адамзат атаулысы бай болатындығына кепіл береді дана Абай. Демек, байлықтың көзі еңбекте. «*Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге, Артық ғылым кітапта, Ерінбей оқып көруге*» – деп жастарды ерінбей, кітап оқып, ғылым, білім іздеуге, тынбай еңбектенуге шақырады. *Еңбек қылсаң, ерінбей, Тояды қарның тіленбей», дейді тағыз бірде. Ерінбегеннің бақытқа бөленіп, мына әлемде «қарны тоқ, киімі көк» болатындығын игіліктердің негізгі кілті Абай шығармаларында керемет концептуалдық ақпараттар арқылы беріледі.*

Адал жүріп, таза еңбекпен жан бағу барлық адамгершілік ізгі амалдардың бастауы екенін Абай шығармаларында *ғылым мен білім көзі, байлықтың кені, бақыттың мекені* сынды танымдық элементтермен берілген.

*Тілеуің, өмірің алдыңда,  
Оған қайғы жесеңіз.  
Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шашпақ,  
Бес дұшпаның білсеңіз [97, 15 б.]*

Абай өлеңдерінде «жалқаулық» концептінің осылайша *өтірікші, өсекші мақтаншақ, бекер мал шашпақ* секілді бейнелер арқылы берілуі жалпыадамзаттық сипаты байқатады. Сонымен қатар, «жалқаулық» концепті барлық адамзат игілігінің дұшпаны, адам болам деген әр тұлғаның қас жауы екені ақын өлеңдерінде анық байқалады. И.А. Крыловтан аударған әйгілі «Шегіртке мен құмырсқа» шығармасында *шырылдауық шегіткені* еріншек, құмырсқаны еңбекқор етіп суреттеу арқылы бүкіл халықтық сипаттағы *еңбекті бағалау, еңбекпен тапқан нан тәтті* бейнесімен еңбексүйер халықтың болмысын керемет және ұтымды беріп отыр.

Орыс ақыны И.А. Крылов өз заманының адам мінезіндегі арсыздық пен жалқаулықты мысал жанры арқылы ұтымды суреттей білген «Шегіртке мен құмырсқа» мысалын Абай еркін аударып отырып, өз көзқарасын қосып, қазақ танымына сай бейімдеуді мақсат еткен. «Мысалдың артықшылығы алдымен олардың поэзиялық қуат күшінен, тұспал бейнелер арқылы сан алуан адамдардың мінез-құлқын, іс-әрекетін аңдатып, айқын көзге елестетіп, сол арқылы қоғамдық өмірдің шындығын, қайшылықтарын терең ашып бере алатын мол мүмкіндігінен іздесе керек» [181, 156 б.], – дейді профессор З. Ахметов. Қалай дегенмен де Абайдың осы аударамасы арқылы орыс, қазақ халқының танымындағы жалқаулық ұғымының ертеңі бұлыңғыр екенін *шырылдауық шегіртке* бейнесіне сыйдырып, жалқаулықтан бездіріп, еңбекті адам өмірінің маңызды факторы етіп көрсетіп отыр.

Абай өз туындыларында адам бойындағы кеселді мінездерді аямай сынап, мінейді. Сол келеңсіз мінездердің ішіндегі *ұйқылы-ояу, бойкүйез* деп ат берген жалқаулық пен еріншектікті болашақ өмірдің ата жауы ретінде қазақтың өне бойынан тазалауды мақсат тұтқандай. Абайдың тілдік тұлғасын зерттеп, концептуалдық өрісін кеңінен тарқатып жазған ғалым Г. Мұратова өз зерттеулерінде осы құбылысқа былайша баға береді: «Концепт ұғымы тілдің когнитивтік бағытымен, адамның ойлау, таным әрекетімен, белгілі бір тілдік тұлғаның дүниені қабылдау ерекшелігімен тығыз байланысты екені белгілі. Абай өз шығармашылық дискурсында қайшылыққа толы өмірдегі адамдырдың тұрақсыздығына, пенделік әлсіздікке күйіне отырып, соларды суреттеу үшін әр алуан поэтикалық тәсілдердің бояу, реңкін пайдаланады. «Ішім өлген, сыртым сау, Бүгінгі дос- ертең жау», – деп күйіне отырып, «*Құлық сауған*» өмір заңына қарсылық білдіреді. Өйткені, Абай өмір сүрген кезеңнің өзі ұлы ақын, ойшылға сол қоғамдағы адам рухын, ар-ұжданын бойкүездіктен арылту міндетін жүктегендей еді. Абай шығармалары – қазақ жасына, адамгершілік жолына нұсқау, әлеуметтік бағыт-бағдар сілтеу дәрежесіндегі рухани құндылық, рухани өре болып табылады» [182, 117 б.]

«*Құлық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ* – өнерсіз иттің ісі. Әуел құдайға сиынып, екінші өз қайратыңа сүйініп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды». Өртүрлі мәдениеттерде елдің дамуы және жеке тұлғаның өмірі мен іс-әрекет етуіне тікелей қатысы бар еңбек негізгі құндылықтар қатарына жатады [183, 168 б.]

«Абай тіліне когнитивтік талдау жасау негізінде жалпы қазақ халқының сонымен қатар тілдік тұлға Абайдың өзінің санасындағы әлемнің бейнесін, айнала қоршаған ортаның болмыс-бітімін тұтастай тануға болады» [184, 61 б.] Абай шығармаларын *еңбекқорлық жалқаулық* концептеріне талдау барысында адам болмысына қатысты кемелдену әрекеті ақылмен жалғаса отырып, еңбек қарекенің арқасында өз биігін табатынын ұғу қиын емес. Абай да ақылдан бастау алатын қасиеттерден гөрі жүректен шығар ізгіліктерді артық көреді және әділет пен махаббатты адамгершілік жағынан жетіліп кемелденудің ең биік шыңы деп біледі.

Ұлттық мүддеге негізделген таным мен түсінікті зерттеуде «еңбекқорлық жалқаулық» концептерге байланысты тіл бірліктері арқылы дүниенің тілдік бейнесін кең когнитивті арнада зерттеуге мүмкіндік береді. Мәдени рухани мәнділікке ие «еңбекқорлық жалқаулық» концептері қазақ этносының когнитивтік болмысы жайлы ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесі мен таным түйсігінен хабар беретін ерекше құрылымға ие екендігіне көзіміз жетті.

Абай заманы өтсе де, дәл қазіргі алмағайып заманда басымыз бүтін, төрт көзіміз түгел, ісіміз баянды болуының алғы шарттарының бірі – ұрпақ тәрбиесінде қателіктерге бой ұрындырмай сабақты жіптей сабақтаса жүретін жастарды тәрбиелеп шығарудың бірден – бір тиімді жолдарын қарастыруды көздеген және өз зерттеулерінде осынау рухани тәрбиенің ұстанымдары мен тұжырымдарын ұсынған ол қазақ халқына көп жылдық азық болатұғын қазына тастап кеткені рас. Ақын-жазушылардың ішінде Абай поэзиясын таңдауымыздың да өзіндік сыры бар. Себебі, Абай өлеңдерінде адамшылдықтың алды еңбекқорлық болып табылады. Мәселен,

*Тамағы тоқтық,*

*Жұмысы жоқтық,*

*Аздырар адам баласын – [97, 23 б.]* деген Абай адамның бір күн еңбексіз өткізген күнін бекершілікке, адамды азғындыққа алып баратұғындығын алдыңғы қатарға шығарады.

*Адасып алаңдама, жол таба алмай,*

*Берірек түзу жолға шық, қамалмай.*

*Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ, [97, 28 б.]*

*Ең болмаса кеттің зой мал баға алмай.-* деген өлең жолдарында Абайдың өз заманындағы еңбекшіл қазақтың Ресейдің Отаршыл құрамына кірер тұстағы сенделіп, сенсіреп кетіп өз ата кәсібі – мал шаруашылығынан да ажырап қалғаны жанына батса керек.

*Еңбек жоқ, харекет жоқ қазақ кедей,*

*Тамақ аңдып қайтеді тентіремей?*

*Ет пен қымыз сықылды ас жоқ дейді, [97, 32 б.]*

*Ол немене жоқтықтың әсері емей?!-* осы өлең жолдарынан қазақтың басындағы қиын жағдай күйітіп, еңбексіз, харекетсіз кедей қалпынан қалай шығамыз? деген сұраққа өзі де лезде жауап қатады:

*Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас,*

*Еңбек қылмас еріншек адам болмас.*

*Есек көтін жусаң да мал тауып кел,*

*Қолға жұқпас, еш адам кеміте алмас, [97, 65 б.]* Демек тәуекелшіл, талапты адам қашанда, қандай еңбек болсын нәтижесін көре алатындығы, адал еңбекпен жан бағудың кілтін табатындығын дәріптейді.

*Өз үйіңнен тоярга қолың қысқа,*

*Ас берер ауылды іздеп жүрсің босқа.*

*Бір жілік пен бір аяқ қымыз берген*



*Дереу сені жұмсайды бір жұмысқа* [97, 56 б.] Осы мәтіннен адам еңбегінің құнсыздануы, бір жілік пен бір аяқ қымызбен өлшенуі сол кезеңдегі еңбексіздіктің, адамдар тарапынан бір аяқ қымыз үшін кез-келген іске көндігуі – Абай заманының келбеті іспетті.

*Саудасы – ар мен иманы,*

*Қайрат жоқ бойын тыйғалы.*

*Еңбекпен етті ауыртпай,*

*Құр тілменен жисгалы.* – [97, 125 б.] деген өлең жолдары етің ауыртып, еңбек етуі еңбекқордың бейнесінде, құр тілмен сөйлеу жалқаудың суретінде керемет образ бар.

*Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел,*

*Малың болса, сыйламай тұра алмас ел.*

*Қаруыңның барында қайрат қылмай,*

*Қаңғып өткен өмірдің бәрі де жел* – [97, 45б.] қаруыңның барында қайратты шағында еңбектеніп тапқан малдың арқасында ел аралап, жаңа кәсіптерді игеру жаңа заман талабы екендігін жастарға еске салады. Жалқау-қаңғып өткен өмірінің арқасында осыншама игіліктен құр қалатындығын да жасырмайды.

Түйіндей айтар болсақ, Абай өз қара сөздері мен өлеңдерінде еңбекқорлық// жалқаулық концептері адамның бойындағы жағымды жағымсыз мінез ретінде осы концептердің өрісін кең пайдаланған. «Түзетпек едім заманды, өзімді тым-ақ зор тұтып» – деген Абай адал еңбекпен жан бағуды ізгіліктің бастауы деп дәріптесе, жалқаулықты *еріншек, бекер мал шашпақ* бес дұшпанның қатарында қарастырылған. Ұлы ақынның қара сөздері мен өлеңдеріне концептуалдық талдау жасай отырып, осы концептерді айқындауда ол қолданған лингвомәдени бірліктер тұтас қазақ халқының ұлттық мінез бен ұлттық менталитетінен хабар беретін жалпыадамзаттық сипатқа ие екендігіне көзіміз жетіп отыр. Қазақ әдебиетінде адам болмысының пісіп-жетілуінің классикалық үлгісін жасаған Абай болса, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Абайдан соң қазақ әдебиетінің, қазақ поэзиясының көркемдік дәрежесін жоғары деңгейге көтерген Шәкәрім болды. Бір дәуірдің ғұлама қос ақыны мен ойшылы адамның рухани кемелденуін Шығыстың поэзиялы пәлсапасы мен батыстық әдеби философиялық ойдың озық үлгілерімен толықтыра отырып, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында жаңа тұрпатты жазба қалыптасуына елеулі үлес қосты [185, 9 б.].

*Адам болып туылдым, адам боп өлу – арманым* деп ағынан жарылған Шәкәрім де *Түзетпек едім заманды, өзімді тым-ақ зор тұтып,* – деген Абай да адал еңбекпен жан бағуды ізгіліктің бастауы деп дәріштеп өткен. *Ғибрат алар артыңа із қалдырсаң, шын бақыт осыны ұқ, Мәңгілік өлмейсің,* – деген Шәкәрім *ар сақтап, адал еңбек ету* ең алдымен *адамдық борышың* деп бір-ақ кесіп айтқан. Шәкәрім поэзиясының түйіні – *ақ жүрек, таза ақыл, адал еңбек* иесі түзу адамды қалыптастыру, сол арқылы қоғамды түзеу. Адал жүріп, адал еңбек сауғанда ғана қоғамдық кемелденудің биік шыңын

бағындыратындығына адамзатты үндеген. Халықтық педагогиканың қайнар бастауы – халық даналығы, оны жасаушы тұлғалар болса, Шәкәрім философиясы қазақи дүниетаным негіздеріне сүйенген ең алғашқы адамды кемелдену дәрежесіне көтеретін ілімдерге толы шығармалар болатын. Шәкәрім шығармашылығының бар болмысы – адамның мінез-құлқын жөнге келтіріп, өзіне, қоғамға пайдалы істерге жетелеу болып табылады. Мәселен, ақынның «Жастарға» өлеңінде:

*Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,  
Арам, айла, зорлықсыз мал табалық.  
Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік  
Бір білімді данышпан жан табалық.  
...Ойланар уақыт болды бас қосарлық,  
Дұспан көп енді бізге жол тосарлық,  
Арамдықтан көңілді арыталық,  
Ақыл ойлап, адалға қол басарлық [98, 34 б.].*

Шәкәрім поэзиясында халықтық таным мен ұлттық ойлау жүйесі тоғысқан. Адал жүріп, арлы болу, таза еңбекпен күнелту сынды ізгі игіліктер адамды биік белестерге жетелейтіндігін алға тартады. Сол үшін де «Адамдық борышың» деген туындысында:

*Адамдық борышың –  
Халқыңа еңбек қыл!  
Ақ жолдан айныма,  
Ар сақта оны біл!  
Талаптан да,  
Білім мен өнер үйрен!  
Өнерсіз, білімсіз  
Болады ақыл тұл! [98, 15 б.].*

Яғни «Адамдық борыш» деген болмыс ар-ұятқа байланған еңбектің қажырлы игілігі арқылы толысып отыратынын атап көрсетеді.

*Ақ жүрекпен, таза ақыл, Қылсаң адал еңбек* деген өлең жолдарынан ойшылдың ақыл мен еңбекті қатар алып жүрген адамның бұл пәниде шатаса қоймайтындығын алға тартады. «Еңбекке шыда ебін тап та, *Сабырдың түбі-сары алтын*. Өзімшіл болма, көпті ардақта, Адамның бәрі өз халқың» [6, 149 б.]. Еңбекқор қашанда шыдамды, сабырлы, өзінен басқаны өзіндей көретін дәрежедегі адам болатұғынын осы өлең жолдары арқылы бағамдаймыз.

*Еріншектен – салақтық,  
Салақтықтан – надандық.  
Бірінен-бірі туады,  
Жоғалар сүйітіп адамдық,  
Еріншек таза жүре алмас,  
Кірі-қоңын жуа алмас.  
Харекет жоқ, ғылым жоқ,  
Өз бойынан ұялмас [98, 78 б.].*

Шәкәрім өз туындыларында адамды құрдымға жетелейтін дерт деп жалқаулықты, еріншектікті қатты сынайды. Жалқау адам қулық іздеп, *мақтанға салынып, өсек теріп, бекер ел кезіп* кететінің білген ақын өз өлеңдері арқылы осы дерттің алдын алудың философиялық тұжырымын жасап кеткен ойшыл. *Еңбекпен, өрнекпенен*, Өнер ойға толықса, *Жайнар көңіл, қайнар өмір*, Ар ілімі оқылса, – деген Шәкәрім еңбекпен өрнектелген адамның *көңілі жайнап, өмірі қайнайды* деген тіл бірліктері арқылы «еңбекқорлық» концептісінің мағыналық өрісін беріп тұр. Шәкәрім ілімінде «арлы азамат» – жақсы мен жаманның айырмашылығын терең түсінетін, сөз бен ісі түзу, әділ, намысшыл адам, ал бұл арлы адамның барлық өмірлік іс-әрекеттері тек адал еңбектің арқасында «ар», «намыс», «ұждан» түсініктері арқылы өз кемеліне жетіп отырған. Тілдің лексика-фразеологиялық жүйесін сыртқы дүниемен, ақиқат өмірмен тығыз байланыста қарау – қарастырып отырған нысанымыздың қырлары мен сырларын тереңірек түсінудің бірден бір жолы. Ол жүйе арқылы тіл әлемі сыртқы әлем қайталамасы екені анықталады [186, 102 б.].

Ақын халық арасындағы еңбек тәрбиесіне ерекше мән беріп, өз шығармаларында еңбекті адам бойындағы асыл да ең қажетті мінездердің бірі деп жырлап өтті. Еңбекқорлық сынды адам болмысының ең маңызды деген қасиетін жеке тұлғаға қатысты емес, бүкіл адамзат дамуындағы тарихи маңызына көз жеткізе білді [187, 56 б.]. *Арсыз сол* – арамдықпен жан сақтайды, *Адал сол* – таза еңбекпен күнін көріп, Жаны үшін адамшылық ар сатпайды. Бұл үзіндіде Шәкәрім танымындағы *еңбекқорлық // жалқаулық* концептері *адал, арсыз* деген сөздермен астасып жатыр.

Тікенің болса бойында, Ауырса да өзің жұл. Сергек болсын ойың да, Еріншек болма *құр масыл* [98, 197 б.]. Бұл өлең жолдарында *құр масыл* тұрақты тіркесі арқылы *жалқаулық* концептінің лингвомәдени бірлік өрісін беріп тұр. Бұл тіркестер тілдің бейнелімін, тіл байлығын көбейте алатын сөздер жиынтығын құрайтын тілдің саналы қабатында тұрған бірліктер, олар ұлттың мінез-құлқын, түрлі көзқарастарын, қоршаған ортасын сипаттап, әрқашан да халық тынысының айнасы болып есептеледі [188, 135 б.].

Адамның ең асылы –

Қиянатсыз ақ бейіл.

Ең зиянкес жасығы –

Тайғақ мінез, екі тіл [98, 197 б.].

Осы шумақтардан байқағанымыз *еңбекқорлық // жалқаулық* концептері *қиянатсыз ақ бейіл, тайғақ мінез, екі тіл* ойсурет құрылымдарымен танылып тұр. Қай ұлттың тілінде болмасын, дүние бейнесі сол халық тіліндегі ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан адамзаттық тәжірибе мен ойлаудың терең мазмұнын бейнелейді [189, 99 б.]. Әдебиеттегі көркем образдар жүйесі, концептуалды мағына, кейіпкерлердің іс-әрекеті қайшылықты қарама-қарсы құбылыстардың әсерімен шығарманың көркемділігін байытады, бұл контрастың ең мәнді де басты қасиетін дәл байқатады [190, 78 б.]. Тіл білімінде құбылыстардың қызметін түсіндіруде

халық өмірінің дүниетанымынан туындаған әлемдегі барша бағалылықты қарама-қарсы салыстыра, қатар қойып салғастыру арқылы анықтау әмбебап контрастивті тәсіл ретінде адам қасиеттерін анықтау үшін де қолдануға болатындығы дау туғызбаса керек [191, 184 б.].

Адам болмысындағы ақыл, жан, тән бөліктерінің басынан басталған осы бағыты – төмендеу, кері кету болады да, тәннен жанға, одан ақылға ұмтылып жетілуі – кемелдену болып шығады. Адамдағы кемелдену мүмкіндігі мен әрекетінің түпкі сыры мен бастауы – ақыл. Шәкәрім танымында адамды кемелденген қоғам қалыптастырудағы алға жетелейтін күш – ар, намыс, ұят болса, осы үшеуін басқаратын – ақыл. Ал бұларды нұрлы жүректе ұстап, өмірде тіршілік барысында жетілдіру аянбай еңбек етудің арқасында қалыптасатыны ақиқат. Шәкәрім тілінде ұлттық нақыштағы мәдениет те, ұлттық таным да халқымыздың тарихын, әдетін, салтын танытатын адал еңбекті уағыздайтын концепт әлемнің тілдік бейнесін тануда ерекше мәнге ие.

Бай ұлық, жуандарды бақты көрмек,  
Ол мисыз шолақ оймен баға бермек.  
Анық бақ деп айтарлық үш нәрсе бар:  
*Кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек* [98, 103 б.].

Адамның адал еңбек етіп жан бағып, айналасындағыларға құрметті болуының айнымас кепілі деп білген ойшылдың өлеңдеріндегі еңбекке деген сүйіспеншілік осындай тіл бірліктерімен өріледі.

Ақынның өлеңдерінде жалқау, еріншек пенделерді *құдай атқан пендесі* деп ең адами құлдыраудың алғашқы баспалдағы деп таниды.

Даулассаң желдей еседі,  
Өзі айтып өзі шешеді.  
Үйір болған кісілер,  
Жан тыныштық деседі.  
Жан тыныштық бұл емес,  
Жан дүниенің құлы емес.  
Өзің байлап бересің,  
Жан жұмысы ол емес [98, 80 б.].

Бұл шумақтар арқылы жалқаулықты көрінісі әшкерелеген Шәкәрім ойының санада еріншектік туралы жинақталған *желдей есетін өсекиі, мақтаншақ, өзі айтып өзі шешетін өзімиіл* сынды ойбейнелік тармақтармен беріледі. Әрі қарай жалқаулықты тереңдей міней түседі:

*Еріншектің қақпаны, Көрінбей көзге жатқаны. Біреу оған ілінсе, Оны құдай атқаны»* [98, 80 б.]. Өмір сүру үшін Алланың берген үлкен сыйы бұл тіршілікте мақсат-мүддемізге жетудегі еңбекшілдік әрекеттерімен өмірге мән кіргізу – жер бетіндегі әр пенденің асыл мұраттарының бірі. Ал жалқаулық концептісі *гибадат жоқ, ақыл жоқ, бәрінің жолын кесетін* дертті ауру сынды ситуациялармен берілген.

Шәкәрімнің әйгілі «Мал жимақ» өлеңінде:  
*«Мақтан үшін мал жима, жан үшін жи,*

Қазаққа көз сүзбестің қамы үшін жи.  
Арың сатпа, терің сат, адалды ізде,  
Ғибадат пен адалдық ар үшін жи.  
Ерінбесең еңбекке дәулет дайын,  
Жаратқан жоқ жатсын деп бір Құдайың.  
Ойласын деп ой берді, көруге көз,  
Аяқ берді, тапсын деп басқан сайын.  
Егін сал, не сауда қыл, малыңды бақ,  
Білім білмек – әр іске шебер болмақ.  
Қол өнерден пайда қыл үйреніп-ақ,  
Кетпес дәулет осы ғой Құдайға хақ [98, 39 б.].

Осы шумақтардан байқайтынымыздай, Шәкәрім танымы арқылы *адал еңбекпен жан бағу, егін сал, малыңды бақ, адал сауда, білім білмек, кетпес дәулет* сынды қазақ халқының санасында ұлттық менталитет болып қалыптасқан еңбекқорлықтың арқасында адам жететін жетістіктер берілген.

Кейінгі уақыттағы тіл ғылымындағы когнитивті бағыт басқа да өзге ғылым салаларына жаңашылдық әкеліп ғана қойған жоқ, сонымен қатар, өзі де біршама байыды. Сол ғылымдардың ішіндегі санамен ойлау, білім, тәжірибе оны алу мен дамыту барлығы дерлік жаңа сипатқа ие болды [192, 7 б.]. Шәкәрім концептосферасы – ұлттық концептосферасының қайнар көзі, мөлдір бастауы. Себебі, Шәкәрім поэзиясында адам болып қалыптасудың барлық игіліктері мен кереғар мінездердің толық сипаттамалары көрініс табады. Шәкәрім тілі концептосферасы әлеуметтік, қоғамдық, адамгершілік-моральдық мәселелерді көтеретін, тәрбиелік мәні бар жеке концептерден тұрады.

Зерттеу мақаласының нәтижесінде *еңбекқорлық // жалқаулық* концептеріне қатысты лексемаларды тақырыптық-семантикалық жағынан сараптай келе, кешенді білім жүйесін, яғни когнитивті үлгісін ұсындық. Шәкәрім тілінің аясында *еңбекқорлық // жалқаулық* концептердің когнитивтік ерекшеліктерін зерттегенде, ұлттық мүддеге негізделген таным мен түйсікті бейнелейтін тілдік оралымдардың семантикалық аспектілері айқындалды. Аталмыш тіл бірліктерін концептуалдық талдау барысында тіл мен таным тұтастығында жан-жақты қарастыру бүгінгі лингвистика ғылымының өзекті мәселесі болып саналады. Зерттеу жұмысының барысында *еңбекқорлық // жалқаулық* ұғымдарының тілде таңбаланған көріністерін зерттеуде дәстүрлі бағыттан тыс жаңаша талдаудың үлгісі ұсынылды. Шәкәрім поэзиясындағы *еңбекқорлық // жалқаулық* концептердің ұлттық табиғаты ашылып, негізгі мәдени танымдық маркерлері көрсетіліп, әлемнің тілдік бейнесін танудағы әмбебаптық мазмұны анықталды.

Поэтикалық мәтін – өте күрделі болмысты қамтитын, дүниені образ арқылы оқырман ой-сезіміне сурет салу арқылы әсер ететін ерекше концептуалдық жүйелерден тұратын әмбебап құбылыс. Ақынның дүние туралы ақпаратты игеруі, өзіндік жүйелеу базасына қарай тілде көрініс табуы әртүрлі формада көрініс табады. Олар: 1) қарапайым форма (фрейм); 2)

күрделі форма (скрипт); 3) сызбалы форма (схема); 4) оқиғалы форма (сценарий); 5) бейнелі форма (ойсурет).

Поэтикалық мәтіндердегі концептілік құрылымдардың көрінісі – автордың менталды көрсеткіші. Заманауи лингвистикада тілді ұлттық таным арқылы тану өзектілігі басым болған тұста Шәкәрім сынды ақындарымыздың шығармаларына когнитивтік талдау жасау арқылы ұлттық мінез бен болмысты тануға мүмкіндік аламыз. Адамдағы кемелдену мүмкіндігі мен әрекетінің түпкі сыры мен бастауы – ақыл. Ал ақылды адам қашанда еңбек арқылы өз мақсат-мүддесін қанағаттандырып отырғанды жөн санайды. Шәкәрім өз өлеңдерін адам бойындағы жалқаулық пен еріншектікті жеңу арқылы, әрдайым еңбекқорлықты жан азығына айналдыру арқылы кемелденген адами құндылықтардың биігін бағындыра алады – деген түйінмен өрнектейді.

Қазақ ақындарының ішінде еңбекқорлықты дәріптеп, жалқаулықты қатты сынаған, сол арқылы қалың ұйқыда жатқан қазақты оятуға ұмтылған қазақтың ақыны Шәкәрім еді. Ол – қазақ поэзиясын тақырыптық, мазмұндық жағынан қазақ дүниетанымының шеңберін дамыта отырып, адам болмысының суретін бейнелеуде концептілік өрісін кеңейткен ақын. Оның шығармаларында негізгі тұжырымдар мінсіз адам болудың алғышарттарын көрсететін адамды құрдымға жетелейтін теріс мінездерді сынай отырып арлы адам қалыптастырудың барлық адами құндылықтарын қазаққа ұсыну арқылы адамгершілікке тәрбиелеуді алға қойған. Әсіресе өмірінің соңғы жылдарында жазылған қара сөздерінде адамгершілік, ар-ұят, тәрбие мәселелерімен қатар жалқаулықты көбірек сынға алады. Шәкәрім өзінің өлеңдерінде еңбекқорлықты барлық ізгілік атаулысының негізгі баспалдағы деп таныса, жалқаулықты күллі әлемнің дұшпаны екендігін келелі мысалдармен дәйектейді.

Ақын өлеңдеріндегі *еңбекқорлық* // *жалқаулық* концептердің бейнелі түсінікпен вербалдануы ойшылдың ойсуретке негізделген санасының шеберлігін білдіреді. Бұл ұғымдар ақын өлеңдерінде метафора, тұрақты тіркес, паремиялық бірліктер аясында жинақталған. Бақытты өмір сүрудің кепілі болған еңбек адамды ынталандырады, алға жетелейді, мақсатына жеткізеді. Қазақ дүниетанымында берекелі отбасы, шат-шадыман өмір сүру, денінің саулығы, ет жақындарының сүйіспеншілігіне бөлену, мақсатына жеткізетін, рухани, материалдық жетістіктің негізгі кілті болып табылатын *еңбекқорлық* концепті – сан ғасырлық өмір тәжірибесінен өткен, ғаламдық дәрежедегі концептіге ие.

### **3.4 Көркем мәтіндегі «Еңбекқорлық жалқаулық» концептері**

Тіл білімінде антропоцентристік парадигманың пайда болуы көркем шығарма тілінің коммуникативтік стилистикасын зерттеу жолында мәтіннің дискурсивті-когнитивтік құрылым ретіндегі зерттеулерді жаңа белеске шығарды. Көркем мәтіннің мәні – экстралингвистикалық факторлар

нәтижесінде пайда болатын күрделі және көп өлшемді мазмұнына негіз болған лексика-грамматикалық құрылым екендігіне дау жоқ. Мағына мен грамматикалық формалардың негізінде мәтіндік (сөйлеу) мағынасы да қатысушының мәртебесі болып табылатын жазушының өз тәжірибесі және эмоционалдық көзқарасы бойынша көркем ақпаратты экспрессивті жеткізу автордың тілдік тұлғасы мен концептосферасының дәрежесін айқындайды. Тереңіне тартатын психологиялық талдау, кең тынысты ішкі монолог, сан қатпарлы тарихи шындықты бірден қамтып көрсететін эпикалық сарын, оқырманды баурап алатын лирикалық шегіністер сынды құбылыстарды саралап көрсететін көркем шығарма тіліне танымдық талдау жасау арқылы сол халықтың дүниетанымындағы әлем бейнесін тануға болады. Қоршаған ортаның адам санасында бейнеленіп, тілде көрініс табуы, шығармадағы ұлттық сипаттың басымдығы, метафораның фразеологиялық тіркестермен арақатынасы, фразеологияның бейнелігін тудырудағы метафоралар арқылы көркем шығармадағы когнитивтік білім қабатын концептуалдық жүйелер арқылы анықтайтын боламыз. Себебі бұлардың құрамында бейне, таңба, символ, белгі негіздері болатұғын когнитивтік ой қалыптастыра алатын құбылыстардың бейнелері ауыспалы мәндегі сөздік оралымдар арқылы аялық білім негізінде түсінікті болып отырады [193, 53 б.]. Тіл білімінде антропоцентристік парадигманың пайда болуы көркем шығарманы дискурсивті-когнитивтік құрылым ретінде қарастыратын көркем мәтіннің коммуникативтік стилін алдыңғы қатарға шығарды. Когнитивті лингвистика концептуалды құрылымдар арқылы ғалымның тілдік бейнесін модельдеуге бағытталғандықтан, осы мақсатқа жету барысында концептуалдық-семантикалық, лингвомәдениеттанымдық талдау әдістері арқылы зерттелетіні мәлім. [194]. Көркем мәтінді тіл мен таным ұштастығы негізінде біртұтас жүйеде қарастыру қазақ этносының танымдық, когнитивтік болмысын тануға мүмкіндік ашады. Тіл – тілдегі концептіні тануда поэтикалық мәтіндердегі ақынның қабылдау мен сезіну әрекеттері арқылы қалыптасқан бейне, ойсурет тудырушы өлең өрімдерінің семантикасын ашу бүгінгі зерттеу мақаламыздың басты мақсаты. Әлемнің тілдік бейнесі феноменін зерттеген профессор В. А. Маслова: Концептерді әртүрлі тәсілдермен жіктеуге болады. Тақырып тұрғысынан алғанда, олар, мысалы, эмоционалдық, тәрбиелік, мәтіндік және басқа да ұғымдық салаларды құрайды. Тасымалдаушыларына қарай жіктелген концептер жеке, микротоптық, макротоптық, ұлттық, өркениеттік, жалпыадамзаттық ұғым сфераларын құрайды. Концептер дискурстың бір немесе басқа түрінде қызмет ететінін ажыратуға болады, мысалы, педагогикалық, діни, саяси, медициналық және т.б. Дискурстың өзін бір мезгілде ұғымдарға үндеу жиынтығы ретінде және ана тілінде сөйлейтіндердің санасында бар тұжырымдама ретінде қарастыруға болады, – деп тұжырымдайды [21]. «Қуатты ойдан бас құрап, еркеленіп шығар сөз» - дейді данышпан Абай. Академик Зейнолла Қабдоловша айтқанда «Құнарлы ойдан- құнды сөз». Бедерлі ойдан – бейнелі сөз! Әдеби тіліміздің түп-тамыры болған халықтық

тілдің бедерлі айнасын танытатын көптеген көркем мәтіндерге когнитивтік талдау жүргізу арқылы ұлттың тұтас жүріп өткен тарихы мен танымы, сан ғасырлық мұрасы мен мәдениеті, салт-дәстүрін тануға болады. Қазақ кеңес әдебиетінің көрнекті өкілі Қарауылбек Қазиевтің шығармаларына когнитология тұрғысынан талдау жасау арқылы *еңбекқорлық// жалқаулық* тілдік бірліктерінің семантикалық көлемін айқындауға мүмкіндік аламыз. Қарауылбек Қазиевтің әңгімелері, сөз жоқ, ұрпақтарды ұлттық рух қуатымен тәрбиелеуде маңыздылығы жоғары болуымен құнды. Сондықтан, қаламгер шығармаларын зерттеу, суреткерлік шеберлігін айқындау мәселелерінің алар асуы әлі алда. Қазақ прозасында қаламгердің әңгімелері ұлттық негізділікті нығыздай отырып, әлем әдебиеті арналарымен бірге көркемдік сапа дамуының жаңа белестеріне шығуы арқылы сөз өнері дамуының жаңа қозғалыстағы орнын бағамдайды. Біз бүгінгі еңбегімізде Қ. Қазиевтің шығармаларына *еңбекқорлық// жалқаулық* концептері негізінде фразеологиялық тіркестер мен метафоралық тілдік бірліктерінің когнитивтік қабатын зерттейтін боламыз. Зерттеу жаңалығы – Қ. Қазиев шығармалары алғаш рет когнитивтік лингвистика аясында зерттеу нысаны ретінде алынып, когнитологияның негізгі ұғымдарына (фрейм, ойбейне, сценарий, метафора, стереотип) талдау жасау арқылы жазушының *еңбекқорлық// жалқаулық* концептердің дүниетанымын және жазушының тілдік тұлғасын анықтауға мүмкіндік алу. Жыраулар концептуалдық дүниетанымының *адам-тіл-дүние бейнесі* арқылы *дүниенің жаратылу, шынайы адам, өлім қайғы, мұң, шер, жалғыздық, жекелік, Атамекен* концептердің когнитивтік мәнін ашқан ғалым И.Б. Нұрдәулетованың «Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі» атты еңбегінде: «Тілдік тұлға дегеніміз – көркем мәтіндерді тудыру және қабылдай алу қабілетті адам. Ол қабілетті құрылымдық-тілдік деңгейімен, шындықты бейнелеудің тереңдігі мен ділдігімен, нақты мақсатқа бағытталуымен ерекшеленеді» [195,466.], дейді. Автор танымындағы еңбектің ұлттық эталоны – соғыстан кейінгі жылдардағы қазақ ауылындағы қарапайым шаруа адамының бейнесі арқылы тұтас ұлтымыздың бейнетқор, еңбекшіл қасиеттерін керемет тіл бірліктері арқылы оқырманға жеткізеді. Концептерді талдау барысында мынадай: концептінің мағынасы мен оның әртүрлі философиялық, діни жүйелердегі орны, сөздіктегі орны, адамның санасындағы түсінігі, белгілі бір концептіге байланысты образдардың пайда болуы сынды [196, 86.], ұстанымдарға сүйенген дұрыс.

Тілі білімінде көркем мәтінді когнитивтік аспектіде зерттеу Ә. Қайдаровтан бастау алып, бергін келе көптеген ғалымдардың зерттеу нысанына айналғаны рас. С. Үсенбаева «Көркем мәтіндегі сөйлеу тілінің лингвостилистикалық қызметі (Т. Нұрмағанбетов шығармалары негізінде)» [197] атты кандидаттық диссертациясы кейіпкер тілінің лексика-семантикалық қабаттың анықтай отырып, ауыл адамдары тіліндегі концептілік құрылымдардың мәнін ашуымен құнды. Ж.Сәткенованың диссертациялық жұмысында Б.Соқпақбаевтың шығармаларындағы кейіпкер



тілін танымдық аспектіде қарастыру арқылы бала танымындағы көптеген концептердің семантикалық мағынасын ашу арқылы мәтінді кейіпкер тілі арқылы зерттеудің тіл мен мәдениет сабақтастығындағы маңыздылығын ашқан еңбек ретінде бағалы болмақ. А. Аккузованың «Антропоэзектік парадгима: көркем мәтіннің коммуникативтік-прагматикалық әлеуеті» [198] атты диссертациясында тұтас этнос ретінде өзімізді де тани түсуге септігін тигізетін көркем туындыларда қолданылған тілдік деректерді когнитивтік тұрғыда зерттеудің маңыздылығын алдыңғы қатарға шығарады.

Қ. Қазиев шығармаларындағы (Иманжапырақ, Менің шешем) *еңбекқорлық // жалқаулық* ұғымдарын танытатын сөздік қатары негізінде концептуалдық өрісі түзіліп, тілдік тұлға құрылымының деңгейінде қарастырылды. Зерттеуді жазу барысында Қ. Қазиев шығармалары белгілі бір коммуникативті бірлік ретінде қаралса, Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Ж. Манкеева, Д. Әлкебаева, Г. Мұратова сынды ғалымдардың іргелі еңбектері мақаланың әдіснамалық негізін құрады. Көркем мәтін не поэтикалық шығарма болсын көркемдік тәсілдер түріне талдау мәселелерін көтерген еңбектер қатарына Р. Сыздықованың «Абай шығармаларының тілі», Жанпейісовтің «Қазақ прозасының тілі», «Абай жолы эпопеясының тілі», Өміралиевтың «XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі», Б. Хасановтың «Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы», Т. Қоңыровтың «Қазақ теңеулері», Б. Шалабаевтың «Көркем проза тілі және оны мектепте оқыту, «Көркем проза тілі» атты зерттеулерін жатқызуға болады.

Ал жеке авторлардың ғылыми зерттеу еңбектері: Л. Еспекованың «Қадыр Мырзалиев лирикасының тілі», С. Асқарованың «Т. Молдағалиев лирикасының тілі», С. Ғұбайдуллиннің «Ә. Кекілбаев прозасының тілі», А. Рахимованың «Жүсіпбек Аймауытов романдарындағы қосұнді сөз» т.б. атауға болады. Соңғы жылдары когнитивтік лингвистика бағытындағы ғылыми зерттеу еңбектері тіл ғылымын жаңа бір белеске көтеріп отыр. Көркем шығарма тілін үш тағанды (автор-оқырман-мәтін) қатынасында зерттеген ғалым Г.Әзімжанова көркем туындының оқырманға белгілі дәрежеде әсер етуін, «автордың көздеген прагматикалық бағдары» [199] деп атайды. Қ. Қазиевтің туындыларындағы табиғат көріністерін зерттеген Н.Н.Иманбекованың «Көркем пейзаж жасау суреткердің дүниетанымының кеңдігіне, рухани және материалдық мәдениеттерді жете білуіне, бір-біріне жақындамайтын тегі басқа, тірлігі оқшау құбылыстарды орайластырып, жымдастыруға, алыс ұғым-түсініктерді бір-бірімен шебер қиюластыраға саяды» [200] деген пікіріне толығымен қосыламыз. Қ. Қазиев шығармаларын оқи отырып, әр оқырман қазақ халқының қазыналы мәдениеті мен салт-дәстүрлерінен, ұлттық құндылықтарын айна-қатесіз көрсете алатын дүниетанымын таниды. Сондықтан, көркем шығарма тілі арқылы сол жазушы өмір сүріп отырған заманның тіршілігінен, ұлттың болмыс-бітімінен хабардар болатын оқырман қаламгердің стильдік ерекшеліктері мен тілдік тұлғасын анықтай алады.

Қазақ халқының ұлттық дәстүрі мен салт-санасын, ой-өрісін сөз еткенде, халықтық психологияны, оның ішінде адамның жан дүниесінің тілдегі көрінісі – әсіресе қазақ халқына тән, өмірдегі әртүрлі жайттардан алынған ілімін бір-екі ауыз сөзбен ғана түйіндейтін тұрақты тіркестердің маңызы зор. Көркем сөз тәсілдерінің ішіндегі қуаттысы мен құнарлысы болып саналатын фраземалар – ойды астарлап, образды-бейнелі, әсерлі, ұйқасты-ырғақты, әуезді жеткізетін өзіндік ерекшеліктерімен көзге түсетін әмбебап құбылыс. Оның қызметі – өмір шындығын, барлық болмысты өзінде бейнелеп көрсету.

Адамзат тарихын өз бойында сақтаған қазақ фразеологиялық ойлары, дүниені танып-білуі, тұрмыс-тіршілігі, ұлттық мәдениеті айқын көрініс тапқан [201] фразеологизмдердің мағыналық ерекшеліктері мен прагматикалық-дискурстық сипатын жаңа бағыт когнитивтік фразеологияны тереңдете қарастыруға мүмкіндігі зор [202].

*Еңбекқорлық // жалқаулық* ұғымдарын сипаттайтын фразеологиялық тіл бірліктерін сөз еткенде, ең бірінші, *Адал еңбек етті* деген тұрақты тіркес ойымызға оралады. *Өз күшін өзгеге қиянат, кесірі жоқ іске, кәсіпке жұмсады. Жастықта бір күлгенің бір қаралық, Күлкі баққан бір көрер бишаралық. Әуелі өнер ізделік қолдан келсе, Ең болмаса еңбекпен мал табалық* [97]. Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей жанын қарманып, *адал еңбекпен мал іздемек – арлы адамның ісі.* (Абай) *Адал ақы, маңдай тер, табан ақы* – адал еңбекпен тапқан табыс, бейнетпен келген төлем.

*Қол жалғады* – қол ұшын берді, көмектесті. *Еңбегі жанды.* Қадамы өрге басты; жолы болды, ісі алға басты, еңбегі өтелді. Еңбегің жанып, мінекей, Жайқалып тұр егінің, Еңбегі ғой көгерген, Егіншідей ерің. *Жаманды күнде азғырса жан демейді, Жақсы жаннан кей-кейде таяқ жейді. Күніне неше бүлік шығарса да, Еңбегі жанған жан боп сүйінбейді* [94, 163 б.] Ал енді күнделікті тіршілігімізде еңбекпен бірге сіңген осы тұрақты тіркестер Қ.Қазиев шығармаларында былайша көрініс тапқан:

«Желкемізден бір атты көрінді. Күнқағары тікірейіп, бізге қарай тура тартты.

— Бригадир келе жатыр, аға...

Газет көлегейлеп отырған мені таныған жоқ.

— Оу, еңбек рәтті болсын, жігіттер!..

*Кіренқұл барып қолын алды»* [203, 187]. Еңбек рәтті болсын! (Жамб.,:Мойын.,Луг.) еңбек жансын, жұмыс сәтті болсын! [204, 39] деген мағынада айтылған фразема – шөп орып, қыстың қамын жасап жатқан адамдарға қаратып айтқан Қ. Қазиевтің «Иманжапырақ» повесінен алынған үзінді. Ары қарай оқыған сайын жазушы қолданған талай тұрақты сөз тіркестерін байқауға болады. Мәселен:

«Нағыз кемелді сәті қазіргі кезең. Орылудың тағы бір озық жері – ыстық, суықтан таса. Бір тап, бір қалыпта сақталуы – сөгін жоймайды. Сол

күйінде *күйіс қайырған малдың* жүні үрпип, жоны жығылмайды. Кекірік аздырмас күрең сүрің осы.

–Қыр шөбі қалай?

– Мұны жақсы айттың. Қыр шөбіне деген *қырсыздық күрмеулі күйінде*. Жер мойнының қашықтығы – қалыпты сылтауы. Телегей шалғынның шалғайдағы шашыранды шабылуы, шындығын айтқанда, *шымбайға батып* жүрген жәйт. Бүйрек майдай бүрлері білеуленген үлпершек от сол аранікі ғой. Осындай қып орып алса, *ортасы ойылмас кен көзіне кенелер едік*. Ол жағына әлі тіс батқан жоқ. *Шешуі табылмаған шиелі түйіннің бірі*. Бүгінгі жиында жабыла айтарымыз осы болар. Қолға алмайынша, *қашаннан зәру шаруаның зердесінен шығу – құр кеуде қазарлық...*» [148,189].

Осы үзіндіде *шиелі түйінді шешті – шатасқан істің жүйесін тапты, қырсыздық күрмеулі күйінде-қырсық шалды, шымбайға батып-жанына батты, ортасы ойылмас кен көзіне кенелер едік- шөпке байып қалу, молишылыққа бату, қашаннан зәру шаруаның зердесінен шығу – шаруаның қажеттілігін орындау, құр кеуде қазарлық – құр кеудеге салу-босқа еңбек ету* деген мағынада жұмсалып тұр. Осындай мол фразеологизмдер қарапайым еңбек адамының білім деңгейлері мен дүниетанымын бейнелейді. Қаламгерлер белгілі бір заман шындығын бейнелейтін туындыларда тұрақты сөз тіркестерін стильдік бейнелеуіш құрал ретінде көптеп пайдаланады. Қазақ әдебиетінде қай шығарма болсын, фразеологизмдерсіз жазыла қоймайды. Тіл сол шығарманың қаны мен соғып тұрған жүрек жаны десек, солардың ішінде фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, нақыл сөздер сентенциялық қолданыстар және ауыспалы мағынадағы метафоралық тіркестер шығарма шырайына ерекше өң беретін көркемдік тәсілдер қатарынан орын алады [205]. Мәтіндегі бейнелі сөздердің бәрі дерлік шаруа адамының қат-қадыман тіршілігі мен шөп қарекетімен байланысты еңбек қатынастарын бейнелеуге ат салысып тұр.

«–Қиын бір іске душар болғансыздар-ау?..

–Солай, құрбым. Қарап жүріп қайғы таптық. Көктем кезінде тұқым бидай ұрлаймын деп, *тұқымы сордай болған жағдайы* бар замандасыңның. Өзі де *сұғынып кетіп еді, соры қайнап* шыға келді...

– Қайтесіз... бекем болыңыз. Мүмкін, кешірім етер [148, 198].

– Кешірімнен гөрі кеселді аты батады ғой. *Сүттей ұйыған* шаңырақ едік, *сергелдең өмірге* тап болдық. Дос–дұшпанның табасын ойлағанда, *қабырғаң сөгіледі*». *Сұғынып кетті* – сұғанақ көз – сұқтана қарайтын сұқ көз, аш көзді адамды айтамыз [94, 473]. «Көз арқылы адамның мінезін, білім деңгейін, өмірлік ұстанымдарын қандай екендігін білуге болады. Бір сөзбен айтқанда көз – адамды толығымен таныта алатын дене мүшесі» [206,53]. Соры қайнады – бақытсыздыққа ұшырады. Бұл жерде Қ. Қазиевтің «Иманжапырақ» повесіндегі бас кейіпкер Қалаудың досы Әлдиханның үйін іздеп келе жатқанда уақытша үйіне қона тұрған отбасының хәл-жағдайы суреттеліп отыр. Тұқым бидай ұрлап, сұғынып кетіп, соры *қайнаған*, басына қиын жағдай туып отырған отағасының жағдайы – *жалқаулық* сынды жаман

кеселдің зардабы. Мұндайда дана Абай: «Еңбек қылмас еріншек адам болмас. Құлық-сұмдық, ұрлықпен мал жиылмас», деп кесіп айтқан.

Көркем мәтін тілін талдағанда, жазушының сөздік қолданысындағы ұлт мәдениетінен хабар беретін тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық тілінде қалыптасқан тілдік оралымдар оқырманға эстетикалық, рухани азық беретіні сөзсіз. *Сүттей ұйыған отбасы* – берекесі мен ынтымағы жарасқан, еңбекпен адал ас тауып, жан бағып отырған үй деген мағынада айтылып тұр. *Сергелдең өмір* – әуре сарсанға салған басына қиын іс түскендегі тіршілікті бейнелеп тұр. Бұл жерде қарама қарсы мәндегі сөздер арқылы отбасыдағы жағдайды бейнелі түрде суреттеп тұр. «Тілімізде қарсы мәнді сөздерді ақын, жазушылар өзара қатар алып, шығарма тілінің көркемділігіне пайдаланады» [207, 105]. Қарама-қарсы ұғымдар тек тіл мен әдебиетте ғана емес, жалпы өмірдің өзі қарама қайшы құбылыстардан тұратыны рас. Ал тіл мен әдебиетте сөздерді бейнелі сөйлетуде антонимдік қатарлардың қолданылуы арқылы мәтінге экспрессивті реңк беріп, тіл құнарлы арттыратыны ақиқат. Когнитивті лингвистикада тілдегі антитеза құбылысын адам танымындағы зат пен құбылысты екеуара шендестіру арқылы тіл мен таным біртұтастығында сипаттайды. Адам санасында концептуалды жүйені құру реттілігі логика принциптеріне сәйкес келеді және бұл жүйе оның логикасы сияқты қасиеттерін анықтайды. Ол бір концептіден екінші концептіге логикалық ауысу, кейбір концептерді басқалары арқылы анықтау, бұрыннан бар концепті негізінде жаңа концепт құру мүмкіндігін анықтайды. Жазушы шығармашылығына *еңбекқорлық\жалқаулық* концептері аясында талдау барысында басқа да концептуалдық құрылымдарды анықтауға мүмкіндік беретіндігін айта кеткеніміз жөн.

«Төрт жыл бойы бораған оқ астынан аман келіп, әлдекімдердің қолынан қаза тапқаны аянышты, — деп Рауан өкініш білдірді.

– *Өзі де өрт еді, өрттігінен кетті зой.*

– Қазасы қалай еді? — деп, тау жақтан жуырда көшіп келген Найзабек сөзге араласты.

– Омырауы толы орден бола тұрып, әлдекімдер құсап шіренбестен, әскерден оралысымен колхоздың сиырын алмап па еді.

– Апырай десеңші! – деп Рауан қайта үн қатты.

– *Кейбіреулер көне шенелі тозғанша кердеңдеп, өкімет темір үй сап береді деп, шөп басын сындырмай жатқанда, мына азамат келе сап киілігіп еді-ау.*

«–*Жұмыс десе, жанын салушы еді, – деп Иماش сөзін жалғастырды. – Жазғанның өлеріне көрінді ме, таңның атысы, күннің батысы малдың соңын бермеуші еді*» [148, 159].

Бұл мәтіннен ұққанымыз, шығармадағы кейіпкер тілі арқылы автор сол замандағы еңбек адамының нақты бейнесін суреттейді. Бейнелі метафора арқылы *өрт* сөзіне адамды телу арқылы кейіпкердің еңбекке деген сүйіспеншілігін өз дүниетанымындағы сөздер арқылы оқырманға жеткізеді.

Метафоралық тіркестерде бағалауыш мағынаның берілуі жиі кездеседі. Метафораның бағалауыштық қызметі – кейіпкердің белгілі бір затқа немесе құбылысқа берген бағасынан, зат не құбылыстың қасиеті мен жай-күйін, дерексіз мағыналардың белгілерін түсіндірудің тиімді тәсілі болып саналады [208, 536]. Метафораларды танымдық тұрғысынан зерттеу тек тілдің жаңашылдық сипатын анықтап ғана қоймай, жеке адам болмысының өмірлік тәжірибесінен көрініс береді деген пікірді мақұлдаған Джордж Лакофф «метафораларсыз өмір жоқ, өмірдің өзі – метафора» [208] дейді. Повестегі кейіпкерлер тілі арқылы автор *жалқаулық* концепті адам танымындағы тілдік бейнесін *шөп басын сындырмау* сынды тіл бірліктері арқылы беріп отыр. Ал, жұмыс десе жанын салатын, *таңның атысы, күннің батысы мал соңында* жүретін адам еңбекқорлық сөзінің концептілік өрісін беріп тұр.

«Бел бекіп, бұғана қатайғалы қасында ержеткен қасиетті мекен ғой. Қанша шапсаң да мұрты ойылмайтын ну шалғын болушы еді. Шөбі қандай жұғымды! Қақаған аязда гүл иісі аңқыған көк балаусаны күртілдете шайнаған жануарларға қарап тұрудың өзі бір ғанибетті. *Мал емген кісіге шөп жинаудан артық не бар? Жаз бойы жал жалды қуалай, бау-бау дестені шөмелелеп, тырбаңдайтын да жататынбыз*» [148, 199]. *Мал емген кісі – еңбек емді* – адал еңбекпен күнелтті, қызметінің жемісін жеді [94, 163]. Повесте кішкене ғана Жамбыл облысындағы Кербұлақ ауылының тұрмыс тіршілігі, күнделікті қайнаған өмірі суреттеледі. Басты тіршілік көзі мал шаруашылығы болғандықтан ауыл тұрғындары да осы салада өз еңбектерімен күнелтеді. Қазақ үшін төрт түліктің маңыздылығын бір-бірімен кездескенде: «Мал-жан аман ба?» деп сұрауынан-ақ байқауымызға болады. Ұлт тілінің дамуы үшін сол халықтың кәсібінің маңызды екендігін ескерсек, бұл тіркестің жасалуында ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрдің ерекшеліктері бар.

«*Сыры кетсе де, сыны кетпеген* шеше тіршілігін ойлап жатып ұйқыға кетіпін...» [148, 1736]. Қолына қалам ұстап, ақ қағазға телмірген күллі қаламгердің басындағы тағдырда, ең алдымен, анасына деген алғысы мен рақметі әдемі сөздермен өрнек болып өрілетіні рас. Ал Қарауылбек шығармасында өз анасына арнаған мына кішкене ғана тұрақты сөз тіркесі шеше бейнетқорлығын, еңбегін паш етіп тұрғандай. Баласын жалғыз өзі өсіріп, бүкіл ауылға еңбекқорлығымен аты сіңген, әке орнын жоқтатпаған ардақты анаға деген ұрымтал, айшықты ұғым білдіретін сөз үйлесімдері шығарманың өн бойында аз кездесіп отырса да, дәл қазақ әйелінің бейнесін тануға болады.

«– "*Басы екеудің малы екеу*" деген ғой, алтыным. Өзіңнен артылатын қайбір кеңесім бар менің, – деп орнынан түрегелді» [148, 17]. Ана аузынан шыққан мақал. Баласын үйлендіріп, бір басын екеу ету арқылы қазақ танымындағы үй болудың басты орындағы статусын алға шығарады. Мақал-мәтелдердің өне бойында ұлттың тұтас жүріп өткен тарихы мен танымы, сан ғасырлық мұрасы мен мәдениеті салт-дәстүрі жатады. «Оның тілдік қабатында жалпыхалықтық қолданыстағы лексика-фразеологиялық

бірліктермен қатар, ауыз әдебиетіне тән мақал-мәтелдер, өзінен бұрын өмір сүрген ақын-жазушылардың сөз қолданысы кейде саналы түрде, кейде еріктен тыс ұшырасуы мүмкін» [209, 18].

«*Күндіз әрекеттену – құр әурешілік. Бір тамшысы қалмай егістік басында жатады. Ауылдың тайлы-тұяғы түгел түн бойы кетпен көтеріп шығатыны да сондықтан. Тоған жағалап, тынбай жүретін қарулы қол керек. Мол ағын қырық жамау арықтың қай бүйірі болмасын, тесіп ала жөнелуі мүмкін. Жағалай шаруа баққан бейнетқор бөгденің қас пен көздің аралығында жырып ала салуы да оңай*» [148, 180]. Осы мәтіндегі *шаруа баққан* фраземасы – іс істеп, тірлік еткен, қызмет қылған [94, 561] деген мағына үстейді. *Кетпен көтеру* – бұл да шаруақор, бейнетшіл адамның күнделікті өмірдегі іс әрекетінің көрінісі.

«Ары қарай барсақ, *еңбегіміз зая кетеді. Машина жүре алмайтын осындай жағалауға ғана лұқсат. Тегіс жерлері колхоздікі...*» [148, 185]. Фразеологизмдердің өзара синонимдігі мен оның жеке сөз мағынасына жақындығы туралы Г. Смағұлова: «Еңбегі еш болу» фразеологиялық тіркесіне қалған синоним фразеологизмдердің кез келгені ұйытқы мағынамен қатар тұра алады, демек контексте фразеологиялық тіркестердің орындарын алмастыруға болады деген пікір айтады [208]. Мағыналас фразеологизмдердің қазақ тіліндегі варианттарының көптеп болуы әр адамның дүние қабылдауындағы сөз қолданысының дәл осы тұрақты тіркестерде әртүрлілігімен түсіндіріледі.

«– *Әне, Тоқылдақ ағайымыз келе жатыр...*

Орынбасар екен. Құрақ арасындағы сүрлеуден шыға келді. Атының қасқасы басын шұлғып басқан сайын көмескі шам жарығындай ары-бері теңселе түседі.

– Неге олай атайсың?

– *Таң білінісімен ұйқы бермейді. Әрқайсымыздың төсегімізді тоқылдатып, құлақтан тартқандай оятатыны қиын*» [148, 192]. Жас қыздың колхоз бригадирі Орынбасарды осылай атауы орынды. Лингвомәденитанымдық көзқарас тұрғысынан алғанда, қазақ әйелдерінің ер адамдардың есімдерін атаудан табу және эвфемизм құбылыстарының ерекшеліктерін байқауға болады. Қыз өзі өмір сүріп отырған отбасындағы тіршілікте не айналасындағы адамдардың ер кісілерге қаратылып айтқан жалқы есімдерді жастайынан бойына сіңіріп өседі. Бойжетіп, өзге шаңыраққа келін болып түскенде, өзге қайың жұртындағы туысқандарына өз дүниетанымына сәйкес есіммен атауды қалыптастырады. Ал жоғарыдағы мысалда жас қыздың *Тоқылдақ* деген атауды еңбекке шақыру мақсатында таң атысымен үй тоқылдатып, ауылды шулатып тұрғызатын колхоз бригадиріне қаратып айтылуы таң қаларлық дүние емес. «Қазақ ұлтының антропонимиялық формуласын мәдени талдау жасаудан көріп тұрғандай, қазақ антропонимдерінің формалары мен құрамдарында қызықты әрі құнды мәдени ақпарат болуы мүмкін» [210, 62].

Қ. Қазиевтің келесі бір туындысы «Менің шешем» әңгімесі – қарапайым әйелдің еңбекке деген ықыласын, соғыс көрсеткен ауыр бейнеттің тұрмыс-тіршілігімен суреттеп отырған кезеңнің көркем көрінісін жасай отырып, қазақ әйелінің керемет бейнесін сомдаған шығарма.

«Бірақ сенің қажымас көңілің мен жазира жүрегің еңбек жырын төгіп келеді. Сен, қарапайым еңбеккер, жалындаған үннің әлдиінде келесің. Сен – алыпсың, *колхоз өміріне кірген бақ пен дәулеттің, қыдыр мен ырыстың барлығында сенің үлесің* жатыр, соның көбі сенің жұмыскер қолыңнан өткен [148, 260]. Еңбек жыры – бұл өмірлік жыр, таусылмас ән. Адамзат осы әнмен жігерленеді, нұрланады, тал бесіктен жер бесікке дейінгі уақытта тек еңбек жырымен қуаттанып өмір сүретіні рас. Бұл мәнмәтіндегі *бақ пен дәулеттің, қыдыр мен ырыстың* жаршысы болған еңбекқорлық концептісінің ұлт танымындағы тілдік көрінісінде халық үшін маңызды деген ұғымдармен айшықталып тұрғанын байқауға болады. Демек, еңбектің арқасында әр адам дәулет, қыдыр, ырысқа кенеліп, көңілі де өмірі де баршылықта өткізетіндігі халық қолданысындағы тіл оралымдары арқылы байқап бағамдауға болады.

«Алғашқы қарқынмен еңсеріп тастамаққа оңтайланып, жұмыс мөлшерін көзбен шолады. *ІІә, көз қорқақ, қол батыр. Біссімілла, береке...*»

Сонымен бастап та жібереді. Осыдан қара кешке дейін...» [148, 261]. Берекенің бастауы болған еңбектің жемісін адал жейтін жандардың тіліндегі *көз қорқақ қол батыр* сынды мақалдар ұлттық мінезді айқындауға зор үлесін қосқан *еңбекқорлық\жалқаулық* тақырыбындағы паремилар адамгершілік сипаттағы қасиеттерді қалыптастыруда еңбек тәрбиесіне баулуда халықтық педагогиканың озық үлгілері болып табылады.

Көркем концептіні мәдени концепт ретінде нақты жүзеге асыру туралы пікірлердің бірі Л.В. Миллердің зерттеу жұмыстарында кездеседі. Ал көркем концептіні «индивидуалды таныммен қатар (эстетикалық тәжірибені құраушы ретінде) белгілі бір этномәдени қоғамдастықтың психоменталды саласына енетін» және «мәдени жадта сақталған әмбебап көркемдік тәжірибе әрі жаңа көркемдік мағыналардың қалыптасуы барысында «құрылыс материалы, фермент» ретінде жүзеге асыруға қабілетті менталды құрылым» [207, 42], – деп көрсетеді.

Көркем мәтінде еңбекқорлық\жалқаулық концептері – бұл символдық, эталондық, стереотиптік, бейнелі-метафоралық мәнге ие болған бүтін мәдени мазмұнды бейнелей алатын деноттатық сипаты басым тіл бірліктері мен таңбалар, яғни лингвомәдени бірліктер екендігіне көзіміз жетіп отыр. Еңбекқорлық\жалқаулық концептері қазақ ұлтының болмысын, ерекшелігін, өзіне тән ой-өрісі мен мінез-құлқын, дәстүр-салты мен әдет-ғұрпын, менталитеті мен басқа ұлттан ерекшелігін байқататын тіл бірліктерінің мағынасы арқылы, яғни сол атауға таңбаланған бейне мен ситуация мазмұны арқылы бейнеленетіндігін анықтадық.

Ұлттық мәдениеттің қалыптасуында тіл үлкен қызмет атқарады. Көркем шығарма тілі арқылы сол халықтың этномәдени санасын, ұлттық мәдениетінің көрінісін пайымдауға болады. Қаламгер өз заманының

шындықпен бейнеленген өмірін суреттеуде оқушы көңілінен шығу, уақыт талабына шыдауды мұрат ететін туындылар қалдырды. Қ. Қазиев шығармаларында қазақ халқының дүние туралы көзқарасы, салт-дәстүрі, жол-жоралғылары, әдет ғұрыптары, тұрмыс-тіршілігімен күнделікті еңбек қатынастарына байланысты ақпараттар жинақталған тұрақты сөз орамдары, мақал-мәтелдері, айшықты теңеулерін танытатын тілдік бірліктер өте көп.

Жазушының *Іманжапырақ*, *Менің шешем* шығармаларының көркемдік мәтінін *еңбекқорлық // жалқаулық* концептілік жүйесінде талдау арқылы сол өзі өмір сүрген 60-80 жылдардағы ауыл халқының тұрмыс-тіршілігінің көзі болған негізгі кәсібінің жәй-күйінен, еңбек пен жалқаулық ұғымдарына қатысты өмірлік тәжірибелерінен хабардар болдық. Зерттеу жұмысымызды қорытындылайтын болсақ, халықтық сөз саптауларындағы өмір сүрудің негізгі кепілі болған еңбек ету қажеттілігіне байланысты күнделікті қолданатын сөз оралымдары арқылы тұтас қазақ халқының әлем бейнесі туралы дүниетанымын тануға болады.

### **3-тарау бойынша түйін**

Сонымен, жаңа ғылыми парадигма-лингвоконцептология бағытында концептердің айқын мәдени маңыздылыққа ие болған тілдік қорлар вербалдану ретінде ұғынылатыны туралы жоғарыда айтылды. *Еңбекқорлық // жалқаулық* концептерін танытуға бағытталған құрылымдар: когнитивті үлгі, яғни дүниенің ассоциациялық, таптаурындық, стереотиптік-символдық, бейнелік үлгілері арқылы мәдени кодтарды анықтауға бағытталған лексемаларды топтастыра келе когнитивті үлгісін ұсындық.

Ұлт мәдениетінің негізгі бастауы – бұл дұрыс сөйлеу, образды, бейнелі, айшықты ойды жеткізу әдебін меңгеруде біз талдаған *еңбекқорлық // жалқаулық* концептерін сипаттайтын тіл бірліктері үлкен маңыздылыққа ие. Концепт қалыптастыруда жазушы, ақындарымыздың рөлі ерекше. Сол қаламгерлеріміздің еңбектеріндегі *еңбекқорлық // жалқаулық* концептері мәтін тудырушы авторлардың өмір тәжірибесіне орай әртүрлі формада көрініс тапқандығын нақты мысалдармен дәлелдедік.

*Еңбекқорлық // жалқаулық* концептерін тануда көркем шығарма, поэзия, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер маңызды рөл атқарады. *еңбекқорлық // жалқаулық* концептері фразеологиялық тіркестердегі семантикалық мазмұнын ашқанда концепт өрістерін анықтау арқылы ментальдық модельдерді көрсетілді. Бейнелік, ұғымдық, құндылық өлшемдерін бойына жинағна фразеологизмдік концептер ұғымын түсіндіруде лингвокреативтік, прагматикалық және лингвомәдени факторларға байланысты өзгешеліктері анықталды. Әлемнің тілдік бейнесін тануда айналадағы қоршаған орта құбылыстарын түсіндіруде, заттың сыни қасиеттерін бағалауда *еңбекқорлық // жалқаулық* концептері түр-түстер атауларымен де қабаттаса келе сөйлеуші тіліне экспрессивті-эмоционалды реңк беретінін түсіну қиын емес. Ұлттық концептологияда концептілік құрылымдардың вербалдану ерекшеліктерін танытуда ұлт тіліндегі ақын-



жазушыларымыздың еңбегі орасан. Көркем мәтіндегі әлемнің тілдік бейнесін талдау арқылы қаламгердің тілдік тұлғасы бояуы қанық, астарлы, символдық мағынадағы тілдік бірліктерді қолдана білуі шеберлігі көрінеді. Көркем шығармада халықтың ғасырлар бойы жинақтаған дүниетанымдық білімін сол тілді жасаушы халық үніне орай образды салыстыруларда *еңбекқорлық // жалқаулық* концептердің бейнелілік сипаттамасы ретінде кең тараған тіл бірліктері белсенді пайдаланылады. Халық танымындағы *еңбекқорлық пен жалқаулық* сөздерінен жасалған сөз оралымдары халықтың тарихы мен мәдениетінен хабар бере отырып, тілдің сөз байлығын дамытуда үлкен маңыздылыққа ие. Қорытындылап айтар болсақ, бүгінгі зерттеуіміздің нәтижесінде *еңбекқорлық // жалқаулық* концептердің поэтикалық, көркем мәтіндердегі мәдени коннотациясы айқындалды. Халықтың рухани, материалдық мәдениетінен ментальді-когнитивті түрде таңбаланған *еңбекқорлық // жалқаулық* концептердің әлемнің тілдік бейнесіндегі ұлттық мәдени сипатты анықтаушы лингвомәдени бірліктер ретінде алғаш зерттеліп отыр

Еңбекқорлық жалқаулық туралы мақал-мәтелдер қоғамда қабылданған моральдық нормаларды, мінез-құлық стереотиптерін, табиғатқа, өмірге, қоғамға көзқарастарды, яғни халық пікірі деп саналғанның бәрін жеткізеді. Бірнеше ғасырлар бойы адамдардың көпшілігінің өмір салтынан, ойлары мен көзқарастарынан хабар беретін *еңбекқорлық // жалқаулық* тақырыбындағы мақал-мәтелдер арқылы қазақ халқының мәдениеті мен дүниетанымынан тануға болады. Сондай-ақ, қазақ мақал-мәтелдерінің семантикасын зерттеу арқылы адамдардың бірлескен іс-әрекетінің нормаларын ажырата аламыз. Мақал-мәтелдер-лингвисттер мен фольклористердің назарын аударатын тілдік материал. Мақал-мәтелдер фольклорлық жанрдың бір түрі бола отырып, әр дәуірдегі адамдардың өмірі, өмір сүру жағдайлары, олардың психологиясы, моральдық-этикалық көзқарастары, этникалық дүниетанымы, менталитеті туралы қазыналы ойлардың жиынтығы саналады. Өмір халықтың тарихи тәжірибесін, сондай-ақ оның *еңбекқорлықпен*, адамдардың мәдениетімен, өмірімен байланысты қатынастарын көрсетеді.

Жүргізілген зерттеудің нәтижелері негізінде менталитет мәдениетті бейнелеуге және көбейтуге қабілетті екендігі фразеологиялық сөйлеулердің бейнелі негізі арқылы анықталды. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, бір жағынан *еңбекқор* және *жалқау* адамның бейнесін бедерлі оймен айшықтауда экстралингвистикалық факторлар (саяси, экономикалық, мәдени), этимологиялық және нақты лингвистикалық факторлар әсер еткені байқалады. Қазақ тілінің модельденген фрагментінің басты ерекшелігі әлемнің тілдік бейнесі рухани құндылықтардың жоғары ролінде *еңбекті* адамның әл-ауқатын арттыру көзі ретінде қабылдау болып табылады. *Жалқаулықтың* паремиологиялық, фразеологиялық қордағы тіркестер арқылы жат қылық екендігін, жағымсыз мағынадағы бейнелі ситуациялармен беру арқылы әрқашан даттап отырғанын байқадық.

Қазақ фразеологиясына жүргізілген талдаулар қорытындысы осы тілдік қоғамда қабылданған мінез-құлық стереотиптері және бұл мінез-құлықты бағалау сынды мағынаны көрсететіндігі, екінші жағынан, фразеологиялық тіркестердің ішкі формасы – халықтың күнделікті өмірінің көрнекі стереотиптері болып қалыптасқан өмірдің өзін бейнелейтіндігі айқындалды. Кез келген халықтың ұлттық лингвистикалық менталитеттің жарқын көрінісі фразеологизмдер қоршаған әлемді бағалауда семантикалық және құрылымдық жағынан өзіндік ұлттық құндылықтарға сай ерекшеленеді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл зерттеу «еңбекқорлық\жалқаулық» концептерінің халықтық ұғымдарды бейнелейтін этнолингвистикалық тәжірибесі болып табылады. Қазақ тілінің модельденген фрагментінің басты ерекшелігі әлемнің тілдік бейнесі контекстінде еңбекке деген көзқарас рухани құндылықтардың көрсеткіші ретінде еңбекті адамның әл-ауқатын арттыру көзі ретінде айшықталған. Жалқаулық қазақ мәдени танымында барлық құндылық атаулысына қайшы келді. Қазақ шаруа адамы өз өмір тәжірибесінде еңбекке деген адал көзқараспен көптеген игіліктердің көзін таба білген. Мәдениеттің мәні тілдің ішкі мазмұнында сипатталады. Антропоцентристік бағыт аясындағы зерттеуімізде *еңбекқорлық пен жалқаулық* концептерін тіл мен

танымның, тіл мен мәдениеттің, тіл мен қоғамның байланысында тұжырымдалды.

Зерттеу жұмысымызда лингвомәдени танымдық талдау жүйесі тілде мәдениеттің қалай көрініс табатындығын, халықтың салт-дәстүрлері, күнделікті өмірі тілде қалай көрініс тауып, орныққанын ашуға мүмкіндік беретіндігіне қорытынды тұжырымдар келтірілді. Әлемнің тілдік бейнесі ұлттық лингвистикалық картина қашанда субъективті сипатта болады және белгілі бір этностың дүниені қабылдау мен жеткізудегі өмірлік тәжірибесінің жемісі ретінде тіл арқылы бейнеленеді. Әлемнің тілдік бейнесіндегі еңбекқорлық\жалқаулық ұғымдары ғасырлар бойы халқымыздың тіл арқылы сақталған ұлттық мәдениетінің сарқылмас кен бай мұраларынан, ұлттық танымның көріністерінен, көркемдік танымның заңдылықтарын ұлттық болмысымен ерекшеленетінін дәлелдедік. Әлемнің тілдік бейнесіндегі «еңбекқорлық\жалқаулық» концептердің концептуалдық бейнесін зерттеу арқылы қазақ халқының қалыпты тіршілігіндегі салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарының маңызды деген тұстарын танып білуге мүмкіндік аламыз.

